КӘКІМБЕК САЛЫҚОВ

ШЫҒАРМАЛАРЫ

1



КӘКІМБЕК САЛЫҚОВ

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Бірінші том

КЕҢШІЛІК ПЕН АҚЫНДЫҚ

Өлеңдер мен поэмалар

(1948-1978)

"Фолиант" баспасы
Астана-2009

ББК 84 (5 Қаз) 7–5
С 18

48815

С 18 Салықов К.
Шығармалары. – Астана: Фолиант, 2009.
Т. 1. Кеншілік пен ақындық. ***Өлеңдер мен поэмалар.*** – 432 бет.

ISBN 9965-35-116-3

Қазақтың көрнекті ақыны, «Жезкиік ақын» атанған Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, одақтық сайыстардың жүлдегері, Астаналық «Керемет» сыйлығының иегері Кәкімбек Салықовтың көп томдық шығармалар жинағының бірінші томын ақынның поэзиялық паспорты болып «Кенші ақын» атанып кеткен өміріне байланысты «Кеншілік пен ақындық» деп атадық. Ақынның алғашқы өлеңдері мен тұңғыш поэмалары да поэзия жолының бел-белестерін аңғартады. Сүйсініп оқыр өлеңдер жинақталды.

К $\frac{4702250202}{00(05)-09}$ **ББК 84 (5 Қаз) 7–5**

ISBN 9965-35-116-3 – (Т. 1)
~~**ISBN 9965-35-115-5**~~

© Салықов К., 2009
© «Фолиант» баспасы, 2009

АЛҒЫ СӨЗ

Қолымызға Астанадағы «Фолиант» баспасынан жарық көргелі тұрған, есімі елге кең тараған мемлекет және қоғам қайраткері, аса көрнекті ақынымыз Кәкімбек Салықовтың көп томдық шығармаларының болашақ кітаптарының бумалары тиді. Бір дұрысы, ақын өлеңдерінің әр жылғы қалпын да, салтын да бұзбай сақтап, әр жылдарғы шекараларын анық атапты. Кәкімбектің ақындық шығармашылығымен қашаннан таныс мен үшін бұл жинақтарды қызыға қарап шығып, ой тоғыту сәті түсті. Кезінде «Кенші ақын», «Жезкиік ақын» атанған Кәкімбек бұл күнде, әсіресе, соңғы он-он бес жылда елеулі еңбектерімен қазақ поэзиясының биік белестеріне көтеріле білді.

Еліміз тәуелсіздікке жетіп, ақындарымызға заман және тарих шындықтарын ашық айтып, кең құлаш жаюға мүмкіндік туды. Міне, осы кезеңде тығырықты да, өрлеуді де көрсете біліп, ақын бұрынғы ырғағынан әлдекайда қарқындады.

Ойымызды дерек пен дәлелге орасақ, Мәскеудегі үлкен лауазымды партиялық, мемлекеттік қызметтерінен кейін «Кенесарының соңғы сөзі», «Үкілі Ыбырайдың абақтыда калған өлеңдері» атты поэмалары ел құлағын елеңдетті. Евней Бөкетовке арнаған «Реквиемінде» шырылдаған шындықтың көзін аянбай ашты. Осы сарындас, осы ағындас, осы қанаттас болып дүниеге Кәкімбектің асыл еңбегі «Тәттімбет» келді. «Тарих сырын терең ашкан туынды» деп бұл кітаптың алғы сөзін жазған қазақтың ұлы композиторы Нұрғиса Тілендиев: «Бұл поэма – менің түсінігімше, қазақ поэзиясына, жалпы мәдениетімізге келген зор құбылыс», – деп бағалаған болатын. Оған қоса Нұрекең бұл поэманы өлеңмен жазылған роман деп кетсе, өз басым ғалым ретінде бұл тұжырымға шын жүректен қосыламын. «Тәттімбеттегі» тарих қатпарларының бұрын көмескі көрінген айқын сыры өмірдің көптеген қырынан алынып, поэзиялық тамаша туынды дүниеге келгенін құптаушылар аз емес, соның бірі өзіммін.

Есіл-Көкше өңірінде туып, Шал ақын, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Біржан сал, Балуан Шолақтай дүлдүлдеріміздің дүбірінен құлақтанып, нәзік, нәркес лирикаларынан сусындаған К.Салықов дана

бабаларының асыл дәстүрін өз өнерпаздық жолында суытпады. Кеншілік өмірінің жолымен ұлы ғалым Қаныш Сәтбаевқа шәкірт болып, «Ұлытау даласының ұлағатты ұлы» атанып кеткендігі елге айғақ. Міне, осы аруақ қонған киелі екі өңірдің ақынға берген алғашқы ғаламаттары – «Дала», «Гәкку», «Домбыра» поэмалары мен «Жезкиік», «Сағыныш», «Ұларым», «Аққу әні», «Аққу жеткен» сиякты әйгілі өлеңдері дер едім. Сол «Дала» атты поэмасындағы:

«Сұлу Көкше, өр Алатау арасы,
Бәрі тұтас қазағымның даласы.
Сонша жерді сойылымен қорғаған,
Бабаларым осал емес шамасы», –

деген жолдары ақынға зор азаматтық қуат пен ержүректік күш берді. Бұл поэманы белгілі ақын-әнші Шынболат Ділдебаев бастап, қазақ әншілері ширек ғасыр ауыздарынан тастамады. Тәуелсіздіктің сусыны болған бұл шумаққа дауылпаз ағамыз Бауыржан Момышұлының таңданғанын да зор сүйінішпен естіп едік.

Кәкімбекті үлкен лирик десек, оған да дәлеліміз жеткілікті. Алпыстан астам композитор бес жүздей ән шығарыпты, өз басына қонған сазгерлігінен туған өлеңдерді де әйгілі әншілеріміз Макпал Жүнісова, Қайрат Байбосынов, Қажыбек Бекбосынов, Рамазан Стамғазиев, Роза Рымбаева, Қапаш Құлышева, т.б. әншілер нәшіне келтіріп айтып жүр.

Ал, К.Салықовтың сонеттері мен сонеттен тізілген гүлтәждері поэзиямызға әкелген жаңалық еді. 1970 жылдардың аяғында газет-журналдардан алып академик Зейнолла Қабдолов, ақиық ақынымыз Қадыр Мырзалиевтер дәрістеріне қосып, тілге тиек етіп жүрді. Ақыры «Сырғалы сонеттер» деген атпен тамаша жинақ ел қолына жетті. Әйгілі ақын, филология ғылымының докторы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Тұрсынхан Әбдірахманова кең толғап, ақынның сонеттері мен гүлтәждеріне үлкен ілтипатпен әділ бағасын берді. Қазір Кәкімбекке еліктеп сонеттер һәм сонеттен тізілген гүлтәждерді дамытып жүрген жастар баршылық. Солардың ішіндегі қарымдысы әрі тұрақтысы, белгілі ақын Жұмағали Наурызбай «Сырғалы сонеттерден құрған гүлтәждерін» К.Салықовқа арнапты. Бұл – ғылыми тілде мектебі бар ақын деген сөз.

К.Салықовтың ақындығын сөз еткен белгілі ғалымдар, айтулы дарындар Мұхаметжан Қаратаев, Әбділдә Тәжібаев, Сырбай Мәуленов, Евней Бөкетов, Мұзафар Әлімбаев, Тұманбай Мол-

дағалиев, Қадыр Мырзалиев, тағы басқалар болса, өзім де Кәкімбектің ақындыққа алғашқы сапарына қызыға көз салып, бірнеше рет пікір білдірдім.

Кәкімбек Салықов – ақкүшыл, «гәккушіл» ақын, оның «Жезкиігі» – бодан өміріміздің поэзиялық көрінісі, кеңестік кезеңдегі тылсым тірлікті толғандыра білгендігі. «Жезкиік» атты өлеңіне Н.Тілендиев, Ж.Сейітов секілді сұлу саздың саңлақтары ән шығарды, бұл ән сол кездегі елдің жан тебіренткен гимні болды. Ал, осы аттас поэмасына келсек, оған көп назар аударып, кезінде бәрімізден бұрын кең талқылап, толағай бағасын берген әйгілі ақын, үлкен әдебиет зерттеушісі, тарлан тарихтың айтулы тамыршысы, Қазақстанның Жастар сыйлығының лауреаты, филология ғылымының докторы, профессор Асқар Егеубаев еді. «Сөз жүйесі» деген кітабында ол «Жезкиік» атты поэманы зерделі түрде зерттей отырып, сыншы ретінде Кәкімбек поэзиясындағы суреткерлік пен сөзге шеберлікті әдебиеттанушылық білімдарлықпен орынды да, көңілге қонымды да көрсетті. Ақынның өзінен мысал келтіргенде:

Шатырда шашыраған жаңбырға да,
Тігемін киік пе деп құлағымды.
Оралса ойдың маржан тізбектері,
Елестеп қызыл ішік қыз кетпеді.
Жез қанат киік болып бала ғашық,
Жүргендей ел шетінде іздеп мені, –

деген жеріне үңіле қараған Аскардың бұл жолғы зерттеушілік ойы тереңде жатыр. Ол Мәскеу жақта табаны күректей он жыл партия қызметінде жүріп елге оралуды аңсаған ақынның ата жұртына деген сағынышын дөп басып, айқын ашты. «Кәкімбек – сағыныштың, ел мұңының ақыны» деп сыншы ашық айтты.

Ақынның соңғы жылдары дүниеге келген «Күзгі шуақ», «Күзгі сарын», «Сенсің ел данасы» атты жинақтары К.Салықовты жыр саңлағы ретінде жаңа белеске көтерді. Өткен жылдың жазында «Қазақ әдебиеті» газетіндегі сұхбатында Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Күзгі сарынға» зор баға берді.

А.С.Пушкиннің атақты «Евгений Онегині» және «Қанатты сөздері мен нақылдарын» аударудағы Кәкімбектің еңбегін поэзиямызға келген шын құбылыс деп білемін.

Кәкімбек Салықов Ленин орденімен, екі рет Қызыл Ту орденімен, Достық, Парасат ордендерімен, бірнеше медальдармен

марапатталды. Оған 2002 жылы «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» деген атақ берілді, 2006 жылы Астаналық «Керемет» сыйлығының лауреаты атанды. Қазақ ақыны – бүкілодақтық бірнеше сайыстардың жеңімпазы.

Ол екі мәрте Қарақалпақстанның, үш мәрте Қазақстанның Жоғарғы Кеңесінің депутаты, екі мәрте КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты, төралқасының мүшесі және экология комитетінің төрағасы болып сайланды. Жезқазған қалалық партия комитетінің бірінші, облыстық партия комитетінің екінші хатшысы, Қарақалпақ облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, Өзбекстан Орталық партия комитетінің бюро мүшесі, СОКП Орталық комитетінің инспекторы қызметтерін атқарды. К.Салықов – СОКП Орталық комитетінің мүшесі болған санаулы саяси қайраткерлеріміздің бірі. Ақындығына осының бәрін ұштастыра білу дегеннің өзі үлкен дарынның еліне берген аманаты ғой. Ол қай қызметте жүрсе де анасының ақ сүтімен сіңген өлең атты досынан айырылмады, сөйтіп, қазақ поэзиясында үлкен абыройға ие болды.

75 жасқа желіп жеткен ақын жоғарыда аталған еңбектеріне қоса шығармалар жинағын әзірлеп берсе, ел қолына комақты еңбек тиді деп сәт тілейік.

Тұрсынбек Кәкішев,
филология ғылымдарының докторы,
профессор



Бірінші бөлім

(1948-1959)

* * *

Жас жүрек елжіреп,
Махаббат бой билеп;
Ләззаттас болуға,
Қояды ақ тілек.

Жөн таппай өзіңмен,
Кезім жоқ көз ілген.
Бар дертім таркайды,
Бір ауыз сөзіңнен.

Алғашқы көргеннен,
Сол бойым тебіренген.
Сұлусың жан жетпес,
Туғалы мен көрген.

Ақ маңдай, қиғаш қас,
Аққу төс, қолаң шаш.
Тіліңнен сүйгізіп,
Маукым бас, асыл жас.

Сенсіз құт оралмас,
Құштарлық етті мас.
Қалқам-ау, қинамай,
Жас жүрек дертін бас.

20.09.1948

* * *

Қырауы суық ащы өмір,
Ерте үйретті сабағын.
Нұр төгер деп қай көңіл
Қадалып көп-көп қарадым.

Ішімде күйік жатса да,
Өзіңе ғана табынам.
Қуансам, қайғы басса да,
Өзіңді, анам, сағынам.

Жігерді шыңдап баптаймын
Желігіп кеуде қақпауға.
Тірлікте тыным таппаймын
Ақ сүтіңді ақтауға.

Көңілім – қиял орманы,
Бойымда парыз әбден көп.
Өтпесем шіркін болғаны
Көз жұмарда «әттең!» деп.

1948

* * *

Жобалап еншілеп,
Сенімпаз сеншілеп.
Біздерге жасайтын
Көз көрген ел тілек.

Қасірет құрайды-ау,
Қайғыдан құлайды-ау.
Жан анам естісе
Менен көп жылайды-ау.

Қуаныш сәнім ең,
Жұбаныш әнім ең.
Алғашқы ынтығым,
Дерт шалмас дәру ең.

Сыбырлап септедім,
Сыр шашпайептедім.
Бәрінен батады
Мезгілсіз кеткенің.

1948

* * *

(Лермонтовтан)

Сүйейін кімді енді,
Аз күндік еңбекке тұрмайды.
Өмірлік сүюге болмайды
Өткенді ойласам.
Ешқандай ізі жоқ,
Қызыққа көңілім толмайды.

1949

* * *

«Қалайша қызарғаннан құр қалам» деп,
Бір әуре ойда жоқта жүр маған кеп.
Сұлуға хат жазуға жыр оралса,
Мақтау сөз аямайды тыңдаған көп.

Тамаша қара көзге жақын болдым,
Көркемдік, көз тоярлық затын көрдім.
Қыздардың қызық жерін өлең етіп,
Ішінде достарымның ақын болдым.

Жас шабыт әр ғажапқа көне қалмақ,
Жақсыны жамандардан бөле жармақ.
Жас ақын деген жылдам атым шықты,
Қыздарға, туған елге өлең арнап.

1949

* * *

(Полонскийден)

Санасаң, түннің көзі мыңнан астам,
Орныңа күндіз шығар жалғыз бір күн.
Әлемді ол жоқ жерде қайғы басқан,
Түтін каптап орныгар қараңғы түн.

Санасаң, ақылдыға болар мың көз,
Ондай көз махаббатта біреу ғана.
Жалғанда махаббатсыз өмірден без,
Қараңғы күн шықпаған түнге бала.

01.08.1949

* * *

Емес қой жастық ермегім,
Қаламым менің қолдағы.
Елге ұнаса еңбегім,
Мақтаныш қой ол-дағы.

Ауылдың ақын карттарын,
Жалғауға жастар мол дайын.
Ән-күй мен домбыра бақканым,
Мен қалай ақын болмайын?!

Жалықпаспын өңдеуге,
Келгенінше қолымнан.
Соңыра мен өлгенде,
Кетпесін құрып соңымнан.

1949.
Сырымбет

* * *

Таңғажайып дәуірде,
Еркін өскен ұланмын.
Қияға құлаш сермеген,
Берік қанат қыранмын.

Болашағым жарық, кең,
Ғылыммен алға басамын.
Биіктерге барып мен,
Көп жаңалық ашамын.

Аскар шыңнан асамыз,
Шаршап қалар демеңдер.
Көп жылдар әлі жасаңыз,
Ұлы көсем – кемеңгер.

21.12.1949

КӨКТЕМ

Жас көктем, жасыл көктем, жанды көктем,
Махаббат қызығына болдың өктем.
Азамат, жан-жануар, ен табиғат,
Тосты ғой ынтық, зар боп сені көптен.

Көңілге қыз аулағыш наз қонады,
Көлдерге аққу ұшып, қаз қонады.
Күн шыққа бесіктегі жас бала да,
Төгілген ақ сәулеге мәз болады.

Ал, өзім сені ойламай тұра алмаймын,
Баладан сенгіш, нанғыш бір аумаймын.
Бұлдіршін ақ сәулені уыстаса,
Мен сенің жанарыңнан сыр аулаймын.

1949

* * *

Қуаныш аз өмірде,
Қаптап жатыр қаяулық.
Қарап кейде көңілге,
Жасамас тағдыр аяулық.

Келгендей бүгін дүниеге,
Осыны ойлап селк еттім.
Түскен жандай түрмеге,
Жасыма жетпей ер жеттім.

1949

* * *

Жүйрік көңіл дағдармас,
Болар оған ой серік.
Ой жетпейтін жер болмас,
Ауық-ауық өзгеріп.

Көзіңмен көр де сынап бақ,
Шындыққа сонда өң берер.
Ақыл мен сезім ынтымақ
Тапса көңіл желденер.

Ойым да сендік, көзім де,
Қуанам көрсем киядан.
Қасыңа келсем сөзім де
Бытырап, сенен ұялам.

1949

СІЛКІНІС

Ой да көп, уайым да көп ойлай берсек,
Ой да жоқ, уайым да жоқ ойнай берсек.
Ақылдан азап шеккен адамдар бар,
Сөйтерміз көп күрсініп толғай берсек.

Қолынан іс келместің өзі надан,
Ойлының керемет қой сөзі ұнаған.
Жақсы аға жалтақтамай іс тындырса,
Жаныма қуат берер сезім алам.

1949

* * *

Қара бауыр күзгі бұлт,
Көл жағалай қаптады.
Ай қараңғы, түн жым-жырт,
Көп болды ауыл жатқалы.

Қыз-бозбала у да шу,
«Бас қосудан» келеміз.
Сирек те болса думан ду,
Қызығына сенеміз.

Ақ құба қыз тамаша,
Бетінде бар секпілі.
Көз тақасып қараса,
Жүрегіме жетті үні.

Қырық қыздың бірі еді,
«Бірлестік» таң қалатын.
Ерекше туған гүл еді,
Бұйырса жұлып алатын.

Құр өкініш не керек,
Ел біледі анықты.
Басқа біреу ертерек,
Сол гүлді жұлып алыпты.

1950

ЖҰЛДЫЗ

(Лермонтовтан)

Аспанда жылжып,
Бір жұлдыз жанды.
Ымдайды сырғып,
Есімді алды.

Биікте көктем,
Ол шаттық сеуіп;
Өзінше еппен,
Телміртті теліп.

Дәл соған ұқсап,
Ғашығым менің;

Алысқа нұсқап,
Тауып жүр ебін.

Сезбестей дертті,
Бек қатты жандай.
Ол аулақ кетті,
Жұлдыздай шалғай.

Үңіліп әрманға,
Көзімді қадаймын.
Қол жетпес арманға,
Үмітсіз қараймын.

1952

АНА ТІЛЕГІ

Төсекте
Ауыр науқас жанға батып,
Жатыр ана
Қиындық дәмін татып.
Теңіздей терең ойлы,
Балғын мінез,
Үн қатпай,
Тек қабағын кеңдеу тартып.

Жарық жоқ,
Жылдан асты көз кеткелі,
Ауыр дерт
Айықпастай меңдеп пе еді?!
Мейірімді
Нұр жүзінде жазулы тұр
Мені ойлап,
Қасірет бойлап,
Мұң шеккені.

Мінгендей қиял құсы
Әр кемені,
Армандап жатыр ана әлденені.
Қыршын жас
Жалғыз ұлы алдындағы,

Ойлай ма
Бір көруді әлде мені?

Анашым,
Соншама ерте өткенің бе?
Артыңа
Мені тастап кеткенің бе?
Айырып арамызды мәңгілікке
Япырым-ау,
Қоштасар шақ жеткенің бе?

«Менің ал жылуымды,
Ана жаным!»
Дер ме едім
Ұстап әлсіз алақанын.
Етімнен
Ет кесіп те берер едім,
Егер мен
Көбейте алсам көрер таңын.

Білді ана
Пәк жанымның егілгенін.
Ыстық жас
Ыршып көзден төгілгенін.
Ақырғы демін жиып
Білдірмейді
Көз жұмар кездің таяу көрінгенін.

Иіскеді маңдайымнан
Ана бір кез:
«Айтайын, құлыным, – деді, – саған бір сөз,
Барасың жалғыз қалып, жүре көп бол.
Ақ ботам,
Ақ тілегім ойлан, біл, сез».

Өтіпті жылдар, бүгін таңданамын
Достарым көп – жарқын ну, сәнді алаңым.
Өсиеті, тілегімен анашымның
Ақ ниет
Жүректерге жалғанамын.

Қуаныш,
Реніштi кездерімде,
Жан жадау
Жалғыздықты сезбедім де.
Достарымда
Анамның тілегі бар,
Анамның жылуы бар көздерінде.

1952

БҰЛБҰЛ

(Лермонтовтан)

Сағалап сансыз гүлді бақшадағы,
Бұлбұл құс алуан түрлі ән салады.

Сүлесоқ бір қызыл гүл таң қылады,
Сыбдырсыз сыр берместей қалғығаны.

Балқытып бір өзгеше салып үнге,
«Болмасын әнім зая кердең гүлге», –

Деп бұлбұл ұшып кетті бақша бойлап,
Балқытып жүрген жерін әнмен тойлап.

09.09.1952

ОРАЛДАҒЫ АҚТАУҒА

Құмартып қуанышты көңілменен,
Ақтаудың шықтым биік жартасына.
Шулы өзен көрінді алтын көліменен,
Кен шөккен құм қайрақты малтасына.

Одағай тікше біткен сұлу шыңы,
Аумайды Көкшедегі «Оқжетпестен».
Кеншіге көмек болған судың сыры,
Құм қайрақ кен алуға көмектескен.

Тамаша тау өзені қарқыны бар,
Білген жан уыс құмнан затын ұғар.
Кememен алып жатыр құмды екшеп,
Ішінде вольфрам, таңтал, алтыны бар.

Северо-Казахстанская
областная библиотека

Сымбатты тау етегі алтын кезең,
Жаз бойғы «алтын қазған» салтын сезем.
Асылын адам алып жатқан кезде,
Жылынып кетеді екен салқын өзен.

Жыр куә жерді еске сақтауыма,
Оралдың риза болдым Ақтауына.
Тамаша асыл тастар судан сүзген,
Құмы да тұрады екен мақтауыма.

1952.
Орал

ЭЛЕГИЯ

Басында жарқабақтың жалғыз қайың,
Тұрғандай айдын суға айтып жайын.
Көзіме көрінеді бейнесі оның
Ең алғаш мен құмартқан жас қыздайын.

Ғажайып ақ жібектей денесіне
Күн түспей, именеді жел есуге.
Ойланып мен де талай оқталамын,
Қасына жақын барып кеңесуге.

Ақ қайың, неге өзіңді жекеледің?
Шақырсаң құстай ұшып жетер едім.
Жалғыз тал жапырағыңды үзіп берсең,
Төсіме қатты қысып өтер едім.

1953

ДҮНИЕ

Ақынның әрбір күні нала-қайғы,
Сұм дүние атағыңа қарамайды.
Түңілткен Біржан салды түлкі дүние,
Өзгені тірі жан деп санамайды.

Дүниенің құрығы ұзын, бауы мықты,
Талай шу асауларды ұрып жықты.

Бұрынғы өткендерден біз қалмаймыз,
Сұм жалған оларды да көрге тықты.

Адамды аңнан бетер алалаймыз,
Беделін қолда күшпен шамалаймыз.
Жаманды тірісінде шексіз сыйлап,
Жақсыны өлгеннен соң бағалаймыз.

Ажал тұр аждаһадай аузын ашып,
Күнде оған жақындаймыз қадам басып.
Бок дүние опа бермес тірі жанға,
Не керек көңіл жығып жамандасып?

Дүниеде тірі жанның бәрі арманда,
Армансыз адам өтпес бұл жалғанда.
Арманы ақылдының ұшан-теңіз,
Армансыз ғұмыр берді кей наданға.

Асылдың алуан түрлі арманы бар,
Намысшыл ел арманын толғап ұғар.
Қайғысын, қасіретін жалғыздықтың,
Тым ерте жетім болып қалған ұғар.

Сенесің арманы зор арыстарға,
Шоқандар, Мұхтарлар мен Қаныштарға.
Дүниенің бар сыры сол – бақыт берер,
Бір өзі бар әлеммен жарысқанға.

1953

АЛАТАУДЫ КӨРГЕНДЕ

Алатау! Сәлем, құзарт асқарыңа!
Сайрандар тура келдің жас шағыма.
Қыз емес, қызық емес,
Мен құмарттым,
Қорғасын, күміс шөккен тастарыңа.

Текелі сәлем бердім белдеріне,
Ерке тау қол сілтедім кең төріне.
Жайлауға – қойлы ауылға барып қайттым,
Жуалы, гүлді, нулы бөктеріне.

Асқар тау, түстім кешкі ызғарыңа,
Көншіді көңіл сансыз гүлзарыңа.
Өлеңмен алғысымды айта берем,
Қарсы алған кешкі биде қыздарыңа.

Алатау, ақ патшадай бұла түрің,
Көрмеп ем келбетіңді бұдан бұрын.
Ақ тілек, батаңды бер, киелі тау,
Көкшенің тік самғатып қыран ұлын.

31.05.1954.
Текелі

* * *

Ғашықпын саған мен көптен
Сырымды қалай даттайын?!
Жасырып жүріп жер-көктен
Қашанғы айтпай сақтайын?!

Күн бар ма бәрін ақтарар,
Бір суынып, бір күйіп?!
Сәт қайда жаным жақсарар,
Бетіңнен, сәулем, бір сүйіп?!

Күн бар ма құшақ ашатын,
Жадырап жаным аңсаған.
Дүниеде менен асатын
Табылар деме жар саған.

1954

* * *

Шабытсыз тумас өзгеріс,
Жалынсыз отта шарпу жоқ.
Шабытсыз жұмыс – өнбес іс,
Шабытсызда шалқу жоқ.

Шабытты көңіл аспанға,
Шарықтап шығып құйқылжыр.
Жыр пернесін басқандай
Төгілер толқып жүйткіп жыр.

Қыз-өлең сылқым наз күлкің,
Жүректің мауқын басасың.
Қанатты шағым, па, шіркін,
Шабытты шағым жасасын!

1954

* * *

«Сүйгенім жалғыз сен» деуші ең
Ерке назбен елжіреп.
Ренжуші ең сенбесем,
Қайда құштар сол жүрек?!

Түсім емес өңімде
Кеттің міне, қоштасып.
Дақ қалды аппақ көңілде,
Не керек еді достасып?!

Өмірде бізге жол солай
Тарамдалып туып тұр.
Айырылысу саған болды оңай,
Өмірге жүрек суып тұр.

1954

ЕСКІ СЫР

Мені саған тәңірім өш етпеді,
Бірақ, өрден біз құрған көш өтпеді.
Жүген-құрық бойыма дарымаған
Арғымақ ем, әркім-ақ өсектеді.

Білмеген де, білген де араласып,
Бірі үрлеп, бірі әдейі жара басып;
Алатаудың тым шағын әңгімесін,
Азияға таратты ала қашып.

Дос толқыса өмірді бірге кешіп,
Дұшпан қулық сақтады білмегенсіп.
«Қайырын берсін» айтқандай кей құрбылар,
Бір мырс етті, жасырын күлмегенсіп.

Түңілсем де аулаққа жалғыз кетіп,
Көп үйретті тіршілік маңыз тетік.
Бір ғажабы өзге емес, ескі достар,
Әлі күнге қоймайды аңыз етіп.

1954

ЕСКІ ҮЙ

Өзі шаттық, өзі мұң,
Қасірет-кайғы шеккен үй.
Тірісінде көзінің,
Әкем салып кеткен үй.

Шат-шадыман көңілді,
Құтты үйлердің бірі еді.
Анам барда сол үйдің
Іші қандай нұр еді?!

Ел шетіне жеткенде
Елжіретті-ау көңілді.
Еске сап өткен-кеткенді
Көзіме ыстық көрінді.

Шатырда пештің мұржасы,
Ұксайды жүдеу жетімге.
Көзімнің ыстық бір жасы
Еріксіз тамды бетіме.

Не дерсің осы тағдырға,
Есіктер қалған қуарып.
Жаздайғы жауған жаңбырдан
Кетіпті үйді су алып.

Албырткан жаным күйініп,
Кеудеме конды күз менің.
Іздедім үнсіз түйіліп,
Анамның басқан іздерін.

Іздедім, бірақ таппадым,
Тағдырдың ауыр заңы бұл.
Балалық бұлдыр ақ сағым,
Оралды маған тағы бір.

1954

ҚЫЗҒА ХАТ

Шыдатпай сұм жүрек,
Жан сырын білдірмек.
Сені ойлап жұқарған,
Барады үлбіреп.

Аппақсың аққудай,
Қоймайсың шат қылмай.
Тіл қатшы, калқатай,
Дос етші жат қылмай.

Құштарлық тасыттың
Айтуға асықтым.
Бар тілек сол ғана:
Мен саған ғашықпын.

Шын сүйсең сен егер,
Күдіксіз сене бер.
Көңілге ем болар,
Бір жауап бере гөр.

Аппақ гүл бетіңе,
Бетімді тигізші.
Ем болсын дертіме,
Анықтап сүйгізші.

Жақындап тая да,
Құшақта, аяла.
Кел де сеп жылы леп,
Тарт жақын, аяма.

Жүрекке гүл еккен,
Ақ ниет тілекпен.
Сүй, бірақ, шындап сүй,
Айнымас жүрекпен.

Сенсің жас аққуым,
Сенсің шат «Гәккуім».
Өзіңсіз орнамас,
Ләззатқа шат күнім.

Қаракат көздерің,
Жан тоймас сөздерің.
Жоқ сендей сұлулық,
Бірінде өзгенің.

Хат жазсам ғизатлу,
Болайық шын тату.
Арызымды ақтардым,
Жөн болар тіл қату.

Жүрсеңші хал біліп,
Күлсеңші таң қылып.
Айнымас мен болам,
Ғашығың мәңгілік.

Есімнен қалмайсың,
Не жауап арнайсың?
Құмарым тарқасын,
Құшаққа алғайсың.

1954

ПУШКИН ЕСКЕРТКІШІ АЛДЫНДА

Барады тас тұғырда ақын жүріп,
Қараймын данышпанның салтын біліп.
Өшігіп өтсе-дағы
Зар заманға,
Өңінде білінбейді салқындылық.

Жүзінен ой тастаған бәлкім күліп,
Көрінді қызу қанды жарқын қылық.
Өлеңмен
Өрт салды ғой зұлымдыққа,
Даналық адал, таза салтын құрып.

Жүзінен шашырайды жарқын үміт,
Үзілмес көш құраған қарқындылық.
Сол көшті қазағымда Абай бастап,
Ғибрат алды өріс халқым біліп.

Елде бар жақсылармен жақын жүріп,
Сақтармын әр сөзіме татымдылық.
Үшқынын Пушкиндіктің берсе деймін,
Құдайым жаратқан соң ақын қылып.

1954.
Мәскеу

АҚ ҚАЙЫҢ

Көрсем-дағы ақ қайың,
Алатаудың бауырында;
Тұрғандайсың әрдайым,
Біздің ауыл маңында.

Қарағайлы жас орман,
Қоюлана қалмапты.
Алтын шұғыла тек саған,
Төккендей бар жарықты.

Өткен сайын қасыңнан,
Көз алмастан қараймын.
Бірге өскен жасымнан,
Ауылдасқа балаймын.

Жүрек жүгін ақтарып,
Кейде есіңе аларсың.
Мен кеткенде аттанып,
Қимай қарап қаларсың.

1954.
Текелі

ҚҰПИЯ СЫРЫ

Жібек мінез байсалды,
Қорғасыннан ауыр тұр.
Қарақат көзі ой салды,
Әр сөзінен жауып нұр.

Аппақ екен дидары,
Ақ матадай тамағы.

Тіл қыздырар гүл-дәрі,
Табылса ғой амалы.

Тәңірім мені қолдады,
Ерінге ерін түйістік.
Шыдамай кетті ол-дағы,
Ұзақ уақыт сүйістік.

Ең алғашқы мен көрген,
Қызықтың осы үлкені.
Сәт туды жаным меңгерген,
Біз тіккен тұңғыш күркені.

1954

ЖАЛҒЫЗ ЖҰЛДЫЗ

Айсыз түн. Жұлдыз біткен жалпы жанып,
Аспанды безендірді алтынданып.
Сонда бір жарық жұлдыз маған қарап,
Көп үнілді. Мен де оны тұрдым танып.

Жұлдыздар кейде өзді-өзі сыбырласып,
Кейде ойнап көз қысысып жымыңдасып;
Бүйірден бірін-бірі оқыс түртіп,
Кейде азайды селдіреп жұбын ашып.

Үнілген сонау маған әлгі жұлдыз,
Тек екеуміз ұзақ түн үнсіз тұрмыз.
Таң сәріге менің жас жүрегімде,
Сол жұлдыз сызып кеткен қалды бір із.

1954

* * *

Теңіздей тұнық қара көз,
Сұқтана неге қарайсың?
Күтпес жерде келген кез
Кімге мені балайсың?!

Көп ішінде әлде бір,
Жек көрерің мен бе едім?

Тартпақ болып әлде тіл,
Болдым ба көңіл бөлгенің?

Кірпігіңді қақшы бір,
Онсыз да әурең өтіп тұр.
Қос жанардан тәтті сыр,
Жүрегіме жетіп тұр.

1954

* * *

Ауыл жатты,
Ай батты.
Сай-саланы
Түн жапты.
Тұрмын әлі,
Елден әрі.
Өзі қайда?
Жетті әні.
Келер шығар,
Көңіл тынар.
Бір басылар,
Бұл құмар.
Тостым ұзақ,
Кеттім ұзап.
Жүректе жоқ
Еш сызат.
Жарқ етті ол,
Ұсынды қол.
Туды мезет
Рахаты мол.
Шын күрсіндім,
Кеш түсіндім.
Алдағаны-ай,
Түсімнің.

1954.
Текелі

* * *

Мен бір сөз жазамын,
Құмарлан, ал тыңда.
Махаббат азабын
Жасырмай айтуға.

Тас жұмып көздерін,
«Ал, сүй» деп тұратын.
Базарлап сезгенін,
Салтанат құратын.

Алқызыл еріндер,
Балқаймақ тамағын;
Сүюші ем ерінбей,
Көргенше таң алдын.

Алтын күн арқадан,
Қаққанша жүруші ем.
Құмар жоқ тарқаған,
Қайтадан сүюші ем.

Сүйетін ол-дағы,
Менен де асыра.
Жып-жылы қолдары,
Тез тартып қасына.

Аялап төс басып,
Күйдіріп, күйетін.
Кетерде қоштасып,
Тағы да сүйетін.

Есімнен кетпейді,
Қызыққа қанғаным.
Қызыл тіл жетпейді,
Айтуға қалғанын.

13.08.1954

МҰСАҒА ХАТ

Жүрмісің есен-сау,
Құрметті бауырым?
Өткеріп қатал жау
Қазаның ауырын.

Мәңгілік сапарға,
Ұзаттың анаңды.

Жаныңа батар да,
Жоғалту панаңды.

Сөздің жоқ қарасы,
Айта алса бала сыр.
Шешемнің апасы,
Қайда ондай жанашыр?!

Мұң келді кесекпен,
Өшпестей таңбасы.
Сол еді кеше өткен,
Анамның жалғасы.

Айтты ғой неше сан:
– Шын жәрдем берем, – деп.
– Үйленсең, Кәкіжан,
Қолыңа келем, – деп.

Бейнесін сезінем,
Кең толғап көсілген,
Балапан кезімнен,
Аялап өсірген.

Көз жасың бұлама,
Ер мінез көр шыдап.
Сен, Мұса, жылама,
Отырмын мен жылап.

1954.
Текелі

* * *

Қайың сары, терек қызыл,
Жаңа жапырақ бүркеніп.
Ағаш басы қағады ызың,
Бұлты қалың күз келіп.

Орман шетін құс мамықтай,
Өлі жапырақ жауыпты.
Тек жалғыз гүл үні шықпай,
Ықтасында қалыпты.

Мерзімі өткен ол күзгі гүл,
Елең етпей тұр сұлық.
Махаббаттан қайтқан көңіл,
Дәл сол гүлдей сұп-суық.

Солған гүлдей жалған өмір,
Дерті жылдам өшпейді.
Сөнген сезім, қалған көңіл,
Қатал жүрек кешпейді.

1954

* * *

Көңілім бұған дейін көктем еді,
Махаббат ыстық лебін төккен еді.
Айлы аспан, асау өзен жағасында
Ғажайып талай түндер өткен еді.

Күз келді, қайтты көңіл махаббаттан.
Қайда енді ол гүл өмір тағат тапқан?!
Сеніскен сүйіктің серттен тайса,
Бұл дертті кім бөлісер маған батқан?!

Таң қалдым, «қош» дегенде суып денем,
Аңғардым шын кетерін енді менен.
Жарандар, ақыл-кеңес айтсаңдаршы,
Енді мен басқа жанға қалай сенем?!

1954

ҚҰТТЫ ЖОЛ

Бір қыз көрдім аққұба,
Жас аққудан аумаған.
Бір мінезі жақты ма,
Жүрегімді жаулаған.

Пәк қылығы тартты ма,
Көңілімді көтерген.
Аққудай қыз аққұба,
Келді ме екен жат елден?

Қарақат көздің сәулесі,
Тілсіз тілмен тіл қатты.
Ажарының әуресі,
Жүректің шетін улатты.

Тең келмес оған бір сұлу,
Жылынып жаным құптарлық.
Қыз екен кербез, шын сұлу,
Қайнап тұрған құштарлық.

Біздің жақтың аруы,
Тегін емес заты да.
Болды ғой көңіл дәруі,
Мәриям деген аты да.

Қасыма орны тақалған,
Білмеймін нешік ойы еді;
Аманжол болмай апарған
Роза қыздың тойы еді.

Көрші қызға екі сөз
Айтуға тіл бармайды.
Аққұба қыздан екі көз
Бір мезет те аумайды.

Талай қыздың үміткер,
Ең сұлуы сол болды.
Не десең де, жігіттер,
Мен үшін құтты жол болды.

1954

* * *

Жүрегім – шексіз дария,
Өлеңім – өшпес толқыны.
Жан сырын етер жария,
Жағаға жеткен солқылы.

Берілмеймін көп мұңға,
Рухым берік болған соң.
Көңіл аудар, кел, тыңда,
Әніме жаның толғансын.

Сәтке айналып сайраның,
Қиялыңа жетерсің.
Тармағы болып дарияның,
Құшағыма кетерсің.

Дария менің жүрегім,
Ағысын әлем ұғады.
Жақсы өлең жалғап легін,
Ән толқыны шығады.

1954

* * *

Қараңғы түннің көрпесі,
Алыпты бүркеп өлкені.
«Болады-ау менде өкпесі,
Адасса қыздың көркемі».

Толғанып бір тұрғанда,
Табылды ма амалы;
Қамалып түнек бұл маңға,
Түн жанарын қадады.

Бетіме тиді жас шыбық,
Сұлудан бұрын өпкендей.
Соқыр көзден жас шығып,
Жарқырап әлем кеткендей.

Қарай берем үңіліп,
Бір жақсылық бастардай.
Қыз да жетті жүгіріп,
Нұр пердесін ашқандай.

Жанары оттай жайнады,
Сұйылды түннің қаймағы,
Сай-сала қанып ішкендей;

Орман-тоғай құлпырды,
Қыз құшаққа ұмтылды,
Ай аспаннан түскендей.

1955

РОМАНС

Ақ сәуледей күлімдеп,
Кездесіп еді көктемде.
Жақындай берді біртіндеп,
Қасымнан жақын өткенде.

Өздігінен білер деп,
Құмартып тіл қатпап ем.
Өтсе де нелер жыл өрлеп
Сырымды тұйық сақтап ем.

Батушы еді жаныма,
Жасымда үнсіз қалғаным.
Кездесті кенет тағы да
Жеткізбеген арманым.

Қыз жүрегі амалсыз,
Қарлығаштай тордағы,
Жүрсе де қанша хабарсыз
Болыпты-ау ынтық ол-дағы.

Ескі дерт қозғап қысылдым,
Амал не уақыт өткен соң?..
Ағалық қол ұсындым,
Өзгелік боп кеткен соң.

1954

* * *

Студент тойы себепкер,
Туған күні жерлестің.
Мінез, көркі кенелткен
Бейтаныс қызға кездестім.

Жақындық жолын көремін
Қадалған маған көзінен.
Амалсыз қарай беремін
Ұялып өз-өзімнен.

Мұндайда жүйрік тіл қайда,
Қаларлық пікір алысып?..

Отырдық алшақ әр жайда
Көз ұшымен табысып.

Ой толқынын бөлсем де,
Қиналдым тағат таба алмай.
Болды алғаш көрсем де
Бірге өскен таныс адамдай.

Ойладым: «Бұрын кездеспей,
Қалай ғана жүрдік?» деп.
Сол күні туған жерлеске
Қалпақ шешем «құлдық» деп.

Құмар еткен мен аңсап
Сол бейтаныс сен едің.
Шекарамыз тым алшақ
Ол күні бөтен ел едің.

Аршын мінез күйіңде,
Көз салушы ең қиылып.
Енді отырсың үйімде
Бәйбіше болып бұйырып!

1954

СЕСКЕНУ

Іздеудің енді реті келмейтіндей,
Кездесу көңілге сәт бермейтіндей.
Ауылға барғым келсе күдіктенем
Жеңгейлер сен қайда деп тергейтіндей.

Самал жел әуеніне қосыламын,
Тамаша толғайды екен тосу әнін.
Сыбырлап сені сұрап оңашада,
Ол-дағы тексерердей шошынамын.

Кездеспей кейбір бейне қалмай ма деп,
Кімге айтам «жақын едік, шалғайда» деп.
Үндемей мен тұрғанда бәрін даттап,
Қорқамын қара торғай сайрай ма деп.

1954

МЕН ӨТЕМ СҮЙІП

Білуші ме едің,
Еркемді менің?
Шын сүйер жан деп,
Зор еді сенім.

Қағып жүр күлім,
Ол кіммен бүгін?
Бір маған артып,
Сағыныш жүгін.

Тынымсыз жүрек,
Соғымпаз үдеп.
Самарқау салқын,
Тозды енді жүдеп.

Жар тауып алсын,
Менен де басым.
Маған жоқ бірақ,
Дәл одан асыл.

Жүректе күйік,
Жатпақшы сыйып.
Ол сүймей өтсін,
Мен өтем сүйіп.

1954.
Мәскеу

СЕНІ ІЗДЕЙМІН

Сені іздеймін биік шыңға өрлесем,
Аңсап кетем алыс жолда шөлдесем.
Өмір зая өтер ме еді өкінтіп,
Тату-тәтті қимас күндер көрмесем.

Сені іздеймін сұм өмірге түңілсем,
Қатты шаршап, өліп-талып тірілсем.
Шырт ұйқыда төсегімнің алдында,
Күлім қағып келіп тұрдың бүгін сен.

Сені іздеймін әлденеден сасқанда,
Не болмаса бір жаңалық ашқанда.
Шаршадым гой жер бетінен көре алмай,
Жүрсің бе сен қол жетпейтін аспанда?!

1954

* * *

Жалаңаш дене тас мүсін,
Көшеде көрдік, жамиғат.
Өзгертпес мәрмәр ақ түсін,
Ол да бір қызық табиғат.

Сарғайыпты бар ағаш,
Күзгі жел жетіп қалаға.
Келіншек мүсін жалаңаш,
Япырмай, жаурап қала ма?

Періштеге таңырқап,
Пенде деп сену бекер-ау.
Қоштасарда жабырқап,
Тағы да жалғыз кетем-ау.

1954

МӘРИЯМ ДЕГЕН ЕСІМІҢ

Мәриям деген есімің,
Мейірбан, нәзік тілге бал.
Сезімнің жаңа есігін,
Ашыпты құштар, бауырмал.

Мәркеш, Мәрпеш демеймін,
Мәкіжан деп те айтпаймын.
Мәриям деп жүрек емдеймін,
Қасиетті атын сақтаймын.

Жас қыран едім, құс ілдім,
Аққудай сенсің, сұлуым.
Көз шалған сәтте түсіндім,
Жаныңның ішкі жылуын.

Артықтығың өзгеден
Талассыз, жұмақ гүлісің.
Жан-жүрегім көздеген,
Махаббат мінсіз пірісің.

Әу бастан тағдыр қолдаған,
Атаулы туған нұрлысың.
Бір Алла маған жолдаған,
Бір сырлы, сансыз қырлысың.

Танысып алғаш жүргенде,
Көркіңе әсем қызықтым.
Ақтығың әйгі білгенге,
Аттамас қылын сызықтың.

Ақ гүлдей нәзік желпіндің,
Аңсаған ашық күн нұрын.
Қос ішектей күйге келтірдің,
Қос жүрек үндес күмбірін.

1954

АЛМАТЫ КҮЗІ

Мен көрдім Алматының тамашасын,
Сары ала, қызыл, жасыл ағаш басын.
Алатау ақ жаулықты қарт анадай
Отырған алға жайып алашасын.

Мейірбан түсі жылы, өңі аппақ,
Әңгіме-сөз тартпақшы өзі бастап.
Отыр ма күйеу бала мені тосып,
Жолыма бақыт кілем төсеп тастап?

Жапырақ бейне түрлі теңге-тебен,
Жарқырап жауып жатыр жерге төмен.
Айтсаңшы, алма жиған қарақат көз,
Япырмау, бау-бағыңнан мен не терем?

Жабылса жердің беті түбіт мамық,
Келеді ағаш басы шыбықтанып.
Саңылаудан ай жүзіне күн түсіп тұр,
Ей, қалқа, мойын бұршы күлім қағып.

Алматым, құт орнаған елге лайық,
Көз тойып, толқып тұрмын, көңіл байып.
Шіркін-ай, көктем, жазың қандай екен,
Тамаша күзің мұндай таңғажайып!

1954

* * *

Көсіліп жатыр алдымда,
Арқаның кербез Есілі.
Сен жүрген Қызылжардың да,
Жаныма ыстық есімі.

Балығы асау құлындай,
Айдыны толған аққу-қаз.
Сағынған мені сұлудай,
Айтады құстар арыз-наз.

Құлама жартас маңдайын,
Қызығып мендей қарашы.
Сүйенген оған ақ қайың,
Секілді сұлу дарасы.

Одан әрі теп-тегіс,
Шалғын бел жердің сарасы.
Көк теңіздей өсті егіс,
Өзен мен орман арасы.

Сайраса тоты ұзақта,
Тыңдауды үнсіз тыймадым.
Байланды үні құлаққа,
Қоштасуға қимадым.

1955

МЫҢ БЕЛГІ

Жалынды жылдар жаңылып,
Жалғастырды біздерді.
Көктем толы сағыныш,
Қоштастырып күз келді.

«Сүйдім» деген хаттарың,
Бір келмеді, жүз келді.
Бәрін де соның сақтадым,
Жазулы қалды жүз белгі.

«Сүйдім» деген хаттарың,
Жүз келмеді, мың келді.
Бәрін де берік жаттадым
Жадымда қалды мың белгі.

Сәтсіз-сәтті өзіңмен,
Ойға алар талай күн келді.
Сен сыйласқан кезіме,
Жасап өтем мың белгі.

1955

* * *

Жақсы доспен отырсам,
Ашылады қабағым.
Жақсы кітап оқысам,
Керегімді табамын.

Өстің сұлу сылап бой,
Көп іздедім сені де.
Өмір де қызық кітап қой,
Таптың оқып мені де.

Шаршап қайтсам іңірде,
Жұмыстан ауыр күн бойғы;
Өзіңе және білімге,
Арнай берем түнгі ойды.

Кездесу сәтін тездетсін,
Тілеймін әнмен, күймен де.
Бұл жалғанда не жетсін,
Өзіңді беттен сүйгенге?!

1955.
Мәскеу

* * *

Қажысам ауыр жұмыстан,
Суретіңе қараймын.
Өйткені барлық тыныстан,
Тең соны артық балаймын.

Деміңді алшы дегендей,
Көзіңнен көрем жылылық.
Еселеп қуат бергендей,
Қаламын мүлде тынығып.

Жылдай ұзап кейде күн,
Еш қызығы болмайды.
Ондайда көңіл бейне түн,
Қаумалап киял орнайды.

Өте шығар кейде күн,
Көзді ашып-жұмғанша.
Жаның бір жаз, көңілің – гүл,
Мәңгі көктем туғандай.

Болса да қанша жұмыс көп,
Бермес те едім ешбір мән;
Шаршамауға болып сеп
Қасымда бірге отырсаң.

1955

ІҢКӘР КӨҢІЛ ДӘН ЫРЗА

Беу, дүние! Дән ырзамын,
Қимадың да әуелі;
Бақыты мол мырза күн,
Бердің маған мәуелі.

Іңкәр көңіл,
Інжу сезім,
Бал қызғалдақ дәуренім;
Құштар сезім,
Тынбас кезім,
Қайта оралып әуремін.

Саф таза сыр,
Күткен арман,
Сыбыр-күбір бітпейді.
Басқа ғұмыр жылжып әрман,
Өзге қызық күтпейді.

Тар құшаққа ынтық пенде,
Құпияға берікпін.
Бүгін мықтап бастым мен де,
Желін асау желіктің.

Батты ғашық жан рахатқа,
Олжасыз құр емеспін.
Мені сүйген махаббатта,
Кемдік болды демеспін.

30.12.1955

ТАҢДАНУ

Ажарың сәуле шашқан күндей екен,
Жанарың қап-қараңғы түннен бетер.
Дәл пішіп, мен үшін сен туған жансың,
Жүріппін кей сырыңды білмей бекер.

Үндесті өмір сүйгіш ойымыз да,
Бірлесті биік төрде жолымыз да.
Үйлесті жан-тәніміз, әр кездесу
Ұқсайды ұлан-ғайыр тойымызға.

Лебің иісі раушан жұпар екен,
Сүйсініп, бал зәмзәмдай жұтам, еркем.
Қылығың жас баланың қылығындай,
Ойнаумен жанған отпен ұтады екен.

Құшағың жанартаудай жалын екен,
Жалынды құшу құтты шағым екен.
Баурады тал бойында бір сиқыр күш,
Құштарлық ләззатына қанық етер.

Аулыңда асулар жоқ мен шықпаған,
Күрке тал көз тартады біз ықтаған.
Шатқалда ақ бұлақтан ат суарып,
Күн қайда терең сайды қызықтаған?!

Бәріне көргенімнің табынамын,
Сай болды аңға шықсам бар құралым.
Сені ойлап әуре болмас мезетім жоқ,
Көрсем де, көрмесем де сағынамын.

1955

ТУҒАН ЖЕР

Туған жер, сүйем сұлу тауларыңды,
Самал жел, жұпар ауа – бал-дәріңді.
Өзіңе қарай-қарай үйреніппін,
Әлемде сұлулыққа таңдануды.

Сүйемін шалғы сілтеп шөп шабуды,
Ояңда жидек, шие көп табуды.
Желпінген өзен бойлап тал түбінде,
Бастап ем қаламқаска көз қағуды.

Қыс келсе өзен бойлап қолда қармақ,
Сүюші ем отыруды балық аулап.
Қыздарға суға келген сауға беріп,
Алушы ем жүректерін жалғыз жаулап.

Құт мекен ана сүтін емген жерім,
Есен жүр ер болар деп сенгендерің.
Жуырда бір сұлуға көзім түсті,
Мәскеудің қақ төрінде кербез-керім.

Домбырам сүйсіндірді тәкаппарды,
Ақ сөзін ақылды қыз атап қалды.
Бере бер ақ батаңды, атамекен,
Бітуге оқуым да тақап қалды.

1955

ӨЗ ЖАНЫМДЫ ЖЕБЕЙМІН

Жүрегіңді жаралайын демеймін,
Сөз семсер боп қадалайын демеймін.
Қимас кездер еске түсті қиналсам,
Өз жанымды өз жырыммен жебеймін.

Мен кешіргем,
Мен ұмыткам өзіңді.
Қайтып бергем «сүйдім» деген сөзіңді.
Бірақ кейде ұмытпайды екенсің,
Тұңғыш ләззат балын татқан кезіңді.

1955

* * *

Терезеңнің түбінен,
Тағы да өттім кешқұрым.
Толғандырды түнімен,
Маған айтқан көп сырың.

Сыңсып аққан арық та,
Үн қатады таныстай.
Көрінген сәл жарық та,
Көз тартады қалыспай.

Саялы қарт емен де,
Желсіз кеште мүлгіп тұр.
Сәлем жолдап сенен де,
Алма ағашы шұлғып тұр.

Бәрі де сол қалпында,
Толқымайық құр бекер.
Тек сен жоқсың қасымда,
Жүгіре шығып сыр шертер.

05.08.1955.
Алматы

ЖҮРЕСІҢ АУЫР ЖАЙДА КЕП...

Қызық түс кейде тап болар,
Мезгілсіз келген қонақтай.
Сағынам да сақтанам
Бейнеңді жақын жолатпай.

Туралап маған қарамай,
Кідіріп сен де қаласың.
Ізден келген анадай,
Біреуге берген баласын.

Келесің қатты сырқаттай,
Жаралы жерің қайда деп.
Тұрасың үнсіз тіл қатпай,
Маған бір ауыр жайда кеп.

1955

* * *

Айтпап едім сүй деп мені,
Дағдым ғой көп сөйлемеу.
Мен сүйгенде үндемеді,
Жүрдім болып сол демеу.

Жан емеспін сөз түюмен,
Қысқа таңды жыл еткен.
Бірақ безбен көп сүюден,
Сүйем ыстық жүрекпен.

Ләззат татып күлгенімде,
Сүйді ол тағы құмартып.
Өзімнің көп сүйгенім де,
Болмапты ғой тым артық.

1955.
Алматы

ӨМІР СЫРЫ

Жүрсем де тәуекелмен ауыр жолда,
Басса да көк аспанның қан етегін.
Басымнан өткен қауіп-қатер молда,
Өмір мен махаббатты жыр етемін.

Тірлікте қателеспей ешкім жүрмес,
Бірақ, қате жасалсын жалғыз рет.
Өмірдің сыры сондай әркім білмес,
Ұқпасам сан әуреңе сал, құдірет.

Тірлікте берілмейді тегінге сый,
Сәт тусын бір ғажапты сүйіп-күйген.
Сүйсең тек жан-тәніңмен беріле сүй,
Құлай сүй, жан аяма сүйіктіңнен.

Нәпсіге алданбауға жетсін күшің,
Қызуы жас тобырдың болмас пана.
Оларға сен қажетсің сайран үшін,
Саған керек ғашық жар жап-жас қана.

Кездесіп сол жалғызбен бол қорғаушы,
Сеніссең, білсең сендік сол екенін.
Сезерсің, өзгелердің бәрі алдамшы,
Кезікпе, құр даңғаза жел екенін.

Білдірсе кейде саған ол қызғаныш,
Мән берме, қызғанбайтын адам бар ма?!
Жоламас шын бақыт пен шын қуаныш,
Қызғанбас сүйген жарын жарандарға.

Ғашығың қасында ылғи болмаса егер,
Мін тақпа, ол жалғыздық малайы ғой.
Кінәлі бір өзіңсің, шындық жетер,
Өмірдің құпиялары жабайы ғой.

05.06.1956.
Мәскеу

ЖАДЫМДА ЖАТҚАН БІР ЖЫР БАР

романс

Жадымда жатқан бір жыр бар,
Жаза алмай жүрмін, қайтейін,
Жаныма батқан бір зіл бар,
Тазармай жүрмін, қайтейін.

Сағыныш атты сағым бар,
Өкініш атты ағын бар.
Кей-кейде дүние тек сен боп
Кететін ауыр шағым бар.

Жадымда жатқан бір сыр бар,
Жалықпай жаным жаттаған.
Күн болса, сәулем, бір тыңдар,
Армансыз бәрін ақтарам.

Сағыныш атты сезім бар,
Айта алмай кеткен сөзім бар.
Кей-кейде дүние тек сен боп
Кететін ауыр кезім бар.

1956

ҰЛЫТАУДА ҰЛАР ҚҰС

Ұлытауға бардың ба,
ұлар етін таттың ба?!

Ұлытау, даңқың асқақ Күнге бейім,
Биікте күйік басып үлгерейін.
Ұмсынған ұлар құсым бауырыңда жүр,
Әдейілеп іздеп барып бір көрейін.

Ұлар құс – кең даланың қарлығашы,
Жан зекет әні ғажап, зарлы нәші.
Сағыныш арамызда үзілген жоқ,
Ей, қалқа! Бір кездесіп жарылқашы.

Ұлар құс – кең даланың шағаласы,
Тірліктің өзінде көп мағынасы.
Жоғалмай ақ қайыңдар арасында,
Желпінтіп жүрегімді аралашы.

Аялап беттен сипап жел еседі,
Ұларым жақын қонып кеңеседі.
Сондайда бүкіл дүние менікі боп,
Ұлытау иығыма теңеседі.

1956

* * *

Жел де жоқ,
Жұлдыз да көп, аспан таза,
Тек қана тау өзені сол беймаза.
Көргенде тыным таппас толқындарын,
Ойлайсың отырғаным деп қай жаза.

Меңіреу тау өңірін ымырт басып,
Түн келді көк күмбезге жұлдыз шашып.
Қыркадан ай қылқиып шыққан кезде,
Далаға көз жүгірттім терезе ашып.

Жайқалған жас теректің жапырағы,
Сыбырлап сырласуға шақырады.
Тебіренем қасыма еріп кім шығар деп,
Жүрегім бір сені іздеп шарқ ұрады.

Сағыныш түсіргендей нөпір сынға,
Қайталап хаттарымды оқисың ба?
Кремль қарай түсіп жұлдызына,
Мені ойлап сен де жалғыз отырсың ба?!

1956.
Жезқазған

АЙТА БЕРШІ ОЛ ЖАЙЛЫ

Жабырқай жаным толғайды,
Сағынбас күн де болмайды.
Жалғызсырап кей-кейде
Күңгірт күндер орнайды.

Қой десем де қоймайды,
Сорлы жүрек сондайды.
Ауыр халді жеткізіп
Кім бір хабар жолдайды?

Бұлдыр сағым ойнайды,
Қобалжытып толғайды.
Үнсіз ғана тыңдайын
Айта берші ол жайлы.

1956

УҺІЛЕМЕ

Сыр бүкпе, достым, қаймығып,
Жарыла бер ағынан.
Күрсінбес дейсің қай жігіт,
Өзім де кейде сағынам.

Тұнжырайсың сен неге,
Дерт бар ма бойға дарыған?!
Құпия бар менде де,
Уһілеме, жалынам.

1956

ДОМБЫРАМДЫ МЕНШЕ СҮЙ

Мәриям, тастап кетіп ем,
Домбырамды қасыңа.
Жауаптысың енді сен,
Оның көзі жасына.

Жоғалған жоқ па тиегі,
Сау ма екен екі құлағы?
Бүтін бе тұлға сүйегі,
Қай бұрыш соңғы тұрағы?

Аққу мойны сақтаулы,
Пернелері түгел ме?
Өзім бардай баптаулы,
Тұла бойы жігер ме?

Оңашада күмбірлеп,
Өзіңе сыр шерте ме?
Қолыңа алып бір-бірлеп,
Еркелет те еркеле.

Сағынғанда мені ойлап,
Қағып қой қос ішектерін.
Тіл қатар ол да күй толғап,
Жанына жағып шерткенің.

Үйренер қолың кәніге,
Шын жүректен сүйсең күй.
Шық тигізбе сәніне,
Өзіңді сүйген менше сүй.

08.03.1956

БОЙ ТУРАЛЫ ОЙ

«Ауру» жерім осы қысқа бойда екен,
Бой туралы талай маған ой келген.
Ұнатсам да бойшаңырақ бір қызды
«Қой, шырағым, – өзіме-өзім, – қой», – деп ем.

Болсам да ынтық, бойы түсіп есіме,
Кездескенде сөз де айтпаушы ем шешіле.
Кеше сол қыз жұмбақ сөзбен тіл тартып,
Жылы жүзбен қарай берді тесіле.

Жақсылыққа балай бердім сөзін де,
Үқтым ғашық жаудыраған көзін де.
Тіл табысып, бетінен бір сүйгенде,
Бой шіркінді ұмытыппын өзім де.

1956

РОМАНС

Махаббат кімдерді сынамас,
Достан да ақыл, жөн сұрамас.
Қоштасып біз кеттік жан-жаққа,
Қос шектей бір әуен құрамас.

Қалдырмай жан құштар мезетті,
Балдырған бал дәурен тез өтті.
Қуаныш күндері қоштасып,
Сағыныш алыпты кезекті.

Жақсы әнге ежелден құмарсың,
«Жезкиік» бар сырын ұғарсың.
Білсең де білмеген болғансып,
Азап пен тозаққа шыдарсың.

Сөнген от қайтадан жағылмас,
Оралмас қыз күнің – балғын жас.
Сен сүйген таңдаулың табылса,
Дәл мендей сүйер жан табылмас.

Баскамен жадырап жанарсың,
Тірлікке жұбаныш табарсың.
Бәрібір көз жұмар сағатта,
Амалсыз мені еске аларсың.

1957.
Мәскеу

МОЛДАХМЕТ ТЫРБИЕВКЕ

Біржан сал, Ақан сері қиялындай,
Үкілі Ыбырайдың тұяғындай;
Бөлеген Көкше өнірін ән мен күйге
Молдеке, сізді өлімге қиямын ба-ай?!

Асқақ ән тік шырқауы қайырылды,
Отты жыр өр жалыны майырылды.
Ел-жұртың «Бота» дейтін атыңызды,
Ақбура ботасынан айырылды.

Туған ел, ардағыңа жетті тұзақ,
Тарлан ер – ақын ұлың кетті ұзап.
Жалғыз тау шоң қабағы омырылып,
Есілге құба жартас кетті құлап.

1957

* * *

Өмірде не қызықты көрсем тізіп,
Бала екен көбінен бір өктем қызық.
Қуандым тұңғыш ұлым туған күні
Алғандай бақ жұлдызын көктен үзіп.

Бөбегім нені білмей, нені біліп,
Сәл ғана езу тартып жатыр күліп.
Буыны бекісін деп тәй-тәйлатам,
Асығып кетердей-ақ әлден жүріп.

Қуаныш – ұлым – шексіз сүйінішім,
Көркейткен отбасымды – үйім ішін.
Жұмыстан шаршасам да тез сергимін,
Көзіме түсіп кетсе-ақ сәби мүсін.

1957

ЕСКІ ДӘПТЕР

Сүйсінбейді жілік алған сәтке кім,
Аз емес-ау ауыз күйген «әттеңім».
Соның бәрін қаз-қалпында сақтапты,
Бала күнгі өлең жазған дәптерім.

Балғын көңіл ашық жатыр әр шағым,
Көрініпті Ай, аспанда жай шығатын:
Ақбоз үйде мені іздеп жүргендей,
Аққұба қыз қолына ұстап май шамын.

Айдалаға сыймай жүрген құр аттай,
Көрінгенге қоймаппын-ау сын артпай.
Көрші қызды Күнге теңеп мақтаппын,
Жасқандырса бір қарауға шыдатпай.

Тұңғыш өлең түзетпедім сөз әнін,
Шексіз үміт, сездім аңғал оспағын.
Шағын дәптер көп әуресі тебірентіп,
Елестеді ең алғашқы достарым.

Ескермедім көркемдік пен көлемін,
Ойлантпады жеткен жері өренің.
Оқып-оқып соңғы өлеңге жеткенде,
Қарақат көз мөлт еткенін көремін.

1958

ЖЕЗҚАЗҒАН КЕШІ

Күн ұяма қонам деп,
Жалынын жанған шұбалтты.
Ертең де ашық болам деп
Кең жалғанды қуантты.

Қыземшекті тау құрап,
Терриқондар мұнартты.
Жұлдыздар әне, жарқырап
Шахталар көшін шұбалтты.

Тыныштықты мазалап,
Дегендей ауа желді өткіз;
Забойларды тазалап,
Үйілейді желдеткіш.

Қырдан ескен сәл ғана,
Салқын самал желпиді.
Басылып дүбір, кең дала
Таза ауа жұтып елтиді.

Қимылсыз жатқан өзенді,
Құшты кеп айдың сәулесі.
Қайқы бел, қырат кезеңді,
Бүркеді ымырт сәлдесі.

Жер серігі жұлдызбен
Өтті аспанда ымдасып.
Кенші інім бір қызбен
Барады бақта сырласып.

Қытықтайды қыз үні,
Әттең, бірге болар ма ем!
Менің де бір қызығым
Кетті-кетті солармен.

1958

АҚ БҰЛАҚ

Ауылымның ырыс құты Ақ бұлағым,
Тереңнен телегей боп сарқырадың.
Кеудесін қара жердің тесіп шығып,
Жыр болып жүрегімде жарқырадың.

Бұл күнде сенен шалғай жүрсем де алшақ,
Бір жұтым ынтығамын суыңды аңсап.
Кетпейді көкірегімнен тәтті күйдей,
Ойнақы, наз еркелі күлкің сақ-сақ.

Қымбат қой туған жердің топырағы,
Жасыл бел, тау саясы, көл құрағы.

Бірақ сен тірі жандай тіл қатушы ең,
Содан ба, ішім саған көп бұрады.

Сағынып келіп кейде сайрандаймын,
Бойыма өршіл қуат алғандаймын.
Сарқылмас өміріңнің сырын ұғып,
Өзіңдей бола алсам деп армандаймын.

1958

ТОМАРСУ

Томарсу жатыр шалшық жер бетінде,
Тірлік жоқ лай, қою келбетінде.
Япырмай, дәл сондай деп ойлап қалдым,
Үйіне жан баспайтын жерлесім де.

1958

ТЕРРИКОНДАР

Терриқондар,
Нар жоталар,
Алқалар;
Кенші қала
Сәулет-сәні байқалар.
Кім жасаған
Кімнің тауы екенін
Өркештерің,
Өр төстерің
Айта алар.

Жай таулардан
Кездерің көп мың артық.
Көрген адам
Көз алмастай құмартып;
Батқан күннің
Сәлдесінен қызыл, боз,
Ніл таулары
Тұрасыңдар мұнартып.

Тірі таулар:
Емес өлі мылқаулар,
Өсіп жатыр
Көз алдымда
Бұл таулар.
Жердің асты
Жер бетіне көшкенде
Еркін шалқып
Жүрегімнен жыр саулар.

Терриқондар
Мен жасаған шыдарсың,
Кімде сұрақ,
Түсінбейтін кім барсың?
Ей, табиғат!
Тағзым етіп,
Табынып,
Сен де мені
Құдіретіңдей сыйларсың.

Терриқондар
Жанды таулар,
Шың таулар.
Ақындардай
Сендерде бір шырқау бар.
Сәл өспесең
Тез мұңая қаласың,
Сәл өрлесең
Қабағыңнан бұлт аунар!

1959

СЕНІҢ БАРЫҢ ҚАНДАЙ ЖАҚСЫ ҚАСЫМДА

Мәриямға

Қайда жүрсем,
Ашық аспан, алаңым.
Біреуге іні,
Біреулерге ағамын.
Жүрегімді достық оты жылытып,
Достарымнан мен де рахат табамын.

Кейде жалын,
От тілі боп жанамын,
Сарқыраған
Тасқын боп та ағамын.
Қиындықты көп көргеннен болар ма
Көп қызыққа шыдай да алмай қаламын.

Сен тасқынсың
Сонда менің қасымда.
Тоқтау берер
Жүректегі асырға.
Анамдай бір қимас рең білдіріп:
«Тоқта, – дейсің, – баспа, – дейсің, – насырға».

Сенің барың қандай жақсы қасымда,
Кешегіні бүгін
Ақылдасуға.
Сен ортақсың әрқашанда менімен
Мен егетін жер бетінде асылға.

Сенің барың
Қандай жақсы қасымда,
Жүрегімде сенсіз
Өлең тасыр ма?!
Қос толқындай қол ұстасып келеміз
Асыл арман – жағадағы жасылға.

Сенің барың
Қандай жақсы қасымда,
Жетем деген
Межелерден асуға;
Сен мен үшін бұл өмірге келіпсің,
Бола берші, бола берші қасымда.

1959

ӨМІРІМ МЕНІҢ, КӨҢІЛІМ МЕНІҢ

Менде ме, менде, досым,
Құрдастар көп,
Ақынжанды,
Ақ ниет сырластар көп.
Солар күтіп жүргендей
Сезінемін,
Қашан тағы кезекті жыр бастар деп.

Кімім көп бұл өмірде?
Қанаттас достарым көп,
Ұшар сәтін тұратын
Қоштағым кеп.
Достарым көп,
Қасым аз болғаннан ба,
Есік қақпай кіретін қостарым көп.

Сыйлап жүрер өзімді,
Әрине, інілер көп.
Дәріс сұрап, алдыма жүгінер кеп.
Бастан өткен ғадет қой,
Олар-дағы
Бізді сырттан айтады-ау «ірілер» деп.

«Ірілік» жоқ,
Менде әсте, кішілік көп.
Қиналма, інім,
Сыр бүкпе қысылып тек.
Біздің үйдің есігі күнде ашық,
Дидарласып көр-дағы түсініп кет.

Еркелейтін алдымда
Ағалар көп.
Тың өріс, ой орманын аралар кеп.
Ағалар-ай!
Арыстар!
Барың жақсы,

Өмір наркын сендерсіз
Шамалар ма ек?!
Аға, іні,
Достарды көпсінбеймін,
Тек жақсылық жанымнан
Өрсін деймін.

1959



Екінші бөлім

(1960-1969)

КЕЗДЕСУ МЕН ҚОШТАСУ

Қуансақ та есен деген хабардан
Кездесуде, жүздесуде бар арман.
Тірліктегі тату-тәтті ғұмырың,
Кездесу мен қоштасудан жаралған.

Кездескенде қуанамыз бәріміз,
Қоштасарда киналады жанымыз.
Кездесу мен қоштасудың арасын
Жалғастырып жатады екен сағыныш.

Кездесуден қоштасулар қалмайды,
Кезектесіп бірін-бірі жалғайды.
Кездесуді аңсамаған адамдар
Бірін бірі өмір-бақи алдайды.

1960

* * *

Мен жүргем жоқ өлеңді ұмыткым кеп,
Алдымда аз емес қой үміт-тілек.
Ұрыспаңыз, ақын аға, аса қатты,
Бірер күн қаламнан қол суыттың деп.

Өмірдің түсіп қатал елегіне,
Жарап қап жүрмін басқа керегіне.
Кеншілік те ақындық сияқты екен,
Тарта түсер қызықты тереңіне.

Кен қазып шет жүрсем де, жайраң қағып,
Отырам кейде өзіме қайран қалып.
Жақсы кенші болды деп жұрт атаса,
Мықты ақын болуды арманданып!

1960

АҚЫНДАРДЫҢ ЖҮРЕГІ

Жұмағали Сәнге

Ақын деген алмас қанжар, наркескен,
Ақиқатпен туған күні әу дескен.
Шындық әсте жан серігі – егіздей,
Бір бәйтерек, бір бұта, бір бауда өскен.

Ақынның бар егісі мен орағы,
Ол да осы жұмыр жердің қонағы.
Ашылғандай алтын сандық сыр түйген,
Тебіренсе жаны жырға толады.

Қуанса ақын жас балаша күледі,
Назаланса арыстандай бүреді.
Қысы қатты, жазы шуақ келетін
Жер-анадай ақындардың жүрегі.

Тіке кесіп берер әділ бағаңды,
Ұқтым айқын Жұмағали ағамды.
Жүрегінің лүпілімен ол сезді,
Сені, мені және бүкіл ғаламды.

1961

ТЫНЫШ ТЕҢІЗ

Бұлтсыз аспан, күн шуақ,
Көк теңіз жатыр көсіліп.
Қырымның күзі тұр ұзап,
Адамның көңілін өсіріп.

Басылды толқын көші де,
Тентектікті қойғандай.
Үйленген күнгі кешінде,
Рахатқа жігіт тойғандай.

Жайнады айдын тып-тыныш,
Махаббат төккен анадай.
Шығармай артық еш дыбыс
Тындырған ісін данадай.

Күн түскен жерде ақ сағым
Жезкиік қырдан қашқандай.

Үңілем ауып аңсарым
Махаббат сырын ашқандай.

Қылығы жоқ жақпаған,
Теңіздің маңғаз адамдай.
Көрінді көркін сақтаған,
Сарыарқа самал даламдай.

1961

ЖҮРЕК СЫРЫ

I

Кейде сен елтіп-балқып масайрайсың,
Қызықтап екі аяқты баса алмайсың.
Қуаныш құшағыңды лық толтырып,
Шаттыққа тұншыққандай жасаурайсың.

Бар бақыт өзіңменен бір келгендей,
Дидарың мәңгі сөнбес нұр бергендей.
Жайраңдап, аруана, отырасың,
Үл-қызым етегіңнен гүл тергендей.

Елестеп қайда жүрсем табылғанда,
Еркелеп әлденеге жалынғанда;
Ұзақ түн көз шырымын бір алмайсың,
Қасыңда жоқ күндерде сағынғанда.

Ай жүзің құбылғанда толқып-жанып,
Шат күлкің сылдырласа шолпыланып;
Ақ тамақ тіл үйіріп ұмсындырса,
Қос алмаң көз жауласа солқыл қағып;

Мойныма еркелеп кеп асылғаның,
Дүниенің жұмағы екен, асыл жарым.
Тек солай қуана бер, жадырай бер,
Мен сенің мәңгі-бақи қасыңдамын.

II

Кей-кейде саяң рахат алдырмаса,
Үй суып, ыдыс аяқ салдырласа;

Өкпе-наз үйіліп кеп маған деген,
Көңілінде жарқын сәуле қалдырмаса;

Көрінген күн дегенің түн болғанда,
Алдыңда өсіп тұрған гүл солғанда;
Өткен күн белгі бермей өте шығып,
Жүрегің өкінішке шын толғанда;

Көруге мені қайтып көне алмастай,
Жан жүдеп, өлгің келіп өле алмастай;
Құлазып, қуыс көңіл жалғыз қалсаң
Өсекке сеніп қалып сене алмастай;

Шын қиып қауесетке сезілмеген,
Жыр етсең дос-жаранға өзім деген;
Төбемнен көк аспанды тастай салып,
Кетсең де теріс қарап безіп менен;

Өлтірсең өкпе толы көңілменен,
Болмаса жалғыз ауыз сөзіңменен;
Астымда қара жерді өртеп жібер,
Бәрібір бірге болам өзіңменен!

1961

БЕС СОЛДАТ БЕЙІТІНДЕ

Міне тұр бейіт мұнара,
Бес солдат бірге жерленген.
Бізге қымбат бұл ара,
Келсек те шалғай жерлерден.

Екі ердің аты көрінген,
Белгісіз депті үш солдат.
«Осы жер ағам көмілген»
Деп тұрдым іштей сыр болжап.

Басталған күні сұрапыл
Майданға сапар ол шеккен.
Белгісіз болып ол ақыр,
Оралмаған сол беттен.

Толғанған балқып ол-дағы,
Қоштасарда менімен.
Жадымда қалды сондағы,
Бейнесі, ыстық лебімен.

Қарақағаз хат алдық,
Онда, әрине, ес білем.
Қырымды жаудан
Қайтардық,
Сонда өлді деп естігем.

Тиді ауыр қолға зіл,
Құштым бейіт шарбақты.
Сүйеу болды сонда бір,
Қасымда жігіт балдақты.

Көңілден жыр егілді,
Сол бейіттің басында.
Моншақтап жерге төгілді
Көзімнің ыстық жасы да.

1961

ТЕҢІЗГЕ

I

Па, шіркін! Шалқар көл-теңіз,
Телегей тегіс төгілген.
Көремін ақ жол көп-көп із,
Шалқыған шексіз өріңнен.

Жағаң теңіз, бау-бақша,
Қолдан құрған шарбақтай.
Қарағайлар тау жақта,
Сапта тұрған солдаттай.

Айдының неткен тамаша,
Жан қызыққа батқандай.
Құшақ жайып оңаша
Су перизат жатқандай.

Жатырсың неге сен ашық,
Жолаушыдан сақтанбай?!
Қуанамын шын ғашық,
Таңсығымды тапқандай.

II

Таңертең теңіз тербелер
Қозғалтып біреу өткендей.
Көкірек сонда тебіренер
Жүрекке нұры жеткендей.

Толқындар көшсе жарысып,
Теңіздің бетін сөккендей.
Қаламын ләззат алысып,
Өзгені жаным сеп көрмей.

Әрең келіп кей толқын
Су бетіне шөккендей.
Мәре көріп кей толқын
Төс қағады өктемдей.

Кей толқын алғаш айқаста,
Тұншықты өліп кеткендей.
Кей толқын соңғы шайқастан
Қуанды есен жеткендей.

Толқындар келсе сабылып,
Су келбетін көркемдей;
Мен өзіңді сағынып
Тұра алмаймын өртенбей.

III

Шулы, дулы мың қызық,
Тал түсте теңіз бұрқанар.
Жан желігіп, бой қызып,
Жүректен сонда жыр тамар.

Бұлқан-талқан ақырып,
Самғайды толған алысқа.
Жойқын күшпен атылып,
Жол тартқандай ғарышқа.

Тулаған толқын теңізде,
Ерке тентек ойнақтап;
Бұла-тел өскен егіздей
Шыдай алман бой сақтап.

Сүңгіп бір кеттім тереңге,
Құшақтап асау толқынды.
Салқыны қалған денемде,
Ұмыту қайда жойқынды?!

Бүктетіле жөңкіді,
Дәу тастан қарғып өтердей.
Құр аттай толқын мөңкіді,
Лақтырып тастап кетердей.

Жабысып қалмай мен келем,
Желігін басар қикардай.
Жүйткісін деймін жел кемем,
Осыған жаным іңкәрдай.

IV

Тұрамын келіп кешқұрым,
Жүректі толқын шалғандай.
Тірлікте таппай еш тыным
Құлшынып өту армандай.

Көк теңіз жатыр жайраңдап,
Мейірбан, жылы көңілдей.
Қайтатын аз күн сайрандап,
Сағынған достың төріндей.

Толғай бер, теңіз, сырыңды,
Асылын теріп байқадым.
Жағаңда жазған жырымды
Ауылға барып айтамын.

Жаныңның маған пәктігін
Жүрді деме сезе алмай;
Кездесер талай сәтті күн,
Тұратын келіп көз алмай.

Қош, теңіз! Толқын көшті де,
Барамын қимай жағаңды.
Салсам да сайран төсіңде,
Сағынып кеттім даламды.

1962

ЖҰЛМА ГҮЛДІ

Жұлма гүлді, жас сұлу,
Кезің ғой күтіп мәпелер.
Ертең-ақ саған наз жылу
Сағыныш сәлем әкелер.

Балапан гүл балбырап
Нұр жүзін жаңа ашты ғой.
Толықсып, толып, албырап
Кемелге келсе жақсы ғой.

Жұлмашы гүлді, қарағым,
Өзіңдей ол да жас бала.
Ақылын қамқор ағаның
Айта жүр және басқаға.

1962

* * *

Сезсең сез кейде менен қызғанышты,
Емес тек пасық ойлы ызғар ішкі.
Ойласаң ол бір нәзік жан сезімі
Жігіттен бой сақтаған қыздан күшті.

Жоқтығы деп ойлама сыйлас сенім.
Қайта сол сөнбесін де қимас сезім.
Мұз жүрек, соқыр көкірек болсам егер,
Сен менің маңдайыма сыймас едің.

1963

ДҮНИЕ-АЙ, КЕЛІПТІ КЕЗЕГІҢ

Қос қанат – ұл-қызым балдырған,
Жаралған жанымда бар нұрдан.
Бақытым, бар құтым сендерді,
Айналдым сыйлаған тағдырдан.

Қуатым – әл берер тоңғанда,
Бағытым – бұлжытпас жолдан да.
Жайқалып, толықсып келеді,
Қос шыбық мен еккен орманда.

Үзілмей тізілген жырларым,
Жоғалмай оралған жылдарым.
Құлын-тай артымнан ереді,
Бір дөңнен дүбірін тыңдадым.

Отырсам бөлмемде жыр келіп,
Қасымнан өтеді нұр беріп.
Өзімнің баяғы кезімді
Қаламын тағы да бір көріп.

Баланың жөнімен өсердей,
Кейде олар көрінер көсемдей.
Көп мәніс, көп дәріс айтады,
Кәдімгі әкем мен шешемдей.

Толтырып толғаумен толмасты,
Болғызып болжаумен болмасты,
Екеулеп еркелі әзілмен,
Сынайды Салықов жолдасты.

Бәріне көнемін, төземін,
Солармен тасиды өзенім.
Тап кеше бала едім өзім де,
Дүние-ай, келіпті кезегің.

1961

САҒЫНТАР АУЫЛДЫҢ БАЛАСЫ

Мен едім өзгеден асқаның,
Керегі жоқ деуші ең басқаның.
Бұлт басып қай күні кетті екен
Біз тіккен махаббат аспанын?

Білмедің сынайтын өш барын,
Білмедің қиналар дос барын.
Бұздық қой әйтеуір екеулеп
Өмірдің бір ғажап жоспарын.

Алушы ем махаббат мол хаттар,
Қайда екен бұл күнде сол хаттар?
Жүрегім гүлденіп, түрленіп,
Жастыққа ескерткіш орнатқан.

Махаббат төгілді шарасы,
Теңселді жазира жағасы.
Қимастық сезімдер оралып,
Сағынтар ауылдың баласы.

1964

* * *

ЭЛЕГИЯ

Көңілсіз күндерім бар,
Көз ілмес түндерім бар.
Оңаша кеңесетін
Бір сықыр үндерің бар.

Таусылмас сырларым бар,
Сарқылмас жырларым бар.
Өзіңмен еріп кеткен
Тамаша жырларым бар.

Көзіме елестейтін,
Кінәлі емес дейтін;
Кейде бір кездерім бар,
Кел жақын, кеңес дейтін.

Кездессе айқын алаң,
Шынымды айтып алам.
Өзіңмен не жоғалттым –
Бәрін де қайтып алам.

1964

ШӨБЕРЕ МЕН АТАСЫ

Атасы аялайды шөбересін,
Сөз, қимыл бәрі қызық, не көресің.
Бүлдіршін тәй-тәй баса бірге ұмтылған,
Құс мінез құлшыныска кенелесің.

Жас бала құшақтаса сүйіскендей,
Ақсақал қалай шыдар нискенбей?
Шекара екеуінде көрінбейді,
Ақбура ботасымен түйіскендей.

Көз тақар бірге кірпік сермескендей,
Ымдасар ата-бала тергескендей.
Сол мезет қарап тұрсам ғажап екен,
Атқан таң батқан күнмен кездескендей.

1964

ТІЛЕК

Күн артынан құштарлана күн шығып,
Өрге ұмтылар тынымы жоқ тіршілік.
Тегін өткен уақытты ойлап тебіренем,
Бос отырсам кетердей-ақ тұншығып.

Осындайда тұңғиықтан зіл шығып,
Ойда жоқта кетеді екен тіл шығып.
Маңдайыңның ыстық тері бұрк етер,
Өз қолыңмен өз жүрегің шымшылып.

Емес қой ол
Қара басқа мұңшылық,
Үлгайыпты балаларға сыншылық.
Ұлым молдау жүріп қалса далада,
Есігімнен мың кіремін,
Мың шығып.

Соғыс жылдар.
Балалығым мың сынып,
Әке жоқта жаутаң өстік, қымсынып,
Маған тиген жел-құйынды көрмеңдер,
Ұлым, қызым – кос балауса гүл-шыбық.

1964

ТАҢҒЫ ТЕҢІЗ ЖАҒАСЫ

Қалт етпей тау, су, орман бүйығып тұр,
Бүйра бұлт қия шыңға түйіліп тұр.
Көк теңіз көкжиекпен шектескенде
Жүректен жыр жаныма құйылып тұр.

Тұп-тұнық шалқар теңіз таң сәріде.
Жатыр-ау тәтті ұйқыда ол әлі де.
Шалғайда шағала да көрінбейді.
Табиғат тамылжып тұр өз сәнінде.

Су баспадым, теңізді оятпадым,
Келіп тұр ен қызыққа тояттағым.
Өзі ашып тәртібімен салтанатын,
Жер-суды ғажап екен оятса күн.

Мен тұрдым, күннен сәлем алып тұрдым,
Қалт етпей әр қимылын бағып тұрдым.
Алтын шапақ теңізге шашыраған
Су құбылыс қызыққа қанып тұрдым.

Жайраңдап жүре берді таң нұр атып,
Дүниені жандандырып жарқыратып.
Теңіз де көк көрпесін қозғай берді,
Арудай аунап түскен жалғыз жатып.

Әнекей, жұрт та оянды жағадағы,
Қол сілтеп шақырғандай шағаланы.
Қайыққа қызбен мінген мұртты жігіт
Су бетін ескегімен сабалады.

1961

КҮМІСТІ ЕР

Арман асу,
Ұшан құз биіктерге,
Жетем десем ойға алған үміттерге;
Көзім менің түседі ата мүлік –
Босағада ілулі күмісті ерге.

Кейде аңсап
Көруге тұлпар шаңын,
Бала жастан дүбірге іңкәр жаным.
Ерді көріп ойлаймын көп болса деп
Құлагердей, Абсенттей тұлпарларым.

Ұлым, тыңда,
Айтарлық саған мәнін,
Сұңқар, тұлпар сипаты маған мәлім.

Атты күткен атақты адамдар бар,
Сәйгүлікпен сәндеткен дала сәнін.

Кер бестіні
Мен-дағы баптап жүрмін.
Тұлпар болар тілекпен сақтап жүрмін,
Бәйге салып, жүлде алса жануарым,
Ер қанаты осы деп мақтап жүрмін.

Жүйрік күтсем
Ер тозбау сылтауыма,
Ерге мінсем мінемін бір тауыма.
Айға барып салт атпен жүрмесем де
Тастап кетем осы ерді ұрпағыма.

1962

ШАХТАҒА ОДА

Батырлар ма екен
Бел-белесті барлаған?
Ақындар ма екен
Сұлудан көзін алмаған?
Кемелер ме мұхитта сонау жүзуге
Өмірлерін мәңгі-бақи арнаған.

Қыран ба әлде,
Әлемді тегіс шарлаған,
Қомданып қонып биікті ғана таңдаған.
Бұл не екен?
Кірпік қақпай ерте-кеш,
Шыңыраулардың шыңдарменен жалғаған.

Дербес те кербез,
Апайтөс алып дархандар,
Кен шөккен шыңға
Шашасын тіреп шалқаңдар;
Шахта осы –
Алтын, күміс, жезіңді
Тереңдерден
Тегештеп тартқан қалқандар.

Ентелей сырғып,
Вагондарға сатырлап,
Ақ малта тастар
Құйылып жатыр лақылдап.

Кен деген осы –
Жер-ана шебер жентектеп,
Қоймаға қойған
Қасиеттеп, асылдап.

Оқтай тік окпан,
Жер сарай, терең шыңырау
Қорқақтарға көріп те кайту киын-ау,
Содан да болар, білмегенге бекерлік
Кеиші атты кереметтерге сынбау.

Айқас та шайкас,
Жердің асты тынбайтын,
Сындарға салып, катерлерде шыңдайтын.
Өжеттік керек,
Мәрт мінез, сергек, тәсілкой,
Собалақ-солпы,
Сона көзденіп тұрмайтын.

Тау қираса, сескеніп айыл жимайтын,
Құлшына түсіп жігіттік жігер жинайтын,
Мықтыларын жер астында екен ғой,
О, кеншілер!
Татулықты шыңдайтын.

1965

ҒАШЫҚ ҚЫЗ ЖАҚҚАН ОТ

баллада

Қарлы боран карсы соккан,
Бебеулеген өңірді.
Орман шеті, Есіл жақтан
Жалғыз жарық көрінді.

Тойлы думан түн күзеткен,
Тынбай сонбес шам ба екен?!
Әлде жолдан шалыс кеткен,
Адасулы жан ба екен?

Қарагерге камшы басып,
Жігіт отқа жетті тез.
Маздаған от жалын шашып,
Берді түнге ашық көз.

Қасында жоқ ешбір адам,
Түбінде айқын жол жатыр.
Меже табар адаскан жан,
Белгі оты болды ақыр.

Сүйсіндірді үлкен үміт,
Шын кимастық етіпті.
Кешіккен соң сүйген жігіт,
Қыз тұтатып кетіпті.

Сенер-сенбес келер есі,
Қуанған жоқ құр бекер.
Қыз үйінің терезесі,
Шамы сөнбей тұр екен.

1965

ЖЕҢІС

Жеңіс. Жеңіс.
Сені күтіп саққұлақ,
Келгеніңде сүйінші алдық шапқылап,
Бала едік қой майдан жаққа телмірген,
Почташы шал жолын торып, хат сұрап.

Жеңіс – камкор,
Планетаны шолып тұр.
Айбатымен берік таңды қорып тұр.
Жауға үрей талқандалған Рейхстаг,
Жеңіс мәңгі Сталинград болып тұр.

Бүкіл елге
Ортақ бақыт әперер
Жеңгендерді ел ардақтап мәпелер.
Жеңіс атты салтанатты күн үшін,
Оралмады,
Қан майданнан әкелер.

Жеңіс құны
Жетті ақыл шамалар,
Болдық бәрін өзімізше бағалар.
Әкелерді жоқтатпады ешқашан
Жауды жеңіп кек қайтарған ағалар.

Жеңіс – көктем,
Біз көктеген жеміспіз.
Қаулап өстік,
Жалпы есен, тегіспіз.
О, жас ұрпақ!
Сәл кідіріп ойлашы,
Не болар ек біздер осы жеңіссіз?

* * *

Бір көру арман еді,
Жалған еді.
Үміт наз ұмыт болып қалған еді.
Түсіпті маңдайыңа жалғыз сызық,
Сол ма екен
Сағынышым салған белгі?

Бір шомып,
Қос қарақат тұнығына,
Көңілдің дәру таптым сынығына.
Япырмау, қарамашы,
Қадалмашы,
Сұқ көздер өсек тағар қылығыңа.

Бір суып,
Бір жадырап нұрланасың,
Көз алмай мені бағып ұрланасың.
Самайым сен сипаған күмістенді,
Әрине,
Сырын іздеп сын тағасың.

Тіл қатпай
Баяғыдай тілсіз ғана,
Қарасаң ашық көңіл мұңсыз қара.
Екі рет қоштасуға әлім келмес,
Жүре бер, кетеріңде үнсіз ғана.

1965

ШАХТЕР ҚУАНЫШЫ

Қуанады
Есендікке, саулыққа,
Емес қой ол
Жай дүрбелең даурықпа.
Қуана бер шаман келсе сен-дағы,
Шыңырауларда тас қиратып, тау жық та.

Той жасады
Штрек тесіп кенді өтсе,
Сол қойнаудан асыл тасты селдетсе.
Қуанады екі забой маңдайлас,
Жер астында
Қылдай түзу кездессе.

Қырға шықтың
Өзге өмірден келгендей,
Қарсы алады оркестрлі дүбірмен,
Бүкіл дүние саған рапорт бергендей.

1965

ЗАБОЙДА

Асты да тас,
Үсті де тас ауыл бар.
Жайлағын оны
Забойшы деген қауым бар.
Тірліктегі нағыз достық соларда,
Қырдағыдан мұндағылар бауырмал.

Бұл ауылдың
Көктем, жазы, қысы жоқ,
Күнде орақ,
Күнде науқан ісі көп.
Жер астында әрбір сәтің санаулы,
Есінеп, елтіп, жалтақтап тұрған
Кісі жоқ.

Жеңіс ортақ,
Содан болар еселі,

Ешкімнің жоқ бас сауғалау есебі,
Күндемейді,
Тілдемейді бір-бірін,
Жүгірмейді жер бетінің өсегі.

Тар забойда
Талай тағдыр тоғысқан.
Бірге терлеп,
Тоңса бірге тоңысқан.
Жорықтағы батырларға ұқсайды
Бір қамалды алу үшін соғысқан.

Ойлама, дос,
Осы өмірді осал деп,
Забойға кел, жаңа жігер қосам деп.
Қамданып кел,
Тәуекелге бел байлап,
Өзге үшін өз кеудемді тосам деп!

1965

ҰЛЫТАУ

Арқаның арғымақ төс Ұлытауын,
Қасында жүріп қалай ұмытамын?
Көз тойып
Еңсем өсіп ұлы жерде
Жырға орап жүрегімді жылытамын.

Айнала көк теңізге ұқсайды екен,
Кең дала
Көсем тауды қыспайды екен.
Өзі де ұлылығын ұққандай боп
Кеудесін көтеріңкі ұстайды екен.

Дара шың
Жазық төскей жер бетінде,
Паңдық бар,
Парасат бар келбетінде.
Табиғат әдейлеп орнатқандай,
Тас корған
Қарауылшы ел шетінде.

Тау камал
Доңғаланған, күркеленген,
Айнала жасыл желек күлтеленген.
Тау пана болыпты ғой
Жау келгенде:
Кіші елден, орташа елден, үлкен елден.

Өтіпті талай қырғын бөктерінде,
Жанғабыл,
Қаракеңгір өткелінде.
Қайран ел, шыдадың-ау Ұлытаудың
Жошылар жон терісін сөккенінде.

Қан сіңген Ұлытаудың топырағы,
Айтуға жан дүниең шошынады.
Көнекөз
Екі заман куәсі боп
Ұлытау ұлыларға қосылады.

Тау ұлы – бақытты өмір тұрағы бар,
Тау аскар – Жезқазғандай ұланы бар.
Таулардың арманы да бола ма екен,
Тұғырда
Байқоңырдай қыраны бар?!

Жанына талай жаңа сыр ұқтырар,
Бір көрсең
Тәтті түстей қызықтырар.
Жайраңдап күліп қарап ән шыңынан
Алдыңнан Қаныш аға шығып тұрар.

Кей ақын
Шала көріп даттайды тек,
Ұлы деп бұл тауды ешкім айтпайды деп.
Біз жүрміз карт Ұлытау ұлылығын,
Лайым оларсыз да сақтайды деп.

1965

* * *

Япырмау! Ержеттік пе, еркектік пе,
Күмілжу, мұлгу кетті келместікке.

Сәтсіз күн сылаң қағып шыкса алдымнан,
Кезім жоқ көңіл жығып мұң шалдырған.

Жалғыздық қалды өткен естелікте,
Ойға алып тебіренбеймін ескеріп те.

Анадан жалғыз едім, жүре өстім,
Соңы емес, алдындамын өмір-көштің.

Қашанда көш басында парыз да көп,
Жұмыс мол, сен туралы аңыз да көп.

Ішімнен мың толғанып, он ойлаймын,
Ақтамай ел сенімін оңалмаймын.

Сүріңсем тырмысамын білдірмеске,
Сыртымнан мысқылшылды күлдірмеске.

Мертіксе жазатайым біреу нешік,
Етімнен ет беремін бітеу кесіп.

Қашанда іздеп жүрем күнде сәтті,
Қуаныш, барлай білем күнді шатты.

Алыста тауды сүйем жан шықпаған,
Не сұлу көрсем соған таңсықтанам.

Үлбіреп жүзі ашылған гүлді сүйем,
Шүлдірлеп жаңа шыққан тілді сүйем.

Ұмтылам атқан таңға назы бардай,
Тынбаймын құт берердей жаны қалмай.

Жақсылық қазағыма туа берсін,
Төңіректен жамандықты қуа берсін.

Мұң шалып, жабықпасын адам жаны,
Тілеңдер сол тілекті маған-дағы.

1965

АЛҒАШҚЫ РЕТ ТАС ТЕСУ

Забойға келеді жас жігіт,
Жүзінде жігер ойнаған.
Кенші болу жақсы үміт,
Арманы еді ойлаған.

Бір қақты да иықтан,
Қарт кенші оған қол берді.
Әзілмен жанды жылытқан,
Төр жақты меңзеп жол берді.

– Ұста, қане, батырым,
Қазір сыннан өтесің.
Жетпесе іске батылың,
Суымай ізің кетесің, –

Деді-дағы жігітке,
Нұсқай берді бұрғысын.
Үміт артқан жігітке
Туды, міне, ауыр сын.

Шақ-шұқ етіп тас түлік
Бұрғыны қабыл алмады.
Күшке салып жас жігіт
Самайдан тері парлады.

Қызарақтап беттері,
Тіл қатпайды қымсынып.
Бұрыла беріп шеткері
Қояды ауыр күрсініп.

Толқындай ойнап бұлшық ет,
Үдетті жігіт керісті.
Табиғат қайсар күркіреп
Бермей жатты жеңісті.

Мұндайда тағат біткендей
Орныгып көңіл тоқтай ма?
Қыз жауабын күткендей
Жүрек те шапшаң соқпай ма?!

Келмес іс деп қолдан бұл,
Бұрғыны жігіт тастады.
Қайсарланып долданып
Жұмған аузын ашпады.

– Кенші болмақ жігітім,
Ашу басар ақыл тап.

Сонда алыс үмітің
Бір табан қалар жақындап.

Забойда Вася Теркиндей
Болу керек көңілді.
Әйтпесе көп төркіндеп
Көрмессің біздің өмірді, –

Деп кенші тағы сол кезде,
Бұрғыны қайта тұрғызды.
Сықыры бардай, лезде
Күштемей жеңіл жүргізді.

Бұрғы бейне бір үшкір
Ағашқа кірген біздей боп;
Бір шұқырдан бір шұқыр,
Тасқа тізді іздер көп.

Әр тәсілін анықтап,
Сарықпай іркіп бар күшін.
Жігіт енді байыптап,
Забойға салды бұрғысын.

Тапқыр тәсіл көрініп,
Бауыр жігі шешілді.
Безбүйрек тас сөгіліп
Алғашқы ұңғы тесілді.

Осы бір сәт армандай
Әрең өткен сыр еді.
Есімде ізі қалғандай
Айтылмай жүрген сыр еді.

Бір ұңғы тесіп көргендер
Қате деп қайсысың айтасың?
Кенші болып жүргендер
Бастарын неге шайқасын?!

1965

* * *

Жанымды жалған сөзге жалдай алман,
Болмапты қайсысымызда қандай арман?!
Махаббат сәтті, сәтсіз кезін айтпай,
Біреуді, өзімді де алдай алман.

Жоқ бірақ, өкінішім қапа шеккен,
Жүрегім құрбыларға ада кектен.
Қайтейін, ойда барын айта алмапты,
Ауылдас қара көзден қате кеткен.

Кейде бір келіп қана кетеді естен,
Татқаным тәтті ләззат тетелестен.
Алшақтап әр қияға кете бардық,
Білмеймін кім екенін қателескен.

– Ойлаушы ек
Салқын жүрек тұйық жан деп,
Ой, Алла-ай,
Қалай сені жуытқан? – деп
Бір құрбым сұрайды екен бәйбішемнен
– Әлде өзің қағып па едің иықтан? – деп.

1966

ЕРІНДЕР

Нарттай қызыл
Елжіреген еріндер,
Күзгі шие
Пісіп тұрған едіңдер.
Өздеріңнен
Шырын татып оянды,
Сол алғашқы
Отты жалын сезімдер.

Марал көздер
Тостағандар төгілген,
Өзгелерден
Тым өзгеше көрінген.

Талай жылдар
Таңғажайып өтсе де,
Сағындырып
Шықпадыңдар көңілден.

Махаббаттың
Заңы ма мен сезбеген?
Неге артық
Жаралдыңдар өзгеден?
Нұр алуа ұшқындарың,
Еріндер,
Жүрегімді
Дәлдеп ерте көздеген.

Жылдар өтті
Сан өзгеріс түйісіп.
Ол еріндер
Кетті өзгемен сүйісіп.
Мен де келем
Басқа жанмен бақыттың
Біздер үшін
Арнаулысын жиысып.

Сыр ақтардым
Жуырда бір досыма,
Еріндерді
Еске алар деп қосыла.
Сонда ол айтты:
– Ол еріндер солыпты,
Тосын келіп
Көре қалсаң шошыма.

Үнсіз қалдым,
Пәк жүрегім дір етті,
Көргім келмей
Досым айтқан суретті.
Қалсын дедім
Өзгерместей жадымда,
Сол еріндер
Бәз баяғы құдыретті.

1966

БІР ЖАЛҒЫЗ ЖАРЫМ БАР

Қызығып жаттайтын
Сүйікті әнім бар.
Қызуы қайтпайтын
Жүректе жалын бар,
Бір жалғыз жарым бар.

Ақ тілек, ақ ниет
Айнымас арым бар.
Жолыма сәт тілеп
Отырған жаным бар,
Бір жалғыз жарым бар.

Ол жоқта өңімді
Сарғайтар сарын бар.
Ол барда төрімді
Жайнатар шағым бар,
Бір жалғыз жарым бар.

Өзгеге өмірде
Болмастай жаным зар.
Нұр құйған көңілге,
Ақ сәуле таңым бар,
Бір жалғыз жарым бар.

Айқабақ, паң, кербез
Салтанат сәнім бар.
Теңеулер тең келмес
Маңдайда бағым бар,
Бір жалғыз жарым бар.

1966

АТА ҚОНЫС

Жылдар жылжып,
Келсем кейде ауылға,
Ойымда тек балаша асыр салу ма?
Сағынышты баспақ түгіл, ұлғайтып,
Барып қайтам от боп лаулап жануға.

Осындай бір сапар тартып тағы да,
Келіп тұрмын біздің үйдің маңына.
Ал үй қайда?
Қайда кеткен, япырмау?
Күтпеген бір қаяу түсті жаныма.

Ескі жұртты – біздің көне кос үйдің
Қара орын деп айтуға да шошимын.
Дүниеден тым ертерек өтіпті
Маған қымбат пенделері осы үйдің.

Толқып кеттім, бірақ денем қызбайды,
Қызу қайда, тұла бойым мұздайды.
Қарт солдаттың жарасындай оқ тескен
Жаным қатты ауырады, сыздайды.

Ескі үй жайлы өзімді-өзім қинатпай,
Үнсіз ғана кете бардым тіл қатпай.
Анашым-ау!
Ескі үйді мен әкетем
Шаңырағын сол күйінде киратпай.

Қимастықтың қиындығын жеңерміз,
Біз тұрамыз ескі үйде деп сенерміз.
Туған жерді аңсағанда жол түсіп,
Қара орынды бір көруге келерміз.

1966

САРҚЫЛЫП САҒЫНЫШЫМ ҚАЛМАС ПА ЕКЕН?!

Жүрегім
Жүзі қайтпас алмас па екен?
Жарқылы жыр жетелеп бармас па екен?
Құрметті бір қонағың әнімді айтып,
Әуреге ойда жоқта салмас па екен?

Білем, сен ішқұса боп өкінесің,
Суынып, жұрт көзінше бекінесің.
Тыңдай бер жүрегіңе жылы тисе,
Ем іздеп енді кімге өтінесің?

Аңсатпан көктен жұлдыз әперем деп,
Тамсантпан отырғандай Меккеден кеп.
Тебірентем,
Тебіренемін,
Қимас күндер
Біразын көз алдыңа әкелем деп.

Ол күндер –
Ұмсындырған арман күндер,
Ауылда – артымызда қалған күндер.
Тұңғыш гүл –
Тұншықтырған дәру иісі,
Көрген түс, көктем сағыз –
Жалған күндер.

Жүрегім
Жүзі қайтпас алмас па екен?
Жарқылы жанарыңмен жалғас па екен?
Өзендей көл шетіне жете алмаған
Сарқылып сағынышым қалмас па екен?!

1966

МЕН ЕМЕСПІН

Мен емеспін
Бір кездес деп жалынар,
Мен емеспін табынбасқа табынар.
Сыбырыңды,
Бір үніңді мен емес,
Ақ қайыңның көлеңкесі сағынар.

Астананың
Өтсем гүлзар бағынан,
Баяғы сол басқан ізің табылар.
Ақ тамақты мен емес,
Жазғы кеште желпіген жел сағынар.

Болып едім
Жас кезімде ынтық-зар,
Жүрегімді мұз тескендей тілді ызғар.

Зарығатын,
Қамығатын мен емес
Мұңаяды біздің таныс жұлдыздар.

Мен емеспін сені аңсайтын осылай,
Тар көшеде өт қасымнан шошымай.
Ажарыңды, жанарыңды мен емес,
Таң атса да тұрады екен тосып ай.

1966

ДОС ҚАЙДА?

Дос қайда араға жік ендірмеген?
Бойында жоқ өнерге сендірмеген.
Шалғайда екі аяқтан шалдырады,
Масыл дос марқайғанша жөн білмеген.

Қара жер тебіскендей зеңгірменен,
Сарысу айырылысқандай Кеңгірменен;
Сағыңды сындыратын дос болады,
Құйғытып өтер жерде желдірмеген.

Жасаман ол бүлінсе екпе күйік,
Қайтейін қадірсізге текке күйіп.
Тек қана ойланамын,
Мың толғанам,
Қырсығы кетпесе деп көпке тиіп.

Жүрсем де суысардай қосылмай көп,
Көнілін жықпаушы едім,
Досымдай деп.
Шіркін-ай, бір есуас айтпас па екен,
Досының бәрі өңкей осындай деп.

Дүние, сырың көп қой мен білмеген,
Аз шығар пендең, сірә, сен күлмеген.
Дос қайда,
Өзін емес өзгені ойлап,
Жақсыны жамандарға жеңдірмеген?!

1966

БӘРІБІР ҰМЫТПАЙСЫҢ

Жүректі сызықтайсың,
Еске алып қызықтайсың.
Ұмытам десең-дағы,
Өткенді ұмытпайсың.

Өкініш жуытпайсың,
Тіліңді тұйықтайсың.
Өткенді өшіріп көр –
Қуарған шыбықтайсың.

Барыңды қиықтайсың,
Нәріңді сұйықтайсың.
Өткенді өшіріп көр –
Құрыған құдықтайсың.

Өзіңді құрықтайсың,
Сезімді құлыптайсың.
Төгіліп келсе-дағы,
Сөзіңді сұрыптайсың.

Лайсыз тұнықтайсың,
Алаңсыз ұйықтайсың.
Өткенді есіңе сал,
Бәрібір ұмытпайсың.

1966

ЖАСТЫҚ ШАҚ

Жастық шақ дәуренімді қызықты етер,
Барасың күдеріңді үзіп бекер.
Көп пе еді өкінішің өмірдегі,
Жүректі ерсіл-қарсыл сызып кетер.

Жиырма бес өтті шапшаң асығыста,
Уақытта мен не дейін заты қысқа?!
Сырымды айтып-айтпай үлгермеспін,
Бір күні кете барсам қапылыста.

Жастық шақ қайта оралып келмейді екен,
Хал сұрап бәйбішең де тергейді екен.
Мен бірақ ақтық демім біткенше,
Намыскер мінезімді бермей кетем.

1966

ІНІМЕ ХАТ

Сапаржан, ауыл аман ба?
Сағынып жүрмін, қайтемін?
Наз айту қағаз-қаламға,
Бола да бермес жай-тегін.

Барам деп талай жиналам,
Ағайын – ардақ қауымға.
Қол тимей, бірақ, қиналам,
Жол түспей туған ауылға.

Қос көлге қарап күлімдеп,
Қос қызға ғашық жігіттей,
Тұр ма екен Сырымбет,
Тұлғасы толы үміттей?

Жатыр ма гүлге тұншығып
Шалғыны қалың қаудан бел?
Толқыны толған тіл шығып,
Сұрай ма мені Саумалкөл?

Туыстар сырттан көп сөгер,
Жатбауыр дер ең кемі.
Аз келіп жүр деп сөгер,
Ата-анамыз кеткелі.

Сағынғаны – сөккені,
Тіл тартпан байтақ бауырға.
Парызым, назым көп те еді,
Бармасам соғар ауырға.

Құрдастар, қайда, құрдастар,
Жарасар шаттық ұласып?

Әзілмен мәзір кім бастар,
Сәлемнен бұрын сынасып?

Әр үйде той жасалып,
Әбігер ауыл мейрамдап.
Жас күнім келіп жасарып,
Сауығар ма ем сайрандап?!

Орансам тәтті сезімге,
Қобалжу, толқу көбейсін.
Алаңдап жүрмін өзім де,
Келем деп айтты дегейсің.

Сапаржан, ауыл аман ба?
Аз күнге соғып өтпедім.
Сыр-сұхбат құрып саған да,
Ағалық айтып кетпедім.

Суыспай жиі келуге,
Жібермей қойды қалың іс.
Жуыспай жүре беруге
Жетер де емес халіміз.

Ағалар қайда ілгері
Отырар сәні ұнасып?
Інілер қайда іргелі,
Қыздырар қызық құрасып?

Мінезі тарпаң ақдауыл,
Жан еді жарқын, гүл дейді.
Көршінің қызы тәп-тәуір
Мұғалім болып жүр дейді.

Білемін, бәрін түсінем,
Бұралаң жолдар бағынар;
Саңғалсыз жұмыс ішінен,
Бір сәтті саңылау табылар.

Жүрекке тиіп әр сәлем,
Жылуы таныс қолдармен;
Өтермін өсіп мәртебем,
Әкеміз басқан жолдармен.

Келермін аққу-қаз даусын
Сызылтып көлге түскенде.
Келермін елге жаз маусым
Жидек-шие піскенде.

Әйтеуір бір дәм тартады,
Жетермін науқан жоғында.
Келермін қазы-қарталы,
Сүйкімді қысқы соғымға.

Бал-шекерін баптасып,
Қадірлі біздің жеңгелер;
Сағынышына орап сақтасын,
Есептеп күнді мен келер.

1967

МЫҚТЫ ДЕП ЕСЕПТЕМЕ

Мықты деп есептеме,
Тасадан атқыш «мергенді»,
Бітпеген іске бәлсініп,
Кеудесін бекер кергенді.
Мықты деп ұғып жүр ұлым,
Халқына барын бергенді.
Мықтымсынған мыңмызды,
Мығым іспен жеңгенді.
Қазақ жүйрік дейді ғой,
Мәреге үздік келгенді.
Мықты деп есептеме,
Әркімге жеңіл ергенді.
Жолата көрме қасыңа,
Өтірік-өсек тергенді.
Тіршілік мынау дүрбелең,
Сергек қара сен де енді.
Осал деп бірақ ойлама,
Бұрылыста жол бергенді.
Таныпып тұр ол сонда,
Тәрбие-тәлім көргенді.
Кезеңдер бар керемет,
Сынаққа салар зерденді.

Кешіре сал алдыңа,
Қатесін біліп келгенді.
Сыйлап өт, жаным, қашан да,
Өзіңді дос деп сенгенді.

1967

ЖАҒАДА

Қалықтайсың, шағала,
Шағала бауырым, карама.
Қыздырынып жатырмыз,
Алыстан келіп жағада.

Бәйбішем кетті, әнекей,
Ақ дидарын таныгпай.
Жасайды ол да әшекей
Суда жүрген балықтай.

Су тигізбей шашына
Жүзсе еркем біртіндеп;
Ереді толқын қасына
Көк көрпедей бүлкілдеп.

Теңіздің түбі ұсқақ тас,
Сорпада жатқан малтадай.
Толқынмен, кане, құшақтас,
Жетпеймін мен де малтымай.

Қол салайын беліңе
Сескене көрме, қалқам-ай,
Толқын ба деп мені де
Қалармысың байқамай.

Қалықтайсың, шағала,
Шағала бауырым, қарама.
Қыздырынып жатырмыз,
Әрең жетіп жағаға.

1967

МЕТАЛЛУРГКЕ ОДА

Жанартаудың лаулаған қазанындай,
Қайнаған мыс қайда бар таза мұндай?!
Конвертордың жалынын өзек еткен,
Қара мұрын, сом желке қазағым-ай.

Өңі қызық масайған қызыл жалын,
Қалпағында қисайған қызу қарқын.
Үрдіс қимыл үкімі бұлтартпайды,
Тілге келіп қиын-ау бұзу салтын.

Бәрі жатық, әсерлі қабылдайсың,
Жыр қаулайды, өзің де жалындайсың.
От сапырған адамды көріп тұрып,
Қалай ғана маужырай мамырлайсың?!

Мен кеншімін – тау бұзып, тас үйемін,
Жыр жазамын түсірмей бәсіме мін.
Сенің терің молырақ көрініп тұр,
О, металлург! Дос ниет, бас иемін!

Ел баптаған екенсің шын сұңқарым!
Белгілі еді-ау жүздессем құлшынарың.
Келдім, көрдім, түсіндім,
Жаса, достар!
Сендерсіңдер асыл кен ұсынарым!

Парнастамын, ғажаби қиялдамын,
Қай лүпілін жүректің тыя аламын?!
Қызу еңбек қарқыны қыздырғанда,
Жалынсыз жыр жазуға ұяламын.

Мысым құрып тұрған жоқ мыс алдында,
Ақындар да түңілтпес кісі алдында.
Өзімді-өзім қаттырақ сынап тұрмын,
Күн сапырған құдайдай күш алдында.

Автомат па, мотор ма білегінде,
Құдірет күш бастауын білемін де.

Сен балқытқан сары мыс бір ұшқыны,
Жаңа шабыт тұтатты жүрегімде.

Алып адам көріндің анық маған,
Аңыз етсем жаңаша шабыттанам.
Қызыл жалау алаулы өміріңді,
Жырға қосып ертеңге алып барам.

1967

ЕСІЛГЕ

О, туған жер!
Торғын тоғай Есілім!
Өр толқының сәби күнгі бесігім.
Сен жатпасаң өлеңіме бөленіп,
Өзіме-өзім етпес едім кешірім.

Есілді айтсам,
Жаңылғандай есімнен,
Бала болам,
Бір сүңгуге шешінген.
Ой сандығын астан-кестен ақтарып
Өзен болам,
Еркін толқып көсілген.

Есілім-ай!
Сабырлысың, қызбайсың,
Атамекен ескі арнаңды бұзбайсың.
Сарыарқаны төркініндей аралар,
Салтанаты сарқылмайтын қыздайсың.

Ақ қайыңдар
Алқалаған Есілім,
Жағалауға тал қалаған Есілім.
Алтын арпа, ақ бидайдың өлкесі,
Сенен алған миллиардтар есімін.

Тыңға тіккен ең алғашқы қостардың,
Есілісің тоқсан ұлтты достардың.
Палаткалар тұрған жерде – қалалар!
Жұлдыздары қонды жерге аспанның.

Көз алдымда қику салған аққуың,
Көз алдымда шәлкес мінез шат күнім.
Үрпақтарға ұштастырғым келеді,
Қараторғай қалқуын,
Үкілі Ыбырай «Гәккуін».

Мамық төсек – қазотылы жас құрақ,
Зәмзәм еді-ау салқын саумал тас бұлақ.
Құлшынушы ек Құлагерге мінгендей
Ағаш атқа жайдақ мініп шапқылап.

О, туған жер!
Торғын тоғай Есілім!
Өзің аштың маған өмір есігін.
Тоса білген майдандағы ардағын,
Анам болған бір ардақты жесірің.

Біздер содан
Есен қалған аманат,
Естімедік олар жайлы жаманат.
Ақ сүтпенен бойға сіңген арман бар,
Болып өту өзің сүйген азамат.

Қайда жүрсем,
Есіл, сені сағынбай,
Шыдар ма еді сезгіш жүрек жарылмай?
Бір бөлшегін бүтін сақтап қойыпты
Қызылжардың құлан өтпес жарындай!

Қайда жүрсем,
Көп үзбеймін қарасын,
Жыл мезгілде жылы сәлем аласың.
Сағынышым құс жолындай жалғайды,
Жалғызтау мен Ұлытаудың арасын.

Қимас жанның қайталауға есімін,
Жетпей де жүр кейбір кезде кесімім.
Қарақат теріп жүргенімде жағаңда
Қарақат көздің естіп едім шешімін.

АЛҒАШҚЫ КЕЗДЕСУ

Жол тауып жүрегіне жақындадым,
Маздадым махаббаттың татып дәмін.
Қиқулап көлден ұшқан құс сияқты,
Алғашқы келіп кет деп шақырғаның.

Сырың көп жан құпия маған ашқан,
Ерке наз. Есіл шаттық араласқан.
Өмірдің бір сайраны, бір қайраны,
Тез өтті уақыт залым аямастан.

Жүйріктей қызу бәйге шабыстағы,
Шаң жұтып дұшпаным да алыстады.
Елтідік, бүкіл дүние естен шықты,
Сезілмей секундтардың жарысқаны.

Шіркін-ай!
Сондай дәурен қайталанса,
Аптығып, күйіп-жанып қайта барса.
Жалға деп жарты сағат жалынар ем,
Құдайым не керек деп айта калса.

1967

СЫРЛАСУ

Сыр жетім ғой сызылып ашылмаған,
Адам жақсы арманын жасырмаған.
Ақындар да өтеді іздеуменен,
Бір шындықты әлі де ашылмаған.

Күш-қуатым мол кезім басылмаған,
Не тосады алдымда ғасыр маған?!
Ертелі-кеш Абайдан ғибрат алып,
Қасарысып өмірмен Қасымданам.

Қиын жолдың бер қане, басын маған,
Қыза түсіп найзағай жасынданам.
Татымды іске басымды аямаймын,
Соны үйретті Шоқандай асыл бабам.

Адал достар алдында асыр салам,
Көз алдымнан кетпейді жасыл далам.
Бақытын бер Қаныштың беу, тағдырым,
Бермей-ақ қой Жамбылдың жасын маған.

1967

АДАМҒА ДОС ТАҢДАРЛЫҚ ЕРІК БЕРГЕН

Ақылды ақымақпен дос бола ма?
Жаманмен қадір білмес көш тола ма?
Армандас тәуір досың болса өмірде,
Жүрегің қуаныштан бос бола ма?!

Жақсылық жақсылардан егіледі,
Жамандар жамандыкка семіреді.
Кей құрбы дос боп жүріп көңіл жыкса,
Тірі өлік көз алдында көміледі.

Қырандар қияға ұшар қанаттасып,
Алыстан тілеулесер сабақтасып.
Табиғат теңді теңмен сұрыптайды,
Жатса да алтын, жезі қабаттасып.

Тіршілік достықпенен көріктенген,
Адал дос, адал ару бөліп берген.
Бәрінен жомарттығың жақсы екен-ау,
Адамға дос таңдарлық ерік берген.

1967

СӘУЛЕТ

Сәулет – өнер төресі
Сәулет – елдің өресі.
Мұнарланып көрінер
Ғасырлардың төбесі.

Сәулетсіз жетім бұл ғалам,
Сәулет – тұнып тұрған ән.
Ескерткіштер сөйлеген,
Қалмағанда бір адам.

Пирамида, мазарлар,
Тарихтың сырын хабарлар.
Тілдеспей ме біздермен
Тас бейнелі адамдар?!

Сәулетсіз дәулет болмайды
Сәулетсіз әлем толмайды.
Сәулетші де ақындай,
Өмір сырын толғайды.

Мейман келсе жеріңе,
Бір көрер сені, мені де.
Сәулетің биік болмаса,
Сын тағады еліме.

Ей, Шота! Саған сын келді,
Ащы тер шығар күн келді.
Дәуір үшін тәуір-ау,
Жасай алсаң бір белгі.

Өнерің доска, жатқа сын,
Жақсыңды елің сақтасын.
Мен мақтасам досы дер,
Кейінгі ұрпақ мақтасын!

1967

НӘЗІКТІК

Нәзіктік көрдім
Тау беткейдің гүлінен,
Нәзіктік сездім
Ұлымның алғаш
Шүлдірлеген тілінен.
Нәзіктік таттым дүниеде анамның
Еміс-еміс есімде қалған үнінен.

Көл төскейде
Құстар салған ән нәзік,
Өзенді өрлей,
Иіле қалқып
Желбіреп тұрған тал нәзік.

Сырласуға
Жетпей қалып ұзақ түн,
Миықтан күліп
Сығалай туған таң нәзік.

Тіршілік жалғап,
Қауызын жарған дән нәзік.
Ақындардай елгезек,
Абзал жан нәзік.
Өзгелер тоспай
Күдер үзіп кеткенде,
Өлімге қимай
Ардағын тосқан жар нәзік.

Жанынды қинап,
Шешімін күткен сыр нәзік.
Ұяға қонған қарлығаштардай
Жүрекке толған жыр нәзік.
Сүйдім деген сөзіңнен кейін
Албырап,
Алма беттерден
Қызара тамған нұр нәзік.

Бар екен-ау нәзіктіктің мың сыры,
Біреу ғой бірақ
Біздерді жалғар
Жүректің нәзік қыл сымы.
Шіркін-ай осы
Шын нәзік деп ойлаймын,
Елімді сүйген
Жүректің тық-тық дүрсілі.

1967

* * *

Туғандай бақытыма жалғыз менің
Аңқыған, албыраған балғұл едің.
Арманның асу бермес қиялына
Бір кезде жетеледі наз жүрегім.

Япырмай, содан бері жылдар өтті,
Талқы сөз басымыздан сын да өтті.

Балғын шақ бақыт толы қылаң етіп,
Тәтті түс жазғы таңдай жылдам өтті.

Кіршік жоқ бүгінгі пәк тілегімде,
Баскамен бақыт тауып түледім де.
О, ғажап! Сол алғашқы махабаттың
Қалыпты сөнбес шоғы жүрегімде.

1967

СӘНДЕНШІ

Сәнденші, сәулем, сәнденші,
Жүзіңде жарқын арай тұр.
Жабыққан жанға әл берші,
Жарылқап мені қарай тұр.

Түрленіп досың сен десе
Тайынбай өтер өрттен де.
Құлпырып кетем өзгеше,
Тық-тық басып өткенде.

Сәнденші, сәулем, жазып бой,
Сәніңнен жүрек жалғадым.
Әуреге бітпес салды ғой,
Қасыңды керіп қалғаның.

Сәнденіп шашың тарашы,
Түсіріп кербез қабақтан.
Аспанға бір қарашы,
Сүйейін аппақ тамақтан.

1968

СЫРЫМ БАР

Сырым бар
Үнсіз қалғып, жан тыңдайтын,
Қызығы жүрек сөнбей сарқылмайтын.
Өзінсің,
Көңілімнің көктем шағы

Жыр толқып
Жылы шуақ ән тулайтын.

Сырым бар
Сағынышсыз айтылмайтын,
Кей түндер
Азабынан таң тумайтын.
Өзіңсің,
Ерте туған
Ерке жұлдыз,
Махаббат аспанында жарқылдайтын.

Сырым бар
Тау теңселіп, ай тыңдайтын,
Ақтармай
Жадау күндер жан тынбайтын.
Өзіңсің,
Егер өмір қайталанса
Өтуге қайта сүйіп тартынбайтын.

1968

БАЛҚАШ ТАҢЫ

Көрдім Балқаш
Таң атқанда арайын,
Көзбен шолдым
Бектау ата маңайын.
Кең дүние саған ашып жатқандай
Табиғаттың салтанатты сарайын.

Қызық екен
Күннің кірпік қаққаны.
Әудем сәтте бар жарығын жаққаны.
Қызық екен
Сүйіскендей жан бітіп,
Нұрдың суға,
Судың нұрға батқаны.

Тамсантады
Көл күреңкей ысталып,

Жұқа жібек – жеңіл жабу тысталып.
Қызыл арай шымылдығын ашқанда
Бүкіл Балқаш жатады екен мысталып.

Көлді өлкенің аласа ма аспаны,
Тез көрінер
Таңның көрпе ашқаны.
Дархан дария ұйқылы ояу арудай
Қызық екен мауқын басып жатқаны.

Күн жылыса арқан бойы әрмәндап,
Шулы толқын
Шұрқырайды жалмаңдап.
Таң мезгілдің тыныштығы бұзылып,
Сен тұрарсың шаңқай түсті армандап.

Ой ойлайсың
Шолып Балқаш жағасын,
Көңіл сергек,
Көп қызыққа қанасың.
Көл жатыр ғой
Қас пен досты қосқандай,
Жалғастырып жер мен көктің арасын.

Көл жатыр ғой
Ұзатылған қызындай
Алатаудың Арқаға.
Ақ толқындар
Салтанаты бұзылмай
Қақты мені арқаға.

Аққу-қазбен
Көп ойнадым айдында,
Жан құмарын қандырып.
Көл бетінде
Қалды көлкіп қайғым да,
Жүректі алдым шалдырып.

1968

САҒЫНБАСА

Арнайы ақ тілектер ағылмаса,
Дос-жаран төрімді өрлеп сабылмаса;
Көрер ме ем,
Жер бетінде көп қуаныш
Жол тосып жолдастарым сағынбаса?

Алдымнан іздегенім табылмаса,
Жүрегім қуаныштан жарылмаса;
Не қызық тірлігімнен табар едім,
Аяулым аңсап күтіп сағынбаса?

Жыр оты көкірегімде жығылмаса,
Бір қамал алам деген алынбаса;
Өмірден өкінішпен өтер ме едім,
Туған ел мен кеткен соң сағынбаса?

1968

КӨРІНІС

Күліп тұр,
Күліп те жылайды.
Тілдессем не сауал сұрайды?
Өкініш өртей ме жүрегін,
Көкірегі не қиял құрайды?

Ұрлана,
Нұрлана сынайды,
Ұрса ма өзі емес құдайды?
Көрсем де көрмеген боламын,
Шыдаймын, ол-дағы шыдайды.

Көрінсе көш жерден карамыз,
Жүздеспеу амалын табамыз.
Баяғы кеткеннен мол кетіп,
Күн сайын алыстап барамыз.

1968

ӘЛЕЙ БОЛСЫН!

Қазаққа
Қырсық сұрақ ұнамайды,
«Сен қайда барасың?» деп
Сұрамайды.
«Жол болсын!» атағанға
«Әлей болсын!»
Дей салсаң риза болып,
Сынамайды.

Кім екен
Сондағы сол Әлей деген?
Көз таныс пенде бар ма
Әлейменен?
«Жебеуші, демеуші ме,
Сиқыр ма?» деп
Толғанам Әлей жайлы
Әр ойменен.

Құтты бол,
Қайда жүрсем сол қадамым,
Сәт сапар
Ырым салтын қолданамын.
Шығарып салғандарға
Иек қағам,
«Әлейдің тілендер» деп
Оң қабағын.

Есіктен аттап бассам
Шегінбеймін.
Суыт жол мехнатына ерінбеймін.
Жолыққан жол үстінде жолаушымен
Жолдасып,
Жол ризығын теріп жеймін.

Сонда Әлей
Бірге оқыған досым ба екен?
Есігін қақпай кірер
Қосым ба екен?

Болмаса,
Ауылдас қыз – ескі көршім
Бейхабар кездесуден
Шошыр ма екен?

Рас-ау,
Еркек пе екен, әйел ме екен?
Әрмен жүр, әйел болсаң пәлеңменен.
Қасыма ер, жігіт болсаң ей, азамат!
Қарсы алам,
Ықылас қылам сәлемменен.

Әлде Әлей
Бір жұтып мейір қанар
Қымыз ба екен?
Шөлдесең өзек жалғар
Шалап па екен?

Буы бұлт самауыр ма
Қайнап тұрған?
Марқа ма,
Мейманға арнап байлаттырған?
Әлде Әлей,
Келіншек пе керім-кербез
Жігіттік жігеріңді қайраттырған.

Емеспін әнтек басар
Әлей желік.
Кетпесін әуестеніп,
Әлейленіп.
Әйтеуір, ата-бабам атаған соң,
Мен барам бар дегенге
Әрең сеніп.

Ендеше,
Әлей жанға әлем толсын,
Менен де
Бір арнайы сәлем болсын.

Тілеймін үйде отырып
Дос-жаранға,
Жолаушы жолға шыққан,
Әлей болсын!

1968

* * *

Оралмас күндер қалды артта,
Сен едің биік қиялым.
Сағыныш толы сағатта,
Өлеңге бәрін құямын.

Қимастық, үміт, жұбаныш
Сыяр ма жеңіл сөзге де.
Қияда жүрсің тым алыс,
Жар болып бүгін өзгеге.

Жанарыңнан нұр ұшқын,
Жүректе жатыр шықпастай.
Түсінісер дұрыс күн
Табылмай кетті, ұқпастай.

Айтылмаған сыр жетім,
Көңіліңде қалар күйігі,
Таптырмай кетті бір шешім,
Арманның асқар биігі.

Аңсап бір алғаш көруге,
Жырымды тұңғыш арнаппын.
Ақындық деген шеруге
Сол күні келген солдатпын.

Өзіңе де сездірмей,
Өзіме ғана сарнаппын.
Тұрмайды екен сөз жүрмей,
Тұрлауы етіп жалғаттым.

Сен жазықсыз арусың,
Жанымнан жылу сезбеген.
Өлеңімнен танырсың
Құпия болса көздеген.

Жаралы жалғыз құралай,
Сүймесіңді сүйіпсің.
Жүрген жоқ жігіт ұнамай,
Сен одан көп-көп биіксің.

1968

ҚҰС САЙРАН

Көлдің беті әсем әнге тұнады,
Қаңқылдасып құстар сайран құрады.
Екеу-екеу би билесіп масайрап,
Жылжи алмай төс тақасып тұрады.

Сарғайтса да сағыныштың тәттісі-ай,
Қуанышқа толып терең жатты сай.
Күз қоштасып күңірентіп өтсе де,
Жаз келгенде кездесудің сәттісі-ай.

Көз алдымнан құстар қалқып өтеді,
Толқындатып көңілім көл боп кетеді.
Шұбатылған ақ көйлектен аумайды,
Су сипаған ақ қанаттың етегі.

1968

ОҚЖЕТПЕС

Тау қайда Оқжетпестей керім-кербез?!
Өзге тау ондай нәзік сезім бермес.
Тік қарап тілдесуге жасқандырған,
Қыз қалпы өзгермейтін өзің теңдес.

Бурабай тау етегін айналады,
Екі көз тамашаға байланады.
Оқжетпес суға қарап сыланғанда,
Жан жетпес сені көрем айнадағы.

Жұмбақтас көрсең естен жаңылатын,
Не ғажап сиқыр күш бар табынатын?
Қалғып тұр ұйқылы-ояу мен сияқты,
Түсімде көріп сені сағынатын.

Көкшенің көз тоймайтын ғажабындай,
Сексен көл – сексен сұлу ажарындай.
Оқжетпес – ортасында Қыз Жібектей,
Орман, тау – думанды той базарындай.

Таулар көп әрбір жерге сүйеу-пана,
Деп айтар біреу батыр, біреу дана.
Памирлер, Гималайлар шұбап жатыр,
Оқжетпес – жер бетінде біреу ғана!

1968

ҚҰШТАРЛЫҚ

Дос, бедел дос
Көрсем ерен еңбегін,
Масайраймын,
Мәреден өтіп сенгенім.
Іштарлық емес құштарлық жеңіп сондайда,
Заңғарға самғап,
Келеді құлаш сермегім.

Өнерім болса,
Өнеге-үлгі ұстарлық,
Табылса татым іс барлық;
Тұлпарлардың дүбіріне елігіп,
Сұңқарлардың самғауына құштарлық.

Терезем менің
Ешкімнен де кем емес,
Теңізде толқын,
Далада жасар жел елес.
Жеңілістен жеңістерім көп болса,
Шекпен таңдап,
Шен іздеуші мен емес.

Құштарлығым тіршілікке тасыған,
Күндерім аз жадауланып жасыған.
Биік тау көрсем,
Бер жағынан таңырқап,
Ар жағында несі бар деп асығам.

Ынтықсам да
Бір тәуір жыр жазам деп,
Жүгім ауыр
Болмай да жүр мазам көп.
Ақындықтың бабын таппай келемін,
Сөз кенінен,
Жер кенін көп қазам деп.

Көп арманым
Ақ түсті боп келеді,
Толастамай,
Толғантар ойлар жеңеді.
Ала шаңыт ақ бұрқасын бөгесе,
Бұлттардан қарап,
Алатау белес береді.

Ұмтылсақ алға,
Озғанға етпей іштарлық,
Арттағыға із салсақ
Медет ұстарлық.
Тіршіліктің тірегі осы деп қалам,
Ғаламат сезім – жақсылыққа құштарлық.

1968

КҮЗ

Тау беткей қара шоғыр ыстаныпты,
Еменнің бойы әнтек қысқарыпты.
Ақ қайың жапырағы алтын сары,
Теректің үсті-басы мыстаныпты.

Саумалкөл айқын көкшіл Ніл болыпты,
Сұр жартас тақырланып піл болыпты.
Ой, алла-ай, балбырағын ақ науаттар –
Аңқыған иіс қайтып, гүл солыпты.

Қарағай жасыл желкен өң бермейді,
Күрең тал кәрі шалдай өңменделйді.
Қаусаған кемпіріндей жиде жұтаң,
«Әрі тұр, от қызуым сөнген», – дейді.

Кер шілік көк жорғадай тепеңдейді,
Күз түгіл қысты аттап өтем дейді.
Сыңсыған сыбыткымен сыбырласып,
Жез киік жылы жаққа кетем дейді.

Аспанда қайткан құстар қиқулайды.
Қоштасып салған әні сиқырлайды.
Тірліктің әр кияны еске түсіп,
Жүрегің осындайда бір тулайды.

1968

САҒЫНДЫМ

Бір ата, бір ана баулыған,
Өзім ең, көзім ең аумаған.
Сен барда ойлап па ем, бауырым,
Жел жақтан келер деп жау маған.

Көңілден кетпей бір,
Көз жасым кеппей жүр.
Дүниеде еш адам
Өзіңе жетпей жүр.
Сағындым, сағындым, сағындым.

Қайғыдан жүрегі жарылды,
Жан анам өзіңді сағынды.
Қай күні қай жігіт әкетер
Артыңда жас қалған жарыңды.

Көңілден кетпей бір,
Көз жасым кеппей жүр.
Дүниеде еш адам
Өзіңе жетпей жүр.
Сағындым, сағындым, сағындым.

1968

МОЙЫП ҚАЛАМ

Күздің қоңыр салқынын жаратамын,
Өлеңіммен қарсы алам дала таңын.
Бір еңбегім ойға алған бітіп қалса,
Көрінеді тағы бір жаңа тауым.

Күзде ұйқым ала бұлт селдірейді,
Жетер жерін шабытым белгілейді.
Айдын көлден құс қайтса қиқу салып,
Кәдімгідей жүрегім елжірейді.

Күздің мың-мың түріне тойып қалам,
Өлеңіме суретін ойып салам.
Әттең, дүние-ай, жайқалған бәйтеректер
Жапырақсыз қалғанда мойып қалам.

1968

ЖЕЗҚАЗҒАН

Қарай қалшы
Жезқазғанға бүгінгі,
Табиғат та
Тәжім етіп жүгінді.
Көктеңбілсай
Теңіздей боп тербелеп,
Кеңгір суы
Кер далаға жүгірді.

Таңдан, досым,
Тамашалап таныс та,
Кенші боп кел,
Кеншілермен табыс та.
Қарсы алады
Қырық ұлттың ұлдары,
Қарсы алады
Академик Қаныш та.

Ұлытаудан
Жұмақ желі аңқиды,

Байқоңырдан
Бір корабль шалқиды.
Трубалардың
Бұйра шашын бұлт сүйіп,
Конвертерде
Алқызыл мыс балқиды.

Таулар анау.
Терриқондар. Ніл таулар.
Емес көне мылқаулар.
Нар өркештер
Жоғары өрлеп барады,
Өздерінде
Сөнбес шабыт шырқау бар.

Шахталардың
Қалқандарын қарашы,
Жапырлаған
Жұлдыздарын санашы.
Көк жұлдызы
Жер жұлдызын шақырып,
Екеуінің
Жақын қапты арасы.

Айдың тасы
Келіп түсті ғарыштан,
Ертіс суы
Келе жатыр алыстан.
Сарыарқалық Венеция – Жезқазған,
Ұлылыққа сұлулық кеп табысқан.

Орындалды
Ата мақсат үміттер,
Забой бойлап
Кен сарайын жүріп көр.
Соның бәрін
Өз қолымен жасады
Прометейлер – жезқазғандық жігіттер!

1968

КҮЙ-КОНЦЕРТ

Құрманғазы атындағы оркестрдің
Жезқазғанда болуына арнадым

Мың дыбыс бірден самғады,
Оркестр кетті құйқылжып.
Жұрт тым-тырс залдағы,
Толқи берді күй жылжып.

Кейде самғап, кейде пәс,
Жылжып кетіп барады.
Жүректерді шаттық наз
Жылытып кетіп барады.

Қараторғай әр-бері
Талықсып қанат қағады.
Қалдаяқов әндері
Ғашықтық отын жағады.

Домбыралар түйдегі
Тәттімбетше шертеді.
Құрманғазы күйлері
Жанды баурап ертеді.

Бұлбұл көмей, бал таңдай
Қобыздар шыққа желпіне.
Елтисің қарап жаутаңдай
Қобызшы қыздың көркіне.

Әсем үн толы мәнерге
Әнмен біздің мол мұра.
Таныткан бүкіл әлемге
Соларды қос шек домбыра.

Кетсе бірде көп дүбір
Су жорғадай тайпалып,
Қағады кейде жай діріл
Жапырақша жайқалып.

Бірде сұлу Сырымбет
Саласында тұрасың.
Маусымжан шықса күлімдеп,
Қоңырау даусын ұғасың.

Чайковский, Брамс,
Қазақ болып өткендей.
Құрманғазы бір аңыз
Солармен сыр шерткендей.

Батыс, шығыс күй-әнмен
Кетті шексіз ұласып.
Бүкіл концерт бір әннен
Құралғандай тұтасып.

Қайта-қайта қол ұрып,
Арманыма жеттім бе?
Әнді тыңдап отырып,
Өзім ән боп кеттім бе?!

1968

АЙДАЙ ЖҮЗІҢНЕН

Ай жүзіңнен нұр жауар,
Ақшағыл нәзік сәуледей.
Тірліктен жаным не табар,
Өзіңнен келген әуредей?

Аласың десең мазамды,
Әуелде неге жуыттың?
Алатын сенен жазамды,
Бақытым деп туыппын.

Жетерлік мұңым сан жылға,
Сағыныш өршіп жалғадым.
Өкініш айтып тағдырға,
Жыр төгіп, ән-күй арнадым.

Оралсын сәті ойыңның,
Мақсатың болса көздеген.
Жарық шоқтай мойылдың,
Жалт етер күнін сезбеп ем!

Жыр етіп келем жалықпай,
Махаббат сырын үзілген.
Бөтендік саған таныпай,
Толқымын айдай жүзіңнен.

1969

АЙТЫЛМАҒАН ӘНІМ БАР

Күн толқып, қызғанышпен ай тыңдаған,
Сағыныш сырын шертер сарқылмаған.
Өзіме-өзім шырқар оңашада,
Құпия бір әнім бар айтылмаған.

Қарайды кейде заман салқын маған,
Ондайдан салтым берік тартынбаған.
Жаныма қиналғанда дем береді,
Сол әнім еш адамға айтылмаған.

Жүректе сағынышым ала бөтен,
Дәл айтпай сұлу сөзбен жанап өтем.
Кей-кейде көңіл бұзып, көкірек жарған,
Сол әнді саған қашан салады екем.

1969

* * *

Әркімнің әртүрліше өнері бар,
Ұғуға маңыз, мақсат, көлемін ал.
Өзгеден өнегесі өктем туған,
Тұңғиық кей жақсының тереңі бар.

Кей жерде жаманның да беделі бар,
Оның да пана тауып сенері бар.
Өлімтік жердің бетін сасытпасқа
Далада қасқырдың да керегі бар.

Үйінде қорқақ төбет жолбарыстай,
Жанданар күштілерден ол қалыспай.
Жал бітсе ер салдырмас жаман аттай,
Қоң бітсе кетер доска қол да алыспай.

Қу жігіт күні түссе «еке» дейді,
Күні ертең өстім саңлақ, жеке дейді.
Сондайға енді қайтып жоламаймын,
Мен жайлы мейлі өсегін еселейді.

Мақтаншақ біреулер жүр мықтымен деп,
Барымды ішімдегі ұқты кім деп.
Тек қана тер аямай ақылды жүр,
Кездесер кезегімен құтты күн деп.

Шалқыған мұхиттың да кемесі бар,
Әр істің қиылысқан себебі бар.
Жақсылық кемеңгердің жан азығы,
Айнала баршамызға керегі бар.

Құс қанат ай астында туғандар бар
Жұлдызды аспандағы жұлғандар бар.
Шен тақпай, шекпен алмай еңбегіне,
Бәрінен соның оқшау тұрғандар бар.

Адал дос құшақ жайып еркін келген
Ондайда күш қуатың екпінделген
Тірлікте доска достық парызым деп,
Қуаныш жер бетіне еккім келген.

1969

РАК ДЕЙДІ...

Ауруың, ағатай-ау, рак дейді,
Өміріңе қойылыпты сұрақ белгі.
Сұрақ белгі емес-ау,
Аждаһа ажал
Сені бізден біржола сұрап келді.

Нәр татпай талай күндер жатырмысың?
Қалды ғой әл азайып, ақыр күшің.
Әкем де сен, шешем де өзің едің,
Жаһанда ең ғажайып жақын кісім!

Әкелдім жақсыларын дәрігердің,
Жасасын қолдарында барын емнің.
Иіскеші мәндайымнан бала күндей,
Сағынтқан шипа болар нәрлі лебім.

Бекінші, біз көрмейік сөнгеніңді,
Білдірме қоштасуға көнгеніңді.
Шіркін-ай, қолдан келсе қияр едім,
Сен үшін өкінішсіз өз демімді.

Аурудың аты жаман
Рак дейді.
Қойылды тіршілікке сұрақ белгі.
Берілме,
Бермеуге біз тырысайық,
Сұм ажал сені бізден сұрап келді.

1969

ҚАЙСЫҢА БҰРЫЛАЙЫН, БАР АҒАЙЫН?

Отырам кейде аспанға ұшып кетіп,
Бір ыза, бір өкініш қысып кетіп,
Оралам біздің ауыл көшесіне,
Есіме өткен күндер түсіп кетіп.

Барлаймын базары көп балалықты,
Шарлаймын ширек ғасыр аралықты.
Жас өскен туысқандар тосырқайды-ау,
Жол ізін салмай жүрген қалалықты.

Аралап өмірдің кей кезеңдерін,
Келеді жан жарасын тез емдегім.
Ауылға әдейлеп барып қайтсам,
Жан анам, келгенімді сезер ме едің?

Жалғызтау, қайың менен қарағайың,
Қарсы алар туған ата-анадайын.
Ат басын тірейтұғын жер іздесем,
Қайсыңа бұрылайын, бар ағайын?

1969

* * *

Мен сені шырт ұйқыда сағынамын,
Көңілім күй, жаным жыр боп ағыламын.
Мұңайсаң маңдайыңнан иіскеп қайтып,
Қуансаң көз алдыңнан табыламын.

Түсімді өңім бе деп жаңылам,
Сол күні қанша жүктен арылам.
Шаттансам шақыра алмай әуре болып
Қиналсам жалғызсырап жабығамын.

Ерте өткен аз күндерді көп етемін
Сол күндер ғажап еді деп өтемін,
Бір қатты қиналғанда түсінерсің
Өзге емес көз алдыңнан мен өтемін.

Көктемде жан теңгермей жақын еттің,
Жаз келмей жалғыз оқпен атып өттің.
Өзіңнен алғаным сол, бергенің сол
Сырымды жұртқа жаяр ақын еттің.

1969

ЖОЛ – ЖҮРЕКТІҢ ӘМІРІ

Беу, жарандар!
Жол шақырса тартынба!
Жол – тәуекел ата-баба салтында.
Кейінгілер қайталарлық қызығып,
Қандай бақыт,
Ізің жатса артында?!

Жол – жақсылық,
Тіршілікті жалғайды.
Жол – келешек, ертеңгіні барлайды.
Кешегісін тез ұмытар жандар бар,
Жол – шежіре, жай сызылып қалмайды.

Кірпік қақпай талай жаңа таңды ашып,
Кейбір жолды мекен етті сан ғашық.
Сол алғашқы
Біз кездескен жол-дағы,
Жатқан жоқ па жүректерге жалғасып.

Өткен күнге өшпес белгі болардай,
Кейбір жолдар қалды мәңгі жоғалмай.
Өкініші ел өзегін өртепті,
Осынау жолдан
Сұңқарлары оралмай.

Кейбір жолдар ел шетінде жабығып,
Құба белде жатыр үнсіз қамығып.
Осы жолмен ұлым есен келер деп,
Ғазиз ана көп күтті ғой сағынып.

Кей адамдар жолға шықпай сөнеді,
Жолға шықса, жолдас жолын бөгеді.
Ондай жандар
От басында омығып,
Өзін-өзі тірісінде көмеді.

Сақ қырандар
Жол қызығын көреді,
Өлсе олар құз-қияда өледі.
Арыстардың жарық жұлдыз бейнесін
Ел дәріптеп еске сақтап келеді.

Жолдар. Жолдар.
Тіршіліктің тамыры,
Жол – талабың, тағдырыңның тәңірі.
Тоқсан бағыт таңдаулысын табарсың,
Жол – махаббат,
Жол – жүректің әмірі.

1969

ЖҮРЕГІМНІҢ ЖҮЙТКІП ӨТКЕН ЕЛІГІ

Жанарыңнан
Жан сезімі төгілген.
Маралым-ай,
Маған дара көрінген.
Қалқып өтші,
Шалқып өтші тағы да,
Сарыарқадай
Бұлаң белді өрімнен.

Қоярмысың
Қиялымды қозғамай?!
Қызығың мол
Көк сырғанақ жорғадай.
Келбетіңді
Жер бетінде көргенде,
Жыр төгілер
Оқыс келген олжадай.

Бұлғақтаған
Бұлғын сезім ойнайды,
Сырғақтаған
Сылқым кезін ойлайды.

Ұзақ кеткен,
Ұзап кеткен бейнеңді
Егде күндер
Ойламасқа қоймайды.

Балалықтың
Балғын туған серігі,
Асқақтаған
Асау шақтың желігі.
Қай қияда
Кетіп бара жатырсың,
Жүрегімнің жүйткіп өткен елігі?!

1969

ШАХТЕР МЕН КОСМОНАВТ

Бір ерке жел
Байқоңырдан еседі,
Жезқазғанның забойларын кешеді.
Космонавтар Айға ұшарда шахтерге
Сәлем айтып жіберіпті деседі.

Жер теңселсе,
Шахтер шыңды теседі.
Сондай күшпен космонавт жол көшеді.
«Космонавтар», «Шахтерлер» деп айтамыз
Қатар жатқан біздің екі көшені.

Бірі көкке,
Бірі жерге заулайды,
Замандасты өжеттікке баулайды.
Космодромдар шахталарым сияқты,
Космонавтар шахтерлерден аумайды.

Шарлап сен де жер мен көктің арасын,
Жыр кемесі, қайда жүйткіп барасың?
Космонавт пен шахтер қатар тұрғанда,
Екеуін де ақын ба деп қаласың.

1969

ТОП КИІК

Қара мойыл кос жанары мөлтілдеп,
Жел желпіген еріндері елпілдеп;
Көз алдыңнан бір топ киік өткенде
Қала берер шөптің басы желкілдеп.

Шаң бұркырар арттарынан екпіндеп,
Сен тұрасың қанат байлап жеткің кеп.
Жете алмадың,
Ішің удай ашиды-ау,
Уа, сұлулық менен алыс кеттің деп.

1969

РЕЙХСТАГТЫ АЛЫПТЫ РАҚЫМЖАНДАР

Рақымжан –
Ол кәдімгі рақымшыл жан.
Бауырмал, жат жаранды жақынсынған.
Ақжарқын, әзілге бай,
Ақынжанды,
Кезі жоқ кеуде қағып батырсынған.

Сырымды көкейіңде түйші, жігіт,
Рахаңды сүйсең мендей сүйші біліп.
Бойынан дархандағы шашырап тұр,
Жүйрік ой,
Көкірегі күйші жігіт.

Шамданса,
Көрген жауын алқымдаған,
Тік келген ажал оқтан тартынбаған.
Ол біздің сұңқар мінез саңлақ қой,
Шабысы шапқан сайын қарқындаған.

Күлер жерде шынайы күліп бастар,
Бірақ байқа, басынсаң іліп тастар.
Шапшаңдығын байқашы, өткірлігін,
Өлшем жерден нақ пішіп тіліп тастар.

Қабағы бірде ашылып, бірде ашылмай,
Онда жоқ тоң мінездік зіл тасындай.
Әкетер еліктіріп майдан сыры,
Ескі дос, туа сырлас құрдасындай.

Ел берсе ер ұлына мың қасиет,
Қастерлеп сақтай білу шын қасиет.
Сол қасиет ту тікті Рейхстагқа,
Қазақ бойын көрсетер сында сүйеп.

Жанған отпен алысқан
Шын арыстан.
Сені көрсем жарылам қуаныштан.
Аңыз адам,
Ардагер нағыз адам,
Кезім де жоқ басқаша сыр алысқан.

Кездескенде
Мың алғыс үйем келіп,
Өзгеге еріншек тіл сүйемденіп.
Ақ жарылып сырымды сарқам тегіс
Ішімнен өз ағамдай иемденіп.

Оған қызық көрінсе ақындығым,
Мен ұнатам кең мінез батырлығын.
Жан толқымай ешқашан айта алмайтын
Бар менің
Бір құпия жақындығым.

1969

* * *

Көз ұшында көп киік санатпайды,
Күн шапағы көбейтіп қабаттайды.
Шұбатылған боз шаңдақ арасынан
Тек біреуі артына қарақтайды.

Қарақтайды,
Ол қорқу, үрку емес,
Қаратпайды
Ақ сағым – сылқым елес.
Тәні жүйрік болған соң ол қайтсін-ау,
Жаны жүйрік болмауы мүмкін емес.

Өзі-дағы ақ сары ніл түсті екен,
Жүрегіме не қайран зіл түсті екен?
Ел шетінен өткенде елеңдеген
Елжіретіп есіне кім түсті екен?

1969

МАНСФЕЛЬД МАДОННАСЫ

Жасалған сарғылт тастан асыл мүсін,
Жыл емес,
Қалар артта ғасыр үшін;
Жас ана
Жас баланы ұстап отыр,
Бауырына қатты қысып асыл құсын.

Әлде ол
Тұңғышына қуанады,
Әлде ол кенжесіне уанады.
Болмаса,
Сыңарынан айырылған соң,
Қолында жалғызына жұбанады.

Әлде ұлы
Көп баланың бірі ме екен?
Әкесі, ағалары тірі ме екен?
Жас ана жұмысынан кеш оралып,
Маужырап отырған жай түрі ме екен?

Селк еттім бір уақытта шошынғандай,
Жүректің жұлып алды отын қандай?
Мадонна дегендері бекер болып,
Өз анам қарсы алдымда отырғандай.

Аңдасам сол мүсіннің сырын толық,
Қинайды көкірегіме жырым толып.
Анамнан үш күннен соң дүние салған
Көрінді сол жас бала інім болып.

Келіп ем кетермін деп мүсін көріп,
Таң қалдым, мен анамның түсін көріп.
– Мынау мен,
Мынау інің, – дейді анам,
Бір мезет мейірімді түсін беріп.

Тірлікте адам не зат көрмейді екен?
Тірілтсе, өлді деген өлмейді екен.
Қуаныш не өкініш сырын айтып,
Тіл бітіп мүсін-дағы сөйлейді екен.

Тас емес
Суық қарып қасарғандай,
Жас өмір – ана, бала жас армандай.
Әй, Төлеш!
Мына мүсін қашау емес,
Жаныңның жылуымен жасалғандай.

Тумапты тас мәнері білегіңнен,
Туыпты өмір сүйгіш тілегіңнен.
Қиылып көзден шыққан тамшы жастай
Құйылып түсе қапты жүрегіңнен.

Көріп ем талай әсем мүсіндерді,
Тебірентер мына мүсін түсінерді.
Үйіме оралғанда
Анам тағы
Қолына інімді алып түсіме енді.

1969

ЖЕЗКИІКТІ КӨРСЕМШІ

Назарыңды бір қиып,
Назды көңіл бөлсеңші.
Мойыл көздер тұңғиық
Мөлт еткенін көрсемші.

Біздің жақты көктемде,
Жазда мекен қылсаңшы.
Ел шетіне жеткенде,
Еркеленіп тұрсаңшы.

Қуанышқа шалынған,
Тәуір кезде көрсемші.
Сағынышқа салынған,
Ауыр кезде көрсемші.

Сағым бермес кең дала,
Ашық шақта көрсемші,
Есі-дертің мен ғана
Ғашық шақта көрсемші.

Жабылыққа жармаспай,
Жүйріктікке жетсемші.
Жезкиіктен қалмастай,
Жүйткіп қана өтсемші.

1969

СУСЫН ЖҰТШЫ, АҒАТАЙ

Нәр татпай жүзің жұқарып
Қалыпсың жүдеп мұқалып.
Сағынып, аңсап келгенде,
Сағынтқан ұлың бергенде
Сусын жұтшы, ағатай.

Зәмзәм тосып жалынып,
Келінің отыр қамығып.
Інілерің иіліп
Зәрудей сұрар қиылып,
Сусын жұтшы, ағатай.

Құрдастарың келіпті,
Біздерге бермей ерікті.
Бұйырады ішсін деп,
Төсектен жерге түссін деп,
Сусын жұтшы, ағатай.

Күрең ат тұр елеңдеп,
Өзінді қашан көрем деп.
Жалынышпен жан ұғар
Кісінейді жануар,
Сусын жұтшы, ағатай.

Ауылдың көл, су, бұлағы
Бір жұтсын деп тұнады.
Есіркеп Есіл, Қамсақты
Мөлдірін тосып аңсапты,
Сусын жұтшы, ағатай.

Жетімдер сені сүйетін,
Батасын қарттар үйетін;
Саулығыңды тілейтін,
Ауырлап қалсаң жүдейтін,
Сусын жұтшы, ағатай.

Балдыз-бажаң басында,
Жездейлер тұр қасында.
Жаутаңдап бәрі қарады,
Жалыныш еткен талабы,
Сусын жұтшы, ағатай.

Қос немерең сұрайды,
Ішпесең олар жылайды.
Ішпесең жауым сынайды,
Ішпесең тауым құлайды,
Сусын жұтшы, ағатай.

1969

КӨКШЕТАУ

Көкшетау өзге таудың тәубесіндей,
Қызығы құмарткан қыз әуресіндей.
Көлдегі Оқжетпестің суреті,
Сұлудың айнадағы сәулесіндей.

Бурабай тауды айналып жатқан екен,
Жұмбақтас суға белден батқан екен.
Ақбура шөлі қанып дөң асканда,
Қай сотқар көзі қиып аткан екен?!

Қос өркеш көшкен бұлтты өкшелейді,
Сал бойын сандықтастар дестелейді.
Сыры мол ел аралап аңыз болған,
Қазағым еркелетіп «Көкше» дейді.

Қарағай қатпар тасты тесіп өскен,
Бәйтерек көкке бойы жетіп өскен.
Ақ балтыр ақ қайыңдар жарқ еткенде,
Тал ойнап қамыс басы желкілдескен.

Тас бұлақ тау ішінде сарқыраған,
Еркелеп елге таныс ән құраған.
Мөп-мөлдір көкшіл таза су түбінде,
Құмқайрақ сары алтындай жарқыраған.

Көрген жан тамашаға беріледі,
Екі аяқ аттауға да ерінеді.
Аспаннан күн сәулесін қуа келген,
Ақ жаңбыр жалт-жұлт етіп себіледі.

Аққу-қаз екеу-екеу ойнайды екен,
Нәзік жан махаббатқа тоймайды екен.
От құшақ күйдірсе де шер тарқамай,
Сақ қыран шүйілсе де қоймайды екен.

Жан-жаққа бас айналып жаутаңдайсың,
«Ат үсті» келсең-дағы қайта алмайсың.

КЕНШІЛІК ПЕН АҚЫНДЫҚ

Кеншіліктен ақындығым
Нашар ма?
Әлде ақындық
Кеншіліктен асар ма?
Екі ана,
Екі әке,
Қос жұмыс,
О, табиғат!
Менен жүгің қашар ма?!

Мен дайынмын
Сен үйе бер кос арба,
Шынымды айтып
Тағы да сыр ашам да.
Ақындыққа бала жастан ғашықпын,
Кенші болдым
Өмір жолын ашарда.

Жолым шалғай,
Алдым заңғар асқарлар,
Кенші достар,
Ақын достар, бастаңдар!
Жер түбінен
Қырға үйер кенім көп,
Ақындыкка
Жан құпия жоспар бар.

Ақын – қанат
Көтерсе не биікке,
Кенші етігім
Жүрер жерге тиіп те.
Айнымайды екеуінің мінезі,
Мені екіге бөлмей-ақ қой, жігіттер.

Сыршыл болып алыппын-ау осы мен,
Сөкпе, досым,
Өзімсінем, өтінем.
Ақындарша қызық кешті дулатсам

Кенші ғадет,
Ерте тұрып бекінем.

Ей, ақындық!
Ауыр екен көлігің!
Тап дейсің бе
Барша жұрттың көңілін?!
Замандасым,
Сен қуансаң болғаны
Осы өлеңдер бәрі сенің өмірің.

Біз дегендер –
Соғыс жылғы балалар,
Көңіл наркын
Қас-қабақтан шамалар.
Содан болар,
Самай ерте күмістеп,
Терең тартты
Маңдайдағы салалар.

Үш бұрыш хаттар
Келуін ерте тыйыпты,
Ғазиз ана тосумен тартты күйікті
Содан болар,
Біз ертерек есейіп
Өмір жүгін екі еселеп үйіпті.

Ағалар бар,
Кеуделерін ок тескен,
Біз баламыз,
Олар үйде жокта өскен;
Содан болар,
Үксаймыз деп тырысып
Алдық мінез
Тура сілтеп, дөп кескен.

Содан болар,
Ақынжанды келеміз,
Безсек мүлде,
Сенсек мәңгі сенеміз.

Содан болар,
Ерте тұрып, кеш жатып,
Қиындықтан шошынбайды денеміз.

Ақындық-ай,
Айтып салып төтесін,
Өзіңдейдің досы болып өтесің.
Жанды қинап кететін де жерлер бар,
Түсінбестің қасы боп та кетесің.

Кейде менің
Маңдайыма сор бейім,
Кейде өтеді
Біздің үйде той кейін.
Азаматтық жүгім ауыр болған соң
Ақындыққа тиіп жүр ғой жол кейін.

Кейбір күндер
Шаттығым көп болады,
Тұрам сонда біреулерден жоғары.
Сол бір кеште
Бүкіл дүние ән болып,
Көңілге нұр,
Жүрекке жыр толады.

Толқып айтсам
Толғанысты кезімді,
О, туған ел!
Сенсің билер сезімді!
Әкем үшін бір ісіңді тындырып,
Анам үшін жырлап өтем өзіңді!

ЖҮЗІМ

элегия

Көрдім күзде жүзімнің
Босаңсып көңілі сынғанын.
Татшы деп тал үзімін
Мөлдіреп қана тұрғанын.

Жүзім мұңлы сызылып,
Құмар қылық етеді.

Тамшы жастай үзіліп
Жылар қылық етеді.

Сол тамшының біреуі
Бойға шырын сепкендей.
Сағыныш, наз тілегі
Жүректі жылтып өткендей.

Бүлдіршін жүзі үлбіреп,
Қамығып неге жасып тұр?
Кеткеніне тым жүдеп
Жаным менің ашып тұр.

1969



Үшінші
бөлім

(1970-1975)

ЖЫЛҚЫНЫҢ ДҮБІРІ

Сақшыдай бұлақтың басында,
Бір бейіт тұр мүлгіп.
Көнерген қу жалғыз тасына
Қонады түн жым-жырт.

Жан емес ол қазақ атақты,
Паш етер қылығын.
Тек қана өлерде атапты
Ақырғы тұғырын:

«Салмаңдар тас мазар аулаққа,
Артық жер атайын, –
Депті ол, – жылқы үйір бұлаққа,
Басында жатайын.

Бір рет далама қарайын,
Тастауға қимастай.
Бір жұтым қымызға қанайын,
Қайталап құймастай.

Бір рет тұлпарға мінейін,
Ерттеулі қалсын деп.
Бір рет аруды сүйейін,
Шәрбатым қансын деп.

Бір атым насыбай атайын,
Бітерде ғұмырым.
Сонан соң мәңгі естіп жатайын,
Жылқының дүбірін».

1970

ГҮЛ СЕЗІМ – ПӘК СЕЗІМ

Саған ба, маған ба?
Өзеуреп өлім тұр.
Ұқсаған адамға,
Не деген көрік бұл?!

Досым-ау, мен білсем,
Асыл гүл жанары,
Толқыған жанымды көріп тұр.

Басқадан мың артық,
Гүл екен киелі.
Алаулап, құмартып,
Ынтығып күйеді.
Досым-ау, мен білсем,
Гүлдерде жүрек бар,
Осы гүл дәл мені сүйеді!

Жарқ еткен ажары,
Не деген арайлы!
Жер-көктің ғажабы,
Жайнатты маңайды.
Досым-ау, мен білсем,
Гүл сезім – пәк сезім,
Жүректің лүпілін санайды.

Гүл болды-ау, саналы
Жөн сөзге келісті.
Бір менде назары,
Бал ләззат бөлісті.
Досым-ау, мен білсем,
Осы гүл – ғашық гүл,
Махаббат тойлады жеңісті.

1970

САҒЫНЫШ

Сағынып кетем сені де,
Төгіліп өлең аманат.
Сағынады екенсің мені де,
Көңілге ол да қанағат.
Қарындасың да сағынар,
Бауырым назар етсе деп.
Ауылдасың да сағынар,
Аунап бір қунап кетсе деп.

Ағасын іні сағынар,
Еркелеп қана қайтсам деп.
Інісін аға сағынар,
Ақыл бір кеңес айтсам деп.
Әкені бала сағынар,
Жоғымды тауып берсең деп.
Баланы әке сағынар,
Қалқайған бойын көрсем деп.

Сағынып анаң шаршайды,
Сақтаған дәмін татса деп.
Жолыңды тосып аңсайды,
Тынығып аз күн жатса деп.
Сағынар үйде аруың,
Өзіңді есен көрсем деп.
Жаныңның дәркәр дәруін,
Іздетпей тауып берсем деп.

Сағыныш деген ғаламат,
Жүрекке жүрек орнаса.
Не керек тірлік, азамат,
Осының бірі болмаса?!

1970

ҚАРСАҚБАЙ

Қазақтың қара қазан Қарсақбайы,
Есімін ән сақтайды, жыр сақтайды.
Кең өңеш, биік мұржа боз будағы
Арқаның аспанында алшақтайды.

Мыс қайнар еркін еңбек тұмарындай,
Ембі мен Қарағанды сыңарындай.
Жезқазған жеткіншегі жігі жалғас,
Қыз Балқаш жастай ғашық құмарындай.

Ақындар алды талай кейіпкерді,
Жыр теңіз жез-кенімен еріп келді.
Мыс кеуде, қара мұрын конверторшы
Құдайдай от сапырған көріктенді.

Паш етіп ағасына сәйкестігін,
Дәлелдеп мәңгі үзілмес дәмдестігін.
Баяғы жалғыз гудок жаңғырығып,
Жезказған дүбірлетті оркестрін.

Берсең де жеткіншекке көсем жолды,
Қарт қазан, қазынаңа есем толды.
Ұлым-ау! Сенен біреу жөн сұраса,
Қазақпын, қарсақбайлық десең болды.

1970

ҚАЙТАЛАЙ БЕРЕМ СОЛ ӘНДІ

Ғашықсыз ісім өнбейді,
Жүгінсем таза шындыққа.
Құштарлық оты сөнбейді,
Сұлулық деген сұмдыққа.

Жарқылы жұмбақ дегізбек,
Түнде де бар, күндіз бар.
Жер бетінде мені іздеп,
Адасып жүрген жұлдыз бар.

Құмары сөнбес жүрегім,
Ботадай кейде боздайды.
Сағыныш өртеп тілегін,
Мен тозсам тентек тозбайды.

Ел-жұртым айтар сенбесең,
Көп ойлап, сені қамықтым.
Ішінен ізде мен десең,
Махаббат деген тамұқтың.

Жезкиік көзге оралды,
Жүрегім дертке толған соң.
Қайталай берем сол әнді,
Ішінде өзің болған соң.

1970

* * *

Баяғыда өзіңе кейіп едім,
Жүре-жүре,
Ескі ойдан кейіндедім.
Тым жас едік, көп сырды білмейсің ғой,
Ежелден-ақ мен де кең пейілді едім.

Ренжіп ем,
Мен саған ренжіп ем,
Айырылып калғандай шын еншіден.
«Қош!» дегенде,
«Неге?» деп сұрамаппын,
Тіл шықпапты шошынған тіленшіден.

Өкіндім де. Өлмедім.
Келем шалқып.
Сыр жасырған күнім жоқ сенен сарқып.
Айтар сөздің бір ғана шындығы сол –
Жанашырың туған жоқ менен артық.

1970

ҚИМАЙ КЕТЕМ ДИДАРЫН

Елге барам
Қуануға, шалқуға,
Екі доска егіле сыр айтуға.
Әдейі барам, анашымның басында
Тұрып қана қайтуға.

Елге барам,
Жер кеңейе жаз шығып,
Естіп қайтам, көріп қайтам жақсылық.
Ал, қуаныш, қайғы шеккен үйлерге
Ырым етем бас сұғып.

Елге барам
Сырымбетті сағынып,
Орман кезем аңшы құрдас табылып.
Саумалкөлге армансыз бір шомылам,
Ой жүгінен арылып.

Құрбыларым
Сөзбен түйреп қағытар,
Жеңгелерім әзіл кілтін ағытар.
Бәрі дұрыс. Тек анашым жоқ болып
Толғандырар, сағынтар.

Татып қайтам
Ағайынның сый дәмін,
Білем олар жата түс деп қинарын.
Аттанарда ата-анамды көргендер
Қимай кетем дидарын.

1970

СЫРБАЙҒА

Досым деп мені
Бөліпсің көңіл, жан аға,
Жайнады жаным
Сондай бір жылы бағаға.
Толқып та кеттім,
Жарар-ау деп, дөп шықсам,
Ақтай алсам,
Айтқаның келіп шамаға.

Өлең бір кейде
Төгіле кетсе құйылып,
Мен отырам
Қалам тартпай бұйығып.
Ойланып қалам
Дұрыстап жаз деп желкемде,
Сен тұрғандай,
Абайла деп түйіліп.

Мен достыққа қарсы емеспін,
Жан аға,
Әнтек бір бассам
Көңіліме де қарама.
Тек қана шіркін,
Халқымыз сүйер, сүйсінер,
Қарлығаш жырлар
Қалықтай берсін арада.

1970

* * *

Жүзің қандай жылы еді, жаркыл қаққан,
Тірі жанды құлшынткан, қаркындаткан.
Шырайыңнан ақ шұға нұр жауғанда,
Жердің жүзі көрінер алтындаткан.

Жақындауға қасыңа ынтық едім,
Тартушы еді қиядан ыстық демің.
Содан артық дүниеде сезбей келем,
Ет тірілтер ем-дәру күштірегін.

Жүрегіңнен білмеймін түздім нені,
Бала күнде ұмсынтып «бұздың мені».
Шаршағанда бойымды сергітеді,
Сол алғашқы лебің қыз күндегі.

Сені іздеген дертіңнің дерегі деп,
Емшілердің демеймін берері көп.
Мен қысылсам, бір жұтым демің жетсін,
Өзге дәру іздеме, керегі жоқ.

1970

ҰҚСАСТЫҚ БЕРГЕН ҚУАНЫШ

Қыр мұрын нәзік жаралған,
Қоңырау үнді қыз бала.
Қаракат көзі жан алған,
Құштары болдым мен ғана.

Көре алмай көптен аңсаған,
Туыпсың аумай сол қыздан.
Жүзіңе ғажап тамсанам,
Жүрекке ынтық жол сызған.

Төгілді толқып ән-жырым,
Жанымды шаттық жеңгендей.
Алатау жаққа дәл бүгін,
Көкшетау көшіп келгендей.

Құтты күн қайта оралды,
Қамыққан көңіл оңалды.

1970

АРУ НАЗЫ

Шөлдеп ем дәл өзіңмен табысқанша,
Өзгеден жатты жүрек алыс қанша.
Лүпілі жүрегімнің шыдатпады-ау,
Қыз жаным тұңғыш ләззат алысқанша.

Таза гүл түсіргенің қолға сенің,
Кір шалмас қалды мәңгі бойда сенім.
Өзіңдей дархан жігіт кездеспесе,
Кең жалған қызығына тоймас едім.

Кетпесін жайлау-жаның ойға қалың,
Сөнбесін сері туған бойда жалын.
Мен үшін алғысыңның ең үлкені,
Бір мезет көзден таса болмағаның.

Қайталап сүйе берші, сүйе берші,
Таппайды сенен басқа жүрек емші.

1970

БҮКІЛ ДҮНИЕ

Айды көрсем қабағыңа ұқсайды,
Ақша бұлттар тамағыңа ұқсайды.
Күнді көрсем күлімдеген көзіңдей
Бүкіл дүние қызықтырар өзіңдей.

Жолға шықсам жол ұзарып кетеді,
Сағындырған бейнең іздеп жетеді.
Сол бір кезде толқын жырлар тұнады,
Бүкіл дүние өзің болып тұрады.

Содан шаттық менің қызық өмірім,
Содан болар менің шалқар көңілім.
Қызық екен адамдардың қиялы,
Бүкіл дүние жүрегіме сыяды.

1970



Студенттік достар. Мәскеудегі Түсті металл және алтын институты тау-кен факультетінің студенттері: Орынбек Тұрсынбаев, Шәкір Әлиев, Максұт Хамзин, Жәлел Қалмағамбетов, Кәкімбек Салықов, Қазтай Жолақов



Отау құрған студенттік тойдан көрініс. 24 желтоқсан, 1955 ж.



Жезқазғандағы "Покро" атты шахта



Алғашқы еңбек жолын бастаған Жезқазғандағы
№51 шахтаның кеншілерімен



"Покро -15" шахтасының бастығы кезі



"Покролықтар" алдыңғы сапта келеді



Демалыс кезінде



Ұлы Ерлан, қызы Майра, жұбайы Мәриям



Кәкімбек Салықов сазгер Ескендір Хасанғалиевпен бірге. Жезқазған, 1968 ж.



Жезқазған қаласының басшылары: К. Салықов — қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы, В.Т. Лейченков — қалалық атқару комитетінің төрағасы, А.С.Полтавский – екінші хатшы



КСРО Министрлер Кеңесінің Төрағасы
А.Н.Тихоновтың Жезказғанға келуі, қасында Бәйкен Әшімов –
Қазақстан Үкіметінің басшысы



Жезказған мыс зауытының алғашқы катодты мыс беру
салтанатынан. 1971 ж.



Жезказғанға Ебіней Бөкетовтің келуі. Қасындағылар: К.Канафин, С.Асатов, С. Битанов, К. Салыков



Жезказғанға академик Тұрсынбек Кәкішевтің келуі



Әсет Бейсеуовпен кездесу



Қызы Майрамен



Ұлы Ерлан мен немересі Дана

ҚИНАЛДЫҢ-АУ...

Қиналдың-ау,
Қиналдың, ағатайым.
Санаулы күн қалды ма сағат, айың?..
Жаның дәркер дәруді табар едім,
Айықпас дерт кездесті-ау жазатайым.

Жылап-сықтап не болар тілегенім?!
Тыймай қойды-ау, ауырлық үдегенін.
Көз алдыма елестеп сау күндерің,
Батты менің жаныма жүдегенің.

1970

АҚ ҚАЙЫҢ

Ақ қайың тұр алдымда тербетіле,
Ақ балтыр көрік беріп жер бетіне.
Ақ білек, жасыл желек, әсем бойлы
Қараймын мейірлене келбетіне.

Махаббат өз салтымен білген теліп,
Жүруші ем саясында қызбен келіп.
Ішінде ақ қайыңдар киелі алаң,
Інілер із тоздырмас бізден көріп.

Ақ көңіл, ашық ықылас құрдасымдай,
Тебірентті бастан өткен бір ғасырдай.
Көргенде ақ қайыңды ел шетінде
Лүпілі жүрегімнің тұр басылмай.

1970

МАХАББАТ МҰҢЫ

Көктемге кім жасайды іштарлығын,
Махаббат мұңын шақты құстар бүгін.
Тоғайда айтып жатыр сандуғаштар,
Жасырмай бір-біріне құштарлығын.

«Қалқалап» ғашығына жалынғандай,
Әнші құс толғауында жалын қандай!

Тілден бал, көңілден наз төгілгенде,
Шыдатпас қайран жүрек жарылғандай.

Көктемнің неткен нәзік ғажап үні,
Таза ауа, таза сезім, таза гүлі.
Сырымды саған айтпай кімге айтайын,
Бермесе күндіз түгіл маза түні.

Адамның ақ сезімді ұқпасы жоқ,
Қайтейін ел білгенді құпташы деп.
Менің де бүгін саған айтқым келді,
Құмартқан дос көңілін жықпашы деп.

1970

ҰЛЫМА

Ризамын бүгінгі күніме мен,
Ұлымның да көмегін жиі көрем.
Есендігін мен оның тілеп қана,
Көкірегіме жүремін жиып өлең.

Жөнді жерде бір күні сынап отыр,
Ойлы сөзі, дәлелі ұнап отыр.
Ұлы ақымақ бір досым соны көріп,
Сыр білдірмей ішінен жылап отыр.

Үл туғалы үйімде мереке көп,
Сыйлап бақтым. Көрмедім келекелеп.
Ұлым менің әрі інім, әрі ағам,
Ерлан емес, атаймын Ереке деп.

1970

АҚҚУҒА НАЗ

Қос көлдің айдыны –
Көз тартар айбыны.
Аққулар қарсы алар,
Барсам да қай күні.

Көз алмай қарайды,
Мені дос санайды.
Сылқым құс, су – айна,
Не деген арайлы?!

Қараймын күнімен,
Тыңдаймын түнімен.
Сұлулық тамсантты,
Махаббат үнімен.

Жыр болып баурайды,
Маған ән арнайды.
Көгілдір жас аққу,
Өзіңнен аумайды.

Аққу құс, кел деймін,
Қос құлаш сермеймін.
Құшақтап аялап,
Жүректі емдеймін.

Саңқылда, аққуым,
Көбейсін шалқуың.
Шіркін-ай, болады-ау,
Осыған зар күнім.

1970

СУРЕТТЕР

Құлай түсті,
Қыран жерге түйілді.
Жас бөлтірік,
Қатерден жан үйірді.
Күрең талдың етегінен сығалап,
Қызыл түлкі, құйрық бұлғап сүйінді.

* * *

Қыз бен жігіт
Жарқырады жанары,
Ләззат татып нұрланып.

Кемпір мен шал
Екеуіне қарады,
Бір-бірінен ұрланып.

* * *

Жүйткіп өтті
Көз алдымнан бір елік,
Үйіріме жетсем деп.
Мен тұрмын ғой
Ақ қайыңға сүйеніп,
Көріп қана өтсем деп.

1970

ЛИФТІДЕГІ СҰЛУ

«Россия» қонақ үйі.
Тар лифт.
Этаждарға тасып жатыр бар биік.
Бір келіншек сәл сүйеніп тұр үнсіз,
Бозбалалар кететіндей жан қиып.

Қара көйлек
Қара тордан тігілген.
Солай қарай ұры көздер үңілген.
Құлын дене тор ішінде ойнайды,
Ақ түлкідей тал түбінде жүгірген.

Былқыл-сылқыл
Құлын дене тулайды,
Көз тұрмайды,
Жүрек басын улайды.
Құралай көз төңкеріліп кеткенде
Жұмыр жерде лифті ала зулайды.

Мөлдір нәзік
Ақ сәуледей ажары,
Қымсынады жас баладай жазалы.
Марал дерсің жардан қарғып өте алмай,
Көріп тұрған дәлдеп келген қазаны.

Сәл бұрылып,
Кетер жер жоқ кейінге,
Мен – ажалың қуып жеткен, жейін бе?
Қыр қазағын ол да қимай тұр ма екен,
Арман етіп шықпақ па бір сейілге?!

Тор ішінде
Толқып тұрған қай мүшең?
О, ғаламат! Сені өзіме сай пішем.
Сөйтіп елтіп тұрғанымда:
– Ал шықтық!
Шабаданды ал! – деп бұйырды бәйбішем.

1970

АҢСАЙТЫН КҮНДЕРІҢ БОЛАДЫ

Көзімнен кетпейді бір мүсін,
Өзгерген жоқ екен түр-түсің.
Қаншама ұмытам десең де
Сен-дағы ұмытпай жүрмісің?

Бар ма екен еске алу зияны,
Көкірек жимасты жияды.
Өкініш боларын түсінбей
Адамдар қимасты қияды.

Қимасты қияды-ау бекерге,
Ескі дос көңілден кетер ме?!
Аңсайтын күндерің болады
Амалсыз жүргендей шет елде.

1971

ҚОС ЖАҢҒАҚ

Қырымда, Бақшасарайда,
Жайқалып жаңғақ өседі.
Шомылған мөлдір арайға,
Жұмағы ғұмыр кешеді.

Әр жаңғаққа қарашы,
Үңілген төмен албырып.

Көз қимайды жұлуға,
Момақан тұрса балбырап.

Күн сайын өтем қасынан,
Жұлуға жастай қимаймын.
Көкірегім сыйлап ғашық ән,
Бау-бақша төрін сыйлаймын.

Бір күні келсем гәп қандай,
Жаңғақтары қалмапты.
Жын соғып, дауыл қаққандай,
Сұқ қолдар түнде жалмапты.

Япырмау, кім бар қол салмақ,
Көрген түс, бәрі жалғандай.
Тасада көрдім қос жаңғақ,
Мен келер деп қалғандай.

Қызықты көзім несіне,
Екі қол бірін жұлмады.
Ұл-қызым түсіп есіме,
Жүрегім қатты тулады.

1971

ДЕРТ ШЕКПЕ

Сүйесің ғой сен мені,
Сүйісе алмай өтсек те.
Өлең оқы оңаша,
Оқы да ұмыт, дерт шекпе.

Сағынасың да, әрине,
Сағымыз сынып кетсек те.
Әнімді тыңда сен жайлы,
Тыңда да ұмыт, дерт шекпе.

Жүректе жатқан бір түйін,
Ерімес ырым етсек те.
Өзіңді байқа өлеңнен,
Сонан соң ұмыт, дерт шекпе.

1971

ЖЫРЫМА БІТКЕН БИІКТЕ

Күндемеймін,
Жарыста әнтек озғанды,
Жақсыны сүйгіш сезімдер ерте қозғалды.
Әке орнына жеңіс деген сөзді алған,
Мен сиякты талай жаутаң көз калды.

Солармен ортақ
Көңілде жарқын үміттер.
Озғаны болса дүбірімен үгіттер.
Керек озып кереметтерді ашпай ма,
Тілегі бір дәуірге ие жігіттер.

Соларға ылғи
Басымды жүрем иіп те,
Кездесіп жүрем, сағынып көп сыр үйіп те.
Бой көрсетсін ертеңді жақын еткендер,
Жүреді менің жырыма біткен биікте.

1971

НАН

Анам маған ардақтатқан нан исін,
Нанға ұқсатам туған жердің бар исін.
Түйір дәннің білсең таза татымын,
Жырымды да, сырымды да танисың.

Соғыс жылдар масақ тердік тантыда,
Түйір тастап өту өлім артыңа.
Үзім нанды дәріптеуім сондай-ақ,
Наннан үлкен сөз түспейді антыма.

Нан аз күндер – өтті ауыр бір ғасыр,
Енді еліме соғыс бетін бұрмасын.
Бейбіт таңның әр мезетін сыйласам,
Қара нанның кепиеті ұрмасын.

1971

ДАУСЫҢ СЕНІҢ

Даусың сенің
Толқып діріл қағады,
Пәс дірілдеп, қимастық үн тамады.
Топ ішінде тым байқаусыз кездестің,
Ұлғайттым-ау, жазылмайтын жараны.

Кетіп едің
Тілін алмай жүректің,
Өзіңді де, мені де көп жүдеттің.
Қош айтысқан сонау ауыр күндерім,
Жыр-бұлаққа мені талай түнетті.

Сүймесіне
Жүрек сырын ашар ма?
Сен өзгеден артық болдың қашан да.
Сұлулықтың үлгісі едің мен білген,
Өзге қыздар қалып қойды тасаңда.

Даусың неге
Толқып діріл қағады,
Сол дірілден ғажайып үн тамады.
Өшкен сезім, қалған көңіл, шыққан жан,
Қайта оралып, қалай рахат табады?!

1971

ТӨГІЛДІ ӘН БОП ҚҰЙЫЛЫП

Табынып күнге,
Жалынып гүлге,
Ардақтап айды өлгем жоқ.
Астаналарда,
Жас қалаларда,
Өзіңнен артық көргем жоқ,
Жүректе жалын сөнген жоқ.

Кездеспей бір кез
Айта алмай бір сөз,
Басқаға кеттің бұйырып.
Айтпаған сырым,

Таптырмай тыным,
Қинайды кей кез жиылып,
Кетеді жыр боп құйылып.

Арайлы таңсың,
Бұзылмас заңсың,
Жүрерлік мәңгі сиынып.
Жүректе жалын,
Ол сенің барың,
Қарақат көздер киылып,
Төгілді ән боп құйылып.

1971

ҰРПАҚ СЫРЫН ЖАЛҒАЙМЫН

1941 жыл келгенде,
Жай оғы түсті балалық атты керуенге.
Әкесіз өмір әлегін сонда танытты,
Жүргеміз жоқ Сырымбеттауда серуенде,
Талғажау еттік қыздармен жидек тергенде.

Талдырмаш бала.
Жалғыз ана. Ақ сиыр.
Болғамыз жоқ,
Жылы-жұмсақ асқа үйір.
Күні бойы шаруа қатты шаршатып,
Ұмыт болды табанға батқан тас түйір,
Елестеп көзге «соғыс» деген қас қиыр.

«Далалық пошта» хабарсыз кейде безерді,
Көзіміз көрді «қарақағаз» дегенді.
Үйрендік ерте аз дәмді көпке бөлуді,
Қасықтап санап, қуырған бидай жегенді.
Анамнан артық болған жоқ пенде беделді.

Жанымыз біздің сондықтан нәзік,
Бауырмал.
Қанымызда да арманға құштар ағын бар.
Атадан жол, әкеден дәстүр, үлгі алдық,
Біздер – сонау ұшқыннан қалған жалындар.
Біз өткен ізден, жас ұрпақ, ғибрат алыңдар.

Қызық еді-ау, думан-дүрмек елдегі,
Той болатын майданнан жігіт келгені.
Бірақ та, шіркін! Кей шаңырақ қаңырап,
Үшеудің бірі ұшты-күйлі келмеді,
Ал, солар үшін келгендер қатты терледі.

Ауыр жүк деген арқадан ауып түспейтін,
Содан да болар тез өзгерді түс-кейпім.
Құшақтап сүйіп, соғыстан қайтқан солдаттар,
Әкесінен аумайды деп иіскейтін,
Содан кейін өлең айт деп күштейтін.

Жеңіс те жетті,
Ел жарасын емдедік,
Жас болсақ та, аптықпас ойлы, кең де едік.
Содан да, міне, шайлығу жоқ қатерден,
Біздің ұрпақ! Намысты қолдан бермедік!
Біздің ұрпақ кеткен жоқ жүнжіп сенделіп!

1972

КҮЗГІ ОЙ

Өзгертті түсін ағаштар,
Қарағай ғана сақталып.
Орнады қимас сағаттар,
Қайтқан құс әні жатталып.

Кілт тауып ашар кіл таза ән,
Отырам жүрек ақтарып.
Сондайда ғашық жыр жазам,
Аспанға бірге аттанып.

Орманның шеті жапырақ,
Қалды ғой жерде топталып.
Ұшады байғұс қалтырап,
Түседі қайта тапталып.

Мән берсем сондай салқынға,
Күдіктен көңіл ақталып,
Қарағайдай артымда,
Өлеңім қалсын сақталып.

1972

ОЙҒА ТҮСТІМ МЕН-ДАҒЫ

Ақын деген
Кінәмшіл, ойшыл халық,
Ойға түстім мен-дағы толқып-жанып.
Көзбен көріп,
Көңілдің түйгені бар
Шыққамын жоқ базарға ол-пұлды алып.

Мен алыспын
Біреуге қастандықтан,
Кезім де жоқ жақсыны жасқандыртқан.
Жақын деген адамың жалт беріп жүр,
Өз кінәсін сезініп сасқандықтан.

Сенгіш, нанғыш
Сырыңды біліп алып,
Мін тереді ішіңе кіріп алып.
Мінекей деп қолына берер ме еді,
Арам өтін залымның сылып алып.

Көз алдыңа – төріңе ту байлайды,
Көзден тайса күңкілдеп сумаңдайды.
Ол білгенді біз білмей жүр дей ме екен,
Сөйтіп жүріп о, байғұс кімді алдайды?

Кімді салмас таразы халқы сынға,
Көп мәніс бар әр күннің тартысында.
Бәрінен де еңбегің жүрген жаман
Дым білместің дәйексіз талқысында.

Қажымаспын ондайға алаң болып,
Жамандыққа жасаман жалаң жорық.
Көз жасындай кіл таза арманыммен,
О, туған ел! Өтермін балаң болып!

1972

* * *

Татулыққа кезің жоқ көніспеген,
Жан құпия от сезім бөліскен ем.
Тәтті түстей өтеді еске түсіп,
Сәтті күндер құштарлық өрістеген.

Жыр ма екенсің, сол күндер, ән бе екенсің?!
Нұр төгілтіп, өмірді сәнді етесің.
Дос ниетпен махаббат өзің қидың,
Қос жүректің аяулы ақ некесін.

Күйгек-сүйгек талай кеш жүрдік билеп,
Жанға жалын жалғасты түйдек-түйдек.
Бас айналып ләззаттан рахат таптық,
Бақыт еді-ау кездескен бізге сирек.

Киік көрсем жарқ еткен өрде жүріп,
Қисапсыз ғой жүректе өрген бүлік.
Ең алғашқы дегені сол екен ғой,
Құштарлыққа тұншығып сөнген үміт.

1972

* * *

Жырымда көңіл нұрым бар,
Үңіле қарап ұғыңдар.
Құралай көз қалқаға,
Айта алмай кеткен сырым бар.

Жырымда арай таңым бар,
Кіршіксіз аппақ арым бар.
Ата-анаға сағыныш,
Ашылмас мөлдір сағым бар.

Жырымда жазым, күзім бар,
Балдырған ұлым, қызым бар.
Жаныма нәзік нұр берген,
Сәулем-ау, сенің жүзің бар.

1972

ЖОСАНЫҢ БҰЛАҒЫ

«Бар» деген сөзді ұмытты,
Әйгілі бай Қарынбай.
«Жоқ» деген сөзді құрытты,
Найманда Жоса тарынбай.

Әулие жатыр ұйқыда,
Тас бұлақтың қасында.
Ел сүйсініп ғұрпына,
Арнады белгі асылға.

Мырза мейір аты аңыз,
Есімін жырға қосамын.
Тас бұлақты атаймыз,
Бұлағы деп Жосаның.

Жолаушы бұлақ басына,
Армандап есен жетуді;
Тағзым ету тасына,
Дәстүр боп елге бекінді.

Ашық қолды құт еді,
Зәруге болмас таппасы.
Моласында күтеді,
Насыбай толы шақшасы.

1972

ҚЫРЫҚТЫҢ ҚЫРҚАСЫНАН

Әй, Шота!
Келіп қалдық қырық жаска,
Ақтарар енді саған сырым басқа.
Асау шақ тежеу бермей өте шықты,
Кей-кейде ұрындырып ұрынбаска.

Кел енді,
Біз де мінез жүгендейік,
Не бітті, не бітпеді, түгендейік.
Қос қолдап құнын білмей шашқан уақыт
Қымбаттар кезі келді, үнемдейік.

Күн қайда махаббатты шырақ тұткан,
Қияли бола жаздап құмарттықтан.
Қалғанда балалық шақ Сырымбетте
Мәскеуден біздің жастық бір-ақ шыққан.

Тіл қатпай үнсіз тосқан гүлдерім-ай,
Шәрбаттан шаршау білмес түндерім-ай.
Қантсыз шай, қара нанды қаққа бөлген
Сал-сері студенттік күндерім-ай.

Бәйбішем алдымда отыр ай маңдайлы,
Шат күлкі ұлым-қызым жайраңдайды.
Бұл сәтті тек анашым көре алмады,
Сол ғана көкірекке салған қайғы.

Қырық жаз, қырық көктем өтті деп біл.
Келмеске жиырма бесім кетті деп біл.
Бір дөңнен алды-артына дүрбі салар
Сұр белең сумаң етіп жетті деп біл.

Барлаймын қасымызға ергендерді,
Ақпейіл, адал дос деп сенгендерді.
Отырмын ойлап осы не жазам деп
Сыр бермей сырттан сұмдық тергендерді.

Қорықпаймын біреу оқыс шалады деп,
Болмаса бір жамандық табады деп.
Қиналам жақсылықты жамандыққа
Ол неге айырбастап барады деп.

Ісімнен біліп қандай мән шығарын,
Тасада отыр тәптеш сыншыларым.
Өзім де біткен істің аз екенін
Сезініп сергек басып құлшынамын.

Жүремін мен үнемі асығыста,
Емес пе уақыт сыншы заты қысқа.
Өкініш болмасын деп тырысамын
Бір күні кете барсам қапылыста.

1972

ҒАЖАЙЫП ҚАНДАЙ НҰРЛЫ КҮН?!

Ғажайып қандай нұрлы күн?!
Шақырмай шабыт келгендей.
Жан-жаққа бас шұлғыдым,
Ел-жұртқа сәлем бергендей.

Беу, шіркін деймін бұлтқа да,
Жаңбыры жерге жабысқан.
Ақ бидай күлді жұптана,
Жел тербеп иық қағысқан.

Дөң асып нөсер тыйылды,
Қарағай, қайың балқып тұр.
Дайында ақын сыйынды,
Ауылдың исі аңқып тұр.

Деп сонда өзім-өзіме,
Жыр жазар ниет бұрмадым.
Жырланып жатыр өзі де,
Бұзбайын дедім ырғағын.

1972

ҚҰТТЫҚТАУ

Өмірхан Байқоңыровқа

Алпыс деген
Арманы көп асқарға
Жеттің Өмекең,
Үлгі болып жастарға.
Сүйінуші ек сондайлықты армандап,
Бәріміз де өмір жолын бастарда.

Жолдар.
Жолдар. Жол дегенің көп екен,
Өкінбестей тура басқан жөн екен.
Ал, қазақты кеншілікке баулыған
Өздеріңсің, Қанекем мен Өмекем.

Асыл аға астананың төрінде,
Бара жатыр ғылымның тың өрінде.
Жезқазғанның забойында жүргендей,
Жылылық көп күлімдеген өңінде.

Бір қиындық,
Бір қуаныш өмірде,
Алмасса да дақ салмастан көңілге;
Жайраң қағып қуанышпен келеді,
Сол бірбеткей шахтер мінез жөнінде.

Мақтан етіп туыс-туған бауыры,
Мақтан етіп Ұлытаудай ауылы;
Құттықтайды Қарсақбай мен Жезқазған
«Алпыста, – деп, – ұлымның бір тәуірі».

Мақтан етіп
Дос-жараны, танысы,
Мақтан етіп құлақ естір алысы,
Алпысыңмен құттықтайды бар қазақ,
Ал, қабылда нар жоталы арысы.

Жақсы жігіт –
Ел тілегі, ел бағы,
Сол тілекпен өсіп-өндің сен-дағы.
Алпысыңмен шын құттықтап қол қысып,
Ал, Өмеке! Құшақтаймын мен-дағы.

Алпыс жасқа
Аға есен келгенде,
Қуанамыз бақыт құсы ергенге.
Соның бәрін қақ бөлісіп отыр-ау,
Мәриям атты кербез, маңғаз жеңгем де.

Жастық отын Өмекеңе бергенде,
Өзгермепті, асыл екен жеңгем де.
Ағамыздың екі беті жұп-жұқа,
Қайта-қайта жеңгем сүйе берген бе?!

Сұлу жары
Жақсы ағаның сәні де,
Кейде сәннің мәні жатыр әріде.
Жеңгем шіркін, көп құшақтай берген-ау,
Тұлғасы тік ағамыздың әлі де.

Жүрегімнен
Тойға тарту жыр құйдым,
Өзім білген мықтысы ғой бұл сыйдың;
Рахмет айтып ағамызды баққанға
Ал, жеңеше, бетіңізден бір сүйдім.

Ей, балалар!
Қарындастар, інілер!
Ағайындар! Достар! Көзі тірілер!
Мына тоймен құттықтаймын бәріңді,
Қуанышта бір болды деп біліңдер.

Ал, Өмеке!
Тағы келдім өзіңе,
Нүкте қоям жүрек сыйы сөзіме.
Ақындардың бар байлығы өлеңі,
Өзге дүние көрінбейді көзіне.

Келе қалған жай сөз емес ойыма,
Не айтсам да сыйып тұр ғой бойыңа.
Ат мінгізіп,
Шапан жауып тұр деп біл,
Бір ардақты інің келіп тойыңа.

1972

ҚЫРҚАДАН ҚАРАП ОЙЛАНДЫМ

Қырықтан асып
Қыркадан қарап жан-жаққа,
Отырмын жыр боп,
Сөнгенше жүрек жанбаққа.
Есен келіп есті күнге жеткен соң,
Артамын үміт аулаққа салған қармаққа.

Өкінбеймін
Өткен күнге күйініп,
Астамдық етпен,
Өзіме өзім сүйініп.
Таппаспын тыным алды-артымда жатқанда,
Бітпеген істер көпене, мая үйіліп.

Үйір емен,
Жеңіл атақ-мансапқа,
Жүргемін жоқ
Желден ықтап, жан сақтап.
Қиындықтарды алдынан шығып қарсы алам,
Кездеспесе жүйріктей дүбір аңсап қап.

Болса-дағы
Өмірге кең тынысым,
Өнбей жатыр
Әлі күнге жүрісім.
Жаңа-жаңа жалғастырып келеді
Бір ісімді бір ісім.

Құстардың елге қайтқан кезін сағынам,
Анамның соңғы
Айтқан сөзін сағынам.
Арқамдағы жүгім ауыр болса да
Уәделі жерден доска табылам.

Өз қолында
Адам бағы, ер бағы,
Қияға ұштым,
Қыркадан қайтпай мен-дағы.
Арманым жалғыз, ұраным берік ұстаған –
Үлесім көп боп, ұлғая берсін ел бағы!

1972

МАХАББАТТЫҢ ТӨРКІНІ

Көктемде көрдім құстардың қайтып келгенін,
Жиырма бесім еркелеп қалмай ергенін.
Көгалға шығып, гүлдерді күндей құшақтап,
Есімнен кетпес ең ғажабын тергенім.

Саясы көлдің самалға толы дер күні,
Бұйра тал бізге бұлқынып лебін желпіді.
Ақ қайыңның дәл түбінде сүйістік,
Осынау жер ғой махаббаттың төркіні.

Жан-жаққа кеттік, жылдардың көшін санаймын,
Қоспады тағдыр ол тағдырды талайдың.
Ақ қайыңдар дәл қасынан өткенде,
Арасында сен жүр ме деп қараймын.

1972

* * *

Жырым да ынтық, үнім де,
Қос өнер жиған гүлім де;
Туған елден нәр алды,
Ардақты ана тілінде.

Сайыста шексіз терлеген,
Намысты жерде төрлеген;
Даналар ісі толғантып,
Даланы ойлап тебіренем.

Шабыттың құмар керегін,
Шық тамшыдан көремін.
Туған жердің топырағын,
Жата қалып өбемін.

Күш беріп отты сезімге,
Аяныш тұрса сөзімде.
Қам көңіл адам жаралы,
Жүреді түнеп көзімде.

Іздесем дәру мың дертке,
Жүгінем өлең-құдіретке.
Ғашықпын үнді, бояулы,
Сыры ашық ояу суретке.

1973

ДОСҚА СЫР

Орынды сөзге қосылам,
Көп ойланып, көп толқып.
Күншіл болған досыңнан,
Күңкілі жоқ көрші артық.

Әкенің тілін алмаған,
Есер бала өртпен тең.
Еңбегін елге арнаған,
Жалғыз ұлың көппен тең.

Жақсы аға базар тойлаған,
Қайырымсыз іні жоқпен тең.
Тірлікпен жеңіл ойнаған,
Тұрлаусыз өмір – көшкен сең.

Дұшпаныңа наз айтар,
Ынсапсыз туыс өшпен тең.
Көңілде жүкті азайтар,
Айнымас дос көшпен тең.

Біреулер терең үңілер,
Емес-ау деп бос қайғы.
Түйсіксіз жан түңілер,
Тілеулестер қостайды.

Адамда, достым, жақсы көп,
Маңайыңда толып жүр:
Жақсылар саған сақшы боп,
Жамандардан қорып жүр.

21.08.1973.
Қырым

КӨЗ ҚИЫҒЫН ТАСТАҒАЙСЫҢ

Ақындай
Ашық айтып қақсамайсың,
Бірақ та
Мені естен тастамайсың.
Білмеймін, көрмегелі көп жыл болды
Алатау ығындағы бақшадайсың.

Ол да жөн,
Құпияны ашпағайсың,
Жан серік етіп қана сақтағайсың.
Есілдей еркін аққан өзенім ең,
Сен бүгін тоғандаулы Қапшағайсың.

Мен үшін тек әдептен аспағайсың.
Басылмас сағынышты баспағайсың.
Көшенің ар жағынан өте беріп
Әншейін,
Көз қиығын тастағайсың.

1973

ҚАЙТЕР ЕК?..

Ғашық едім.
Ғашық едің сен-дағы.
Бола алмадың.
Бола алмадым мен-дағы.
Есейгенде есіме алсам ойлама,
Айтар ма деп: «Сен қасыма кел тағы».

Маған ашық. Маған құтты күн бүгін,
Түтіні мол көтеріңкі түндігім.
Бірақ сонау өткен күндер оралып,
Тыныштықты қайта бұзды кім бүгін?

Қайта бұзды
Неге тағы елестеп,
Қарсы келді тоқта, жылы кеңес деп.
Қалай ғана айтпақшымын, япырмау,
Менен аулақ, мен танысың емес деп?

Я, солай. Жақын едім. Алыспын.
Жақын едің. Енді сен де алыссың.
Жырын жырлап өткен күннің қайтеміз,
Сонау жылдар сақталмаған намыстың.

Қарамай-ақ сен қасымнан өте бер.
Кідірмей-ақ кірпік қақпай кете бер.
Көзім шалып қиналайын мен ғана,
Қуанышқа менсіз жүріп жете бер.

Ал амалсыз көзің түссе жабықпа,
Кінә артып салма өзіңді тамұққа.
Өсектеуін осы күнде қойыпты,
Сонау жылдар бізді білген халық та.

Жақсы едің деп, жүрем айтып сан дерек,
Өзің үшін мен де алыс бәйтерек.
Жастық шақта қосылыспай қоштастық,
Марқайғанда айырылыссақ қайтер ек?..

23.08.1973

ТЕҢІЗ ДЕ АҚЫН ЕКЕН-АУ

Сарқылмайсың, көк теңіз,
Сеңсең толқын көп-көп із.
Шулы-дулы жатырсың,
Бар еді кімде өкпеңіз?

Жатсаңшы желсіз даладай,
Бесікте бөбек баладай.
Солқылдайсың сен неге
Батырға батқан жарадай?

Қоймадың ғой бұрқанып,
Салдыр-гүлдір бір қағып.
Сылқым қаққан сырнайдай
Бір бітпес ән шырқалып.

Шұрқырайды жағаға,
Толқындар қанат қаға ма?
Тілі жатық наз айтар,
Жақындап келіп қала ма?

Теңіз араз тыныспен,
Алданған бітпес жұмыспен.
Дауылпаз адам өтпей ме,
Бір істен соң бір іспен.

Тоқта дерім бекер-ау,
Толғай-толғай өтер-ау.
Жырлай-жырлай көз жұмар,
Теңіз де ақын екен-ау.

1973

ЖЕЗДІ ӨЛКЕ

Жез қыртыс,
Қабатталған қақ таңдайлар.
Жез сандық
Бар қазынасын ашқандай бар.
Жақсыға жан үйірді
Күміс, мырыш,
Қорғасын құшақтасып жатқандай бар.

Кеңгірдің тулай көшкен сеңі жезді,
Жұмсақ құм, топырағы, көзі жезді.
Жел екеш жел де жездей сыңғырлайды,
Аққу-каз қиқу салған көлі жезді.

Жезкиік осы маңды паналаған,
Жез шөккен жылы жерге балалаған.
Жануар қырды жайлап, құмды қыстап,
Мың-мыңдап жезді өлкені аралаған.

Қоскөлдің беті күміс, түбі жезді,
Жағада жазғы, күзгі гүлі жезді.
Ояңда тыраулаған тырналардың,
Таңертең дабыл қаққан үні жезді.

Шежіре карт Ұлытау тәмамдайды,
Жаутаңдап Қаракеңгір алаңдайды.
Жезді өлке астанасы болғандығын,
Жезқазған жер шарына хабарлайды.

Қарсақбай, Байқоңырдың еңселі ісі,
Таңдантар Жыландының теңселісі.
Ақшатау шашу шашып Жәйреміне,
Мырзалық көрсетеді жер серісі.

Ескенде Арқаны өрлей таң самалы,
Аққу қаз қаңқыл-саңқыл ән салады.
Өзгерген өміріне жезді өлкенің,
Жезкиік жүйткіп өткен тамсанады.

Туған ел жаңа қарқын белесі-ау деп,
Жезді өлке жедел өсер жер осы-ау деп;
Көз салып келешекке қуанамын,
Осының бәрі осал емес-ау деп.

22.08.1973.
Қырым

КЕН ДЕГЕН...

Кен деген елдің қазына, ырысы ғой,
Темірі, алтын, жезі, күмісі ғой.
Забойда тас қиратып, тауды тескен,
Кеншілік мықтылардың жұмысы ғой.

Бірінен бірі бөлек дараланбай,
Болмаса кеуде қағып алаланбай.
Топталып түйдегімен бір жатады,
Кәдімгі бір үйде өскен балалардай.

Асыл тас жерден тегін терілмейді,
Табиғат қасарыспай берілмейді.
Тілазар, шытынауық тентекке ұқсау,
Мәрт мінез кастандыққа ерінбейді.

Бәрібір кеншіге жер жүгінеді,
Бас иіп, шоң кеудесі бүгіледі.
Сұр жартас быт-шыт болған кенге айналып,
Шахтадан қырға өрлей жүгіреді.

Асылын диірмендер иіреді,
Бос тастар жаңа тау боп үйіледі.
Көргенде көп вагонды кен тасыған,
Көңілің көлдей тасып сүйінеді.

23.08.1973.
Алматы

ЕКЕУМІЗДЕН КІМ ТАТУ?

Самалы жоқ жел жүдеу,
Амалы жоқ ер жүдеу.
Қыз Жібектей, Баяндай
Сұлуы жоқ ел жүдеу.
Сенсіз жерде мен жүдеу,
Менсіз жерде сен жүдеу.

Айдынды өрлей каз конар,
Көңілің соған мәз болар.
Құс конбаған көлдердің
Қызығы да аз болар.
Қиялымсың, түсімсің,
Жаным құмар құсымсың.

Бетеге бітпес бел жаман,
Үнсіз келген сел жаман.
Дос боп жүріп өштескен
Қатар-құрбы, тең жаман.
Бәрінен де шын тату
Екеумізден кім тату?

23.08.1973.
Қырым

ТҮСІНІП ҚАНА СЫНАР БАР

Ақылдыны сынасаң,
Алғыс айтып қосылар.
Ал ақымақ тұра сап,
«Қасымсың» деп шошынар.

Қиялды пәле киналып,
Есірер де ойбайлар.
Барлық есті жиналып,
«Қой, шырағым, кой-қой»-лар.

Сыншыда қамқор сыншы бар,
Ақиқат жолын сақтайтын.
Ақылын айтып бір тынар,
Себепсіз кінә тақпайтын.

Жан қорығыш сыншы бар,
Сынағанын таптайтын.
Өле-өлгенше бір мінін,
Мың құбылтып даттайтын.

Үзім ой жоқ сенерге,
Бос шатпаққа құмар бар.
Қамқоршы ұлттық өнерге,
Түсініп қана сынар бар.

22.08.1973

АҚ ҚАҒАЗҒА

Алдымда жатқан ақ қағаз,
Тазасың менің арымдай.
Сырыңды түйіп сақта наз
Қиялы бірге жарымдай.

Тілдесе алмай кей күндер,
Аққумен қонған алдымда.
Қол созумен кей гүлдер,
Кешігіп тағы қалдым ба?!

Ақ қағаз, үнсіз түк білмей,
Жатырсың бұлдыр сағымдай.
Жүгірді қалам күттірмей,
Шаттана қайтсін табынбай?!

Өкиды елім барымды,
Өзім де көбін жаттадым.
Жүректе жатқан жалынды,
Ақтығың үшін сақтадым.

13.08.1973.
Қырым

ТАҒЫ ДА ҰСТАЗ КӨРДІК, ШӘКІРТ БОЛДЫҚ

Білмеппіз қалай жылдам өткенін де,
Қол беріп қоштасар шақ жеткені де.
Көрінген бір кездерде биік киа,
Бітірдік партияның мектебін де.

Алматы Алатаудың аясында,
Бау-бақша, гүлжазира саясында.
Зор ғылым кәусарынан сусындадық,
Ынта мен еріншектік таласында.

Жаттадық, ойға түйдік дана сөзін,
Тың өріс, таптық талай жаңа сезім.
Тағы да ұстаз көрдік, шәкірт болдық,
Үш жылға қайта оралып бала кезің.

Көрінді көп мақсаттар көрінбеген,
Сыйластық аға-іні көңілменен.
Үш жылға қонақ болып келді бізге,
Баяғы студенттік өмір деген.

Кейде бір дәу кітапты жаба сала,
Көз салсақ астанада тамашаға;
Шықпады есімізден жұмыс қамы,
Сағынтты ауылдағы бала-шаға.

Сәтті өтті осындағы қыс-жазымыз,
Ақталды өзімізді қысқанымыз.
Көбейді жер бетінде достарымыз,
Молайды терең толғар ұстазымыз.

Бәрің де өнегелі ер едіңдер,
Әрқайсың бір-бір төбе ел едіңдер.
Інілер, қарындастар қоштасарда,
Қимастық құшағына бөледіңдер.

Біз емес ауыр жолда шегіншектер,
Демессің ұйқы куған еріншектер.
Кереку алғыс айтам қыздарына,
Мың жаса, алматылық келіншектер!

29.05.1973.
Алматы

ПОЭЗИЯ ШАХТАСЫ

Даланың дархан төсінде,
Кешіксем кейбір дүбірден;
Кеншілердің көшінде,
Шахтада жүрмін бүгін мен.

Алтын, күміс, жезіммен,
Өлшенер деп бергенім;
Жан емеспін көз ілген,
Місе тұтпай жер кенін.

Аумайды алмас тасыңнан,
Жүрегімнің жарқылы.
Көп сыр ұқтым жасымнан,
Сол жарқылдар арқылы.

Жүгірсе жүйрік қаламым,
Армандап киял ақ құсын.
Қатар қазып барамын,
Поэзия шахтасын!

1973

МҰЗАФАР ӘЛІМБАЕВҚА

Елуге келген
Еңселі ақын,
Ержүрек биік құз-аға.
Жер ортаға жүлделі жеттің,
Жүрегің маздап Мұз-аға.
Дәл жиырма бес жастағыдай
Тағы да құйғыт қыза да,
Ақындықтың тұйғыны болып
Ұза да.

Оллаһи, көнбен,
Қанша айтса да
Келді деп сені елуге.

Қимаймын сонда өзімнен егде
Жарты да жасты беруге.
Құрдасымдай
Сырласымдай жақынсың,
Құпиямды құлыптаулы сенуге.

Ұнайды маған,
Сезімге толы
Кереку Ертіс үндерің.
Байырғы солдат, балдырған мінез,
Сәбише сәнді күлгенің.
Ұнайды маған
Ұсақтанбай сом тұлға
Мықтылардың бірі болып жүргенің,
Қазағымның әр сөзін құндай білгенің.

1973.
Жезқазған

ЕЛ ШЕТІНДЕ АҚ ҚАЙЫҢ

Ел шетінде ақ қайың,
Көркіңе ыстық, арайлым;
Кездескен біздер сәт сайын,
Ынтығып, аңсап караймын.

Тұрасың әсіре құбылмай,
Жасыл бешпент жамылып.
Жол тосып жүрген сұлудай,
Келер деп мені сағынып.

Ізімді басқан санайтын,
Көрші қыз, балғын шағыңнан;
Өзіңдей елтіп қарайтын,
Ажарың аппақ сағынам.

Жел соққан жапырақ сыбдыры,
Сол қыздың ғашық сөзіндей.
Сығалап түскен күн нұры,
Жарқ еткен мөлдір көзіндей.

Жеткізер саған ескі жол,
Кіреді жиі түсіме.
Ақ бұтағын берді қол,
Сағынып жүрген кісіге.

Аппақ тәнің мамыр ма,
Бір сипау дертті емдеген.
Киелі күш бар тамырда,
Жалғаған сені жерменен.

«Айттым сәлем, Қаламқас»
Деп ақырын тамсанам.
Дәл сендей еді қолаң шаш,
Мен аңсап, мені аңсаған.

1973

АҚҚУ СЫРЫ

Аққудың ел шетіне жеткені ме,
Құбылтып қуаныш ән төккені ме?
Құс сайран,
Өзім қайран таңданамын,
Көл болып көкірегімнің кеткеніне.

Сипадым жұмсақ, жылы қанатынан,
Тыңдадым ғашық әнін жаңа туған.
Көз қанды көл шетінде қос аққуға
Жаны бір, тәні бөлек жаратылған.

Сұлуға ғажаптандым суыт келген,
Қапа-наз есі-дертін буып келген.
Әйтеуір жандарында жазулы тұр,
Жүргені аз да болса тұнып шерден.

Кей-кейде осынау көлден шықпайды екен,
Ұмсынып, қымсынғанын ұқпайды екем.
Ән қайтып, жыр сарқылып киналғанда
Әдейі іздеп келіп ықтайды екен.

1973

СӘСКЕНІҢ СЕЗДІМ ӨТКЕНІН

Сәскенің сездім өткенін,
Шаңқай түс қуып жеткенін.
Баянды болғай, шіркін-ай,
Таң аткалы еккенім.

Шұбатылған шулармен,
Өңкей бір дәлду дулармен;
Өтіпті ізсіз көп уақыт,
Жеткізер ме қуғанмен?!

Қуанышка маңдайым,
Тірелді қашан дап-дайын?!
Өкінішті көп көрген,
Татымың қайда, таңдайым?!

Жұрт көзіне нардайсың,
Өзіңді соған алдайсың.
Мені жалқау еттің деп,
Кімді ғана қарғайсың?!

1973

СЕНДЕРСІЗ КҮН ҚҰРЫСЫН

Қайран қыздар,
Сайран қыздар,
Қалдыңдар ма марқайып?
Келіншектер,
Еміншектер,
Тез кеткендер картайып.

Ән келеді,
Күй желеді,
Ақ сенімді ақтаңдар.
Марқайғандар,
Қартаймаңдар,
Қыз қалпыңды сақтаңдар.

Таң қаламын,
Таңданамын,
Келер күнді шолғанда.
Не айтар екем,
Қайтер екем,
Сендер кемпір болғанда?

Аққулы елде,
Гәккулі елде,
Құс атушы ем жайраңдап.
Әзіл-күлкім,
Көңіл мүлкін
Жинаушы едім сайрандап.

Марқайсам да
Қартаймаспын,
Шаштың сипап күмісін.
Қиял ма екен,
Зиян ба екен,
Сендерсіз күн құрысын!

1973

ҚАНЫШҚА СЫЙЛЫ ҚАРЫНДАС

Зоя Ақмолдаевага

Сезіп жүрдік жаны жапа шеккенін,
Көріп тұрдық сұм ажалдың жеткенін.
Кете барды көзімізден ғайып боп,
Ақ кемедей жел желпінткен желкенін.

Жетем деген биіктерге жетпедің,
Жастау қалды өз қолыңмен еккенің.
Қос жанардан бір мөлт еткен қос тамшы,
Болар ма екен соларды арман еткенің.

Маңғаз кейпің жақсылықтан жаңылмас,
Саған жетер бауырмал жан табылмас.
Әкемізде апай бар деп қуанған
Балаларым қалай ғана сағынбас?!

Еш пендеге қабақ шытып көрмеген,
Пәк мінезің биік еді өзгеден.
Жат-жақынның сыйластығын көбейту,
Асыл мақсат, сертің еді көздеген.

Бірі болып ер қатарлы арыстың,
Мына бізге Жезқазғанды салыстың.
Айтушы едің үлгі-өнеге боларлық,
Талай қызық әңгімесін Қаныштың.

Жүлдегер боп еңбекте де жарыстың,
Тең құрбыңнан оза қанат қағыстың.
Көшемізді сәндендіріп өтуші ең,
Қарындасы сияқтанып Қаныштың.

Арман! Арман! Сан қияға самғады,
Өмірді өмір ұластыра жалғады.
Үлкен-кіші есіміңді ұмытпай,
Жақсы екен ғой жоғыңды еске алғаны.

Бітер ме екен адамның көп арманы,
Қай қияда қандай қанат талмады?!
Бір қиыны сол екен ғой жалғанда
Қимас жандар тілдесе алмай қалғаны.

1973

ПАРЫЗ НАЗЫ

Ілияс Омаровқа

Ілекем-ай!
Биік едің. Нар едің.
Халқым сүйген шын ардагер жан едің.
Әкімдігің үлгі-өнеге бір төбе,
Аңыз-аға,
Бір көруге зар едім.

Ынтық едім.
Кездеспедім. Көрмедім.
Үнсіз ғана
Мен соңыңнан өрледім.
Таң қалдырды:
Әл үстінде жатқанда
Жас жырыма хатпен көңіл бөлгенің.

Сөзің ыстық,
Жанға шабыт жаққандай,
Өзің келіп,
Арқамнан сәл қаққандай;
Жігер берді,
Толғандырды, ой салды,
Азаматтық ауыр жүктер арткандай.

Сол бір сәтте
Биіктеді аспаным.
Сүйсіндірді
Жүрек кілтін ашқаның.
Ащы-тұшы
Талай сындар кездесер,
Не де болса бір көтеріп тастадың.

Жас жырымнан
Үміт жеміс таптың ба?
Сол болғай-ақ
Себепкері хаттың да.
Жылы сөзбен
Талабыма нұр тілеу,
Қамқор аға, парызым деп жаттың ба?!

Аға болсақ,
Болайықшы осындай,
Қолдың ұшын берер үркіп, шошынбай.
Кемеңгердің кең мінезі екен ғой,
Інілерін көрер сыйлы досындай.

1973

ҚҰДА КЕЛДІ

Жәрдем Кейкинге

Құда келді!
Ауылға құда келді!
Есің неге шықты деп сұрама енді.
Құдашаны көруге құштар едім,
Жүрегіме жүгірмек лаң енді.

Інілерім, кәнекей, жүгіріңдер,
Құдағидың алдында бүгіліңдер!
Қозы көрген қасқырдай тесіреймей,
Қоян ілер түлкідей үңіліңдер.

Құда менен құдағи сынар елді,
Бүлдірмейік той толас,
Тынар жерді.
Ән шырқайық,
Ай, аспан жаңғырықсын,
Биге шығар от жанар, бұраң белді.

Құда келді!
Келеді күй ақтарғым!
Қандырайын құрышын құлақтардың.
Аққу әні,
Жезкиік дүбіріне,
Күлкісіне салайын бұлақтардың.

Бөу, құдаша!
Бізге де құлақ салғын!
Тостаған көз,
Томпақ бет ұнап қалдың.
Ақан сері, Біржан сал сияқтанып,
Тап қасыңа келеді құлап қалғым.

Біздің елдің әні бар «Жамбас сипар»,
Бір сипамай қоймайтын
Мен де қиқар.
Шырқағаным ұнаса шабыттанам,
Өршелене шапқандай өрге тұлпар.

Құда келді, жеңеше!
Құда келді!
Ұмсындыр да қымсындыр қыран ерді.
Өкшең емес,
Бөксеңмен басып бар да,
Сақтағаның қайда еді,
Шығар енді!

Құдаларды көрейік,
Күтімді етіп,
Шампанды құй,
Шапшытып, шүпілдетіп.
Өктем сөйлеп өндірте алдырыңдар,
Рөмкеңнің сыңғырын үкімді етіп.

Әзілмен жең,
Жауап сөз таппайтындай.
Тіліңді алдыр,
Айтқаннан қайтпайтындай.
Мені жібер!
Қинайын құдашаны,
Қинай білмес құда деп
Айтпайтындай.

Құдалардың қалмасын қызбағаны,
Құдашаны әйтпесе қызғанады.
Не де болса,
Қуаныш құтты болсын!
Ұлы тойдан ұлағат із қалады.

1973

КӨРДІҢ БЕ ЖЕЗҚАЗҒАННЫҢ ЖЕЗКИІГІН?

Көрдің бе Жезқазғанның жезкиігін?
Тарқатар тарқамаған көз күйігін.
Жануар заулап жүріп жай таппайды,
Іздеумен жер бетінде өз биігін.

Жабыққан жан жарасын тез емдерге,
Жетемін киік жерік өзендерге.

Қыз бейне, қызыл қамзол құралайым,
Жаутаңдап тұрады тар кезеңдерде.

Жүргенде жағалауда өріп қана,
Елтимін еріндерін көріп қана.
Күйші қыз саусағындай перне басқан,
Барады тәуір гүлді теріп қана.

Қандырар қанбай жүрген көз құмарын,
Арнаймын жезкиікке сөз тұмарын.
Жануар дамыл таппай іздей ме екен,
Жоғалтқан жер бетінде өз сыңарын?

1973

ЖОРҒА

Жорғаның жүрісінен жазбағанын,
Денесі қызған сайын маздағанын;
Таңырқап тұрғанымда көрдім
Пай, пай!
Құс болып ұшып кете жаздағанын.

Қызықтым бір жаңылыс баспағанға,
Бәйгеде бәсі берік саспағанға.
Көзімнен қуаныштан жас ыршыды,
Өзгені шаңға көміп тастағанда.

Төрт тұяқ тайпалып көз ілдірмейді,
Тактісін бұзып өзек тілдірмейді.
Беу, шіркін! Бипыл-типыл, майқаң-қайқаң
Оздым деп оғаш мінез білдірмейді.

Келісті қоян құрсақ жарағаны,
Қыл мойын қызықтырып барады әлі.
Мәреден өткеннен соң қандай жақсы
Артына анықтап бір қарағаны.

1973

ЕРЛАНҒА ЖАУАП

«Туған күнім тойына екі түрлі,
Неге арнап жүрсіңдер екі күнді?» –
Деп сұрасаң, ұлым-ау, сыр айтайын,
Екі түрлі емес ол, ескі үлгі.

Жыл емес-ау, әр күнді тойлайтынмын,
Бала болып сендермен ойнайтынмын.
Сол бір күннің қызығын қуанғанда,
Мың күнге тең болды деп ойлайтынмын.

Сен туғанда серт етсем екі күнді,
Отырғам жоқ көп тойды етіп үлгі.
Бір күн сенің достарың,
Бір күн менің,
Жоспарым сол ежелден бекітулі.

Сен туғанға арнасам екі күнді,
Немереме қияр ем жеті күнді.
Сұрағанда себебін сонда айтам,
Тек тілендер есен-сау жетуімді.

22.08.1973.
Қырым

ЖАС АҚҚУ

Қоскөлдің тау жағынан таң атады,
Аққудың суда ойнайды балапаны.
Қиылып қимас достай қарағанда
Дүрсілін жүрегімнің санатады.
Сұлулар, жер бетінде санаулысың,
Жас аққу, бәрінен де аяулысың.
Бар ма еді сенің дағды, бойда дертің,
Қанатың қайырылғандай қаяулысың.

Еркем-ай, соншама көп ойнаймысың,
Сықырлап сылануды қоймаймысың.

Көркіңе кең дүниені кенелткенде,
Өзіңнің тағдырыңды ойлаймысың?!

Ақ ерке, су періште, қиял ма едің?
Көрмесем қиялыма сияр ма едің?
Мен сені сағынумен өтемін ғой,
Сен маған бір күніңді қияр ма едің?

1973

ҚҰПИЯ

Сағыныш кейде тап болар,
Мезгілсіз келген қонақтай.
Сағынам да сақтанам,
Бейнеңді жақын жолатпай.

Туралап маған қарамай,
Кідіріп сен де қаласың.
Іздеп келген анадай,
Біреуге берген баласын.

Келесің қиын сырқаттай,
Жаралы жерің қайда деп.
Тұрасың үнсіз тіл қатпай,
Маған ауыр жайда кеп.

1974

ҰЯДА ҚЫРАН КӨРГЕНДЕ

Желігін басты құмардың,
Керегетас қиясы.
Бар екен сонда қыранның
Балапан салған ұясы.
Жарқабақ қырқа тасына,
Өрмелеп ұлым барады.
Тырмыса жетіп қасына,
Тағатсыз жанар қадады.

Жоғары қарай жортақтап,
Аптыға біз де жүгірдік.
Жақындап жетпей қорқақтап,
Алыстан қарап үңілдік.

Жанарынан жарқ еткен
Тебіреніп,
Бір құпия жаныма түйіп келдім.

Алтын арқа, жез қанат, күміс тамақ,
Екі көзден қалайша жылыстамақ?
Нәзік жандар сүйеді аялауды,
Алақанға салғанда тірі ұстап ап.

Тірі ұстап ап сипалап еркелетем,
Сағынышты күндерді ертек етем.
Ару киік, жезкиік, жібек киік,
Ел шетіне шалдықпай келсең екен.

Келсең егер аулыма жақын ғана,
Менен басқа пендеге жақындама.
Өзге жаннан үріккенің – нәзіктігің,
Сені атпайды дүниеде ақын ғана.

Сескенгенің деуші едім оқ екен ғой,
Оқтан басқа жауың да көп екен ғой.
Қара жолды қақ жарып өтем дейсің,
Сұлуларда қорқыныш жоқ екен ғой.

08.02.1974

ТОҚСАНДАҒЫ ТОЛҒАНЫС

Лаулаған өрт пе, дауыл ма,
Тоқсандағы толғаныс?
Былтырлар біздің ауылда,
Көзіміз көрді, болған іс.

Ең үлкені – ақсақал,
Бейсенбі деген шал еді.
Келемеж етпес жас тоқал,
Шал болса да нар еді.

Бұлжымай салқын формынан,
Прокурордай кеңседе;
Жылжымайтын орнынан,
Ақ патша кіріп келсе де.

Есігін ашты бір күні,
Бота көз балғын келіншек.
Сұлулықтың дүлдүлі,
Етер емес шегіншек.

Балдырған өңі майса екен,
Дертке дауа шәрбаттай.
Үшып тұрды Бейсекең,
Генерал көрген солдаттай.

Тұңғиық көздер томсарып,
Болса да кімге бұйырған;
Жүрекке тұрды жол аршып,
Жұлдыздай жарық құйылған

Тоқсаннан асқан серіні,
Жиырма беспен жалғады.
Елжіреп тұрған еріні,
Емініп шалды арбады.

Алдына келіп қалғандай,
Бәйбіше есен күндері.
Қуанды дерсің шал қандай,
Баса алмай аттап ілгері.

«Қай баласың, шырағым?
Танытар емес жел күдік.
Ғадетке медет қыламын,
Төрге шық, тұрма телміріп».

Кес-кестеп тоқал тіл қатты:
«Көрші үйдегі келінің.
Шалым-ау, неге тым қатты
Құтырды ескі желігің?»

«Жұмақта көрсем жатармын,
Жарамай мойын бұруға.
Жеткенше қуып батар күн,
Сұқтанып өтем сұлуға.

Жауабым, тоқал, сөзіңе:
Көзімді байла көрсең кек.
... Ішінен айтты өзіне:
«Арманым жоқ өлсем» деп.

1974

КӨП НӘРСЕНІ ҰҚПАППЫЗ

Жаманға берсең қол ұшын,
Өсекке олжа етеді.
Қинала көрме ол үшін,
Қаратып жерге кетеді.

Жақсыға жайлау қабағың,
Ғасырға жыр боп өтеді.
Дүние-ай, сондай сабағың
Кешірек неге жетеді?

Кей-кейде тыныс таппаппыз,
Наданға бақыт үйгенше.
Көп нәрсені ұқпаппыз
Басыңа келіп тигенше.

1974

РОМАНС

Әрі қалғып, әрі ояу
Бөлем көңіл бөлмеске.
Көз жұмулы, жан ояу,
Көне берем көнбеске.

Жүрек басы шетінеп,
Мазасыз жан жабығар.
Мың әуреңе, көкірек,
Кезім көп қой бағынар.

Баяғы жас кезіңді
Айдан анық көремін.
Сол құпия сезімді
Жеткізеді өлеңім.

Сенің де арман түндерің
Бола ма екен ғажайып?
Сағынбайтын күндерің
Бара ма екен азайып?

Сары белде сағымды,
Қуалайды жел ғана.
Қинамашы жаныңды,
Қиналайын мен ғана.

1974.
Алматы

АДАМДАР, АҚҚУЛАРДЫ АТПАҢДАРШЫ

Аққу құс айдын көлді паналайды,
Қарайды бермен қарай, қарамайды.
Көлдегі қамысты емес, құрақты емес,
Ол менің жүрегімді аралайды.

Әніне мезеттер бар тебіренетін,
Құштарлық тұла бойды меңгеретін.
Адамдар, аққуларды атпаңдаршы,
Көрмейік ару құсты көлде жетім.

Мамық төс, ақ тамағы бұлғақтайды,
Маңайды көзбен шолып тіл қатпайды.
Көлде емес, көңіл теңіз толқынында,
Жүргенін біліп-білмей сырғақтайды.

Аңсаймын, асыл құсқа асығамын,
Орнайды онсыз жерде басыма мұң.
Адамдар, аққуларды атпаңдаршы,
Сақтайық мәңгілікке ғашық әнін.

1974

БІР МІНЕЗІҢ ҰҚСАП ТҰРСЫН ҚЫЗДАРҒА

Жақсы әйелді
Еркекке ұқсас атайды.
Кей еркекті
Қыз мінез деп матайды.

Кей пірәдар
Әйелденіп қылмиып,
Кей бикештер
Мұжық болып катайды.

О, еркектер!
Біздер еркек болмасақ,
Жерді жыртып,
Егінді ерте ормасақ;
Жауымыз да
Бізден айыл жимайды,
Барлық еркек
Әйел болып сорласақ.

Әйелдер-ау,
Үйіңдегі күйеуің,
Нәзігім деп
Білесің ғой сүйерін.
Жүрегіңнің жылуына масайрап,
Түсіне біл басын мәңгі иерін.

Болмай-ақ қой сендер еркек біз барда,
Қаңтарларда қалдырмаспыз ызғарға.
Беу, бәйбішем, қанша жасқа келсең де,
Бір мінезің ұқсап тұрсын қыздарға.

1975

ДАЛА КӨРКІ

Тай жарыста
Тұлпар әсте шаппайды.
Жабылардан жеңіл жүлде қақпайды.
Дүлдүлдерден қалмауды ойлап, ойқастап,
Шын сайысқа жарар күйін сақтайды.

Желден жүйрік жез қанаттың бәрі өтіп,
Ел қиналса
Қосқан аттың зары өтіп;
Жүйткіп шығар соңғы айналым жеткенде,
Құлагердей жануары дара өтіп.

Нағыз қыран
Бір-ақ рет іледі.
Оны залым қызыл құйрық біледі.
Қарайғанға тура тартып жол кесіп,
Киік қана еркін заулап жүреді.

Түлкі сайда сылаң қағып қашқанда,
Күлкі қайда қатер көріп сасқанда?!
Тіл тартпайды
Тіліп түсіп аспаннан,
Әккі қыран балағына басқанда.

Көзбен тойлап
Таңғажайып ер ісін,
Тез айырып бүлдірместей терісін.
Ауыл жаққа аттанасың олжалы,
Желіккен ат әрең басып желісін.

Дала көркі
Осынау істің бәрі де,
Көз қанықты бала жастан кәніге.
Тұлпарлар мен
Сұңқарларға құмартып,
Ауыл жаққа қарай берем әлі де.

1975

ӘКЕЛДІҢ МӘҢГІ СЕРІК САҒЫНЫШТЫ

Сыр шертем
Мұңы қалың ескілерше,
Музаға алғыс айтам елтіп ерсе.
Тоғайда соқыр жолдан соқпақ табам,
Тимеген жүген-құрық бестілерше.

Таусылмас шексіз қиял, көп арманым,
Сенсіз де аз емес қой жоғалғаным.
Айырылып ата-анадан жас қалғанда,
Ел жебеп,
Естен кетпес оңалғаным.

Күтпеп ем
Өзің жақтан қатер-қауіп,
Өткінші болды аз күн өтер сауық.
Жүрегің маған құштар жаралса да,
Кетіпті басқа жайлы пәтер тауып.

Шыдаймын
Қауласа да жалын ішкі,
Сау басым болмас бірақ жалынышты.
Әкелдің екеумізге мәңгі серік,
Телегей шексіз бітпес сағынышты.

Қымталар
Ізгілікпен бүгін іргем,
Аулақпын тым ойсырап түңілуден.
Тас беріш жатыр батып жүрегімде,
Сол артық оқыс құлап, түңілуден.

Сұм тағдыр бізді арнайы телімеген,
Әкетті адастырып сені менен.
Сағыныш толқынында тербетілем,
Теңіздей мың теңселсе кемімеген.

1975

КӨЗ ҚИЯҒА ТҮСКЕНДЕ

Жоқ менің
Хал сұрасар жаңа белгім.
Алыстан шала көріп қала бердім.
Кең маңдай, жұқа ерін, акку мойын,
Қалыпты қапелімде бала белгің.

Жоқ десем еш өзгеріс еліккенім,
Көп жылдың тарткан сыйын кеміткенім.
Шіркін-ай, бір күлгенің базар еді-ау,
Өзге емес, көкте күнге еліктедің.

Өте бер дәл қасымнан алаңдамай,
Күмісін самай шаштың саналамай.
Мен жайлы не айтсаң да өзің еркің,
Мен өтем сені өмірі жамандамай.

1975

* * *

Ойнағың келсе толқынмен,
Сексен көл болып тербелем.
Ойланғың келсе ой-қырмен,
Жалғызтау болып тебіренем.

Ғаламат еді-ау мен көрген,
Көкшенің кербез кештері.
Көркіне жаным емделген,
Бір жұлдыз ізі өшпеді.

Жасырдым тұңғыш сезімді,
Шағылар деп тауаным.
Айта алмай кеттім сөзімді,
Күтпедім берер жауабын.

Елестеп тату жас шағым,
Жіберсе тілді сайратып;
Сол жұлдыз ауыл аспанын,
Тұр шығар әлі жайнатып.

1975

БӘЙБІШЕМ ҰРЫСҚАНДА

Осы ма о, құдірет, жұмақ алды?
Сыйлатар, сүйікімді етер сынағанды,
Ей, Мәке! Мәстек мінез пайда болып,
Тұлпарың асауланбай тына қалды.

Ұмыттым десем шапшаң кешегімді,
Тағы да шығарарсың еселі үнді.
Бетіңнен бір сүйгізіп, үнсіз ғана,
Жылырақ салшы дер ем төсегіңді.

Жоқ, маған мін жұқтырмау жараса ма,
Ұрса бер! Қайта баста, жаңашала.
Тергеушім, прокурорым, сотым сенсің,
Тек қана, қорғаушым боп арашала.

22.12.1975

МАҒАН ҚАРАП

Маған қарап,
Наз төгеді жанарың,
О, ғажайып!
Мен неге от боп жанамын?!
Қалған көңіл, шыққан жанды оятып,
Бір көргенде не қуаныш табамын?!

Үңілесің
Маған ауып назарың,
Азаяр ма
Одан сенің азабың?
Топ ішінде үнсіз меңіреу мен-дағы,
Көзбен көріп көңілмен жыр жазамын.

Маған қарап,
Мұңаясың сен неге?
Ынтық зарың
Әлі күнге менде ме?
Жаның рахат тапса мейлің қарай бер,
Бірақ ойлан, қайта оралып кел деме.

1975

* * *

Марал көздер мөлт еткен,
Жаныма шаттық сыйлайды.
Бал шәрбатың шөлдеткен,
Сағындырып қинайды.

Құмарланам, ұмтылам,
Үзіліс деген тумайды.
Жасай алмай бір шыдам,
Асау жүрек тулайды.

Көзге елестеп жастық шақ,
Қасіретің бойды улайды.
Сен жайғандай наз құшақ,
Қайғымды ешкім жумайды.

Кездеспесем өзіңмен,
Жыр жазар ем кім жайлы?
Өкініш еткен сөзіңмен,
Орайды қайта мың қайғы.

197

МЕН АҒЫНАН ЖАРЫЛАМ

Өмір деген ағыл-тегіл арпалыс,
Арпалыста жасамаймын жалтарыс.
Қалар деме
Қай кияда жүрсем де
О, туған ел! Тағдырыңнан қалтарыс.

Мен жегулі, тері кеппес тайыңмын,
Бұтағы мол, көлеңкелі қайыңмын.
Шыңға жібер, тыңға жібер, бәрібір,
Қай жарысқа салсаң-дағы дайынмын.

Сазды, назды созылмалы сырнаймын,
Тыным бермес бір қуаныш, бір қайғым.
Аласапыран қызмет кешке біткенде,
Шам серік боп, шаңқай түстей жырлаймын.

Бұлт сөгілсе жас қыранша көрінем,
Шахталардан кенің болып төгілем.
Біздің жерді аңсап шыққан өрімтал,
Ақ бидайдың сабағындай өрілем.

Айдын көлде аққу құстай қалқимын,
Кең көшеде сәулетің боп шалқимын.
Құйып алшы кеудемдегі барымды,
Қызу пеште қызыл мыстай балқимын.

Шынымды айтам, мен ағымнан жарылам,
Ұлытауды ұмыта алмай сағынам.
Сезімталдық сергектікке сілтейді,
Ағалар-ау! Айтқан жерден табылам!

26.12.1975
Мәскеу

АРМАН

Табады жаным кейде бүкіл емін,
Оянған сақ қырандай сілкінемін.
Лаулаған ішім жалын, өрт мінезім,
Орныгар орындалса бір тілегім.

Жүргем жоқ жылдың шуақ жазын ойлап,
Кім маған күткенімді әзір қоймақ?
Бітпеген істің қамы толғантады,
Біткенін отырсам да қазір тойлап.

Қызмет, ел қамында жол бастадым,
Өзгесін білер нағыз жолдастарым.
Ақындық еліктірді бала жастан,
Өлеңсіз сәтті болып толмас та күн.

Әкім деп мақтар, жақтар жақыным көп,
Ойлаймын үнсіз ғана ақырын кеп.
Тірлікте кімнің тілін мен кесейін,
Соңыра айтса болды ақыным деп.

27.12.1975.
Мәскеу

САҒЫНЫШ САЗДАРЫ

Сарыкеңгір, Қаракеңгір, сай теңбіл,
Бастау берген Ұлытаудай тау зеңгір.
Жағасында Жезқазғандай жазира,
Маған қымбат емес дейсің қай Кеңгір?!

Кеңгірбайлар атын сенен атаған,
Кенді үңгірлер мыс балқытып матаған.
Жер байлығын қопарғалы сан ғасыр,
Оқпан, үңгі іздер жатыр атадан.

Қимай қарап тұр алдымда арыстар,
Сәкен, Тайжан, Баубек, Мұқан, Қаныштар.
Дәл солардан аумағандай көрініп,
Қол сілтейді жолдас-жора, таныстар.

Қол сілтейді кеттің бе деп әріге,
Шахталастар, қызметтестер бәрі де:
«Ата» дейтін атын қойған балалар,
«Балам» дейтін батасы құт кәрі де.

Қыздың ерні сияқтанған жағада,
Болмаса да қызыл гүлдер самала;
Қоштасуға жезкиіктер келіпті,
Қыс қыраулы Кеңгірдегі қалаға.

Азды-көпті еңбегімді бағалар,
Бойымдағы бар қуатты шамалар.
Ақ тілегін айтып жатты, сәт тілеп,
Алатаудағы ел арысы – ағалар.

Қызуында қызық опыр-топырдың,
Ойлап па едім, сағыныш жыр тоқырмын.
Енді міне биік белес деңгейде,
Елес жеңіп, елді ойлап отырмын.

Ей, өскен жер!
Көз алдымнан кетпейсің!
Демеуші едің:
«Сен де бір күн шеттейсің».
Егер менің мүлт мінезім сезілсе
Өзің ғана көп кешірім еткейсің.

Бір ауыз сөз айтуыма мұрша бер,
Сағынбасын мейлі мені қыпша бел.
Тар забойда еске алмаса кеншілер,
Ұрмасақ та ұрғандай-ақ ұрса бер.

Сағынтардай туған алтын алқаны,
Селк етпесе шахталардың қалқаны;
Аққу-қаздар ән салмаса мен жайлы,
Текке өтті де талай жылғы әр таңы.

Еске алмаса іні, аға, достарым,
Қара бастың қамы екен де жоспарым.
Сағынбаса көңілі сынық адамдар,
Бекер болды деп айта бер тоскаңым.

Біреу жақсы, біреу жаман десі бар,
Ақиқатты осындайда шешіп ал.
Кеншілігім, ақындығым – екі жүк,
Тым болмаса екі-ақ рет есіңе ал.

Менің айқын өмірдегі ұраным,
Жерлестер-ау, көп қой әлі құмарым.
Қайда жүрсем өздеріңе сәт тілеп,
Жүректерің болса деймін тұрағым.

Шарықтаса қиялары үміттің,
Кіл қылшықсыз ұлпа таза түбітпін.
Кеңгір байлап Ұлытауға ұл болған,
Қияға ұшқан жезқазғандық жігітпін!

20.12.1975

АДЫРЛАР МЕН АЛЫПТАР

Алыпқа адыр жалғаса өріледі,
Бар назарың сол көшке бөлінеді.
Маршалдар мен солдаттар сияқтанып,
Табиғаттың тізбегі көрінеді.

Отты қырғын соғыста екі талай,
Теңселгенде екі елде екі сарай;
Шағын ғана төбешік тағдыр шешті,
Төмендегі қалың жау маңайламай!

Қаратаулар ел сырын толғамаса,
Алатаулар іргелей орнамаса;
Болар ма еді дүниенің көп ақауы,
Үлкен-кіші бір-бірін қолдамаса?!

Жұмбақтасты Оқжетпес қорғайтындай,
Көкшетаусыз сексен көл толмайтындай.
Кейде маған алыстан көрінеді,
Кішітаусыз Ұлытау болмайтындай.

02.05.1975.
Жезқазған

НҰРЛЫ КҮНДЕР

Кең забойда кенші доспен табысам,
Ен жайлауда шопанға мал бағысам.
Шалқып кеткен шабыты мол шағымда,
Мұхиттардың ар жағымен жарысам.

Ұл-қызым бар,
Орман болдым, жайқалдым.
Шахтер едім,
Ақын боп сыр айта алдым.
Парызымды келеді ғой, туған ел,
Жанған жүрек сөнгенінше қайтарғым.

Алға ұмтылсам биіктерге жетем деп,
Әр ісімді жүрсем жоқтап, бекемдеп.
Өмір, сенің мәнісіңді ұғамын,
Нұрлы күндер, жырлы күндер екен деп.

01.05.1975.
Жезқазған

ҰҚСАЙМЫН ҚАНСОНАРДАН ОРАЛҒАНҒА

Көп жылдар,
Өзіңменен хабарсызбын,
Кетсең де бөктергіде алаңсызбын.
Бірақ та, ақ қағазға арыз айтып,
Кей-кейде жаным ашып,
Амалсызбын.
Келемін күйімді ойлап тәубеге де,
Түспеймін салы-сарсаң әуреге де.
Бірақ та,
Бұлт төгіліп, күн сығалап,
Жарқ еткен жалт қараймын
Сәулеге де.

Ақындар сыр жасырар бола алған ба?
Төрт жолды төге салар тоналғанда.
Жылытып жылы шуақ жанды жерін,
Ол қайтсін
Оралмасы оралғанда.
Барып та,
Бармай жүрміз ол арманға,
Не жетсін жарға қайта қона алғанға?!
Әйтеуір,
Кейде ұқсап отырамын,
Олжалы қансонардан оралғанға.

26.12.1975

АҚ ТЫРНАЛАР

Барады аспандатып ақ тырналар,
Тізілген бұлт төсінде ақ сырғалар.
Қарады ақырғы рет жаутаң қағып,
Ғаламат жер бетінде таптырмаған.

Көз тұрмас көріп тізбек легіңді,
Білсеңші бебеу қакан жүрегімді.
Кетер деп туған жерден кім ойлапты,
Айта алмай қалдым жалғыз тілегімді.

Кең сайда ойнаушы едің лала гүлдей,
Қалды ғой кеткеніңді дала білмей.
Алыстан ғашық әні естілгенде,
Жүрегім лүпілдейді бала күндей.

Сағыныш мұң құйып па, сыр құйып па,
Үштыңдар іліп алып күнді иыққа.
Құс көші ақша бұлтқа кірген сайын,
Барамын терең батып тұңғиыққа.

Жан зекет сыйлы күндер көрген едім,
Толғантты қимай қанат сермегенің.
Тағдырдың жүйрік жүрек бере салып,
Қарашы, ұшар қанат бермегенін.

1975

* * *

Бәйгеге тұлпар кеш қостым,
Үзаққа жүріс созамын.
Не десең о де, беу, достым,
Жұтпаймын мәстек тозаңын.

Ұнатып, әлде ұнаған,
Пендеге арыз шақпадым.
Жырымнан менің бір адам,
Ем тапса сенім ақтадым.

Сәуегей сөйлеп жылтырап,
Бос мақтанға ермедім.
Шешімін тапса бір сұрақ,
Сол болар елге бергенім.

1975

ҚҰЛАГЕРГЕ

Беу-беу, шіркін,
Қайран Құлагерім-ай!
Терең көл кеппей жатқан терің-ай.
Бүкіл қазақ
Аңыз етіп сақтаған,
Топырақтағы ай таңбалы мөрің-ай.

Сұлулардай
Қарғап өткен көрікті,
Оза білген мал да зорлық көріпті.
Жүректерге жүлде салған
Жануар
Бір соқардың сойылынан өліпті.

Арқаланып
Ел шуына көтерген,
Ақырғы рет мәреге есен жетер ме ең?..
Болсам егер
Ат айдаушы Бөрібай,
Сені сақтап
Өзім мерт боп кетер ме ем?!

1975

БІР ҒҰМЫР ЖЕТПЕЙДІ

Асыл нұр құйып тұр,
Қуаныш сөзіңе.
Рахаттан сыйып тұр,
Кең жалған көзіңе.

Ғажап қой биікке,
Қанатсыз ұшқаным.
Ынтыға сүйіп те,
Құлшынтты құшқаның.

Осыған той мінез,
Құлпырдым шаттанып;
Ойлау жоқ, бой күйез,
Тыныстап, баптанып.

Құмарым бір қанды,
Мереке мәз болып;
Байқауға тұлғанды,
Екі көз аз болып.

Көнбеске көнуге,
Табиғат шептейді.
Армансыз көруге,
Бір ғұмыр жетпейді.

197.

МЕТРОДА

Кіріп кеттік метроға анталай,
Бара жатыр асығыста жан талай.
Ығы-жығы желден ыққан жылқыдай,
Үйме-жүйме сорпадағы малтадай.

Табыныңды жерге титім тиілтпей,
Жұла тартты өрге қарай биіктей.
Мың-мың адам үнсіз ғана заулады,
Шұбатылып өрге ұмтылған киіктей.

Жаға, бөрік суда сұқсыр құндыздай,
Жанарлары түнгі сансыз жұлдыздай;
Жолаушылар әмпей-жәмпей түйіскен,
Бір анадан жаратылған ұл-қыздай.

Көз ұшымен қарайды ынтық құмардай,
Қолтық жалғап жанасады сұранбай.
Кейбіреуі шұқшияды кітапқа,
Ақырғы рет жаттап қалар құрандай.

Кейбіреуі тар кезеңде тырысып,
Сәл саңлаудан жөн табады жылысып.
Қысылғанды кешіріммен жарылқап,
Тез бітеді бас шұлғысып тынысып.

Бала күнде бізде осылай асықтық,
Енді міне, ақыл қонып басықтық.
Оқуыңнан он қалсаң да бір жүйе,
Асықтырды бізді сонда ғашықтық.

Түсіп кеттім метроға тағы да,
Мың-мың халық бара жатыр ағыла.
Көпшіл адам келер сепшіл, кезекшіл,
Бәрі керек ақындықтың бағына.

Көшелерде машинамен заулатып,
Өтіп жүрдік жұртқа жанар аунатып.
Енді білдім,
Тым қияндап кетіппін,
Ұшқан құстай биік-биік таулатып.

Мәскеуліктер бара жатыр бұрылмай,
Жүгіреді бір ырғақта бірыңғай.
Жымияды баяу басқан қалпыма
Ауылымсың дегендей-ақ қырындай.

«Ия, ағайын!
Жезқазғандық ауылмын,
Бәсең емес мен де құйын,
Дауылмын.
Түйе мініп космодромға жеткен соң,
Шолпанды іздеп ұшуға да тәуірмін», –

Дегің келіп,
Үндемей де өтесің.
Қыздырмайсың қызулының шекесін.
Баяғыда біз де шапшаң жүгірдік,
Енді іздейміз саспай жетер төтесін.

Кете бардым
Эскалатор астымда,
Шахтер адам
Метроңнан сассын ба?
«Ей, москвичка! Келбетіңді көрсетші,
Асықпашы, москалсың ба, жассың ба?» –

Дегім келіп
Ықшамдалам құр аттай,
Келіншекті көру-көрмеу мұраттай.
Бірақ, бірақ...
Қиғаш қастан қаймығам,
Қасарғанды қала ма деп ұнатпай.

Сонда тағы
Елестейсің сен, жаным,
Баяулаймын адым шақтап тең жарым.
Ұмыттырмайды жас күндегі метро,
Ұмыттырмайды үйде күткен сен барын.

Қоштасар шақ
Ойда жоқта жетіп қап,
Студент кез
Дегізетін тетік тап.
Ең соңғы рет
Сүйіспесек өлердей,
Тұрушы ек қой,
Соңғы поезд кетіп қап.

О, метро!
Жүгірмеймін бүгін мен,
Мәскеуліктер, түсініңдер түңілген.
Қызға асығып
Лекциялардан зытқанда,
Мен де тәуір өздеріңдей жүгіргем.

Қайдан келіп
Қалған деме бұл есті,
Ұлым алды
Эстафета үлесті.
Мен ақырын жүріп бара жатырмын,
Ойға шомып сол күндергі бір ескі.

1975

ҚЫЗЫЛ ҚАЙЫҢ

Бал қайың, бала қайың, қызыл қайың,
Жапырағың сыбырлайды үзім-қайым.
Жарқ еткен көз алдыма қыз секілді,
Оралды қызуы мол қызық жайым.

Ақ білек қызыл қайың еркелейді,
Серілік келсін дейді, келсе мейлі.
Тіл сараң, іңкәр сезім ішке сыймай,
Соңымнан желдей сипап ерсе дейді.

Бал қайың, балдыз қайың, жас аралым,
Ұмсынбай қалай ғана қасарамын?
Бетіме жасыл жапырақ тиіп кетсе,
Қасыма сен келгендей жасарамын.

1975

* * *

Кездескен мезгіл қандай көркем еді,
Үзілмес деген үміт көктемдегі.
Алғашқы татқан дәмің дәніктіріп,
Мезгілсіз мазаласам сөкпе мені.

Аулақпын асыранды өкініштен,
Көз сүзбен көктемге де өтінішпен.
Ашқылтым қалған шәрбат сенде кетіп,
Уызын махаббаттың өзім ішкем.

Алды ғой менен талай өмір өшін,
Бермеді жеңіл-желпі көңіл көшін.
Сен-дағы жарасымды сая таппай,
Адасқан ақ маралдай көрінесің.

Барасың түнгі ауаны тіліп қана,
Алыстан көргенімді біліп қана.
Ғас беріш жүрегіңде қала берсін,
Жасырар күйінішті биік сана.

Батқанда әлдекалай ішіңе зіл,
Кірермін шырт ұйқыда түсіңе бір.
Құпия жұбаныш боп көрінермін,
Сиқыр күш бар екенін түсіне біл.

Қапа-наз қалқымасын келбетіңде,
Ұқсама ұясы бар сен жетімге.
Күңіреніп күйзелсең де күле қара,
Бар-ау деп жанашырым жер бетінде.

1975

СЫР

Таңсығым мөлдір айдын тұнығында,
Беу, достым, аққу-қаздың сырын тыңда.
Бір гәп бар ауыл шеті келбетінің,
Жаныңды баурап алғыш жылуында.

Сүйсінем тұңғышымның қылығына,
Күрсінем тал-бұтаның сынығына.
Таңданып әлі күнге қарай берем,
Атамның қасқыр соққан құрығына.

Сан қызық өзім тіккен қосымда екен,
Ешкімге теңгермейтін досымда екен.
Қабағын келінінің қырау шалса,
Үйқыда жатқан анам шошыр ма екен?..

Көп сыр бар алғаш ашқан әліппеде,
«Сүйдім» деп сөз құраған әріпте де.
Әкемнің бір мінезін ұмытпауға,
Қол ұшын беріп жүрем ғаріптерге.

Әлемді үнсіз барлап отырамын,
Толқытар ел сырының оты қалың.
Қай жерде құласам да құшақтайын,
Бір уыс туған жердің топырағын.

1975

* * *

Лүпілі жүрегімнің шапшаңдады,
Қыз-киік қызықтырып қақшаңдады.
Кел менің, жыр пырағы – Құлагерім,
Бой жазсын суыт жүріс ақ шаңдағы.

Көңілдің күмбірлеген бұлақтары,
Бас қосты, бір арнаға тұрақтады.
Малшынып мол шабытқа
Сәуле шашты,
Жұлдызды көкірегімнің шырақтары.

Кенші-ақын кең шалқуға келер бейім,
Мен неге күдіктеніп елеңдеймін?
Қос кеме жетегінде кетті демес,
Өлеңім тірі жүрсе менен кейін.

1975

ШЕРТПЕ КҮЙ

«Терiскақпай» –
Шертпе күй биігінде.
Сүйсінемін шымшыма иірімге.
Шертіп, жонып көңілді өсіреді,
Өшіреді көмескі күйігін де.

Сынық дыбыс,
Сым дыбыс, үздік тыныс,
Селк еткізер
Сезімтер қызық дыбыс.
Сақ денеңді шымыр күй сүйсіндірер,
Тал түбінде күткендей қылықты қыз.

Кейде әдемі сызылар,
Сыр ұқтырар,
Ынтық етер, ырықсыз құнықтырар.

Сал бойыңды сипалап,
Сап-сап тиіп,
Шық толқыған жаныңды тынықтырар.

Аяң жорға бипылы қинатпастай,
Тық-тық шекіп,
Қоймайды қиғаш баспай.
Ақ көңілді
Қияға жетелейді,
Алған беттен айылды жинатпастай.

Су жорғадай мүдірмес бай талабы,
Бір жаңылмай құбылып жайқалады.
Перизаттай тәтті түс тұманыңды,
Құшақтайды, құшады, айқарады.

Ыстық қана ләззат таратады,
Тыңда, достым,
Тып-тыныш таң атады.
Әлдилесін, тербетсін, тебірентсін,
Ақын солай арбауды жаратады.

1975

ҚОС АНАМ

Дүниеден
Кетіп қалып қос анам,
Босап қалды
Қос қанатым, босағам.
Тіршілікте көрді екен
Не талай,
Түске кірмес
Ғажайыпты осы адам.
Бірің туып,
Бірің мені бақтыңдар,
Екеуің де
Талай мехнат тарттыңдар.
Дүниеде екі бөлек ел едің,
Көз жұмғанда бірге келіп жаттыңдар.

Бірің туып
Бірің жастан бақтыңдар,
Көкірегіме
Әр түрлі сый тақтыңдар.
Екеуіңді жалғастырған жан едім,
Ақыры кеп бір зиратқа жаттыңдар.

Жан жүрегім
Екеуіңнен жылынған,
Екеуің де
Орын таптың жырымнан.
Өзге түгіл өзім-дағы толқимын,
Терең тұнған бұл құпия сырымнан.

Жүрегімде
Екі асыл арна бар,
Қос өзендей
Дария тауып жалғанар.
Екі көзден ыршып түскен қос тамшы
Екеуіңе егіз жыр боп арналар.

1975

САҒАДАТТЫ КӨРГЕНДЕ АЛҒАШҚЫ РЕТ

Сағадат Нұрмағамбетовке

Бақ қонар ер жігітке ақыл жебеп,
Береді тағдыр оған батыл көмек.
Көргенде Сағадатты алғашқы рет,
Сезгенім әрі батыр, әрі зерек.
Кең залда
Елдің ресми салтанаты,
Рапорт берді армия зор таланты.
Үні зор, каз дауысты қазақ екен,
Дүшпанға дабылменен өрт салатын.
Саңқ етті
Саңқыл қағып зор мінбеден,
Самғауық салты қандай көпті жеңген?!

Таңданып, таңдай қағып кең сарайда,
Қалмады тірі пенде серпілмеген.
Аспаннан тік түскендей жарқын жұлдыз,
Жайнатты той төрінің салтын күндіз.
Секілді биік шынар сұңғақты екен,
Сұқтанған естен танар балқып мың қыз.

Қос тілде еркін сөйлер тілі қандай,
Шыққан жоқ бір ауыз сөз иі қанбай.
Дүркіреп Алатаудан жылқы өткендей,
Халайық ду қол соқты бірі қалмай.

Төрдің де дүрліктіру тілегі еді,
Сақ қыран көрген құсын іле келді.
– Жаса! – деп аса қатты тебіренген,
Сүйсінген жұрт қол соғып түрегелді.

1975

ШТРЕК

Шахтада тіршілік тасыған,
Метродан аумайды штрек.
Таза ауа забойға асыққан,
Қуалай жер соғар, күшті леп.
Составтар кен тиеп безенген,
Қырдағы вагоннан іштірек.
Сең көшкен көктемгі өзеннен,
Кен керуен дүбірі күштірек.
Қуантар көз шалған адамды,
Жай тастан жүгі де түстірек.
Шахтердің забойға тік жолы,
Жатады алтын мен мыс тілеп.
Құтты жол соңыра айтарсың,
Штректе дос қолды қысты деп.
Бірлескен іс бітті. Қырдамыз.
Бәрінен сол шаттық күштірек.

1975

СӘКІДЕГІ ӨРНЕКТЕР

Ұсақ тастан оюлап салған сурет,
Сәкіде екен сәнді өрнек.
О, құдірет!
Құшақтасып сұлу мен жігіт отыр,
Геркулестей сом білек, жұп-жұмыр ет.

Сұлу өрнек
Римнің мәнерінде,
Түрлі мәрмәр осында, әдемің де.
Көне сарай – көп ғасыр шежіресі,
Саяттайсың сұлулық әлемінде.

Сауыққандай сағыныш жарасынан,
Бір-біріне кейпі бар жаны ашыған.
Аш белінен айқарған жігіт қолы
Көрінеді қолаң шаш арасынан.

Қан тамырдай тас мәнер қиықтары,
Қозғалады
Қыл кірпік шыбықтары.
Жігіт күрең,
Қыз аппақ күліп отыр,
Жылынғандай жаураған иықтары.

Қара көзін батырға бұрғандай бар,
Махаббатқа салтанат құрғандай бар.
Бізді көріп
Ұялап қалды-ау деймін,

Тоқаш бетте қан ойнап тұрғандай бар.
Ақ денесі опамен сыланғандай,
Ғашық әлди бесікте уанғандай.
Қиюласқан тас емес қарап тұрсаң,
Қуаныштан дидары құралғандай.

Көз тынықты,
Сабырлы, саспай өттім.
Ілби бердім
Жігінен аспай көптің.
Суреттің үстімен жұрт жылжыса,
Тітіркендім,
Бұрылдым, баспай өттім.

Қарап қалды жан өртеп, көз тесердей,
Не айтайын тұжырым сөз кесердей?
Мозаика көрсем мен шошып кетем,
Қарсы алдымнан сол сұлу кездесердей.

1975

БУДАПЕШТІ КӨРГЕНДЕ

Жатыр Дунай гүлдендіріп,
Буда мен Пешт арасын.
Сансыз көпір түрлендіріп,
Жалғапты егіз жағасын.

Көшелерде сәулет қандай,
Мың-мың мүсін үйлескен.
Жылжып жүрген ғашықтардай,
Бір ырғақта билескен.

Тағы да бір таң қалысым:
Түрлі мәрмәр жамылған.
Әсем әуен, жақсы ән үшін
Сәтті сөздей табылған.

Зор бейнеге денем ысып,
Тұрдым Геллерт тауында.
Ол – әкелер оққа ұшып,
Оралмаған ауылға.

Тас ескерткіш, сол монумент,
Бізге сыры нанымды.
Мадиярларға алғыс, құрмет,
Ән де, сөз де ағылды.

Тебіреніс мол келбетімде
Талай сезім тоғысқан.
Ән де, сөз де жер бетінде:
«Сақтан, – дейді, – соғыстан!»

1975

ОЯНУ

Тебіренсем ой толқыны басқарады,
Әр істің көрінеді басқа мәні.
Тіршілік барлық күні бәрімізге
Таң емес, оянудан басталады.

Бар өнер
Осы біздің ақындықта,
Өмірге шын жүректен жақындықта.
Ұзарттық көрер күнді ерте оянып,
Шалғайдан атар таңды шақырдық та.

Көз қорқақ, қол бастап жүр батылдыққа,
Қинайды жетпеген іс татымдыққа.
Ұзарттық өтер күнді осыны ойлап,
Кешірек батар күнді батырдық та.

Кей адам күн батса да жасқанады,
Өнердің жанға серік басқа мәні.
Күн емес, ойлап тұрсам бүкіл өмір,
Көкірек оянудан басталады.

1975

* * *

Алғашқы қарды күн сүйіп,
Жасқантты көзді тұрғызбай.
Құйғытып өтті қыз-киік,
Сағыныш мойнын бұрғызбай.

Адасқан мал жоқ еңісте,
Құстар да кетті ұялап.
Сонарда содыр кезіксе,
Сойылға жықтым қиялап.

Басылды аққан сарқырап,
Тентек өзен құдіреті.
Бер жағымен жарқырап,
Сыр бермейді су беті.

1975

* * *

Қуанам жерге гүл ексең,
Құмарым сол ғой жастайғы.
Жаныңа сұмдық түнетсең,
Жүрегім есік ашпайды.

Саяма келсең самалдап,
Жырыма терем гүл азық.
Жақсыны жүрсең жамандап,
Қаламын мүлде құлазып.

Бәйгеге бірге барсаң да,
Құлагер болып жарысам.
Озсаң да, кейін қалсаң да,
Ақ ниетпен табысам.

1975

Төртінші
бөлім

(1976-1978)

ЖЕЗҚАЗҒАНЫМ!

Жезқазғаным!
Көз алдымда тақ шағын,
Жез қазып ем,
Жыр жазып ем қанша күн.
Даналардың аяқ басқан жері деп
Бір өзіңді қаршадайдан аңсадым.

Аңсап келдім,
Қанат қақтым өмірге,
Кенім, жырым бірдей келді төгілме.
Қимасам да құтты жолға жұмсадың,
Жұлдызым бар сенің бұлтсыз көгіңде.

Жер екенсің ақынжанды жаралған,
Қаныштардай арыстардан нәр алған.
Сен қуансаң
Жас баладай күлімдеп,
Меже берер маған-дағы бар арман.

Көшеңде жүр,
Құрдастарым, достарым,
Оларға айқын менің өмір жоспарым.
Атымды атап, ізім жатса қуанам,
Жүрегімнің гүлі еді ғой тосқаның.

Шаш ағарса
Жаңсақ қадам баспауға,
Жасағам жоқ өзім үшін жан сауға.
Сәулетіңді көркейтуге асықтым,
Сайрандарды айырбастап шаршауға.

Кейде өкінсем
Біткен істен мәз алмай,
Кеткен жоқпын кенді көптеу қаза алмай.
Келемін ғой риза болмай өзіме,
Өзің жайлы шын құлаштап жаза алмай.

1976

КӨКШЕ ҰЛЫ

Мұса Асайыновқа

Жалғызтау қалың бұлт жамылыпты,
Сырымбет сылқым ұлын сағыныпты.
Қайтсін-ай, қамыс құрақ көңіл айтып,
Қамсақты тоқтай қалып қамығыпты.

Ақбура жүдеп өңін ескіртіпті,
Сұрша қыз қолаң шашын кестіртіпті.
Сыңсыған аққу-қаздар гәккумен,
Сексен көл Оқжетпеске естіртіпті.

Бауырым, салтанатты сауығым ең,
Ауылымды әнге ораған тәуірім ең.
Туған ел сақтарындай сақтады ғой,
Бір емес жиырма бес жыл ауырып ең.

Молдахмет, Нұрқандармен бірге ән салдың,
Балқыдың базарында күй-кәусардың.
Жез таңдай, күміс көмей қалдығы едің,
Ақанның, Үкілі Ыбырай, Біржан салдың.

Он жастан атыңды атап ертек етті,
Көкшетау, Есіл, Ертіс еркелетті.
Аялап алақанға салып алып,
Ойламас келер күнді тентек етті.

Сын ермес бүгін көңіл сынығым көп,
Айтпаймын бәрін жеңіл ырымым деп.
Тек қана көз жұмарда ұқсаң болды,
Көкшенің ұмытылмас ұлымын деп.

1976

* * *

Қанаттымын,
Бәрібір ұшамын мен,
Ұшпай қайтем, жаралса құшағым кең.
Аспандағы ең жарық жұлдызым ең,
Қолым жетті, армансыз құшамын мен.

Аққу-қазға сөйлер тіл үйретемін,
Ақ маралды алдымда билетемін.
Өзіңе ұқсас гүлдерді теріп беріп,
Өміріңді ғажайып сыйлы етемін.

Көкірегімде тасиды күй дегенің,
Бәрін айтпай көп сырды түймеледім.
Мақтанышым – намыскер адалдығың,
Менен артық ешкімді сүймегенің.

1976

ӘБІШТІ ҚЫРЫМДА КӨРГЕНДЕ

Теңізге келдім өр жойқын,
Жүруші ем мауқым басылмай.
Бұрқырап жатыр көк толқын,
Әбіштің бұйра шашындай.

Дегбірсіз ол да қарайды,
Дельфинге қолы жетердей.
Шолып тұр шалқар маңайды,
Теңізді кешіп өтердей.

Кездесу өмір заңы екен,
Риясыз ашық таныстым.
Ойлы да бойлы нар екен,
Болардай зоры арыстың.

1976

ӨЗІҢДІ, СӘУЛЕМ, САҒЫНДЫМ

Мәриямға

Өзгеден өзге
Оралып көзге
Табылдың.
Оқалы құндыз,
Омырауға жұлдыз,
Алтыннан алқа тағындым.
Көре алмай көптен,
Көркіңді көркем,
Өзіңді, еркем, сағындым.

Ән келіп сонда
Домбыра қолда
Ағылдым.
Назды күй шалқып,
Наздана қалқып
Ләззатқа зәузат табындым.
Еркелі дәурен,
Елестеп әурең,
Өзіңді, сәулем, сағындым.

Аңсатып басқа,
Демеспін доска
Жаңылдым.
Керексіп қақсап,
Өзгені аңсап,
Келмейді босқа сабылғым.
Ақ марал марка,
Ақ бидай, арпа,
Өзіңді, қалқам, сағындым.

1976

* * *

Әкімдіктің әділ сырын білмеген,
Күндейді ғой жазып жүр деп күнде өлең.
Мемлекеттер өшкен кезде соңыра,
Тек ақындар түспес төрде мінбеден.

Біл, мінеки, сол беймаза сырымды,
Мерекеле мейірім толы жырымды.
Ақын-әкім, әділ әкім дегізер,
Тіршілікте бір көрсетем қырымды.

Осынау ойдың адамзатқа бар мәні,
Ел билеуге Абай да күш арнады.
Әкімдікке ар-ұятты аңсаған,
Шоқанның да бар еді ғой арманы.

Әділ әкім көрсетем сан қырымды,
Мен сонда да тастамадым жырымды.

1976

ҚАЙЫРЫЛМАЙ КЕТПЕСІН АЛМА МОЙЫН

Олжа түсті,
Құт келді, олжа түсті,
Ақтаңдақта қасқалдақ торға түсті.
Ас тасыған бүлдіршін ақсары қыз,
Тап қасыңда, Әбіш-ау, колға түсті.

Өліп-өшіп жеткендей сұлап түсті,
Көріп қалшы сыртыңнан ұнатқышты.
Бұйра шашың оралып буынына,
Шырмауықтан шыға алмай құлап түсті.

Жасырмаймын көрініс ұнағанын,
Тез ұлғайтты көкіректе жыр алаңын.
Ырым еттім ішімнен
Қырым қызы,
Қазағымның қасына құлағанын.

Үміттенсе сәл ғана үңілгендей,
Бей-жай қалдың арудың түрін көрмей.
Не де болса байғұстың өзінде бар,
Өлер бала молаға жүгіргендей.

Құлап түсті-ау, бой бермей асау жігер,
Сүйеніш бол,
Жәдігер тасаңды бер.
Ақан Сері, Махамбет ұрпағы едік,
Ол сұлу ғой...
Бір жәрдем жасап жібер.

Түйір асты аузыңа салмақ ойың,
Таста деймін, табылар алда тойың.
Тез көтеріп жіберші,
Көңілі қалып,
Қайырылмай кетпесін алма мойын.

1976.
Қырым

БҮГІНГІ ЖАЗҒАН ӨЛЕҢДЕР

Алыста жаткан асулар,
Бертіндегі белеңдер.
Сендермен дидарласуға
Туыпты бүгін өлеңдер.

Оятып намыс, ұятты,
Оңай ма парыз төленбеу?
Қиямет-қайым сияқты,
Қисынсыз сөзбен көлеңдеу.

Қамысты, құрақ, қияқты,
Көрсем деп жаным елеңдер.
Көктемім келген сияқты,
Бүгінгі жазған өлеңдер.

Бітпес те зерлеу шалғайды,
Телміртер түпсіз тереңдер.
Болашақпен жалғайды,
Бүгінгі жазған өлеңдер.

1976

КЕНШІ СЫРЫ

Бею, муза! Ен шабытқа бөледің бе?!
Бармаспын ел сырынан бөлек үнге.
Ояу сөз, бояуы айқын, дыбысы ашық,
Терең ой мекендесін өлеңімде.

Әкелер кан майданға ерте кетіп,
Балалық жіберген жоқ еркелетіп.
Үйрендік іске обыр, тілге сараң,
Мың ойлап айтар сөзді келтелетіп.

Кешегім боларлықтай бүгінге сеп,
Сарқылмас заман мұңы үнімде көп.
Кен қаздым кейбір ділмар айтпасын деп,
Білгені, бітіргені тілінде деп.

Түспесін титім нұқсан ар-намыска,
Салтым жоқ жан сауғалар қалтарыста.
Аралдың айқасында шаш ағарды,
Жүрмей ме нағыз ақын арпалыста.

Қопарған Жезқазғанда жезім өлең,
Телегей болып кеттім өзім өлең.
Қыздырып ішкі намыс асыл тасқа
Қараймын ақын-кенші көзіменен.

Талпынсам туған жерден алыс қонып,
Қуандым Жезқазғанмен таныс болып.
Шіркін-ай, арман еді ұқсап калу,
Дүниеден өтпесем де Қаныш болып.

Осыны демес достар бекер еді,
Жер тілін білу ынта еселеді.
Сырым сол: Қаныш аға зор атағы,
Көкшеден Ұлытауға жетеледі.

1976

БОЯУДЫҢ МӘНІ БАР

Бояудың мәні бар,
Абайлап танып ал.
Түр-түсі келіскен
Суреттің жаны бар.

Аттылы-жаяулы,
Ұйқылы-ояулы;
Тірлікке қарашы,
Бәрі де бояулы.

Қызғылты – іңкәрлік,
Ақбозы – тұлпарлық.
Сарғылты – сағыныш,
Көкшілі – сұңқарлық.

Жасылда тірлігің,
Ағында бірлігің.
Бояусыз айырар
Өмірде кімді кім?!

1976

СТУДЕНТ БАЛА – ДИРЕКТОР

Қоңқа Ғабдуллинге

Бала едің сен,
Мәскеуде оқып жүргенде,
Сүйеу болдың ауылдай қонған іргемде.
Шәйнегіңді салдырлата шабушы ең,
Шұбатылып достарың іздеп кіргенде.

Бала едің сен,
Жиырмаға жетіп жетпеген,
Анаңның сүті аузыңнан әлі кетпеген.
Ақ жарқын едің, сенгіш, нанғыш, бауырмал,
Сыпайы қалпың
Құрбыға кулық етпеген.

Жоқ еді күндер
Серілікті шектеген,
Жоқ еді бізде
Ақшадан басқа жетпеген.
Есіңде ме, үстіміздең бес жылдай,
Қара кепке,
Қаракөк плащ кетпеген.

Тиынды шақтап,
Түбіттей созып түтуші ек,
Барында базар,
Жоғында бірдей бітуші ек.
Кәстөм-шалбар
Тым тегіндеп кетердей,
Апрель сайын «снижениені» күтуші ек.

Келуші ең маған
Жүгіріп шауып кейде сен,
Тоқтамаушы ең
Ғашық жайлы сөйлесең.
Алматыдағы сары қызды мақтаушы ең,
Тыңдамадың алысты достым қой десем.

Алысты сүймес
Жақынды сүйе білмеген,
Алыстың сырын біл деуші едім
Бір менен.
Алыстағы махаббатар ойқастап,
Өкінтіп өртеп,
Көкірегін кімнің тілмеген?!

Біз мәскеулік қыздарға барып жүргенде,
Кітаптан бас көтермедің құс-пенде.
Екеу-екеу
Біз ауылға аттандық,
Сен кеттің жалқы
Бес жылғы оқу біткенде.

Көп айттым ба студенттік күй-жайды,
Көргенде сені,
Көкірекке бәрі сыймайды.
Бүгінгі күннің бақытын солай бастап ек,
Бұл күнде болдық отбасылы, үй-жайлы.

Айтпассың қалай
Көңілде көп-көп деректі,
Өткенді естен шығармау әсте керек-ті.
Жиырма жыл өтті,
Мәскеуде, міне, кездестің,
Студент бала – бүгінгі дөкей директор.

1976

ЖӘЙРЕМ ЖЫРЛАРЫ

Жәйрем десең құлақ түріп тынады ел,
Ал, айтайын керегіңді сұра, кел!
Ең алғашқы іргетасын қаласқан
Мен де бүгін көптің бірі мұрагер.

Кіші Жәйрем, Үлкен Жәйрем, «Үш қатын»,
Жәйрем дейді жалпылаған қысқа атын.
Жайсаң жерді әлі талай жырлармын,
Ауылдастар, асықтырып қыспа тым.

Жер бетіне жарқын жаткан бай кендік,
Бай кендікті игеруге сай келдік.
Ей, замандас!
Шақырады жас қала,
Үлкен бақыт болып өту жәйремдік.

Нұр жауады ер жігіттің бағына,
Қасиетті іс қарсы алады сағына.
«Жолың болсын!» дегендерге жауап бер:
«Барамын, – деп, – Қазақстан БАМ-ына».

Жәйремге

Табады тау қопарсам тағат жаным,
Іздеймін жердің ғаһар қабаттарын.
Забойдан салтанатпен қырға шықсам,
Келеді әнді кенге сабақтағым.

Сарыарқа қалаланды мидай далам,
Сарысу жағасына сыймай барам.
Әр үйді өз қолыңмен орнатқан соң,
Кетуге екі айналып қимайды адам.

Ашылса алтын астау Жәйреміз,
Бақшадай жеміс толы бай кеніміз.
Жүйріктей байтақ елге олжа салған,
Кеншілер жүлделіміз, бәйгеліміз.

Жәйремім, еңсек биік, ширақ күшің,
Қарышты, қарқыны мол сыйлатты ісің.
Қызығып қарай-қарай қанат қаққан,
Құрдасы Байқоңырдың сияқтысың.

Танысу

Жәйрем деген
Қазақтың бай даласы.
Сарысудың алтын алқа сағасы.
Сағаттық жер
Самолетке салт мінсең,
Жезқазған мен екеуінің арасы.

Жас келіндей,
Күлім қаққан жайраңдап,
Сымбатты өлке,
Көз қанатын қайран қап.
Сулы құмдақ,
Нулы құрақ арасын,
Жүреді екен
Мың-мың киік сайрандап.

Дархан дала, сұлу, кербез, сабырлы,
Үкілі айдар шоқы, төбе, адырлы.
Миллиардқа мықты үлес қосатын
Құт орнаған құнарлы жер кадірлі.

Жазирасы, жадырасы аймақтың,
Үлпікері сүт бетінде қаймақтың.
Жеріне сай батыл тұлға ерлері,
Жігерлері бұлағындай қайраттың.

Көзкөрімде Ортау, Ақтау бауыры,
Сәкен, Қайып, Дайрабайдың ауылы.
Сейфуллин-мұрт серілерге лайық,
Жүрек жұтар қыз-келіншек тәуірі.

Мирасы мол, дәстүрі көп атақты,
Аудандарын Жаңаарқа деп атапты.
Жаңа десе көрген жанды қуантар,
Тұрмыс-салты қалалыққа тақапты.

Мекендері сары жайлау, былқылдақ,
Қозы, бағлан белдеуде жүр тымпыңдап
Салыңқы төс, саба қарын жылқылар
Суатта тұр құйрық-жалы жылтылдап.

Алақанда өрдегің де төрдегің,
Бәрі осында ең ғажайып көрменің.
Қойлы қазақ ұлымыз ғой бәріміз,
Сарысудың қойындай қой көрмедім.

Қойды мақтау емес шығар жаңалық,
Соңында көп өтіп те еді балалық.
Тоқтылары күзгі семіз торпақтай
Тұсағы тай-тайыншадай аналық.

Мамыр бөксе май жинағыш матаған,
Мама қарын, қысқа сирақ жатаған.
Құшақ жетпес, құлаш құйрық еділбай
Асыл тұқым келе жатқан атадан.

Сүті бұлақ сүйінішке бұйырған,
Табын толы шымқай қызыл сиырдан.
Жануардың жат қалығын қарашы,
Әбден тойып мұрындарын жиырған.

Басқа-басқа байлықтың бар талайы,
Жұмақ жайлау бұл Жәйремнің маңайы.
Қандай жақсы шөлейттерден алшақтау,
Жаңа ашылған асыл кеннің сарайы.

Шопандардың жұлдыздары жарқырап,
Шұрқырастық Жәйрем жайын талқылап.
Комбайндар өтіп жатыр еңісте,
Сәкен мінген ақбоз аттай арқырап.

Кен игеру, жер суару амалы,
Бар сиякты Жәйрем жақтан хабары.
Жас жігітке ерке Ертіс елігіп,
Келе жатыр ғашық қыздай каналы.

Табиғаттың бар шұрайын татқан жер,
Жәйрем жүйрік – жүлде алар ақтангер.
Сол саялы жайлы, сайлы беткейдің,
Тереңінде металл тұнып жатқан жер.

Пісе қалсаң жаңа шахта күбісін,
Ести барсаң қос карьер дыбысын;
«КРАЗ»-дардың арқасында көресің,
Алтын, мырыш, жез, қорғасын, күмісін.

«Үш қатын»

«Үш қатын» – Жәйремдегі жердің аты,
Хабарсыз қай заманнан белгі заты.
Әр сақта аңыз айтқан ақсақалдар,
Жорамал жөн іздеуге берді хақы.

Болды ма бір бабаның үш қатыны,
Үш түтін, жылтыраған сыртқа түрі.
Қосылтқан үш домбыра, отыз саусақ
Күйгін күйге айтып қысқа тілі.

Тұжырым, мейлі, бекем байламайын,
Қиялды бірақ неге қайрамаймын?
Сазды әуен елікпелі ел жаттаған,
Қалды ма күйлерінде Дарабайдың?!

Елде көп,
Басқа әңгіме ұшпа тілі,
Дәлге сәл оралардай іс татымы.
Бір күнде үш арудан айырылды ма,
Қазақтың қырау қабақ үш батыры?

Тағдырдың ел кездесіп кермегіне,
Батыл жау қанды қылыш сермеді ме?
Кеселден құтылам деп барымтаға,
Япырмау, үш келіншек бергені ме?

Үш сұлу қайғы-қасірет шекті ме екен?
Көз жасы Сарысу боп кетті ме екен?
Жас батыр апаларын арашалап,
Сүйегі елге есен жетті ме екен?!

Білмеймін, әлде аңыз сақтады ма?
Үш ұя үш анасын таппады ма?
Жүргенде елді ойлап, жидек теріп,
Құландар үш әйелді таптады ма?

Тарихқа үш оралып, үш шегінсек,
Аңызға ақын сенгіш, құс көңілшек.
Тұзкөлдің тұнығына кеткендей бар,
Жауға күң болмаймыз деп үш келіншек.

Тереңде олар мәңгі тынықты ма?
Кез болып кен оралған құйықтыға.
Көмкеріп алтын-күміс аруларды,
Қорғасын, мырыш қоршап бұйықты ма?

Қазіргі Жәйремдегі жас мамандар,
Зерделе, тарих сырын тастан аңғар.
Шахта ашып,
Карьерді кеңейткенде,
Үш ана атын сызып тастамаңдар.

Шешім

Москвадан
Министр келді Жәйремге,
Барлаушыларды тергеуге салды әудемде:
«Айтыңдаршы!
Кенелтесіңдер, жолдастар,
«Цветметті» кажеті көп қай кенге?»

Түсіндіріп жатты,
Сары жігіт арықша.
Қызық кой, шіркін,
Қыртыстар сыры қанықса.
Жүзі жылы, нұрлы туған жан екен,
Үксап тұрды,
Кей мінезі Қанышка.

Қызған кезде ол,
Шешті брезент шекпенін.
Мысалдады Кайнезойда шөккенін.
Министр айтты:
«Мезозой бар ма, шырағым?
Тонналап айт,
Қанша екенін көп кеннің».

Іскер тарлан,
Барлаушыларды сөкпеді,
Сұрақты кайтып төкпеді,
Көмек беріп жөптеді.
Содан кейін акселеу басын
Бір сипап:
«Олқы жер емес,
Кені де, рас, көп», – деді.

Алматы келдік,
Министрге еріп ауылдан.
Самолетімізді қолтықтап бұлттар сауырдан.
Алатауда сел тасып жатты,
Сол жылы,
Жұмыстары ауыр екен ауырдан.

Қарбаласта,
Жасалды қызу мәжіліс,
Зердеге салды болмасын деп жаңылыс
Қолдады бәрін үлкен басшы ағалар,
Басталды солай,
Жәйремдегі қалың іс.

Үлкен карьер дүбірі,
Ұлы істерді,
Қызық қой елдің бастауы,
Жәйремнің де,
Шешілді сәтті шашбауы.
Тау жаңғыртқан
Дүбірден ғұмыр басталып,
Үлғая берді үлкен карьер астауы.

Экскаватор,
Жартастың жолын алқымдап,
Ауыз салды
Көпшігін кеме ауқымдап.
Ақсары құмды
Қаракөз жігіт ашқанда,
Келіншек сутас
Жымың қақты жарқылдап.

Тына қалды,
Егіншілер де қырманда,
Атылған дәрі
Жотаның жонын жұлғанда;
Анталап қарап,
Саяда жүрген киіктер,
Біздермен бірге
Жүргендей болды думанда.

Сарысу жақтан,
Аққу-каздар қаңқылдап,
«КРАЗ»-дарға
Біраз ән қосты саңқылдап.

Забойға қарай,
Рульді бұрған іниміз,
Құлшына түсті,
Қимылы ширақ қарқындап.

Үлкен Жәйрем кеніндей
Жатқан сақталып,
Сыр көп еді-ау,
Жүректі көрсем ақтарып.
«Құтты қонақ екенбіз!» деп қуанды,
Жайлауға қонған
Космонавт достар шаттанып.

Жер бермеген директор

Совхоз жері жаңаарқалық «Жеңістің»,
Шүйгін, шалғын, шұрайы бай егістің.
Батыр жігіт – сол кездегі директор
Жұмабеков жолдаспен де көрістім.

«Тереңінде бар телегей қорғасын», –
Дегенімде күрт шайқады ол басын.
Қала салар орын түгіл ошақтық
Кесіп айтты, шөкім аумақ болмасын.

Қиын екен сұрап бару жалғанда,
Жігітім-ай, тез ұмытып қалған ба?..
Дәм татысып дос болып-ақ жүруші ек,
Қарағандыға жиналысқа барғанда.

Білсек-тағы ақыр болар жол құтты,
Әй, не керек, бастық бізді толқытты.
Шахталардан шыққан суды тыймасақ,
Прокурорға жолдаймын деп қорқытты.

Мұның бәрі адам сенбес құбылыс,
Керек емес маған жығу, жығылыс.
Тап өзімдей бертін бәрін түсінді,
Ақылыңнан айналайын Ыдырыс.

Қуанады Жұмабеков Ыдырыс,
Жай қыдырыс болмады сол жүгіріс.
Бұл күндерде Жәйремді өзі мақтайды,
«Біздікі!» деп даладағы бұл ырыс.

Хикая

Жәйремнің
Аты әйгілі ел ішінде.
Сүйсінер сәтті қадам желісіне.
Жігіттер сұрап жатты хал-қадірін,
Сәт тілеп болашақтың жемісіне.

Ауыр жүк азаматқа жанған үміт,
Мүмкін бе жақсы үміт болмақ ұмыт?
Сұрады жерлестері әңгімесін,
«Қалай?» деп директор боп
Барған жігіт.

Жаңа жер баян етіп іс татымын,
Жалпы айттым,
Құпияға қысқа тілім.
«Директор ақылды екен, бастап жатыр
Қос Жәйрем және тағы «Үш қатынын»

Тігіліп Жәйрем десе құлақтары,
Құптады жайлы хабар ұнап бәрі.
Тек қана қара меңді ақсары әйел,
Түйіліп, қабақ шытып ұнатпады.

Деді ол:
«Мақтамаңыз қалашықты,
Директор,
Ол не қылған дана шықты?!
Үйдегі бір жұбайын жарылқамай,
Үш қатын пайда болса жарасыпты».

Үшынткан әңгіменің әсері еді.
Ұқпаппын мен де болған мәселені.
«Үш қатын» жердің аты дегенімде
Әлгі әйел өңі кіріп,
«Бәсе!» деді.

1976

ЕҢ ЖАҚСЫ ӨЛЕҢ МАЙДАҒЫ

Майдағы туған өлеңдер,
Мазасыз күндер белгісі.
Көңілде сансыз елеңге
Келмейді адам сенгісі.

Ауаны жұпар жуыпты,
Ашылып көктем дүкені.
Сол сәтте Майра туыпты,
Әнекей, гүлдің үлкені.

Қайда деп өлең қаймағы,
Кітаптан іздеу бекер-ау,
Ең жақсы өлең майдағы,
Майрашым менің екен-ау.

1976

СЕЗІМ ГҮЛІН ЕЛГЕ ҰСЫНАМ

Көшкен бұлтты
Мен өзімше түсінем.
Ойымдағым табылады ішінен.
Аз саңылаудан күнді құшып төрімде,
Шаңырақтан айды алдыма түсірем.

Қызып кетем
Бақытты той-думанға,
Жел жетелеп жігіт қызды қуғанда;
Абылайлап қосқан атын ел тосып,
А, құдайлап балуандар бел буғанда.

Бір күй үшін астымдағы атымды ал,
Әнші-күйші – маған туыс жақындар.
Кең дүние көкірегіме сыяды,
Шарт жүгініп айтысқанда ақындар.

Масайраймын
Кездескенде достарым,
Майдай көрем
Құрдастардың оспағын.
Бәрі барсың менің көңіл көрмемде,
Ел тілегі, болашаққа жоспарым.

Ағаларға, жеңгелерге еркемін,
Інілерді игілікке ертемін.
Татулыққа кенші мінез берікпін,
Егескенге ерік бермес келтемін.

Мен де талай
Қиындыққа тоғысқам,
Менің де әкем каза тапқан соғыстан.
Қолда барды аяп қалар жерім жоқ,
Өзіме де бүкіл дүние болысқан.

Соның бәрі толғайды да тербейді,
Қуаныштар көп күттірмей келмейді.
Қысқа күнде қырық сұрақ өмірім,
Шешім табу оңай бола бермейді.

Біткен ісім аз болғанға қысылам,
Бұлтты еңсеріп
Күннің шығам тұсынан.
Содан барып шабыттанам, шалкимын,
Сезім гүлін туған елге ұсынам.

1976

БІР ДОСЫМНЫҢ ШЕШІМІ

Көңілдің жұмбағы көп шешілмеген,
Кешірдім, тура айтып кешірмеп ем.
Сыр шашпай ащы-тәтті жыр жазсам да,
Ешқашан жаттық жасап тесілмегем.

Сұңқарсыз сиқың кетіп сұқсырменен,
Жылжисың көлеңкелі тұкпірменен.
Өртеніп кете жаздап, ыза кернеп,
Өтесің бөгде адамдай түк білмеген.

Кездес деп, амал құрып азғырмаймын,
Оңаша тап болсаң да наз құрмаймын.
Еңсеңді көрсетіп жүр баяғыдай,
Мен сені ешқашан да жазғырмаймын.

1976

ҚАМСАҚТЫ

Ауылымның өзені алдымда,
Ол келді, әлде мен бардым ба?
Балалық базары аңсатты,
Жағаңда қалдырған Қамсақты.

Таусылмай айтар наз іңірден,
Үрсады-ау апам деп жүгірген.
Өзіңдей қарайлап жан-жақты,
Жүгіріп барады Қамсақты.

Алғашқы кездескен кезімдей,
Жүректе жылт еткен сезімдей.
Сүйіскен толқындар тамсантты,
Сыбырлап ағады Қамсақты.

Сен берген ақ түбіт бөкебай,
Секілді желбіреп өтеді Ай.
Сағындым, сағыныш шаршатты,
Жағаңа жетсемші, Қамсақты.

1976

САҒЫНЫШ САЗЫ

Ән салма, қалқам,
Ауылды аңсап мен барда.
Онсыз да болам,
Өзімнен өзім дел-сал да.
Аз ғана күндер
Сағынбай жүрген болайын,
Одан да менің
Көңілімді аулап сен де алда.

Алғысым мол ғой
Саулығымды ұққанға.
Сағынышымның сырын тінтпе,
Сұқтанба.
Көрсең ғой, шіркін! Ұлытаудың етегін,
Қызыл-сары, қаракөк гүлдер шыққанда

Қырмызысы – қызыл ішік киген қыз,
Сарғышы бізді
Білдірмей сырттан сүйген қыз,
Қаракөгі...
Көрші ауылдан емес пе?..
Бір мені ойлап,
Айықпас күйік үйген қыз.

Байқамаппын
Биылғы жаздың келгенін,
Жезкиіктің
Із тастап жолда желгенін.
Қос көлге барып
Аққуға қарап отыру,
Елестеп кетті қисапсыз қызық ермегім.

Шомылар еді-ау,
Алдыма жайып қос қанат,
Өзеурер еді-ау,
Өзгеден артық дос санап.

Телміртер еді-ау,
Көз алдырмай еріксіз,
Тәуелсіз етіп,
Айдалаға бос қамап.

Елжірер, шіркін,
Мейірімді жүзбен аялап,
Қалғып та кетер
Рахат тауып саялап.
Сондай сәтте суға келген жезкиік,
Күн қайда, шіркін,
Жатсынбай бүйір таямақ?!

Көре алмай қалдым
Өртеңге шыққан көгіңді.
Тере алмай қалдым
Тотылар төккен көп үнді.
Аңсады жаным
Майсалы дала қымызын,
Балбырап тұрған Майсары жеңгей,
Масайрап күлген лебіңді.

Көрліңдер ме,
Биылғы дала жауынын?
Саф таза ауа,
Толағай тоғай бауырын?
Естіліңдер ме,
Кісінегенін құлыншақ,
Қоңырау дауысы
Сұранып бие сауынын?

Шұркырар еді-ау,
Жүректі көкке ұшырып,
Дүниені бүкіл,
Көз көрімнен ысырып.
Ұмтылар еді-ау,
Жалғызына кер бие,
Өзімді еске,
Анамды еске түсіріп.

Ән салма, қалқам,
Ауылды аңсап мен барда.
Онсыз да болам,
Өзімнен өзім дел-сал да.
Аз ғана уақыт
Сағынбаған болайын,
Одан да менің
Көңілімді аулап, сен де алда.

1976

* * *

Үміт, қауіп, уайым,
Қайсыңды қалай ұғайын?
Сендерсіз күнім не болар,
Пәтуа қайда, құдайым?!

Жабыстың жастай уайым,
Шашымның көркі сыңайым.
Қиындық көрген көп еді,
Қуанышқа да шыдайын.

Қауіп зәулім жау екен,
Аңдаусызда сау етер.
Үзілмес үміт күш берді,
Тұлпарым болды тәуекел.

Жан емеспін тоқмейіл,
Шалғайда жолды сөкпейін.
Сағыныш мені қыспақтап,
Үміттен бірақ өт кейін.

Ешқашан сөнбес үмітім,
Ол менің ішкі үгітім.
Үмітсіз күні туғанда
Жоғалды дей бер жігітің.

22.05.1976

ҚЫЗ-ДАЛА

Қыз-дала!
Қыз баладай құбылмалы,
Қимылың кірпік қаққан ұғылмалы.
Қызғана сүйіп келем өзгелерден,
Сырым көп айтпай жүрген тығылмалы.

Қыз-дала!
Сені жүрек сарқа сүйем,
Үміт, наз, тілек, сенім арта сүйем.
Күн батып,
Келбетіңді түн жасырса,
Ақсәуле таңнан тұрып қайта сүйем.

Жыр жазып отырғам жоқ мұңдасуға,
Жарасақ болды армансыз тыңдасуға.
Бүгінгі бейнең сенің қалса деймін
Келешек ұрпақтармен сырласуға.

Қияда іздемедім ықтап пана,
Арманым асқар тауға шықпақ қана.
Бәрібір қайда жүрсем бір оралып,
Жатармын омырауыңда ұйықтап қана.

Өтермін жыр төгілтіп далам үшін,
Атқарып ел жүктеген заман ісін.
Сонда сен маңдайымнан сипағайсың,
Ақ сүтін кештім деген анам үшін.

08.08.1976

ТОЛҚУ

Жалынды көздер,
Дарынды көздер,
Керегің мен бе жоқтаған?
Кірпіктер жапшы,
Бір амал тапшы,
Жазықсыз тиер оқ маған.
Жоқ жерде қалсам құмартып
Кетпей ме жанға мұң артып?..

Жалынды көздер,
Дарынды көздер,
Тандырды естен танбасты.
Болмастай айып,
Тәубеден тайып
Жанарға жанар жармасты.
Мектептес қызға ұқсайды,
Сол болып мені қыстайды.

Жүгіріп жеттің,
Бірігіп кеттің,
Көрместі көргір екі көз.
Қиналдым қатты,
Қимастай сәтті
Айта алмай жөндеп екі сөз.
Түсімде салған мүсіндей,
Жаңылып қалдым түсінбей.

Жалынды көздер,
Дарынды көздер
Үшқыны бойға жайылған.
Кірпіктер жаппа,
Кіршіксіз сақта,
Бар шығар азап бұйырған.
Ақындар әуре сондайға,
Бір сүйсем беттен болмай ма?..

1976

ТҰЙЫҚТАҒЫ ТҰНЫҚТА

Басыңды көз жұмарда шайқамаска,
Көңіл бөл, терең үңіл байқамаска.
Үндемей жүрген жаннан тіл шығады,
Сырыңды жақын тартып айта баста!

Тұнық бар тұйықтарда үндемеген,
Ажары ашылып бір гүлдемеген.
Тыңдашы тым жасырын құпиясын,
Ұйықтатпай көз алдында түнделеген.

Сүйсе де айта алмаған, сүйе алмаған,
Жабулы сандық-жүрек қиялдаған.
Қиналып ол жүргенде рет таппай,
Бір досы қағып кеткен ұялмаған.

Білдірмей қала берген қинаса да,
Сыйғызған көкірекке шер сыймаса да.
Біреулер қуанысып кете барған,
Ол әлі сағынышын тыймаса да.

Бүгінгі білмейді ғой мекенін де,
Ол әлде Алатаудың етегінде?..
Ол әлде жақын жүр ме көзге түспей,
Біреудің көлеңкесіз жетегінде?

Ойлайды қауіптеніп айтуға да,
Жарқ етіп барады екен қай турада.
Бақытты болды ма екен серігімен,
Түспейді жол бір көріп қайтуға да.

Әнекей, бәрі тұйық зердесінде,
Ол қайтсін, бір сәулеге сенбесін бе?
Аташы атын ғана жылылықпен,
Тұнық көл қозғалады кеудесінде.

2.02.1976.
Мәскеу

ДОС, БЕДЕЛ ДОС

Дос, бедел дос,
Кемел дос.
Жаңылмай,
Жаныңдай сенер дос.
Өзгелер сырт айналса,
Төбеңде бұлт байланса,
Сол ғана
Соңыңнан келер дос.
Қол ұшын
Қысылмай берер дос.

Дос, бедел дос,
Дара туған.
Тірлікте
Бірлікке жаратылған.
Найзағай түйілгенде,
Жел дауыл үйіргенде
Қолтықтап
Майысқан қанатыңнан,
Дарытпай от-жалынды ара тұрған.

Дос, бедел дос,
Серіктелген.
Намыста
Жарысқа беріктелген.
Жан тату егіздердей,
Жайғасқан теңіздердей
Дүниені тастап қана
Өте шықпай,
Сен бар деп сеніп келген,
Нағыз дос өмірге көрік берген.

2.02.1976.
Мәскеу

СЫРЛАСУ

Сыр жетім ғой, сызылып ашылмаған,
Адам жақсы – арманын жасырмаған.
Ақындар да өледі іздеуменен,
Бір шындықты ашам деп ашылмаған.

Кел, қанекей! Кел, достым, ашыл маған,
Көрінесің көктемдей жасылдаған.
Тілегі бір адамдар тілдеспесе
Жетім болып көрінер ғасыр маған.

Дертін ұғам, жүректің шетін көріп,
Қызықпаймын жай ғана бетін көріп.
Жақсылардан жақсылық тере алмасам
Өтер ме едім мен-дағы жетім болып?..

24.01.1976
Мәскеу

КӨЛЕҢКЕҢМЕН ҚОРҒАЙ ЖҮР

Гүл сияқты жүректің ашылғаны,
Сыр ақтарса ақ алмас шашылғаны.
Теріп ал да, керекті тастай сақта,
Барын берді шаттықта тасып қаны.

Ғашық көзде жан пида жылылық бар,
Бақыт екен назды әуен сырын ұққан.
Биік болса, махаббат, сен биіксің,
Ұлағатты ұяда ұлылық бар.

Сүйіктіңнің тілінде жаңалық бар,
Еркелігін деп қалма балалықтан.
Ана болу қасиет жер бетінде,
Қалмақ емес аналық даналықтан.

Білсең, шіркін!
Дүниеде ана сырын,
Оны бұрын оятар бала шырыл.
Махаббаттың қорғайтын қанаты бар,
Ол өмірде ең жақсы жанашырың.

Бүгінгі жақсы сыйласу көп ертеңнен,
Жан аяма жалғанда сол еркеңнен.
Ренжітіп алмашы болмашыға,
Қайда жүрсең қорғай жүр көлеңкеңмен.

24.01.1976.
Мәскеу

СИПАТ СЫРЫ

Келбетіңді келісті кезден алам,
Ойлы, назды, тұңғиық көзден алам.
Жүрсең менің қасымда өзің өлең,
Сипат сырын сен айтқан сөзден алам.

Өзің жоқта табиғат қосылады,
Жан-жағымда теңеулер жосылады.
Аққу көрсем айдында елең қағып,
Осындай деп жүрегім шошынады.

Тұрам ессіз көргендей патшайымды,
Саған теңеп балауса ақ қайыңды.
Тұнық көл де өзіңдей қарап-қарап,
Қамыс құрақ сыланып шаш қайырды.

Бала едік қой балдырған кешегі біз,
Теңеу іздеу жоқ еді есебіміз.
Табиғатты сендей деп, сені-дағы
Табиғаттан тауып жүр шешеніңіз.

24.01.1976.
Мәскеу

АНАМНЫҢ БЕРГЕН ТӘЛІМІ

Шілденің кезі
Қасымда бірге Шора бар.
Жауқазан едік
Жанған күннен от алар.
Жазатайым екі көзің көрмей қап,
Боздадың сонда бауырында қос боталар.

Білдірмедің
Тұрсаң да шексіз арманда,
Студент күндер.
Аз күнге аңсап барғанда;
Сыйлаймын деп досымды менің жүгірдің,
Сый-құрметің
Асты ғой көзі бардан да.

Шошалада
Табаға нан пісіріп,
Шаңырақтағы сақтаған сүрді түсіріп;
Сол тұрған кейпің,
Отырған қалпың ғажайып,
Тамсантады,
Сағыныш еске түсіріп.

Нағыз ана
Кең жүрек кемел жаралған,
Өзіңдей жанды
Іздесем жерден таба алман.

Бейнеңе қарап,
Бекем ғана жүруші ем,
Жақындап маған
Алыстағы бар арман.

Ауылдың іші
Аруағындай сыйлайтын,
Ауыр сөз түгіл
Әзілге де қимайтын.
Құрбыларыңды ақсақалдар ұрысқанда,
Сендей бол деп
Дәрісін дәмді тыймайтын.

Тоса да білдің
Өзгелер тоспай кеткенде.
Аяушы ем үнсіз
Айықпас қапа шеккенде.
Арманы жоқ артында сендей
Жары бар,
Қарақағаз тапсырып мәңгі кеткенде.

Болсаң да бірі
Қатардағы пенденің,
Өлді деген хабарға қиып сенбедің.
Оралмай жарың
Кетсе де қырғын соғыста,
Біздерге аян
Тосумен жауды жеңгенің.

Туса да күнім
Өніп-өсіп жетілген,
Бейнеңді естен көз жұмғанша кетірмен.
Ұл-қызым бар,
Майрашым, сенен аумайды,
Жайқалды жапырақ
Жердегі қалған жетімнен.

Адамды көрсем
Көңілі қаяу шетілген,
Өзіңдей мен де
Ет кесіп берем етімнен.

Аттандырып
Оқуға мені салғанда,
Айтқаның сол ғой
Бір сипап жылы бетімнен.

Тіл қатуға
Жалғыздық сонда жасқанды,
Арқалап қалдың,
Мен үшін ауыр аспанды.
Қияға қанат
Қақтырып қарап тұрғанда,
Қуанышыңнан
Көрмейтін көзден жас тамды.

Есімде менің
Ауырлыққа төзгенің,
Жолыма бақыт,
Өмірдің нұрын көздедің.
Дидарың дархан
Шапағат шашып қалғанда
Бұл ғаламды
Көре алмайтыныңды сезбедім.

Берді ғой дүние
Әркімге әр арманды.
Арманың менмін,
Тірлігің жерде жалғанды,
Көрсетпе деуші ең
Баласы өліп артында,
Анасы топырақ салғанды.

Сөзімде менің
Қосып алар жалған жоқ.
Тәрбие берген дипломың қолда – қалған жоқ.
Ақ сүтіңмен бойыма сіңген қасиет
Одан артық диплом әлі алғам жоқ.

Таңдайымның татымды болса салымы,
Тағдырымның есімде үлкен ғалымы.
Кемшілігім – кейінгі күндер іздері,
Жақсылығым – анамның берген тәлімі.

1976

СЕНІМ

Қар кетпей көктем келер сәт келіссе,
Жауған қар ұқсап кетер ақ жеміске.
Жарқырап көз алдымда есімді алдың,
Аққудай, ақ киіктей ақ періште.

Қос қоян қақ төсіңде жүгіреді,
Сенбей ме, не себептен түңіледі?
Кел, жақын, дуаласа уалайын,
Жаутаңдап неге сонша үңіледі?

Жорамал жат сезімді жояйыншы,
Сенімге бір күн серік болайыншы.
Еркіме жібер мені, сен де алаңсыз,
Қызыққа мен де армансыз тояйыншы.

23.01.1976

АУЫЛ ҚЫЗЫНЫҢ ҚЫЗҒАНЫШЫ

Күйге, құрбым, қана бер,
Күй-сүю жан еркі.
Биге өзгемен бара бер,
Домбырашы менікі.

Күдерін үз үміттің,
Мен болайын кешірген.
Домбырашы жігіттің,
Есімін жой есіңнен.

Қылымсып сөзбен орама,
Үздігіп іздеп тәсілін.
Маңайына жолама,
Біз кетеміз жасырын.

Ол құмар жан, арайым,
Дейді мені асылым.
Сен торыма маңайын,
Күйші жігіт – ғашығым.

1976
Мәскеу

КАБАРДИНКА

Кенші досым Барасби Кумеховке

Кабардинка – ашық маңдай,
Телміресің ғашық жандай.
Қарақат көздер қадалғанда,
Бойда қызу тасытқандай.

Жанарыңнан нұр аулаймын,
Ажарыңнан сыр аулаймын.
Тым болмаса бір көруге,
Жанап өтпей жүре алмаймын.

Қарақат көздер мазалайды,
Жазығым жоқ – жазалайды.
Бір сүйгізші, бір сүйгенің
Барлық дерттен тазалайды.

Сенсіз жерде тынысым жоқ,
Елге оралам – жұмысым көп.
Мұртты жігіт мызғымайды,
Саған даяр қылышым деп.

Кабардинка – тамаша күй,
Махаббатқа жол ашар күй.
Тау жігіті байқамасын,
Тау сұлуы, оңаша сүй.

Ескі досым, бабымды тап,
Мейманмын ғой, оны да ойла.
Барасби-ау, аузыңды жап,
Мәриямға айтып қойма.

22.02.1976.
Мәскеу

МІНЕЗІМ

Жүректегі араймен,
Жарқырай түсем нұр тасып.
Досым деп мені сынай бер,
Тіл табыссаң сырласып.

Іші тар, жаны сараңға,
Көргем жоқ бекер сын артып.
Тау өрлеп бұлтты табам да,
Қаламын бірге мұнартып.

Бар адамға жылулық,
Іздеген жанмын жасымнан.
Қуып жүрсең рулық,
Қуып жіберем қасымнан.

Саяма келсең самалдан,
Жырыма әкел гүл-азық.
Жақсыны берсең жамандап,
Қаламын мүлде құлазып.

Кейде жүрем алаңсыз,
Оңды-солды ұйтқытып.
Кетсең, досым, хабарсыз,
Іздеп жетем жүйткітіп.

Қай шабысқа салсаң да,
Құлагер болып жарысам.
Керісіп жолда қалсаң да,
Кейіспей қана табысам.

08.02.1976

АУЫЛҒА СӘЛЕМ

Хат жазсам алыс ауылға,
Аз емес айтар тілегім.
Ағайын, жекжат, бауырға
Бара алмай көптен жүр едім.

Бұйыртып тағдыр алысты,
Кеткендей болам әскерге.
Қызметім бүгін ауысты,
Жезқазғаннан Мәскеуге.

Тізбектеп түгел мәлімдер,
Таусылмас сырым терген көп.
Шет елде жүрген Сәлімдер,
Оралып әлі келген жоқ.

Тез жетсе екен ой, Алла-ай,
Сәтті сапар табылып.
Менен де кеткен тым шалғай,
Інімді жүрмін сағынып.

Сол үйдегі құдағи
Жиһаздап сөздің мәнерін;
«Жеткіз» деп менен сұрады,
Әлекеңе сәлемін.

Әлекең десе қария
Күлімдейді мәз болып.
Ақылы теңіз-дария,
Жайнайды жүзі наз қонып.

Құдасын сыйлап өзгеше,
Қас-қабағы жанады.
Құрамай ұзақ сөз-көше
«Шіркін!» деп еске алады.

Ұғымтал туған түлекше,
Рахметін Алла сайласын.
Орайлы болды тілекке,
Ерланым мен Майрашым.

Көкірегімде жыр ояу,
Сағыныш салған жылу бар.
Мәриям да, құдай-ау,
Қыз күнінен сұлулау.

Күндіз жұмыс, түнде жыр,
Сезбеймін әзір шаршауды.
Өлеңге косам күнде бір,
Ауылға деген аңсауды.

Лүпілдеп жүрек алаңмын,
Түсімде түйсік алдым көп.
Зиратына анамның,
Ояндым бүгін барғым кеп.

1976.
Мәскеу

ЖҮРЕК МӘҢГІ ІЗДЕЙДІ

Досым, тыңда,
Жаңа жылда
Өлеңімді нәресте.
Тыңда інім,
Таныс үнің
Туған жерді салды еске.
Сөз етейік құрдастарды тең өскен,
Қыз-қыркынды ең алғашқы кеңескен.

Сағым құрған,
Сағындырған
Көп сыр жатыр елесте.
Қызым, сен де
Тыңда кел де.
Көрінер сол кеңесте,
Әжең жалғыз суға бара жатқандай
Күйентесі иығына батқандай.

Сәтті маусым
Жүрек жаусын,
Сәлден кейін тынады.
Саған гүлін,
Берем, ұлым,
Жусан иісі шығады.
Көк шалғында Есіл бойын етектеп,
Атаң өтер күрең атты жетектеп.

Қанша десең,
Әке-шешең
Әлденеше болмайды.
Туған жер де,
Байтақ ел де
Бір тұғырға орнайды.
Туған елден жаным күдер үзбейді,
Елдің шетін жүрек мәңгі іздейді.

10.01.1976

ШЕШІМІН ТОСАР ХАЛҚЫНЫҢ

Шабытым менің,
Шабысқа шыда.
Қалғысам оят, жатқым кеп.
Тоқтаған жоқ қой Колумб та, сірә,
Американы аштым деп.

Құрлыққа кірді,
Құлшына түсті.
Қуаныш жеңді қарқынын.
Тұншығып жатқан түбектен ішкі
Іздеді гауһар алтынын.

Қаз қалпы меңіреу
Қызықтап жерді,
Жайлады жансыз аралды.
Сүйінші сұрап еліне берді
Эврикалап хабарды.

Жаһанкез сондай
Жаралды ақын,
Өлмейтін өлең іздеуде.
Алыс па арман, әлде жүр жақын,
Шыдайды күдер үзбеуге.

Бұлбұл құсы үні,
Бұлығып тілі
Шалғайдан жетіп арбаса.
Ұнасқан жастар бірінен-бірі
Емінген ернін алмаса.

Толқиды ақын,
Торлайды сезім,
Дүниені ұмыт тастайды.
Періште қалам термелеп сөзін,
Шумақтар жылжи бастайды.

Өрлей бер, өлең,
Аямас сенен
Жүрегінің жарқылын.
Бірақ та, ақын қақпайды желең,
Табам деп ойын халқының.

9.01.1976.
Мәскеу

ОҚЫРСЫҢ ЕСКІ ХАТТЫ ОҢАШАДА

Оқырсың ескі хатты оңашада,
Бойыңда әл-қуатты тонаса да.
Қыздырар, қызықтырар – сенбе оған
Бүгінгі жоқ құрметке ораса да.

Бұйырып талайыма татыр ма екен?
Суретім күле қарап жатыр ма екен?
Сан жылдар сарғайтса да сақтағаның
Әлі де азын-аулақ қадірлі екем.

Махаббат аялаған балғын мекен,
Байқашы, сипағанда қалғыр ма екен?
Тығылмақ ойнағам жоқ бала жастан,
Сұрашы, қалай жалғыз қалдырды екем?..

Қолыма сол да болса тигені деп,
Жөн емес жүрегіңнің күйгені көп.
Бейнеме бір қара да жыртып таста,
Еш адам одан артық сүймеді деп.

10.01.1976.
Мәскеу

* * *

Жасқансаң жолда талмаурап,
Жебермін құс қанаттай.
Қалсам да өзім тал қармап,
Жіберем жерге қаратпай.

Кәнекей,
Ұмтыл, шошыма,
Іздесең жерден септесін.
Барымды берем досыма,
Жауыма, мейлі, жетпесін.

Ашулы кезде аулақ тұр,
Жасама үрлеп көптесін.
Дұшпанға ыза сарқылмас,
Досыма, мейлі, жетпесін.

1976

ДУБОСЕКОВО

Үнсіз тұрмыз әр қиядан келгендер,
Бар тілек сол – жас шығара көрмеңдер.
Көздеріңді сүрте алмайды бәрібір,
Дубосеково қырғын шайқас көрген жер.

Кең аспанның серпіп күмбез шатырын,
Жарқ еткенде 28 батырым.
Тірі жүрек тәжім етіп ерлікке,
Ұшқан құс та өтеді екен ақырын.

Тебіренбеуге қалай жетер әліміз?!
Мүсіндер тұр әрі жылы, әрі мұз.
Жігіттер тұр аңыз-дастан аттары,
Бейне көрем әрі солдат, әрі құз.

Батырлар тұр әрі адам, әрі тас,
Алыптар тұр әрі ертегі, әрі жас.
Қалт етпейміз көкірек ояу, көз ашық,
Үнсіз тұрмыз кірпік қақпай кәрі-жас.

Тік қарауға тайсалады көз деген,
Сол мезетті тіл жеткізбес сөзбенен.
Панфиловшы деген атақ аз емес,
Менің өзге теңеуім жоқ көздеген.

1976

* * *

Ақындық пен кеншілік сағы сынбай,
Ұшырады қос қанат қағысындай.
Өзге түгіл, өзіме көрінеді
Құйысқандас қос жүрек шабысындай.

Арманыма жетелеп алыстағы,
Өлең мен кен мәреден қалыспады.
Өзге түгіл, өзіме елестейді
Сәуле менен дыбыстың жарысқаны.

1976

ӘН ҚҰШАҒЫ

Қара көз, кірпігіңмен тұсадың ба?
Екі аяқ жарамай тұр үш адымға.
Ыстықкөл қайығындай тербетілдім,
Толқыған қырғыз әні құшағында.

Назды ерке, махаббатшыл үн шуақты,
Үздікпей, үзілінбей кім шылапты?
Ей, қалқа, гүлдей нәзік дидарыңа,
Сағыныш салған белгі бар сияқты.

Кәнекей, алыстама, қайта келші,
Бар дертке бір өзіңдей қайда емші?!
Қаз дауыс қазақшалап қосылайын,
Тотым-ау, айтарыңды айта берші.

Қуансам әнің ғана қалағаным,
Ұнайды шырқай салып, қарағаның.
Жасырын бір құпия қалмасын деп,
Келіп тұр жүрегіңді аралағым.

1976

* * *

Жүз жылың жетпес бір жыл бар,
Тірлікті түгел ақтайтын.
Жүз жырың жетпес бір жыр бар,
Сүйсініп елің жаттайтын.

Күн демей, не түн демей,
Сол жырға тұмар тағайын.
Қияға ұшсам күндемей,
Тілеулес болғай, ағайын!

1976

ҚАР ЕРІДІ

Қар еріді,
Сағыныш ерімеді.
Түн қысқарды,
Түс көру кемімеді.
Кеудемдегі жүрегім қызық екен,
Көгендегі қозыдай емінеді.

Құстар келді,
Тебірентті шымшық әні.
Қанат қағып аққулар құлшынады.
Өзіңді ойлау ұлғайып одан сайын,
Менің жаным бір кіріп, бір шығады.

Сағынғандар кездесіп әрі-сәрі,
Маған ол күн, япырмау, алыс әлі.
Кеудемдегі жүрегім қызық екен,
Құлыншақпен қырдағы жарысады.

Бұлбұл ма екен, бұлқынып үн шығады,
Байғұс жүрек бәрібір тыншымады.
Көктем өтіп барады,
Ойласаңшы,
Қуанышқа ол қашан тұншығады?..

1976

САҒАН

Мен әлі картаюдан тым алыспын,
Сол шығар бірі бойда жұбаныштың.
Жоқ емес дақ салған қыз жүрегіме,
Сен ғана болдың сәні қуаныштың.

Жастық шақ, студент кез жол ұштасып,
Мәскеуге болдық перзент қоныстасып.
Аз күндік әуре емес «жүрдім» дейтін,
Сен мәңгі кеттің бірге қол ұстасып.

Отырсың сәулет құрып ұл-қызыммен,
Ақ сәуле шашырайды нұр жүзіңнен.
Сыбырлап жүрегіме жыр ойнаса,
Түндерді жалғастырдық күндізімен.

Таңдайым бір тамаша татынады,
Асулар тосып бізді жатыр әлі.
Алыста ел жиналар дүбір сезем,
Күміс той, алтын тойлар шақырады.

1976

АҚҚУЫМ – АҚ ПАТШАЙЫМ

Аққуым – ақ патшайым,
Өзіңе сыр сақтаймын.
Аққұба қыз секілді маған құштар,
Бейнеңді әнге қосып сипаттаймын.

Жүректің емі сенде,
Қанатты бері серме.
Ақ мамық ақ төсіңді аялатшы,
Досыңды саялатшы, жақын кел де.

Тамаша салған әні,
Құлшынып жалғанамын.
Шаршаған досың қайта құшақ жайды,
Аңсаған күндер өтіп жанданамын.

Аққу құс кетпей тұрды,
Тыңдадым төккен сырды.
Тірлікте бір қиналған жерім осы,
Екі көз бір көруге жетпей тұрды.

1976

МӘҢГІ ШЫРАҚ

Өркені өскен өмірдің,
Өлеңі болып өрілдім.
Ақ сүтін анам кешсін деп,
Барымды сарқа төгілдім.

Ырыс қоссам ырысқа,
Төгілдім деуім дұрыс па?
Менің де тамған терім бар,
Балқыған мыс пен құрышта.

Жегіліп егіз жұмысқа,
Мән бермей келем тыныска.
«Бар өнерді аядың»,
Деп қана елім ұрыспа.

1976

АУЫЛҒА ХАТ

I

Сәлемімді ал,
Тел өскен құрдастарым,
Ауыл жолын талай жыл бір баспадым.
Қолдарыңа тиді ме шағын кітап,
Тірлігімді баяндар жыр-дастаным?

Сәт түспей жүр,
Барар ем жылда ғана,
Сағынышым самғайды жырда ғана.
Жазбай-жазбай жарық еткен бұл хатымды,
Құрдастар-ау, бір емес, мыңға бала.

Не жаңалық бар біздің «Бірлестікте»,
Көп жыл өтті?
Сыр сарқып, тілдестік пе?
«Қырық қыздың ауылы» атанып ек,
«Қыз» дегенді бұрмаңдар білместікке.

Өзімізбен көтерді бірге жүкті,
Әкелерді майданнан бірге күтті.
Сол қырық қыз ғажайып көрік берді,
Жеңіс тойы,
Бар тойға бізге құтты.

Есіркесем жастық шақ мәжілісін,
Сөз айтпаймын мәз болар әзіл үшін.
Жігіттер-ау,
Сыртыңнан хабарым бар,
Ал, қыздардың білмедік әдрісін.

Балапанға қызықпас ұяда кім,
Еске түсіп кетті ғой қиядағым.
Отыз тоғыз қызды айтпай,
Бірін айтсам,
Ұмытқам жоқ, тек қана ұяламын.

Жігерлі еді,
Ән сүйгіш екпіні бар,
Ақ тотыдай ажары етті құмар.
Тостаған көз, ақсары, орта бойлы,
Қыз еді ғой әдемі секпілі бар.

«Оқып көріп хатымды таң қала ма?
Қой, өлеңім, жүректі жаңқалама», –
Дегім келіп,
Дей алмай қиналамын,
Қайда ғана жүр екен қалқа бала?!

II

Иә, солай! Сәлемім басталады,
Қызды айтпаса жыр жолы аш қалады.
Жырлай-жырлай махаббат бар әуресін,
Ақындар да қара жер жастанады.

Хат сөздерін әр сөзге алып ұштым,
Есіркедім, естелік балын іштім.
Ауыл шеті алыстан елестейді,
Үлкені де сол шығар сағыныштың.

III

Су мол ма екен қылышбел Қамсақтыда?
Жағасында жүруші ек «жан шапқыда».
Қол шалғыға шаршаса құлын білек,
Майдандағы әкені аңсатты да.

Болмасақ та балыққа аса қарық,
Қармақ салдық қамысты тасаланып.
Насыбай үккен шалдардай отырушы ек,
Бір-бір үлкен мұз тесік жасап алып.

Көктемде де ақ боран ұра беріп,
Сиыр жеккен соқаға шыдап едік.
«Ала кетер ала мал» деген сөзге,
Ала бие өлгенде жылап едік.

Жұт тасыған не деген желік күшті,
Көктемде де қиналдық көріп қысты.
«Ала малдың» иесін оқ шалыпты,
«Қарақағаз» үш үйге келіп түсті.

Қиындығы бұйырған дәміменен,
Артта қалды ол күндер сәніменен.
Шана сырғып өтті ғой, өгіз аяң,
Ыңырсыған қысқы кеш әніменен.

Үшбұрыш хат кеудесін бүтіндеген,
Әжем де өтті мәз болмай күтім деген.
Ақ түбіттей аркасы тозып еді,
Пеш алдында сипаған түтінменен.

IV

Есті жидық.
Ескі шер тарқайды ғой,
Бала деген құрбылар марқайды ғой.
Оралмаған соғыста солдатты ойлап,
Мағрипа апай ауылда қартайды ғой.

Қос жанары төрт болып тосуменен,
Менің де анам көз жұмды осы уменен.
Сарғайтса да, шіркін-ай,
Болмады ғой,
Кей боздақты үйірге қосу деген.

Жеңіл бастап сайымас ауыр әнім,
Айтып-айтып, өзім де сауығамын.
Бір жиналып даурығып отырар ма ек,
Баяғы бір қайталап ауыл әнін.

Күзгі оракта сүмбіле жауындаса,
Бас қосушы ек қаражат қабылдаса.
Ешкі еті таңдайда қатушы еді,
Семіз тоқты сернелік табылмаса.

V

Сәл кідіріп, ес жиып алайын да,
Хал-жайымды айтайын ағайынға.
Москвада бұл күнде қызметім,
Кеңсем тақау Кремль маңайында.

Жүрген жерім ардақты Қызыл Алаң,
Лағыл жұлдыз жарқылын тізіп алам.
Ізгілікке құштарлық ұлғайтады,
Ағалардың алдымда ізі маған.

Өздеріңе жүрегім алып ұшқан,
Жырым жетер жетелеп әні қысқан.
Пешенеме жазымыш несібем ғой,
Жаралыппын мен шексіз сағыныштан.

Әкелердің бейнесі, елесімін,
Жолым ашық,
Жайдары келесі күн.
Қайда жүрсем кастерлеп, ардақтаймын,
Қазақ деген кең-байтақ ел есімін.

1976

* * *

Кенші деген ғаламаттар,
Көп ойламас өз басын.
Шын ақ көңіл азаматтар,
Сақтай білер жолдасын.

Арқау болар өлеңдерге,
Шахтерлерде қадам нық.
Мінсіз таза тереңдерде,
Досқа деген адалдық.

Көзге бекер мақтауменен,
Бұлтармайды теріске.
Бірін-бірі сақтауменен,
Жетеді ортақ жеңіске.

Сын айтса зіл керегі не,
Ем болады батқаны.
Риза болдым дегені де
Арқадан бір қаққаны.

1976

ҰЛЫТАУ ЖЕЛІ

Самалың сая, Ұлытау желі,
Кеудеге ауа берердей.
Қалада жүріп аңсаймын сені,
Сағынған ару келердей.

Көрпесіз ашық, тұмансыз белде,
Көл жатыр жалғыз жалаңаш.
Сыр айтып ол да желпіген желге,
Мені ойлап неге қарамас?..

Көңілін аула сағынса мені,
Табады сонда шипа дерт.
Сенемін саған, Ұлытау желі,
Аққуын жеңіл сипап өт.

Қызығып карап ақ қайың тұрса,
Қыз емшек таудың төсінен;
Амалың қанша, сыйластық құрса,
Бір сүйіп өтші бетінен.

Айнала жазық Ұлытау төрде,
Жүйріктер жонда жаңылмас.
Жез қанат сәулем жезкиік өрде,
Саялы желден арылмас.

Сұқтанбай карап жаны ашыр,
Жолына жақсы тілек айт.
Шалғайға мен де кетер ем,
Мекен-жайын біле қайт.

Қыс келсе қырау Ұлытау желі,
Кетпесін ел-жұрт жабығып.
Көктемді ертіп келер деп сені
Отырмын бәрін сағынып.

11.01.1976.
Мәскеу

* * *

Қоштасып ертең қалады ел,
Сертіңді, ажал, сақтайсың.
Барымды менің ала бер,
Әйтпесе неге баптайсың?

Қателігім көп шығар,
Жамандық бірақ таппайсың.
Кеудем толы өрт шығар,
Жалынын қалай шақтайсың?

Білемін бәрін мен анық,
«Ал, кеттікке» бастайсың.
Жатармын ертең демалып,
Жүректі қайда сақтайсың?

Жүрексіз қалсам, әрине,
Суалып қалған көлдеймін.
Жүрексіз дене сәні не,
Өлімге де көнбеймін.

Қалайша жеңіл сөне алдық,
Ажал-ау, мені басынба.
Кетсең де қайда мені алып,
Жүрегім жүрсін қасымда.

– Десеңші: маған бер рақым,
Жүрегің сенің жаралы.
Сен кеткенде, ей, ақын,
Жүрегің жерде қалады.

1976

ӘЙ, ТОҚТА!

Ожар шың,
Ойлы шоқы,
Күдір жартас.
Қыз қайың,
Балғын терек,
Шырша қалқаш.
Жақпар тау,
Жазылма бел
Арқа жері-ай,
Көкшемен
Көмкерілген
Шеті Балқаш.

Көп егін.
Ат шаптырым,
Кең жайылым.
Қарлы Алтай,
Сәнді Атырау,
Ақ Жайығым.

Құмдарды
Қызыл, қара
Суыртпақтап,
Әму, Сыр –
Егіз еркем
Жазады айылын.

Жанар гүл,
Көгершін көз
Меруерттей.
Ақсатып
Жандырасың
Мені өрттей.
Көк белбеу
Есіл, Ертіс
Елеңдетіп,
Болады
Екі көзім
Неге төрттей?..

Сағыныш
Сезім гүлі
Сөзге үйретті.
Барқын түн,
Бәрін қалай
Көзге үйілтті?
Көлде аққу,
Суда сазан,
Көкте қыран,
Көріп қал,
Күміс бауыр
Жезкиікті.

Аға – тау,
Алма ағашы,
Жоталы бел.
Адамның
Көздеріндей
Ботаны көр.

Әй, тоқта!
Бәрі менің
Отаным ғой,
Қойлы ауыл
Көрінеді
Отарымен.

1976

КЕШІРМЕЙДІ ЖЕТІМДЕР

Ел сүйсінген азамат,
Сала бер кең пейілге.
Жолыңды жүрер мазалап,
Көзіңді сал кейінге.

Жетерсің ойда мұратқа,
Құлпыртарсың даланы.
Ұмыта көрме бірақ та,
Әкесіз қалған баланы.

Өткерген іс басымда,
Сөзге сенім етіңдер.
Көңілі қалса жасында,
Кешірмейді жетімдер.

1976

ТОҚЫРАУЫН ТОЛҚЫНДАРЫ

Аралап Ақтоғайды жол шығады,
Тебірентер желпіген жел, толқын әні.
Адамдай алыс жерде ел сағынған,
Толқиды Тоқырауын толқындары.

Көңілің сонда қалай толқымады,
Дүниенің толқымаған олқы мәні.
Жан анаң «айналайын» деп тұрғандай,
Толқиды Тоқырауын толқындары.

Бұл толқын қалай қарай толқымады,
Өткенді салады еске толқығаны.
Дүниедей бірде жетіп, бірде жетпес,
Толқиды Тоқырауын толқындары.

1976

ТЕҢІЗДЕ АЙ СӘУЛЕСІ ҚЫСҚЫ ЖОЛДАЙ

Ай сәулесі ақ жолақ қаққа жарып,
Теңіз жатыр жарқырап қасқаланып.
Бөріжортақ толқындар күні бойғы,
Жуасыпты мінезі басқаланып.

Мен бастадым сол кезде толқығанды,
Маңайдағы тіршілік олқыланды.
Ай еңкейіп, мұңайып карай қалды,
Айқасқа жол су емес шолпыланды.

Сөккен жоқпын тез өткен құсты қонбай,
Қарлы дала – теңіздің нұсқы сондай.
Бетіндегі көрінді ай сәулесі,
Сырма боран жылжыған қысқы жолдай.

Соғыс жылдар басқарма тепеңдеткен,
Елестейді қос торы көсем жеккен.
Қысқы жолдай отыннан таң алдында,
Әжем байғұс екеуміз есен жеткен.

Қысқы жолдай қимылды бәсеңдеткен,
Аяз сүйіп, бозқырау әсемдеткен.
Аппақ болып жатыр-ау осынау жол,
Қысқы жолдай…
Майданға әкем кеткен.

1976

КІТАПХАНА БІЗДІҢ ҮЙ

Рас, достым, біздің үй кітапхана,
Бар жиһазым, жиғаным кітап қана.
Мәңгі жасыл ағаштай жемісі мол,
Құшақ жайды, қаулады бұтақтана.

Туған елді сағынсам оқып өлең,
Қасиетті құштарлық отына енем.
Алыс жолда жеңілтем, бір жұмсартам,
Тас берішті сарғайған тотыменен.

Үйге кірсең түңілме мебеліме,
Сансыз кітап қарай қал тебініне.
Ақ бидайдай жайқалған кең далада,
Қуанарсың көркем сөз егініне.

Абай ашар көп сөре баспалдағын,
Мағжан, Сәкен, Ілиястай асқарларым.
Мұңдасарсың, арманын түсінерсің,
Махамбет пен Қасымның шашқан жалын

Үкілі Ыбырай, Біржан сал, Ақан сері,
Қанға сіңген дарындар маған тегі.
Шәкәрімді Ахметпен кезек оқып,
Туды күндер камкөңіл қанар шері.

Бұқар, Дулат, Шортанбай – үркеріме,
Көз жүгіртіп, күлімдеп кір төріме.
Ақын Тайжан қол созып қарсы алғанда,
Жол беріп тұр Шашубай үлкеніне.

Жамбыл ата қасиетті тағына біз,
Гималайдай зор тұтып табынамыз.
Мүсірепов, Мұқанов, Мұстафин мен
Есенберлин көшінен табыламыз.

Жиналыпты кітапқа ар мен кегім,
«Қара маржан» осында, «Қан мен терің».
«Елең-алаң», «Аңыз бен ақиқат» та,
«Аласапыран» білдірмес таң мөлшерін.

Қалижандай қалқыса жылы бұлақ,
Ғали, Дихан алдыңнан шығар шұбап.
Сырбай менен Әбділда кезектесіп,
Хамит тұрар Күй-Ата қызығы ұнап.

Құлшынамын кіргенде жыр құшаққа,
Аққұштаппен жатырмыз бір кітапта.
Жемісіміз қазақтың
Мұқағали,
Тұманбай, Қадыр, Сағилар бір бұтақта.

Сүйінбайдан іздеймін тотияйын,
Шал ақыннан аз емес тоқығаным.
Марфуғаның бетінен бір сүйем де,
Фаризаны құшақтап отырамын.

1976

ҮМІТ

Үміт деген тілдегі,
Сөз емес жеңіл жаттанды.
Алға бассаң ілгері,
Үмітпен тірлік сақталды.

Жарылқар тәуір Күн, Айын,
Болашақ маған баптасын.
Қашанда сенген құдайым
Үмітсіз күннен сақтасын.

Туған ел, ата-ананың,
Сенімі, досым, жетелер.
Өшкенше оты сананың,
Үмітті серік ете бер.

Өшпесін сәуле көз көрім,
Қара аспанды төндірме.
Өзіңнен күткен өзгенің
Үмітін сен де сөндірме.

Өтеді барлық тапшылық,
Арайлы таңдар атады.
Аспаннан күткен жақсылық
Алдында жайнап жатады.

Қиялың жетпес ғажапты,
Құбылтып көзге жеткізер.
Келмеске меңзеп азапты,
Басыңнан мүлде кеткізер.

Жау алдында сынақта
Қолымнан тартып жебемді ал,
Үмітсіз етпе бірақ та,
«Үмітсіз сайтан» деген бар.

1976

АҚ КИІК

Көп киік
Ақ киікке Бетпақтағы,
Жолатпай үйіріне кек сақтады.
Жазығы аппақ болып туғандығы,
Сұлулық тағдыр берді шеткақпалы.

Ақ киік –
Құралайдың құралайы,
Өзгеше өбеді екен күн арайы.
Үлпікер ақ тамағы өзінен де ақ,
Сияқты суда әупілдек гүл танайы.

Ол қайтсін орғаш жүрді, қасармады,
Ішінен тынды,
Көзге жас алмады.
Өзінің сүйгені емес қосылғаны,
Қиылып кете барды жас арманы.

Болмай ма
Әр ауылда әр түрлі қыз,
Бар еді біздің де ерке тартымдымыз.
Көзексек көленкесін көреміз деп,
Жұрт сөкті деп «пәленше – айтулы қыз».

Ей, достым,
Көп сүйіп пе ең,
Аз сүйіп пе ең,
Көкірегің ада ма еді ақ күйіктен.
Жазықсыз жаралаған жұрт өсектеп,
Сол бейне аумайды екен ақ киіктен.

1976

АҚҚУҒА

Аққуым – патшайым,
Айдында әндеткен,
Сағынған сәт сайын,
Досыңнан хал кеткен.

Күн қайда жан сырын,
Білместей баскалар?
Бой жазып тақсырың
Төсіңді жастанар.

Келер деп себептер,
Етейін жорамал.
Қайда екен мезеттер,
Мойныңа оралар?

Ақ қоян етіңде,
Мен сүйген із қалар.
Терезе шетінде,
Ай мүлгіп қызғанар.

Құшақтап іңірден,
Түн қайда мастанар.
Бал тамған тіліңнен
Аткан таң жасканар.

Есімнен жаңылып,
Еркіңе еремін.
Тебіренем табылып,
Іздеген керегім.

Сипатың ғаламат,
Айдында таранған.
Жансың ғой аманат
Мен үшін жаралған.

Аяла, кел де өзің
Күтемін асыға.
Аққуым – кербезім,
Жетсеңші қасыма.

1976

КҮЛКІҢ СЕНІҢ

Күлкің сенің жайдарлы, жайлы күлкі,
Шұбатылған жабағы-тайлы күлкі.
Түнгі дала көгінде жыпырлаған,
Жұлдызы көп ақ малта айлы күлкі.

Әурелейді әдемі жымиғаның,
Топ ішінде сүйгім кеп құриды әлім.
Мен өзімше қуаныш ете берем,
Азсынбаймын татқанда бұйырғанын.

Жас аққудай шыдатпас ұнай қалмай,
Күлген сәтте жарқ еткен шырай қандай!
Күлкің сенің – шырағы махаббаттың,
Мені көрсең қалайша тұрар жанбай?!

1976

КЕМДІК БОЛДЫ ДЕМЕСПІН

Іңкәр көңіл,
Інжу сезім.
Бал қызғалдақ дәуренім,
Жас құрақтай
Жайсаң кезім,
Қайта оралып әуремін.

Саф таза сыр,
Асыл арман,
Сыбыр-күбір бітпейді.
Бүкіл дүние
Жылжып әрмен,
Басқа қызық күтпейді.

Айдын көлде,
Құс қалмады,
Тек аққуым қасымда,
Өзге сұлу
Есті алмады,
Қосты тағдыр асылға.

Ей, дүние!
Ризамын,
Қимадың да әуелі;
Бақыт деген
Шын мырза күн,
Бердің кейін мәуелі.

Үмсынтқанға
Ынтық пенде,
Сенбеске де сеніппін.
Енді бүгін
Бастым мен де
Желін ескі желіктің.

Орап сая
Мархаббатқа
Келсе тәуір кеңескін;
Мені сүйген
Махаббатта
Кемдік болды демеспін.

1976

* * *

Сақтан, сұлу,
Ақынның назарынан,
Жазғаны аз әлі де жазарынан.
Өлең сөзге ілігіп кетіп қалма,
Ол қиналса бір сенің азабыңнан.

Сақтан, сұлу,
Әкетер тілге үйіріп,
Ол мүлгімес тұрғанда гүл бұйырып.
Білесің бе?
Жарқ еткен жанарыңнан,
Жүрегіне тарады жыр құйылып.

Сақтан, сұлу,
Қайтейін ұсақтап сыр,
Ақын сені жырымен құшақтап тұр.
Не де болса көңілін қалдырмашы,
Өлең-дария шалқысын ұзақтап бір.

1976

ЖҮРЕК СЫРЫ

Кейде сен
Елтіп-балқып масайрайсың,
Қызықтан екі аяқты баса алмайсың.
Қуаныш құшағыңды лық толтырып,
Шатыққа тұншыққандай жасаурайсың.

Бар бақыт өзіңменен бір келгендей,
Дидарың мәңгі сөнбес нұр бергендей.
Жайраңдап аруана отырасың,
Ұл-қызым етегіңнен гүл тергендей.

Елестеп қайда жүрсем табылғанда,
Еркелеп әлденеге жалынғанда;
Ұзақ түн көз шырымын бір ала алмай
Қасыңда жоқ күндерді сағынғанда.

Ай жүзің құбылғанда толқып жанып,
Шат күлкің сылдырласа шолпыланып;
Ақ тамақ тіл үйіріп ұмсындырса,
Қос алмаң көз жауласа солқыл қағып.

Мойныма еркелеп кеп асылғаның,
Дүниенің жұмағы екен, асыл жарым.
Тек солай қуана бер, жылай көрме,
Мен сенің мәңгі-бақи қасыңдамын.

1976

ТЕБІРЕНІС

Серттен тайса,
Үнсіз кеттім жалынбай,
Басқа сұлу сүйді мені жанындай.
Ашыны да, тұшыны да түсіндім,
Махаббаттың уы менен балындай.

Асау тағдыр,
Аямастай сынадың,
Тұсау салдың, шідерледің, шыдадым.
Тамұғыңнан жас күнімде шошынсам,
Сәуле берді бүгін көрген жұмағым.

Тас түйіншек,
Батса-дағы бір нүкте,
Жалған сөйлер мінезім жоқ сыр бүкпе.
Сәтсіздіктен сәт әперген ақжолтай,
Ризамын осынау қызық тірлікке.

1976

ТЕКЕЛІДЕ ЖҮРГЕНДЕ

Текелінің қасында,
Қызығып алма бауына.
Көп барып едім жасымда,
Қырғыздың Алатауына.

Шахтадан шығып қол тисе,
Қырандай қырға қараймын.
Жолаушы болдым жол сүйсе,
Көкейде қалды талай күн.

Зәулім биік көксеңгір,
Шыңына шыңым жармасқан.
Тергендейсің көктен гүл,
Төңіректен көзді алмастан.

Төсіне өрлеп шаткалдың,
Туралап тапсаң төтесін;
Етегінде ақ қардың,
Еңілікгүлге жетесің.

Кең жайлау, «Альпі жазығы»,
Жазықта нәзік қыз көрдім.
Сұлулығы – «жазығы»,
Отарына жүз келдім.

Деуші едім: «Шұбап қой қалса,
Кездесу сәті жақсы екен».
Осы күнде ойласам,
Шаруа сол ғой «бас кетер».

1977

* * *

Ықпал да жанға игілік,
Жақсылық шабыт қозғайды.
Көзіңе көзім килігіп,
Ботадай жүрек боздайды.

Қанатсыз ақын ақын ба,
Не болар біреу әперген?!
Жақында, жаным, жақында,
Сен едің шабыт әкелген.

1977

* * *

Аулақпын, сәулем, күдіктен,
Келсеңші әсем әндетіп.
Өзіңе сыйлас үміттен,
Табады құмар жан тетік.

Келсеңші, ерке қылықпен,
Мезетті көрген мәңгі етіп.
Шер таркатар ғұрыппен,
Табайын дәркер жан тетік.

Жүрекке жүрек бірігіп,
«Сіз» демей, сеніп «сен» дестім,
Махаббат жалған дегенді,
Сен барда естіп көрмеспін.

1977

* * *

Сәулем-ау, сәулем деп жүрсем,
Сәуледен өзің ашықсың.
Толқу көп сенде мен білсем,
Айтсаңшы, кімге ғашықсың?

Аңсаған кезде бір маған,
Арнаса жүрек түйнегін.
Айтуға бәрін тіл сарап,
Өзім де ғажап күйдемін.

Сәт туды аңсап күткен көп,
Кездесіп канша наз ұқтық.
Пендеге өзге біткен жоқ,
Өзіңе біткен нәзіктік.

Нәзіктеу жаның гүлден де,
Нұр толы сөнбес шаттықпен.
Жадырап жаның күлгенде,
Мөлдірсің саумал, ақ сүттен.

Кербезсің көлде аққудан,
Көркемсің өрде киіктен.
Көрінсең жазбан шалқудан,
Көрмесем өлем күйіктен.

1977

ҮНЕМІ МАЗАСЫЗ РЕҢІМ

Үнемі мазасыз реңім,
Тыныштық таппайды жүрегім.
Жасымда көп ойнап көрмедім,
Әлі де тым аздау күлемін.

Сол күлкі шықпаса жарылып,
Кең дүние кетпей ме тарылып?!
Кей-кейде сауықшыл боламын,
Өскен соң шаттыққа зарығып.

Шабытым – ескі дос жастайғы,
Даңғаза дүрмектен сақтайды.
Ойланып отырар жыр жазып,
Оңаша кезімді жақтайды.

Есею тым ерте басталып,
Еркелік базарын ашпадық.
Тірегім тірлікте сол шығар,
Үйрендім өзімді басқарып.

Өзге жүк көңілден тасталып,
Жаттықсам өзімді басқарып.
Егісім ел үшін болған соң,
Көрмедім біреуден жасқанып.

Үнемі мазасыз реңім,
Үзбеймін көп істің легін.
Ауырлық аунақшып түссе де,
Жеңілдік күтпеші, білегім.

1977

МӘСКЕУДЕ БІР ҚАЗАҚ БАР

Серікбай Бекеновке

Мәскеуде бір қазақ бар
Серік деген,
Ер мінез қайратына сеніп келем.
Қырандай бар тірегі қос қанаты,
Құлады құздан ұшып беріктеген.

Туыпты Сарыарқаның даласында,
Түлепті Ұлытаудың саласында.
Дембелшең, бидай өңді, нұрлы жігіт,
Бүгін жүр үндеместер арасында.

Сыптығыр, орта бойлы, шымыр дене,
Жараспас астаналық тұғыр неге?!
Үндемей үлкен істі тыңдырып жүр,
Сен оны үндемесе, «қыңыр» деме.

Тізгінін тұрлаусызға телітпеген,
Кезі жоқ мешеу доска еліктеген.
Ары зор, намысы мол, еңбек сүйгіш,
Азамат елдің атын кемітпеген.

Қызық көп қауырт жұмыс әр күнінде,
Құтаймас бойында көп бар білімге.
Диплом бәрімізде бірдей, бірақ,
Сөйлейді ол Еуропаның бар тілінде.

Жаңылмас ағылшын сөз желісіне,
Берлинде әзіл айтар немісіне.
Байқап бас, парижанка, бұл ағамыз
Мін тағар ескі мода кебісіне.

Құбылса мейірбанды ғажап жүзі,
Демеңдер ащы-тәтті шарап ізі.
Сергек бол үнді, непал сұлулары,
Құмартып талып қалма араб қызы.

Жұмыста тәуекелшіл батырларша,
Жәдігер доска бәйек жақындарша.
Тағы да, мен сүйетін байлығы бар –
Біледі қазақ тілін ақындарша.

Жеңешем балбыраған алма гүлі,
Киік бел, аққу мойын, бар ма міні?!
Осы деп Қозы-Баян екеуіне
Таңыркап, таңдануға талмады іні.

Естимін сөздерінен құстар үнін,
Сезінем бізді жалғар күш барлығын.
Аз уақыт көрмей жүрсем сағынамын,
Жақсыға осы ма екен құштарлығым?!

03.1977,
Мәскеу

ӘН ТУАДЫ

Жетісусыз Балқаш көл болмайтындай,
Көкшетаусыз Сарыарқа толмайтындай.
Сенсіз жерде көңілім серпілмейді,
Алатауды көшкен бұлт торлайтындай.

Кездеспесек қиямет орнайтындай,
Күрсінуін көкірек жоймайтындай.
Сыйғыза алмай кетер ем жер бетіне,
Құпияны жүретін зорға айтылмай.

Ғашықтарды періште қорғайтындай,
Ғаламат бар жасырын қолдайтындай.
Айырылысып кетсе де жазатайым,
Бірін-бірі көрсем деп ойлайтындай.

Күн батса да таң атпай қоймайтындай,
Қуаныш бар жан үнсіз тойлайтындай.
Сөз бен бірге көкіректен ән туады,
Сағынышты сарқыла толғайтындай.

1977

ЖАНЫМДЫ ҚАЙ ЖЕРДЕ САҚТАЙЫН?

Ақ толқын тауларды сенделген,
Ойлап ем теңіз деп тербелген.
Қырандай
Қияға ұмтылсам,
Өзіңсің досыңа дем берген.

Шыңдарға құлшынсам сені іздеп,
Жүрегім ем тапты дегізбек.
«Әу!» десем тау іші жаңғырды,
Шалғайда жүрсің бе мені іздеп?

Сезімді қалайша шақтайын,
Селк етіп қарайды ақ қайың.
Бәрі бар,
Тек қана сен жоқсың,
Жанымды қай жерде сақтайын?!

1977

* * *

Махаббат қайда бұлжымас,
Тірліктің жалғыз тірегі.
Өзіңді айтпай тыншымас,
Ақынның дертшіл жүрегі.

Көлеңке іздеп сыр бүккен,
Құпия күндер таусылды.
Газетке қарап жыр күтсең,
Ести бер айқын даусымды.

Қой десең қоймай өшігіп,
Сағыныш желі таусылмас.
Өлеңге өзің қосылып,
Оңаша шырқап мауқың бас.

1977

* * *

Жасырынба,
Жүгіре шық. Келдім де.
Бала күнде бірге шие тердім де.
Қалай ғана құпиялап сақтарсың,
Нарттай қызыл ізі бар ғой ерніңде.

Жасырынба,
Кел, қатар тұр қасымда,
Тірі жаннан сескенбеуші ең жасында.
Еркеліктің ізі жатыр әлі де,
Өрілмеген кою қара шашында.

Жасырынба,
Берірек кел, батылда.
Кездескенің айып емес, жақында.
Сұрағым бар:
Кейде есіңе алдың ба?
Өлең жазсын,
Сырыңды айтшы ақынға.

1977

ТУҒАН ЕЛ КӨРІНІСТЕРІ

Теңесем туған елді ақ қайыңға,
Демеймін ескі әдепті сақтайын да.
Түбінде сол қайыңның бейіт жатыр,
Жазылған анам аты тақтайында.

Көкірек ойда жоқты киялайды,
Көзге ыстық көп көрініс ұялайды.
Сағынып кетем кейде қыз сыйлаған,
Бессаусақ жұқа түбіт биялайды.

Бір ән бар ауылдастар шуылында,
Бір сән бар ауыл қызы бұрымында,
Бір мән бар аттанарда қоштасқанда,
Қолының қолда кетер жылуында.

Жанданам құйын, желдің алдында да,
Таңданам аңсыз жатса қарлы дала.
Шөп шапқан шалғы сілтеп бала кезде,
Құмарым бұйра толқын шалғынға да.

Көп сыр бар алғаш ашқан әліппеде,
«Отан» деп сөз құраған әріпте де.
Бәрін де сыйғыза алмай ойда бардың
Қараймын өлеңіме кәдіктене.

Дейді кім: «Әй, шырағым, осың бекер»
Жеңіл сөз неге керек өшіп кетер?!
Ей, достым, машинаңды баяу жүргіз,
Көлдегі жалғыз аққу шошып кетер.

1977

ТАБИҒАТТАН ҮЙРЕНДІК

Көктем келді, махаббатқа салтанат,
Жасап жатыр тір жәндік жан талап.
Анандайдан кербездене қаласың,
Жиырма бесің оралардай қайталап.

Гүл жапырақ әл береді, күлемін,
Ой-хой, көктем!
Бола берсін тілегің.
Жер сияқты гүлге балқып бусанған,
Жас иіске қобалжиды жүрегім.

Қыста суып, жазда ысып күйгендік,
Көктемеде рас көптеу сүйгендік.
Күзде күдер үзбей ғана қоштасу,
Бәрін-дағы табиғаттан үйрендік.

1977

ҰЯЛАРДА ҚАР ЖАТЫР

Аққу құс бара жатыр алыстарға,
Мен білмес биік белес ғарыштарға.
Қыс өтпей жазды аңсап сын айтармын,
Түсінер көңіл күйін таныстарға.

Аққуым кетті алыс кияларға,
Жат жерде сағынышын тыя алар ма?!
Қыс кетпей көктем шіркін келмейді екен,
Қар жатыр құстар салған ұяларда.

1977

КӨКШЕТАУМЕН СЫРЛАСУ

Көкшетау, таңғажайып қарлы етегің,
Көрінер қысы-жазы сәнді екенің.
Мұз басқан сексен көлді көзім шалып,
Сағынып өткен жазды әндетемін.

Қарағай дыбыс бермей қасарады,
Ақ қайың енді қашан жасарады?
Жастық шақ еске түсіп толғанамын,
Лүпілін жүректің кім баса алады?

Біздің ел кең жазықты ойлауда екен,
Оппа қар қалың тоғай қойнауда екен.
Алдында есігінің ізім жатыр,
Тағы да бір келер деп ойлай ма екен?

Сырымды, сері Көкше, білсең кейін,
Таңсығым дүниеде бір сен деймін.
Шілдеге шідер салып қоя алмаймын,
Қаңтарда өзіңе ұқсап жүрсем деймін.

1977

ШЫН МАХАББАТ СӨНБЕЙДІ

Салқын дене қызбайды,
Қызу қайда? Мұздайды.
Шын берілсе сүйгендер
Махаббатын бұзбайды.

Қобалжымай жетер ғой,
Қол ұстасып өтер ғой.
Мерт болғаны махаббат
Серт болғаны бекер ғой.

Жанған жүрек сөнбейді,
Сан әуреңе көн дейді.
Шын сүйіскен адамдар
Алшақ жүріп өлмейді.

1977

МҮСІН КӨРІП ТҰРСАМ ДА

Мүсін көріп тұрсам да,
Мүсін көріп,
Тірі екен деп қаламын
Шын көріп.
Батып кетем тұңғиық тереңіне,
Қасіретін ұғам да түсін көріп.

Көз алдыма келесің ойлағанда,
Акку арман әурелеп қоймағанда.
Түссіз мүсін сиякты сағынышым,
Үнсіз тәтті қиялға бойлағанда.

Сондайда бір ой толқып өріледі,
Мәрмәр тастан көңілім бөлінеді.
Мүсін емес алдымда сен тұрғандай,
Сұлу бейнең мүлтіксіз көрінеді.

Көкірегіме кетеді үміт толып,
Ескі өкініш, қапа-наз ұмыт болып.
Ішкен емес,
Көргенге масаң тартып,
Шошып кетем
Маңымды суыт шолып.

Ойсыратар ой келер
Алқынғанда,
Теңіз қайтер өзендер тартылғанда?..
Өзімді де ойлаймын
Не болам деп
Сағынышым өзіңе сарқылғанда?!

1977

МАХАББАТ ЗАҢҒА КӨНБЕЙДІ

Өмірге шарты сол шығар,
Біреулер көрік іздейді.
Ақылын кейін толтырар,
Ажарлы болсын қыз дейді.

Сымбатқан көзі талардай,
Біреулер ақыл таңдайды.
Қолымен салып алардай,
Қыр мұрын, кербез маңдайды.

Жөні бар ақыл, шырайдың,
Бірлеспей қызық өнбейді.
Бергені сол құдайдың,
Махаббат заңға көнбейді.

1977

* * *

Өзеннің маңы қалың тал,
Сыбдыры бізге жетер ме?
Қалайша шыбын жан шыдар,
Толқуым сонда бекер ме?

Осы ма ынтық хабары,
Естілді дүбір жігерлі.
Құралай салқын самалы,
Оятып мені жіберді.

Жағаға келді ойнақтап,
Ояңнан шыққан топ киік.
Үр жаңа көңіл ой бастап,
Басылды ескі шер-күйік.

Су ішіп жатыр сұлулар,
Біреуі маған қарады.
Көзінде құштар жылу бар,
Ұшқыны бойға тарады.

Алғысты жаным мың айтты,
Аруға асыл табынып.
Бойымда күшті тыңайтты,
Жоғалғаным табылып.

Тілекті тәңірім бергендей,
Еріді көкірек тілген мұз.
Толқыдым іздеп келгендей,
Қызыл ішік киген қыз.

1977

* * *

Қарадың маған
Қатулы қабағыңмен,
Сенімен бірге қоштастым бала күнмен.
Сұрғылт аспан сұп-суық түсін көрдім,
Ақ көңілге ала бұлт жаба кірген.

Мұздады денем
Дауылды көтере алмай,
Бадалып қалдым бұрылып кете де алмай.
Күннің көзі ақ бұлтпен бетін жапты,
Жер бетінде кешірмес қате бардай.

Түйілдің маған
Қыраулы қасыңменен,
Осы екен ғой найзағай, жасын деген.
Сағындым сонда,
Мейірімді мезеттерді
Көкіректің түбінен тасынды өлең.

Ойлы деуші ем, нәзік жан, әрі шатты,
Олай емес екенсің. Бәрі батты.
Ой бұзылды,
Көрінді ғой ғаламда
Бір анамнан басқаның бәрі қатты.

1977

* * *

Егіліп тұрмын егін деп,
Көктемім келді көгіндеп.
Жүрексіз тұрмын үндемей,
Жүрегім сенде дегім кеп.

Арыз-наз іштен төгілді,
Жайнаттың нұрлы көгімді.
Үніңнен сенің іздедім,
Кавказға бітпес көп үнді.

Басылды ескі дос мұңы,
Ырымға жақсы қос мұны.
Құттықтап бізге қарайды,
Эльбрус таудың қос шыңы.

Тірі тұрмын, не етейін?
Мәжнүн болып кетейін.
Жоқ, мен осынау өмірде
Махаббат бар деп өтейін.

1977

ҚҰРБЫ СӨЗІ

Өлеңіңді оқи-оқи жаттадым,
Сыры таныс кітабыңды сақтадым.
Білмейсің ғой,
Айта алмаймын өзім де,
Әрбір сөздің маған қатты батқанын.

Тілге жатық махаббаттың тақпағы,
Бәрі шындық жаным сүйіп тапқаны.
Бүкіл елге айқарылған
Сол жүрек,
Қиын екен маған жабық жатқаны.

1977

ӨЛЕҢДЕР КЕТТІ ТҰНШЫҒЫП

Мұқағали Мақатаевқа

Үзілсе қайран сезім гүл,
Отырғам жоқ оңай боп.
Шаң тастады көгілдір,
Жыр жорғасы топай көк.

Көріп ем сәтті кездерін,
Аспаннан жұлдыз алғандай.
Естіп ем отты сөздерін,
Аузына тәңірі салғандай.

Болса да мүмкін төр сенде,
Тайсалмай айтар кей сырын.
– «Лифтіде сұлу» көрсең де,
«Гәккуің» артық, – дейтұғын.

Аударып еді Дантенің,
«Жұмағын» алмай, «тамұғын».
Өмірдің де жан телім,
Жаяулап көрді жабығын.

Құлшынса кейде ес кіріп,
Еділдің лебі қаулайтын.
Қазақы күйше естіліп,
«Аппасионата» заулайтын.

Өкінсек те, шіркін-ай!
Ол мықтының бірі ғой.
Өлді деген ілкім ой,
Түндігі өшпес, тірі ғой.

Ақын өлді демеңдер,
Жыры жүр жерде құлшынып.
Жазылмаған өлеңдер,
Кетті ғой, әттең, тұншығып.

1977

* * *

Жақында, қане, қол алып,
Жасқанбай ғана көрейін.
Жоғалған үміт оралып,
Менің де өссін мерейім.

Жалыным қайтып қалған жоқ,
Болса да тірі өлген күн.
Ғашықтық сонда жалған деп,
Айтуға да көнгенмін.

Ол күндер кетті келмеске,
Таңдайым дәмін татынды.
Амалым жоқ сенбеске,
Жоқ десең менен жақынды.

Отырмын ойлы жұбанып,
Аңсаған ашық таңдар кеп.
Жасарды жаным шыр алып,
Маған да ғашық жан бар деп.

1977

ШАХТАЛАСЫМ ВАСИЛИЙ РЕРИХКЕ

– Алло, бұл кім?
– Мен ғой, Вася Рерих.
– Василий-ау,
Не болды саған шіреніп?
Үйге кел, шай іш,
Мәскеуде
Жезқазған жайлы соңғы хабар білелік.

Филидемін. Метро даяр.
Кіріп шық.
Жағдай жақсы. Үй-ішім аман. Тыныштық.
Құшақтай кел забойдың жылы лебін,
Кеншілердің сәлемін жеткіз бір ыстық.

Мектептес емес,
Қыздарға сөзің байламдас,
Солдат та емес,
Жорықты күнде майдандас.
Шахталастармыз, қай биікте жүрсем де,
Ешқайсыңды ұмытып басым айналмас.

Тасып кетпен,
Қасымда болса сыйлы адам.
Дастархан кең,
Жасамас тарлық үй маған.
Отырайын «Филидегі кеңеске»,
Кутозовтай генералдарын жинаған.

Не болды деме,
«Кел, келге» басып қадалып,
Кенші мен кенші кездеспеу айып.
Адал ұқ.
Тереңдерде табысқан қымбат достармен,
Кеткендеймін өмірім бірге жаралып.

Қаз-қатар жүріп,
Жер қазынасын аштық көп.
Қаймықпа бүгін
«Ақын» деп әлде «бастық» деп.
Шахталас досқа ойлар ем теріс қарауды
Тіршілікке туралап келген қастық деп.

Кел тезірек, телефонмен керілмей,
Көкірек кені көбейді көптен терілмей.
Рерих, саған ниетім таза баяғы,
Рудаға түскен
Алғашқы тамшы терімдей.

1977

* * *

«Алматыны көркейтті киінгенің», –
Деп жеткізді бір досым сүйінгенін.
Көктем келіп көшеде жүр дегенге,
Күрт өзгерді-ау, сағынған күйім менің.

Ақ көйлекпен шығыпсың қынамалы,
Төгілмелі, желбегей ұнамалы.
Қыпша белге жабысқан
Қара барқыт,
Қамзолыңды мақтады бұдан әрі.

Аққан арық, тасқын су, күйлі ағынды,
Алатауды сөз етті иланымды.
Көктемді айтты,
Ол бірақ, айта алмады.
Соның бәрін құлпыртқан дидарыңды.

14.05.1978

ДАЛА ТҮНІ

Даланың түні-ай, күндіздей,
Алакөбе, ақтаңдақ.
Қамысқа дыбыс ілгізбей,
Өзенге қонды қасқалдақ.
Құлын тұяқ жұлдыздар,
Құйғытса биік аспандап.
Құтырды деп сұм қыздар,
Ай келіншек жасқанбақ.

Сыпыра басып шалғыннан,
Бірінен бірі шапшаңдап.
Топ киік өтті алдымнан,
Текелері қақшаңдап.
Саңғалдан самал есті жел,
Жусанның исі астарлап.
Комбайн үні естілер,
Шамында ойнап ақ шаңдақ.

Тізілген оттар қадамын,
Дермісің айға баспалдақ.
Аэропорт алаңын,
Көргендей сезім басқармақ.
Тебірендім ақ түн ойнаса,
Сәт туды ішпей мастанбақ.
Осының бәрі болмаса,
Ақындық қайдан басталмақ?!

Жолаушы сырын кім сезген,
Жоламай келем қақ жолға.
Директор шығар түн кезген,
Жолықпай өтті ақ «Волга».

Тыңдаймын көлдің күмбірін,
Сырнайлатқан қаркындап.
Махаббаттың гимнін,
Созады аққу саңқылдап.

Сайраса бұлбұл төскейде,
Естисің әрең жан шыдап.
Жүректің шетін теспей ме,
Қайта-қайта тамшылап.
Құстардың әні ізгі құт,
Әлдиіндей ананың.
Пендесіндей үздігіп,
Пернесі болдым даланың.

Қиялға қиял жалғадым,
Үміт пен сенім көбейтіп.
Қияға үнсіз самғадым,
Көшесін көңіл кеңейтіп.
Ұмтылдым алға құлшынып,
Жоғалды өзге тосын ой.
О, ғаламат тіршілік!
Бейбітшілік осы ғой!

1977

* * *

Ойнасам да
Шындықты айтам досыма,
Шенемеймін – шенді «дөйге» қосылма.
Тіршіліктің бір қызығы өшпей ме,
Жақсы досың соқпай өтсе қосыңа?!

Қызыққанға емеспін бос үйірсек,
Мәнісі көп біз доспыз деп сүйінсек.
Қимас көңіл жіңішке жіп сияқты,
Бір үзілсе қалады екен түйіншек.

1977

ЖЕҢІС КҮНІ

Жеңіс күні көрмедім тайсалғанды,
Алақайлап жуас та қайсарланды.
Кедір-бұдыр сөйлейтін бригадир де,
Кешегіден біртүрлі байсалданды.

Бұрылмайтын аса көп сәлемдесіп,
Басқарма да жұмсарды әлемдесіп.
Қарттар да оған кешірді: «Әй, балам» деп,
Жүрген ісін сыртынан «пәлен» десіп.

Тек бір шалда өзгеше жария бар,
Сақал-мұрты тоғайдай қар ұялар.
Үш ұлының оққа ұшқан касіретінен,
Қарияның көзінде дария бар.

Анамда да бар менің біраз күдік,
Сырын ішке қашанда тұрар бүгіп.
«Қаракағаз» дегенге төрт қарады,
Сыр білдірмей жасырын жылап жүріп.

Сол қағазға бар сырын айтып қана,
Сандығына салмады қайтып қана.
Камзолының жүрді жан қалтасында,
Бар жиһаздан үйдегі артықтана.

Жанға батқан елемей жара дертті,
Үлгі болды бұзбауға ана сертті.
Көз жұмарда ақырғы тілегі еді,
Сол қағазды өзімен ала кетті.

1977

* * *

Кеңші қолым берегей,
Мырза көңіл ашықпын.
Жер асылын телегей,
Мол ашуға асықтым.

Күмісім жоқ алтын мен,
Кен кеулесем таппаған.
Самародный қалпымен,
Тереңде таулар сақтаған.

Демеймін бекер терледім,
Шалқытты шабыт көңілді.
Жер астынан тергенім,
Жалынды жыр боп төгілді.

1977

* * *

Ақылдың бітпес қайғысы,
Қоймайды сезім айтқызбай.
Құнды сөз сергек бар күші,
Жүр еді-ау көптен тапқызбай.

Қастасқан білсек каталды,
Ақыл бар дауды шешетін.
Алдына келсе атаң да,
Атанның құнын кешетін.

1978

* * *

Жоқ жерде неге катты сынадың деп,
Тағдырға қоятұғын сұрағым көп.
Қос көлден күз келгенде аққу кетсе,
Айдынды кім айыптар жыладың деп?

Құс қайтса жыламайды жігіт деген,
Қарайды келер күнге үмітпенен.
Тірі жан бір кездесер күн туады,
Оралар көктем ескі ғұрыппенен.

Жүректі құс жолындай сызып кеткен,
Тіршілік көп қызығы үзік неткен.
Жиын-той ерте тарқап күрсінткендей,
Қиын-ау, көз алдыңнан қызық кеткен.

1978

Қысы салқын
Қоштасу азабындай,
Жазы дархан
Кездесу базарындай.
Күзі мырза
Қонақжай қазағындай,
Ал көктемі...
Махаббат назарындай.
Аткан таңы
Бақыттың белесіндей,
Түні сұлу
Ғашықтар кеңесіндей.
Жұлдыздары
Ғарышкер кемесіндей,
Туған айы...
Ғашық қыз елесіндей.
Жас қалалар
Дәуірдің талабындай,
Асфальт жолдар
Домбыра шанағындай.
Айна көлдер
Ақ марал жанарындай,
Қатпар таулар
Қарт баба қабағындай.
Бұлтсыз аспан
Ақбөпе тамағындай,
Шымқай егін
Молшылық алаңындай.
Батырлары
Тайқымас бара көрмей,
Тұлпарлары
Құтаймас дара келмей.
Сұңқарлары
Қияда қалықтайды,
Маңдайында
Сұлудың қара меңдей.
Жыртқышы да
Мызғымас маза бермей,

Қапы кетсе
Үйірге қалады ермей.
Бөлтірігі бөрідей,
Сойыл тисе –
Ауыз салар
Арманда қарап өлмей.
Алматының самалы
Астаналық,
Сай-салаға
Гүлдәрі шашқаны анық.
Дала жатыр –
Көкшеге өкше тіреп,
Алатауды басына жастап алып.

1978

ЖАЗҒАНЫМ МЕНІҢ КІМ ЖАЙЛЫ?

Өңім жас, шашым ақшағыл,
Тегін бе сол бір боялыс?..
Оянам іздеп тапса бір,
Шырт ұйқыда ой алыс.

Бұйырған маған жақсы күн,
Бұл кезде және бір кезде.
Сыйысты барлық шаттығым,
Мың сөзге емес бір сөзге.

Жақсы жыр жанға тіреніш,
Тез көрінер мың көзге.
Сыймай жүр жалғыз реніш,
Бір сөзге емес мың сөзге.

Кездессе бүгін құтты жол,
Даттауға бәрін аптығам.
Айтылмас сырым тіпті мол,
Шықпастай барсам шахтадан.

Жұмыспен жырды тең сұра,
Өтейін, достар, үнің боп.
Бақытты жанмын мен, сірә,
Өлеңсіз өткен күнім жоқ.

Мұң үйірге – шың үйір,
Жырымда бүкіл тірлігім.
Туған ел, ауыл, өз үйім,
Сағындым шаңырақ түндігін.

Аққудай аппақ көлдегі,
Қарашы жүрек нұрына.
Сезім мен ойдың өрнегі,
Сыйып тұр әрең жырыма.

Бәрі де айқын көз көрім,
Оралып бірге қосылам.
Мен дегенім – өздерің,
Достарым, зер сал осыған.

5.02.1978.
Мәскеу

* * *

Өмірдің бары, мен білсем:
Тынымсыз өсу, өркендеу.
Біреуді сұлу деп жүрсең,
Кездесер одан көркемдеу.

Жігітім, не бар сасатын?
Дүниеде кім көп?
Сұлу көп.
Сүйгеніңнен асатын,
Ғаламда бірақ сұлу жоқ.

Біржола бұрып кеменді,
Кетсең де көштен хабарсыз,
Сағынбаймын дегенді,
Сағынар күн бар амалсыз.

Бойжеткен қыздай жасаулы,
Талай жер естен кетпейді.
Болса да олар атаулы,
Туған жерге жетпейді.

Айтарым осы күндікке,
Өзгеріс – өмір тәңірі.
Өзгермей өтер тірлікте,
Жүректің ғана әмірі.

25.02.1978.
Мәскеу

* * *

Нашар досқа басымды көп шайқадым,
Көзге өтірік мақтайды.
Кей жігітті тыңдап көп сыр байқадым,
Ол шындықты сақтайды.

Сонда менің бұлт басқан жоқ өңімді,
Көп сынады. Сынбадым.
Ертеңгі ісім болу үшін өнімді,
Сыр бермедім. Тыңдадым.

Талай ауыр туса ойдың таласы,
Әр қия әр деңгейде;
Есер дос пен есті дұшпан арасы
Белгісіздеу кей-кейде.

1978

ҚАЗАҚТАР КІМДІ СЫЙЛАҒАН?

Қазақ қызық халық
Мінезін болсақ милаған.
«Сыйға – сый, сыраға – балын» тыймаған.
Келіспей кетсе келінімен өз ұлы,
«Мың жылдық» деп
Құдасын қатты сыйлаған.

Бір атым насыбайдан
Көңілі қалып қираған.
Өкпеге қиса,
Өлімге әсте қимаған.
Сескенбес оқтан
Сеніскен тату дос үшін,
Махамбеттер Исатайлықты сыйлаған.

Үлкеннің жолын
Кес-кестеп кіші қимаған,
Шабыста атты,
Намыста ерді қинаған.
Сақалын сатпай көп көргенге жүгінсе,
Тәлімі бардан
Мәлімі мол деп түй, балам.

Мейманды күтпеу
Ар-ұжданға сыймаған,
Ең асыл дәмін
Қонағым бар деп жинаған.
Қимас досы тұтқиыл келіп қалғанда,
Жалғыз атын сойып тастап сыйлаған.

Сепшіл келер
Шаруаңа да қираған,
Алумен емес
Берумен жаны шираған.
Мал-жанын аман ба десе,
Болмыстың бабын сыйлаған.

Малдан бастап
Есендессе иланам.
Малсыз өмірі
Жасай берді киралаң.
Кен қопарып
Егін салсақ біз бүгін
Сәлемге де сән кірді деп ұйғарам.

Жаңа өмір келіп
Толағай төксе нұр маған,
Түлігім тоқ,
Ақ дәнге толды тың далам.
Салтыңды сенің дәріс етсем балама,
Жақсыңды жалғап өтер-ау деп
Біл, бабам.

1978

* * *

Уланба, жүрек, уланба,
Ғашықтық жеңіл іс емес.
Келесі көктем туғанда,
Оралар елге құс елес.

Үзаса күндер жылдан да,
Үміттен күдер үзбейік.
Өкініш өзек жұлғанда,
Өлеңге қосып іздейік.

Жеткізбес тағдыр қуғанға,
Қуаныш жолын ашарсың.
Махаббат сәті туғанда,
Мауқыңды сен де басарсың.

23.05.1978

ЖАЛЫНЫШ

Болып жүр сыйластыққа жаным тапшы,
Жалынып жалбарынған бабын тапшы.
Шоқ түскен жүрегіме тамшы тамсын,
Ақырын кірпігіңді жақындатшы.

Сыртыңнан құмартуға ерінбедім,
Шын тату боларыңа сенулі едім.
Жалынын баса алмай тұр жаным менің,
Сақтап қал, шырын сепсін еріндерің.

Жатсынсаң келмей өтер ақын нәші,
Бермен кел, бөтенсімей батылданшы.
Өртеніп бара жатыр бүкіл кеудем,
Су құйсын, қос бұрымды жақындатшы.

1978

ЕРКЕЛІК

Ей, калка! Ақ дидарың айдан аппақ,
Сүйгенде тіл аунайды тайғанақтап.
Көз екеу, аяқ екеу, қолым екеу,
Айтсаңшы, жалғыз жүрек қайда жатпақ?!

Бал берсең су орнына сусағанда,
Білемін оңай емес бір саған да.
Не дерсің мөлт-мөлт өтіп біздің жаққа –
Қос жанар жан сезімін жұмсағанда.

Қызықтым десең – жаның қызықпаса,
Суретім неге түсер жүзіктаска?
Әйтпесе лүпілдеген жүрегіңнен,
Атымды біржолата сызып таста.

1978

* * *

Тірлігімде, досым-ау,
Өлшеме үйде жиһазбен.
Тіленшің болып қосылам,
Домбыра төгіп күй-сазбен.

Ақырғы шешім жасарда,
Өзіңе деген ниеттен;
Іздерсің байлық қашанда,
Жауыға білмес жүректен.

Түңілме «фәни тар» деп құр,
Сүрінсең жетем алыстан.
Сенімді досым бар деп біл,
Жаралған жаны намыстан.

Не сездің – бәрін тізіп қой,
Шын сырым – өлең өрнегім.
Мінезімнен қызық қой,
Жан жиһазын көргенің.

1978

МАМЫР КЕЛДІ

Келді мамыр өлкеме
Қызуы мол қызық ай,
Қыздай кербез қызғалдықтың қызылы-ай!
Акку-қаздың айдын көлде сыңқылы-ай,
Жолда ойнаған құлын-тайдың қызуы-ай.

Жасыл желек
Жер жамылды көктесін,
Бой балқыды
Күн шапағат төккесін.
Махаббаттың жетті тәтті маусымы,
Сағынғандар
Бір-біріне жеткесін.

Тірі жанға рахат төгіп жатыр май,
Сұлулығың таң қалдырды, япырмай!
Ақ білекке орап алшы ей, қалқа,
Ескі мұңға қайта-қайта батырмай.

Сырым осы, айтар болсам жасырмай,
Жүруші едім бір қызығым сөнгендей.
Беу, қара көз! Көктемімді түрлендір,
Жадырайын елдің шетін көргендей.

05.05.1978

* * *

Жүзіңнен бақыт шарпып күлімдеген,
Сырың көп жасыра алмас бүгін менен.
Мен деген басым қатып әурелімін,
Ертеңді жалғай алма бүгінменен.

Қайықтың қос ескегін есе білген,
Әйтеуір жаңылмайды ол есебінен.
Тып-тыныш мен отырам өлең жазып,
Бүгінді айыра алмай кешегіден.

Теңізде жеңілткендей жүгін кемем,
Көзіне бұлдыр сағым ілінбеген.
Ұл-қызым қасымызда бірге оқып жүр,
Себебі сол деп білем күлімдеген.

Ал, менің аласапыран жалын ішім,
Сыр бермей, үн қатпаймын арым үшін.
Қарайлап ертелі-кеш елді ойлаған,
Бір мезет басылмай жүр сағынышым.

Қаламға жүк көбейді сияменен,
Сағыншақ меңдеп алды киял-өлең.
Жүрсем де қай қияда мінезім сол,
Өлеңге бар мұңымды құя берем.

22.01.1978.
Мәскеу

ТЫНЫҚ МҰХИТҚА

Еш мұхит асырмаған сенен көлем,
Тұмапты су атасы сенен терең.
Көп толқын
Көшкен сеңдей дүбіріңе,
Тебіреніп, жаным толқып өленденем.

Әлемнің сыры шексіз бір ғажабын,
Көрдім деп,
Көңілім өсіп жыр жазамын.
Атыңды «Тынық» деп жұрт атаса да,
Бар екен тыным таппас мың азабың.

Дайындасып әр қимылын сәні қылып,
Тайызға тоқмейілсу дәрі қылық.
Дамылсыз тереңдер мен телегейлер,
Көрінер әрі шексіз, әрі тынық.

03.09.1978

* * *

Көрсетпе, достым, мінез тарлығыңды,
Бұлдамай берем қолда бар гүлімді.
Тыңдамай теріс кетсең өз еркіңде,
Бірталай ақтарамын бар мініңді.

Сөкпесін ұсақ-түйек майдаланып,
Айтпасын жұлдызды Айға барып.
Асыңды ішкен-жеген көп мақтайсың,
Басыңның дәрежесін саудаға алып.

Дәлелде жақсы атадан өнгеніңді,
Қастерле ерте кетіп сөнгеніңді.
Ішкен-жеген қалдығы сайда жатыр,
Одан да айт не жақсыны көргеніңді.

1978

* * *

Ақ бетіне кан ойнаса шапшыған,
Қайдан тапсын кідіруге жан шыдам?
Ақ жүзіңді бал жайлаған мезет қой,
Бір сүйгенде барлық дерттен аршылам.

Шындық сырын айтпай неге жасырам,
Бал тамшыдан туады екен асыл ән.
Содан болар көзім шалса өзіңді,
Өліп-өшіп бір сүюге асығам.

Ән саламын серілерше өндіртіп,
Күй төгемін он саусаққа жел бітіп.
Содан кейін жыр окимын сен жайлы,
Жаның лаулап кетердей-ақ желдіртіп.

Ең шабытты, ең қызықты кезім бұл,
Селдей тасыр жүрегімнен сезімгүл.
Есіл едім, Жайық болып барамын,
Содан кейін не боларын өзің біл.

1978

* * *

Шаганэм сен менің, Шаганэм!
С.Есенин

Көзің сенің
Тау түніндей қап-қара,
Терең тартар,
Қарай қалсаң баптана.
Кездескенде жалт қарайсың еркем-ау,
Алатаудың елігіндей сақтана.

Жыр жазайын
Танысым деп мақтана,
Сыр ақтарсаң,
Жан сенімін шақтама.
Көл шетінде саялаған самалда,
Жалғыз жүріп әсте қадам аттама.

Кел, тыңдайын,
Сен түрленсең шаттана,
Шыдай берем,
Тәулік түгіл аптаға.
Көріп қана отырайын жайланып,
Қос жанарды тау түніндей қап-қара.

Жұмақ құсы конған біздің бақшаға,
Әніңді үзбе,
Жаның тағат тапса да.
Сонда маған теңесе алмас дүниеде,
Барлық король,
Тақта отырған патша да.

1978

ДИХАН ӘБІЛЕВКЕ ХАТ

I

Берсе де
Бізге тағдыр өрлеу сыйын,
Шіркін-ай!
Осындайда сөйлеу қиын.

Невельмен кездесуге құмар едім,
Көрем деп, аңсағанды көрмеу киын.

Жоқ менде қызыл буы әкімдіктің,
Жақсы іні
Сәлемдесер сәтін күттім.
Шылбырын сіз ширатып жолға салған,
Мен де бір сарбазымын ақындықтың.

Сөз баска, толғандырар өлеңге елді,
Сіз қоштар әлі талай берем белгі.
Сәлем хат, көңіл айтып жазам десем,
Қара сөз карыскандай, өлең келді.

II

Хабардан суық,
Белгісіз боп тұр не дерім,
Тіл мешеу, аға!
Невелің кайда, Невелің?!
Көрінбейді көк теңізде желкені,
«Әбілев» атты жаңа жыр артқан кеменің.

Әлде дұрыс, әлде мен қате естідім,
Тым ауырлап шықты дейді кешкі үнің.
Рақымсыз ажал,
Есін алды-ау естінің,
Көрінбей шыңы, Құлагер болар бестінің.

Өзіне тартқан ұлы бар деп ағаның,
Санаушы едік сыртынан сәтті қадамын.
Ауылдан келген жан азасы шыдатпай,
Кірпігіме мен де ақ моншақ қададым.

Сөйледі жүрек, тіл емес көңіл айтуға,
Тимеді қол да, әдейілеп барып қайтуға.
Жалғыз саған батқан қаза болмас-ты,
Ақын еді, арманы асыл бай тұлға.

Жоғалттық өлең,
Өргелең жаңа жалғасын,
Көксейді көл де ағынды бұлақ арнасын.
Мықты бол, аға! Одан басқа не дейін?!
Аяусыз ажал ауыр халге салғасын.

Кең дүние ол барда сізге еселі,
Қатты тиді-ау, аяусыз ажал кеселі.
Үлды ойлап,
Әрі жырды ойлап,
Білемін бүгін өкініш өкпе теседі.

Толғанды бірге кең дала,
Тебіренді таулар,
Ұқты көл.
Кірпігімнен сырғып түсіп жарқ етіп,
Ақ гүлге тамған
Ақ тамшы мөлдір шықты көр.
Үндей алмай інілерің күңіренсе,
Бізге де батты.
Күрсіну деген тіпті мол.

Ертең де солай!
Үйілеу деген өседі!
Жеткізбейді тағдырдың қиғаш есебі.
Торқа болсын топырағы Невельдің,
Өзіңе берсін қимаған оған есені.

Атамыз басқа,
Жеріміз алшақ десек те,
Сыйласа білмес
Емеспін мен де бос өкпе.
Әскерде емес қақ төрде жүрген
Ақиық,
Мәскеуде мені
Бір ұлым бар деп есепте.

1978

БАЙҚАШЫ

Байқашы,
Тіршілік қызықты екен.
Өзіңді көргенде
Өзгеше қызып кетем.
Дүние толқыған теңіз болса,
Тоқтаусыз кемедей жүзіп те өтем.

Байқашы,
Ішкенім ас бола алмай,
Масаңсып қаламын,
Біржола мас бола алмай.
Мен сені көргенде шалқып кетем,
Қуанған көзіме жас толардай.

Байқашы,
Мінезім дақ салар ма,
Жасыра білмеймін
Жат көзден сақтанарда.
Көңілдің жүгі ауыр болып тұр ғой,
Көрінбе ауылыңнан аттанарда.

Байқашы,
Тіршілік қызықты екен,
Өзіңді көргенде
Ерекше қызып кетем.
Дүние дауылды мұхит болса,
Дамылсыз кемедей жүзіп те өтем.

1978

* * *

Сұм жүрек қиял туғанда,
Қияға қанат сермейді.
Бағынбас үкім, мың заңға,
Махаббат оңай келмейді.

Жұлдызың жарқыл қағады,
Деместей естен жаңылдың.
Құмарың ертең қанады,
Сабаңнан аспа, сабыр қыл.

Оның да халін көрерсің,
Ғашықтық оты жеңеді.
Не десе соған көнерсің,
Саған да сұлу сенеді.

12.05.1978

БАЛҚАРЛАР БАУЫР ЕКЕН

Қыздардай өткір жүзді,
Санаттың басқан ізді.
Су жұқпас жалтыр қайрақ,
Сужартас өткіз бізді.

Қоймаймын сұрақ текке,
Қорқытпа жырақ шепте.
Өтейік қылкөпірден,
Төбемнен құлап кетпе.

Тау ұлы жетегінде,
Басамын бекем үнге.
Бар екен бір ғаламат,
Эльбрус етегінде.

Көп қызық көріп қайттық,
Шалғайды шолып қайттық.
Бұзаудың басын мүжіп,
Домбайға конып қайттық.

Тау іші ауыл екен,
Бірі жоқ бізге бөтен.
Балқарлар тілі бірге,
Ежелден діні бірге
Ет жақын бауыр екен.

1978

Сұлулығың бір бөлек,
Еріндер нәзік гүл ме еді?
Толқынға әнің жүр бөлеп,
Әлдилеп әуен бір мені.

Сұлулығың орасан,
Ақынсың елде іргелі.
Кездесуім оңаша,
Қажетім деуші ем білгелі.

Сен келді деген елеңге,
Жерлестер естен жаңылды.
Қан дүрлікті денемде,
Орнатып жүрек әмірді.

Теңізге барып шомылсақ,
Аққу деп таулар қарайды.
Қырымға берді жаңа сән,
Ажарың аппақ арайлы.

Қасыңда ынтық жұбайың,
Бұйырған жеке меншікке.
Телміртіп қойды-ау, құдайым,
Күзеті қатал жеңсікке.

1978

* * *

Көрместей жұлқынып
Жағадан кетсе де толқындар,
Қайтадан келеді
Өксігін баса алмай солқылдап.
Менің де жүрегім
Тебіреніп кеткенде толқындап,
Сағыныш теңізін толтырмақ.

Мың айтсам сен жайлы
Бір сөзді «жоқ, жоқ» деп қайталап,
Бір мысқал ойы жоқ
Жүдеулі күй-жайды байқамақ.

АҚ ТҮНДЕР

Ақ түндер, ғажапсыңдар ақтығыңмен,
Ақ тілек жалғастырған жақсы күнмен.
Аяулым, күндіз саған тіл қата алмай,
Ақ түндер аясында жаттығып ем.

Ай да аппақ, аспан да аппақ, сәулем де аппақ
Алаңдап келмейді еске кірпік қақпақ.
Аспаннан ақ жүзіңе ай қараған,
Ақжарқын әр мезетті қалдым жаттап.

Ақжолтай жаңа қызық байлантқандай,
Аппақ түн шаттық берді сайлап қандай?
Айтуға әр мүшеңді ұяламын,
Ақ мамық құс төсекте ай жатқандай.

1978

* * *

Көрші өскен сұлу құрбы дегенге,
Үйқы бұзбас ұяңдау боп туыппын.
Одан ба әлде көңілсіздік менен бе,
Өзге көше әнші қызын жуыттым.

Жылдар өтті. Жиын-тойдың ішінде,
Көршінің қызы күлім қағып кездесті.
Аққу құстай тұнып қалған түсімде,
Сездім бұрын үш ұйықтасам сезбесті.

Тебірентіп ұмыт болған сәуір кез,
Көз қиығы түсіндірді ауыр сөз,
Мені ынжық әлде қатал, паң демек.
Сөкпе құрбым, кетті деме наз өтпей,
Батырларға қару-жарақ қажеттей
Ақындарды жүрер күй мен ән жебеп.

1978

* * *

Алдыңда сенің, анашым,
Асқар тау да аласа.
Өлеңге болмас толасым,
Бейнеңе белгім жараса.

Кеңейеді жырдың сәні де,
Бір айту кейде армандай;
Қарайлай берем әлі де
Ауылда жалғыз қалғандай.

Сырласамын өзіңмен,
Өнбесе кейде бір ісім.
Кетпейсің сонда көзімнен,
Мен үшін мәңгі тірісің.

«Қажыма, – дедің, – қарағым,
Қаулаған өрттің ішінде».
Мейірімді көзбен қарадың,
Бүгін де көрдім түсімде.

1978

* * *

Шайлықпа дүниенің дауылынан,
Аршындап өт арпалыс ауырынан.
Іргеңді жел көтерсе кім кінәлі,
Қазықты ол тым әлсіз қағуыңнан.

Сескенбе мықты жаудың өсегінен,
Төсемес сен келер деп көше кілем.
Дұшпаның жүре-жүре іріленсе,
Болғаның ол мықтылау кешегіден.

Шошынба бір теперіш орнайтындай,
Қайсарлан еш киямет болмайтындай.
Адамды дұшпаны әлсіз бақытсыз де,
Қоянмен қоркау қасқыр ойнайтындай.

1978

БАЛЫҚШЫНЫҢ ӘНІ

Өзеннің ені жарғақ, түбі терең,
Балыққа алғыр қармақ сермей берем.
Қармағым тереңге бой ұрған сайын,
Сауығам ет-жүректі емдеуменен.

Таза ауа судың беті маужыраған,
Мауқыңды бір басады қалжыраған.
Жартастың етегінде қара қамыс,
Шілік-тал тербетіліп ән құраған.

Сұлудай мән беретін айтқан сөзге,
Қызық қой нән балықты тапқан лезде.
Орнайды рахат алған сәтті мезет,
Ақ сазан қармағымды қапқан кезде.

Тапқандай суда құтты күй ырғағын,
Қармаққа құткарма деп бұйырамын.
Іс бітіп, сазан шаршап былқ еткенде,
Қармақты сылп еткізіп суырамын.

Кенелтер қуанышқа қызықпенен,
Аңшылық талай сырын ұғып келем.
Бәйбішем бір жасарып қалу үшін,
Мен аңға ара-тұра шығып келем.

1978

БІР ЖОЛДАСҚА ЖАУАП СӨЗ

«Профессионал емес» деп ақын жолдас,
Шүйіруге мұрныңды хақың болмас.
«Ақындыққа әкімдік не керек?!» деп,
Ағат сөзге барыпсың ақыл қонбас.

Аңдап қалсам кикар сөз таластығың,
Ақиқаттан, әрине, адасты үнің.
Совнарком боп Сәкендер жүрген жоқ па,
Ғибрат етіп көп өнер жарастығын.

Ескі ұғымдар тоздырар өз кебінін,
Әкімшілік әлемі өзге бүгін.
Жалаң ақын емеспін, мен кеншімін,
Кеншілердің талабы өзге жүгім.

Заң мен заман біздерге ерік берді,
Сегіз қырлы талабым көріктенді.
Сұрап алған емеспін мен өлеңді,
Ақ сүтімен анамның еріп келді.

Жүре алмаймын жалтарыс, калтарыста,
Мен ортақпын ел жеткен бар табысқа.
Қос жұмысты аткарсаң қол кірлемес,
Нағыз ақын жүрмей ме арпалыста?!

«Ақын-әкім» деп сырттан сыбыс құрар,
Өсектесін өзге бір жымысқылар.
Ақынға ақын ашқарақ ауыз салса,
Есті адамның жүйкесін құрыстырар.

Мен де сендей ел үшін қамығамын,
Шартарапқа тарқады лағыл әнім.
Қызғанышпен бой ұрсаң былғанышқа,
«Жезкиіктің» есіңе ал аруағын.

Мен де сендей кезімде күй ақтарған,
Ойға шомдым, алыска ұзатты арман.
Көзім көрген өмірдің көшірмесі,
Өлеңім бар халқыма ұнап калған.

Зақым етсең сабағы үзбей сынар,
Менің де пәк сезімім гүлдей шығар.
Ақын болсаң, жүректің екеумізде,
Елді сүйген лүпілі бірдей шығар.

Кеншілікте ақынға жақындық көп,
Әкімдікті ойлай бер батылдық деп.
Толстойдан тараған асыл сөз бар:
«Профессионалдық бар жерде ақындық жоқ».

Жүрер деме сен салған сораппенен,
Жырға ойды өзімше орап берем.
Қаламгерді сыйлаймын Есенинше,
«Ақынға ақын қашан да қонақ» деген.

1978

ТУҒАН ЖЕРГЕ

О, туған жер!
Анамдай өбектесең,
Бөбексініп өзім де көмектесем.
Өйтпес едім,
Бауырыңнан ұзағанда
Сағынышпен сарғайтып төлетпесең.

Қиял құсы жадымда ғажап ұшқан.
Болып келем жолдаушы жаралыстан.
Ауыл шеті төрімнен басталады,
Басталады аулымнан Қазақстан.

Бар жақсылық жан анам бастамасы,
Бақытымның – отбасы астанасы.
Құрбы достар, туған ел, бар әміршім,
Тірлігімнің жоқ айтар басқа бәсі.

Келіп қалған есептеп жыл аяғын,
Бір ісіңді тындырсам тыңаямын.
Ақ қайыңның жапырағын жел түсірсе,
Ішім ашып бір түрлі мұңаямын.

1978

КАБАРДИН АҢЫЗЫ

Кавказдық досым Барасби Кумеховке

«Орындалар әз арман, әдемі үміт,
Сүйгеніңді білейін, қане, жігіт.
Өз анаңның жүрегін әкел», – депті,
Әмір құрып сұлулық, әдемілік.

Қаталдық па,
Әдейі тор құрғандық па?
Қыз сынағы сыймайды имандыққа.
Қу бас болып дүниеден өтсе-дағы,
Жігіт қимас анасын құрбандыққа.

Ана бәрін естіді. Шыдамады.
Шыдамады,
Өзге өмір сұрамады.
Жұлып алып жүрегін ұсынды да:
«Апар!» – деді. Екі сөз құрамады.

Оттай ыстық жүрегін анасының,
Жігіт ала жүгірді аласұрып.
Жүрек сонда сөйледі баппен ғана:
«Бақытты бол, құлыным, қарашығым».

Қызға ұстатып жүректі тілге келмей,
Қанжарды алып жіберді бірге сермей.
Содан кейін шатқалға жетті жігіт,
Келіп құлап ел-жұрттың бетін көрмей.

1978

ЖҰҺАР

Эльбрус етегінде көрдім жұһар,
Желбіреп жапырағы шашқан жұпар.
Бір қайран сондай еді, бала-ғашық
Бал тамған қызыл ерін сүймей жұтар.

Жұһардың өңі қызыл – ерек кескін,
Қызарған күзгі ару терек дестім.
Туғалы бір көрмеген ғаламатпен,
Ей, қалқа, танысуға себептестің.

Жапырағы тиіп кетсе қызыл жібек,
Лып етер салқын денең қызып үдеп.
Кавказдың күйеу тоқан қызы дерсің,
Бота көз маза бермес құлын жүрек.

Жігіттер жұһар алсаң Эльбрус бар,
Сұлу деп қызыл ағаш ел дұрыстар.
Тауда өскен жас иісін жұта-жұта,
Достым-ау, мен емделдім, сен дұрыстал.

1978

* * *

Қара жерге бәйтерек,
Жайғандай терең тамырын.
Келемін саған еркелеп,
Туған ел – майса мамырым.

Көкіректегі бар наздың
Көбін айтып үлгердім.
Кеншің еттің, тау қаздым,
Ақының боп сыр тердім.

Қымыз иіс, қыз иіс,
Жусаны жұпар кең дала.
Біткенше демге үзіліс,
Құмарым менің сен ғана!

1978

МИРАС

Елестетсем маған дос адамдарды,
Достарыммен кен қазған алаңдарды;
Көкірегімді билеп тұр бір қуаныш,
Бүгін менің орныма балам барды.

Бастап едім Текелі тауларынан,
Шайлықпадым жер асты аумағынан.
Қаза-қаза шайлықпай тесіп шықтым,
Кен бұйыққан Жезқазған ауданынан.

Боларсың деп біздерден ақылдырақ,
Сөз айтпаймын пәлсапа татымдырақ.
Мен баласы ем ауылда егіншінің,
Шахтер ұлы боларсың батымдырақ.

Атты, міне, аңсаған жаңа таңым,
Дәстүр, мирас жалғасаң жаратамын.
Қарайлама, өз жолың болсын даңғыл,
Ізге салмас қырандар балапанын.

1978

АРПАЛЫС

Профессор Е.Б.Мазоға

Ауырған ұлын Мәскеуге ағай әкелді,
Білмеген бала емхана деген «пәтерді».
Он жеті жасар бозбала осы бейкүнә,
Жаңа сезген «қыз» деген қызық «жат елді».

Шалынған дертке жүрегі емес бүйрегі,
Азапқа салып инедей іштей түйреді.
«Жас қой, – деп, – әлі» анасы көзге жас алса,
Екінші бүйрек өгіздей өрге сүйреді.

Сәті түсті. Басталды шаттық той легі,
Еске салды дерсіңдер, бірақ ой нені?
Операция жасарда доктор ағайға:
– Рұқсат бер, қағазға қолды қой, – деді.

Топ жарған жігіт сындарлы жерде сөз алып,
Үндемей қалды. Ақ қағаз жатыр бозарып.
Қиын-ау, шіркін, пышаққа қию баланы,
Қиналғанын айтып тұрды көзі анық.

Қағазға төнді наз айтқандай құдайға,
Іш тартады, ер жігіт қой, жылай ма?!
Өз жаны шығып кетердей ауыр күрсініп,
Қол қойды әрең. Осынша тағдыр сынай ма?!

Арпалыстың әлегін қайтем жасырып,
Қуантты сонда дәрігерлер өнер асырып.
Ағамыздың жүзінен шаттық төгілді,
Жеңгеміздің көзінен алғыс шашылып.

1978

ПАРЫЗЫМ

Періште емес,
Пендеміз ғой жаны үзім,
Елеңдетер өткен жылдар саны ұзын.
Кеншілікке ақындықты жалғадым,
Туған елге өтелсін деп парызым.

Ауыр жүкті әкетпеуге арқалап,
Жастайымнан жасап келем жан талап.
Білегімді шынықтырсам кен қазып,
Жүрегімді өлең алар жаңқалап.

Түнде көрген келіп жүрсе түсім дәл,
Ұланғайыр бітпей жатқан ісім бар.
Аңсап күткен адамдарды қуантып,
Шабыт құсы сәлем алып ұшыңдар.

Байқасаңдар жүрек лаулап жанғанын,
Ол өзімнің жан құмартқан арманым.
Бір арманым орындалса тірлікте,
Жырға орап кетемін ғой қалғанын.

1978

МӘҢГІЛІК ОТЫ ҚАСЫНДА

Бірінші өлең

Александров бақшасы,
Кремль түбіндегі,
Тебірентті тым өзгеше бүгін мені.
Тірі жалын лаулайды,
Алтын белгі,
Өлместік пен өлімнің жігіндегі.

Асау жалын,
Ақ жалын ағындайды,
Мәңгілік оты ол бекер жағылмайды.
Жеңіс туы сияқты желбірейді,
Дауылыңа, желіңе бағынбайды.

Үшқын көрсең көзімнің шарасынан,
Балқып шыққан ақ маржан таза шығар.
Таныс бейне елестеп қарай қалды,
Қызыл шырай от-жалын арасынан.

Көп жазбап ем
От жайлы, жалын жайлы,
Бүгін шабыт өзгеше жалындайды.
Шырт ұйқыдан оянған жас баладай,
Өмір сырын өзгертпей қабылдайды.

Қай қияға екі көз қаратпады,
Ағыл-тегіл ой өрнек қабаттады.
Осы ма екен жанымды жаңартпағы,
Қоңыраулатты Кремль сағаттары.

Күміс жалын желкілдеп өріліп тұр,
Шыршаларды құлпыртты төгіліп нұр.
Көмескіні көркейткен ақ сәуледен,
Бала күндер баяғы көрініп тұр.

Соғыс жайлы тынбайтын бір күн кеңес,
Ауыл қалай жат сөзге дүркіремес.
Атам байғұс зіл түйіп, нық айтатын:
«Белгісіз өлу деген мүмкін емес!»

Сол сөздердей жадымда сөнбей қалған,
Осынау жалын күдікті сермейді әрман.
Сөнген жүрек мәңгілік лаулап тұрса,
Дұрыс екен өлімге сенбей қалған.

Екінші өлең

Қарақағазға, анашым, сенбегенің –
Ардағыңды қалай да көрмек едің.
Үміт-сенім үзілмес қуат беріп,
Дұрыс болды күйреуге көнбегенің.

Қайда жүрсем әл беріп ойлы нұрың,
Тосты өмір маған да тойлы гүлің.
Ұлым-қызым еркелеп көз алдымда,
Өкінішін көкірек жойды бүгін.

Күңгірт күнді күлкіге жарымаған,
Қасақана боламын танымаған.
Жадау сәтте өлең-дос сүйеу болды,
Өзге қылық бойыма дарымаған.

Еңбек етпей, не бітер күрсінуден,
Жаным ада тірлікке түршігуден.
Шыбық бітсе сақтандым орман деуден,
Өзіме-өзім аулақпын сүйсінуден.

Ерте тисе қыс қырау ерке гүлге,
Қуанышты бүгінім, ертеңім де.
Туған елдің аялап алақаны,
Белгісіз солдат бақыт бар өркенінде.

Ойланатын,
Өтейтін парызым көп,
Бас сауғалап қайтейін, жан үзімдеп.
Жүректерден көп жылу алып едім,
Қайтармасам жыр тоқтап, ән үзілмек.

Өзіңсің ғой, анашым,
Анық әнім,
Айтылмаған ой деген әлі қалың.
Ұлың тіккен отауды көре алмадың,
Содан болар,
Кейде көп сағынамын.

Жалғастырған сәулеті аспан-жерді,
Бейітіңе қоймадым асқар белгі.
Көз жұмғанша мен бірақ жырлап өтем,
Жалғызтауда сен ұйықтап жатқан жерді.

Үшінші өлең

Сәулем-ау, сені,
Аз айттым ба жырымда,
Келеді әлі азайтқым да шынында.
Аққулы көл, киікті дала келбеті,
Құштар етіп,
Бермейді жанға тыным да.

Саған жетер сұлу бар сонда демеймін,
Сақтану жоқ,
Мақтануға да кедеймін.
Өзіміз жайлы қайталай беріп не керек,
Өзімше бастап ел сырын айтып кеңейдім.

Қандай пәле сені менен айырар,
Сүйгендігім өлеңсіз де жайылар.
Кеудемдегі жүрегім сендік болған соң,
Өзіңмен ғана құпиялы жайы бар.

Таңдайыма бал ләззатың татыған,
Жалынға жалын жалғасқан жаным ғашық ән.
Қайталайын мәңгілік оты қасында,
Бар бақытты қай пендеден жасырам?!

Айтар сөзді зиялап, зерлеп байқайын,
Әсіреқызыл қайтейін өңшең айқайын.
Адалдығың үшін,
Алтын ұя атынан
Аяулы жерде алғысымды айтайын.

Төртінші өлең

Бір кәдеңе ей, уақыт, жарайым ба?
Достық жоқ емес, әйтеуір, маңайымда.
Мәжілістес солармен өз орным бар,
Ақындық пен әлеумет сарайында.

Білем, дүние жаңылмас есебінен,
Досың көп деп
Төсемес көше кілем.
Жолым өрлеу,
Асулар көп болған соң,
Қаталдаумын өзіме кешегіден.

Көріп-білген,
Бар болса ұққаным да,
Жаным құштар дөп басар мықты адымға
Достарым мен өмірдің сырын білдім,
Есерлердің кетпесем ықпалында.

Арлы доска кең жайлау кілемдеймін,
Ақ ниетін айтпай-ақ білер деймін.
Бірақ, байқа!
Тіреусіз өтсем-дағы,
Жаман доска ешқашан тіренбеймін.

Құшағым кең,
Құлшынсам ашылуға,
Тік айтайын, көнбеймін басынуға.
Ерте оянды жүрегім,
Жаным сергек,
Әлек болма бір қулық асыруға.

Сыйласарлық тартымды болса ырымым,
Ерте кеткен біреудің мен де ұлымын.
Өзіңе-өзің сенбесең аулақтау жүр,
Адал, таза достықтың шын құлымын.

Сен де тыңда,
Мен жөндеп тыңдайды екем,
Морт емеспін,
Сынай бер, сынбай кетем.
Досы жоқтың мен білген ақылдысы,
Дұшпанын да амалсыз тыңдайды екен.

Көргенімді қайтейін түске келіп,
Бой көрсетіп жүргем жоқ,
Күшке сеніп.

Доспын десең, жігітім,
Мен келемін,
Айтқан сөзге үйлескен іске сеніп.

Бесінші олең

Жолдастықтан жаралған байтақ елімде,
Мерейлімін сүйсініп ортақ сенімге.
Отан-ана баяғыдан біледі,
Көш бұзбайтын мінезімді менің де.

Қазақпын десем біреуден артық емеспін,
Төс қақпасам,
Тасада қалдым демеспін.
Тың жерге шыққан ақ бидайдай тазамын,
Өрісім кең, біркелкі қаулап тең өстім.

Белгісіз солдат бейітіндегі тасынан,
Бір сөз оқып, жыр жазуға асығам.
Туған ел үшін қан майданда жан қиса,
Орнапты белгі Қызыл Алаң қасынан.

Тағдыры сол ғой
Жолдастық сүйген кісінің,
Таңбасы айқын,
Тетігі терең ісінің.
«Ата көрген оқ жонар» деп ойлай бер,
Мәңгі оттарға ұқсап тұрса пішінім.

Білуім қажет ниеттің оң мен терісін,
Жасқаншақ деме,
Жасасам сыйлы келісім.
Арамызда шекара деген жоқ деп біл,
Шын жолдас болсаң
Оққа да ұшам сен үшін.

Жалғандық жоқ,
Жүректің айтсам жарлығын.
Көп іздедім ой менен сөздің дәлдігін.
Планетаны аралап жүрсем алаңсыз,
Мүддесі ортақ жолдастарыммен әлдімін.

Алтыншы өлең

Отан-ана!
Тағдырыма мақтанам,
Төгіле айтам,
Кезім жоқ сезім шақтаған.
Өзіңсің ғой сүйемелдеп жетілткен,
Белгісіз солдат белгісін есен сақтаған.

О, туған жер!
Өсірген бауың гүлдепті,
Ол қарыздар,
Әлі де көп-көп міндетті.
Өзіңді сүйген әмірі сол жүректің,
Төсіме бассам аязда қалған жидекті.

Белгісіздердің бұтағы болсақ бұлқынған,
Молшылық көрдік көркейіп дүние құлпырған.
Өзіңмен бірге
Адымдап бара жатырмыз,
Болашақтарға кең құлаштап ұмтылған.

Аз сөзбен айтсам іңкәрліктің үкімін,
Тік шырқап қостар
Шаңырақтан шыққан түтінім.
Туған анам ақ сүтіндей сыйлаймын,
Уыс топырақ,
Ауаңның асыл жұтымын.

Жетінші өлең

Не керек маған,
Бере бер, өмір, сұрамай,
Мін таққам жоқ,
Мінезің мүлде ұнамай.
Орнасын мәңгі тыныштық бүкіл әлемде,
Алаңсыз жүрсін көлде аққу,
Өрде құралай.

Дархан дүние сұлулығын сақтасын,
Көрейік арман – болашақ бақыт бақшасын.
Сол үшін де ең қажетім не десең –
Біріне бірі адамдар оқ атпасын!

Жалыну емес,
Бұл менің ізгі арманым,
Тұрмын ғой көріп соғыстың кімді алғанын.
«Белгісіз өлу»,
«Достық зират» дегендер
Тілеймін көне тарихта ғана калғанын.

Жоспарым айқын ертеңіне сенетін,
Қызығым шексіз алдымда әлі көретін.
Гүл тұнып жерім,
Құлпырып елім келеді,
Әділет жеңсін, жасама тірлік бөгетін.

Қатардан қалып тарткам жоқ ащы күйікті,
Жүйріктердің бәрі де маған сүйікті.
Жармаспаймын тізгініне озғанның,
Көрем деп келем өзіме лайық биікті.

Талабыма бармақтай бақыт, пана бол,
Бәрін қайтем,
Бір жырым, шіркін, дара бол.
Барлығы емес,
Немерем не бір шөберем,
Бір-ақ рет жүз жылда келер дана бол.

Бақытым айқын,
Білмедім көңіл бұлтағын,
Сұлулау туар
Бір таңымнан бір таңым.
Маған десем, баршаңа болсын дегенім,
Өзімнен озсын соңымнан ерген ұрпағым.

Біз жетпеген биіктерге өрлесін,
Кемістік тапса қаймықпай солар жөндесін.
Өздері де орнатар талай ескерткіш,
Біз тұтатқан мәңгілік оты сөнбесін!

1978

* * *

Мейлі қайда шақырса асқар асу,
Өз төріңнен шығар жол бастамасы.
Меже болар, жөн сілтер, ақыл косар,
Болсын жайлы әркімнің өз панасы.

Мекке емес тірлікте іздегенім,
Туған елім – ақ тілек үзбегенім.
Білім куып Мәскеуге келсам-дағы,
Дәл бұйырды ауылдас қыз дегенің.

Пай, пай, жастық! Бізден де өтесің бе?
Ұлым, қызым жүр Мәскеу көшесінде.
Алыс деген қиялар бой көрсетті,
Туғандаймын асу бел төтесінде.

Өлең сөзбен білдірсем ізгі үнімді,
Өз қызыңнан көре бер қыз күніңді.
Қуаныштың үлкені деп білемін,
Болашаққа жалғасақ біз бүгінді.

Сөздің қайтем
Тік түспес жанапайын,
Ақ бәйбішем, өзіңсің дара қайың.
Қай биікке шықсақ та біз қалармыз,
Елді аңсаған бауырмал қарапайым.

Шығаруға әуестік өрелі үнді,
Сол деп білем ақырғы берерімді.
Кеншілік пен әкімдік өте шығар,
О, тәңірім, тоқтатпа өлеңімді!

1978

* * *

Көрдім сені тап кеше,
Ақ ботаға баладым.
Төңкерілген ақ кесе,
Жанарың-ай, жанарың!

Дертіңе дауа сай болып,
Екі беттен сүйдірсең;
Ақ төсіңе Ай конып,
Рахаттан елтіп бір күлсең.

Сәт туар ғой көзіңде,
Сезім нұры шашылған.
Содан кейін өзің де,
Кетпес едің қасымнан.

1978

* * *

Жүзің қандай жылы еді
Нәзік еді.
Білінбейді құштарлық азы-кемі.
Үзім үнің жанымды үздіктірді,
Дауысыңның балқытты назы мені.

Әрбір сөзің
Әкелді ағын шаттық,
Біз әйтеуір қос жүрек бабын таптық.
Айтқаныма көнгенің қандай жақсы,
Жат адамша жасамай тартыншақтық.

Дидарыңа кеткенде ойым ауып,
Ойқастадым шошымас жолын тауып.
Тіл жетпестей
Рахаты, ләззаты мол,
Қызық еді біз ашқан ойын-сауық.

Пай, пай, шіркін!
Бір түнді жыл етерсің!
Түн жетпесе қасыңда түнетерсің.
Ел көрмеген таудағы еңіліктей
Ашылмаған қауызы гүл екенсің.

Өз сәті бар деседі әр мергеннің,
Естен кетпес сен қуат, әл берген күн.
Әдейілеп пішкендей
Атқан оқтың
Нысанаға қарашы дәл келгенін.

Сұлу сүйгіш орнады ғұрып маған,
Кездесті ғой ғажайып қылықты адам.
Осындайда тағдырға алғыс айтам,
Тамашаға табиғи сұрыптаған.

03.05.1978

* * *

Ұзарады күн ертең торғай адым,
Ерте тұрып егіліп толғанамын.
Таңғы төрттен төсекті тастап шығып,
Оранамын жыр жалғар ойға қалың.

Осы күнде қашып жүр ұйқы менен,
Ерте оятып жіберер сиқыр өлең.
Жұрт ұйқыда жатқанда толғандырып,
Қызық екен келгені бүйтіп өлең.

Жаңылмаймын,
аулақпын өкініштен,
Өмір зая сары ұйқы өтін ішкен
Күн ұзарса қуанам
Көп жұмыска
Кеншімін ғой көп жылдар етім піскен.

Ұзарады күн ертең торғай адым,
Қозғалады көкірек толған ағын.
Адым деген аз ба екен,
Үлкен іске,
Жырым солай.жысақ қол қоямын.

Дедім дағы, шошыдым
Қауіп еттім,
Сүмбіле боп кетеді жауып өткім.
Торғай адым
Жарасар күнге ғана,
Уақыт аз ғой.
Келеді шауып өткім.

1978

* * *

Ауылға жету оңай, кету қиын,
Қимайсың ағайынның көңіл сыйын.
Дегенде: «Көрші қызы сағыныпты...»
Өзгерді қуаныштан менің күйім.

1978

* * *

(Расул Ғамзатовтан)

Бар ма екен айда тіршілік?
Білдік пе оны кеше біз?
Жыр арнап талай сүйсініп,
Болмадық құмар нешеуміз?!

Ғашықтық сөзге дария,
Махмуд жазса өленде;
Ай келбетті Марьям
Иландық Айдай дегенге.

Кавказға әсер тигізді,
Жүректе жанса құштарлық.
Таулықтар сырын білгізді,
Ғашықтар үлгі ұстарлық.

Айды да білдік сәнденген,
Нұрланса түнде құлшынып;
Сәулеге ие сән берген,
Өзінде жоқ қой тіршілік.

Жазылды жырға жарияң,
Ғашықтық сөзді молайттың,
«Ай келбетті Марьям», –
Деп Махмуд неге айттың?

1978

ЖЕЗҚАЗҒАН – ҒАРЫШ АЛАҢЫ!

Асыл тас туса татымды,
Қойныңда жезді молайтты.
Жезқазған деген атыңды,
Әлемге алғаш сол айтты.

Кен қайнары шахта көп,
Жез теңізі қала едің.
Орады сені жақсы леп,
Қаныштың алдың сәлемін.

Бақытты інің Байқоңыр,
Баяғы қоңыр көмірлі.
Бұл күнде қанат жайды өңір,
Мәңгілік нұры төгілді.

Сүйсініп іштей жебеген,
Адамнан қатер күтпейді.
Биіктеп ұшқан кемеден,
Киіктер де үрікпейді.

Қисапсыз байлық қазылмақ,
Түрленіп сәнді толғаның.
Алтынмен қайта жазылмақ,
Ғарышқа қақпа болғаның.

Тірлікке жасар қанағат,
Ақынның жанса талабы.
Тағдырың қандай ғаламат,
Жезқазған – ғарыш алаңы!

1978

* * *

Көктемің қайта келді ме,
Бермедің мұрша, жүрегім.
Қаршағұл хабар берді ме,
Қанша күн айтып тілегін.

Айналып басым барады,
Даярмын от боп жануға.
Жүзінен алуа тамады,
Ұмтылсам сүйіп алуға.

Есімді алсаң ғашық қып,
Жүрмін ғой шексіз елеңдеп.
Үйретті өзі машық қып,
Көз алдымда көлеңдеп.

Көрмесем де аз күндер,
Сағыныш өртеп қарсы алдым.
Албырап тұрған ақ гүлдей,
Көркіңе қайта тамсандым.

1978

СЕНІМ

Шаппай бер деп айтпаймын,
Шығатын биік сатымды.
Ел алдында ақтаймын,
Жазумен ашық хатымды.

Жасыруға хақым жоқ,
Бір ауыз сөзді татымды.
Жаттамас әркім әкім деп,
Ұмытпас елім ақынды.

1978

АШЫҚ ЖАНДАР

Көркі екен ғой дүниенің ашық жандар,
Не берді қасиетін жасырғандар?!
Нағыз байлық мен білсем кең мінезде,
Сол байлықпен жарасар ғашық жандар.

Дархандықпен қолдасар достар-дағы,
Дастархандас жалғасар қастар-дағы,
Содыр мінез, күйкі жан, сімер болсаң,
Орындалмас ең ғажап жоспар-дағы.

Жаксы әйел де аққудай, жезкиіктей,
Тіл қатыссаң болғаны сөз үйілтпей.
Жаны асыл адамның тәні асыл,
Жібермейді өзіне көз үйретпей.

Көз үйрітсе әнекей, ұнағаны,
Күлкісінен естілер бұлақ әні.
Ашық жандар аңқау деп ойлап қалма,
Қуанғаны – кейде оның жылағаны.

Ашықтығы – ақ көңіл шын кеңдігі,
Сұлулығы – жүректі тілгендігі.
Құралай көздер телміріп тереңдесе,
Шыдай алмай сағынып жүргендігі.

Байлығы екен дүниенің ашық жандар,
Не тындырар жан сырын жасырғандар?!
Көңілі байдың жалғанда өмірі бай,
Сол мінезбен жарасар ғашық жандар.

1978

ШЫҢҒЫСҚА ТІЛЕК

Тоқтаусыз ағын,
Толағай шабыт молданып,
Тебіреніп кеттім,
Торқалы тойда толғанып.
Айтматов жайлы
Білдірсем қазақ тілегін,
Қарт Алатау биіктей түсті жонданып.

Қырғыз боп туған
Қыран мінез жігітсің,
Ел арманы
Орындалған үмітсің.
Түбіт мұртты кезіңде атың естілсе,
Елуге жетпей
Оқулықтарға кіріпсің.

Содан да болар
Сезім мен ойым дөп шығар,
Жай болжау емес, үйде отырып топшылар:
Қырғызды білмеу
Кей елдерде бар болса,
Айтматовты естімеу деген жоқ шығар.

Талай жыл өтті
Үйренгеміз біз бұған,
Мұхтарлы тілмен
Өлмеске жетті жыр мұрам.
«Қазақ» десем кей мырзалар түсінбей,
«Абай» десем ұқтарлы басын шұлғыған.

Қанаттас, сырлас
Бір қияда самғардай,
Құрдасың аз ба
Таласпен егіз Талғардай?
Өзгелерді отырғам жоқ қой аңғармай,
Әуезов жолын ілгері қарай жалғардай.

Жыр құмар болса
Соғыс жылғы балалық,
Бәріміз де сағынып жолға қарадық.
Қаламгер аз ба қазақ пен қырғыз ішінде,
Дайыны мол деп сайлайды Мұхтар сені анық.

Селт ете қалса,
Естіген жан сөзіме,
Күдікпен қарап отырған жоқпын өзіме.
Орта Азия емес, бүкіл біздің Шығыста
Түседі бойың биіктеу болып көзіме.

Көкірегің толы
Көрікті жырдың дүкені.
Алатау асқар,
Туған жер қандай құт еді!
Жасырып қайтем ауылдың жақсы тілегін:
Ясная Поляна тағдырын Шекер күтеді.

1978

* * *

Өріс берме, жазғырар бекер үнге,
Қабақ шытпай жүре бер кетеріңде.
Әуел баста қосылу бұйырмаса,
Сағыныштың жүрермін жетегінде.

1978

* * *

Айдындағы аққуды сен деп қалам,
Балдай жағар жаныма ермек табам.
Ұялаған сағыныш аппақ өңін,
Сен емес деп қалайша сенбек адам?!

Сүйем сөздің төркінін ұққаныңды,
Көзден тайсаң көңілге жүк табылды.
Мен ұнатам әйтеуір күлім қағып,
Күтпес жерде алдымнан шыққаныңды.

Танысудың кім білген ережесін,
Түсінген жан байқадым тежемесін.
Сұлу көрсем, «бір қыздан аумайсың» деп,
Сөз бастаймын көтеріп дәрежесін.

1978

* * *

Құпия сыр шертелік, қане, жүрек,
Ол маған неге өзгеден әдемірек?..
Әуреге салып жүрсің ұмыттырмай,
Сүйсе де, сүймесе де әлегі көп.

Осылай неше айтсам да бір ұқпайсың,
Емексіп, есің кетіп қызықтайсың.
Дүниеде еркін күліп жүре бермей,
Жаралар өзіңді өзің бұзықтайсың.

Бір көру аз шаттықты молайтады,
Өзімді өзімнен сәл зорайтады.
Өзгеден оның жүзі ыстығырақ,
Өлең-сөз әу дегенде соны айтады.

Емес ол тек өзгеден сымбаттырақ,
Бейтарап бөтенсініп тұрмас сынап.
Тағдырдың қай тәлкегін көрсе-дағы,
Жәдігер қимастығы қымбаттырақ.

Бәрінен бар тарихы әрегірек,
Тіршілік керек емес әлегі жоқ.

1978

* * *

Елеңдеп сені іздесем әлі күнге,
Келмейді іштегінің бәрі тілге.
Өртесе өзегіңді көп өкініш,
Айтарсың көкіректің зарын кімге?..

Балдырған сезім селін ұмыттың ба?
Көп ойлап көңіл шетін жылыттың ба?
Аспанда әнге салып құстар өтсе,
Мен ғой ол, бір өзіңе бұрып тыңда.

Көңілде сағыныш боп ағындайсың,
Орнайды баяғыдай аңыз-маусым.
Білмейді мекеніңді таныстарым,
Жоғалтқан жұлдызымдай табылмайсың.

Көрсем деп көп жылдарды іздеулі екем,
Осылай сағынышпен жүзге жетем.
Алдымнан ақ маңдайың жарқ етер деп,
Бәрібір үмітімді үзбей өтем.

1978

* * *

Алысқа салам қармақты,
Нән балық құдай берерде.
Сөз арнасам ардақты,
Сырына терең сенем де.

Бәйбішемді «қыз» десем,
Қыздан көп оның ақылы.
Жүзінен маржан іздесем,
Тереңге тартар жарқылы.

Құпия көп жүк арқалап,
Кетемін батып түнекке.
Кен казған күндер қат-қабат,
Күш берді қайсар білекке.

Тағдырға етсем мархабат,
Баспады тау-тас тарлыққа.
Қымбатын беріп әр қабат,
Кенелтті елді байлыққа.

Тұңғиық тартып әріге,
Толғантты тоқсан өлең де.
Не жақсының бәрі де,
Жатады екен тереңде.

1978

* * *

Момақан жүзін көргенде
Маужырап кетер тіршілік.
Қамыққан жүрек шерменде
Сауығар мәз боп сүйсініп.

Кіршіксіз үні, дыбысы,
Ақ көңіл, таза, адал жан.
Еркіңді билеп тынысы,
Лебіне жүрек қамалған.

Томсарғаны кос жанар,
Қоймайды көңіл үйіртпей,
Елжіреп, елтіп дос санар,
Үйренген колға киіктей.

Әдемі сөзін әдіптеп,
Жанғанда нәзік шырайы;
Айтарын айқын іріктеп
Төгілер сезім шынайы.

Сабырлы, терең, жылы үні,
Шапшаңдыққа бір бармай;
Бабынан қайтпас қимылы,
Алдында шексіз күн бардай.

Тез өтсе өмір жұмағы,
Мезетке кетем табынып.
Іздегім келіп тұрады,
Әп-сәтте қайта сағынып.

14.05. 1978

ЕСІМДЕ

Жылжыған сайын жылдарым,
Туған жер жақын тартады.
Жасырмай жүрек мұң-зарын,
Өлеңге жүгін артады.

Есілде – жазғы Есілде,
Кездескен күндер есімде.
Жаутаңдап неге қарайсың,
Жазығым болса кешірме.

Ләззаттың балын тата алмай,
Арманда үнсіз кетіп ем.
Айтуға бір сөз бата алмай,
Аңсауға сырттай жетіп ем.

Мен үндемес ұялшақ,
Сен жайдары жан едің.
Кездесіп сайран құра алсақ,
Табарсың дерттің бар емін.

1978

* * *

Ел сүйсінген әнші едің,
Сыймастай дауысың бір үйге.
Қанғандай бойда бар шерім,
Жалықпай жүрдім сүюге.

Қинаса уақыт тепеңді,
Тарпынып көңіл тұлпары,
Елестеп бейнең кетеді,
Жадырап жүзің гүлсары.

Өзіңді жалғыз көремін,
Ақ қайыңдар ішінде.
Не дейін айтып себебін,
Кіресің жиі түсіме.

Екі көз кірпік қақпайды,
Шаттыққа жаным оранып.
Бейнеңді өлең сақтайды,
Кетпестей қайта жоғалып.

1978.
Мәскеу



Бесінші бөлім

ПОЭМАЛАР

ЖЕЗКИІК

Лирикалық поэма

Есімде ғажап сол бір кез,
Жарқ етіп шықтың алдымнан.
А.С.Пушкин

I

Қазақтың махаббатқа тілі ыңғайлы,
Шын құштар талай ғашық сырын жайды.
«Аққуым, ақ маралым, сәулем» десең,
Қара көз шыдай алмай қырындайды.

Теңеуге теңіздей көп дайын белгі,
Тіл бұлбұл «Күнім» дейді, «Айым» дейді.
Түнеген жүрегіне құштарлықтың
Хабарын қыз жанары мәлімдейді.

Ғашықшыл Абай тілін жаттай берем,
Сүйімпаз Мағжанды да мақтай берем!
Мысалға, «айналайын» деген сөзді
Қанша іздеп өзге тілден таппай келем.

Жан зекет арызындай терең ұғар,
«Сыйға – сый, сыраға – бал» дегені бар.
«Білмеймін» деген сөзі қылбұраулап,
Боласың «мақұл» десе өле құмар.

Ырғалып қос бұрымы тең төгілген,
Мөлдіреп бота көзі төңкерілген,
Айқара құшақтаса есіңді алар,
Қара түн ақ білекпен көмкерілген.

Оралса нәзік сезім тізбектері,
Есімнен қызыл ішік қыз кетпеді.
Жез қанат киік болып бала-ғашық,
Жүр ме екен ел шетінде іздеп мені?

Ол менің киял-ғайып түсім бе еді?
Отырмын өзімді-өзім түсінгелі.
Қыз-шабыт жыр төгілтіп жүрегімнен,
Алдыма сол бейнені мүсіндеді.

Осыған беу, оқушым, сенесің бе?
Аңсау көп ашық айтар кеңесімде.
Желіп жүр «Жезкиік» боп ән оралған,
Өлеңім өмір-дария кемесінде.

Біреудің көңірсіген көңін таптап,
Жазбаймын жел ұшырар жеңіл тақпақ.
Сан жылдар өзекті өртеп жай таппаған,
Сырымды өлеңге орап, берем баптап.

Керегең дербес шаңырақ құра алмайтын,
Қажет пе уық-тармақ құр алдайтын?
Махаббат ақбоз үйін салып кетем,
Бір көрсең құштар болмай жүре алмайтын.

Дастанға кең сарайдай конағы көп,
Ояу сөз дән тастады орағы кеп.
Құмармын мен өлеңге сергек сезім,
Үшқыр ой, үн мен бояу одағы деп.

Ендеше шық, оқушы, гүл далаға,
Көңіл кос, іңкәр көзбен бір қара да.
Көмескі тәтті түсті жорығандай,
Сүйместі «сүйдім» деуге тіл бара ма?!

Байқалар адам істі бастауынан,
Көз тартар тұлпар тұяқ тастауынан.
Мен-дағы көтерейін деп отырмын,
Еркесін махаббаттың шашбауынан.

Жорғадай тойда бағы ашылмаған,
Жолығар кайда мезет асыл қадам?
Сөздер бар жұрт көнерді дегенменен,
Өмірге құштарлығы басылмаған.

Қалардай онсыз ойым өрістелмей,
Тозардай жүрер жолым тегістелмей.
Жезкиік, саған мәңгі құштар болдым,
Жалғаған жас қиялмен періштемдей.

Қайтейін, құлын жүрек күтінбейді,
Сағыныш аясын ба, түтіп жейді.
Дерт шалған жұқа жері тесілерде,
«Жезкиік» деген бір сөз бүтіндейді.

Ұзартып думан-тойлы өтер кешті,
Өтейді тіршілікте өтелместі.
«Жезкиік» деген сөзге ұялапты,
Өмірге арыз, назым көкейкесті.

Мекендеп күміс сағым, нұр-ағынды,
Жайласа қысы-жазы құба құмды;
Шатырда ақ жаңбырдың дүбіріне,
Еленděп түре қалам құлағымды.

Ақ тілек махаббаттың күші мәлім,
Шілдеде жаңбырлы бұлт ұсынамын.
Акпанда арқасына аяз батса,
Жылуын жүрегімнің ұшырамын.

Бітпейтін ақын-кенші ісі қалың,
Болса да көп елеңге ұшырадым.
Көрінсе құба жонда отты жалын,
Жолынан жезкиіктің ысырамын.

Күрсінсем кейде өзгеше амал бітіп,
Жөнделем жонға шығып, самал жұтып.
Малшынып қалың мұңға алаңдаймын,
Ел жақтан ескен желден хабар күтіп.

Қарасам тұңғиыққа терең көзбен,
Жабулы құпия жоқ менен безген.
Төрт бөліп түн ұйқымды шошып кетем,
«Киіктер азайыпты» деген сөзден.

Бәсі емес бас сауғалар есептінің,
Байқашы, текті мінез кесектігін.
Сұлудың серттен таймас дәстүрі бар,
Жолымды кесіп өтті десек бүгін.

Кенші боп ерсем қайсар лектерге,
Күш қостым тау сілкінткен білектерге.
Шахтадан қырға шықсам киік көрем,
Сал бойым әлдекалай дір еткендей.

Жез қанат, күміс бауыр киік көрдім,
Дәруін таптым білем күйік-шердің.
Нұрғиса, Жақсықелді әуен қосып,
Өлеңім көшін көрді биік төрдің.

Сарыарқа күміс сағым сеңсең киіп,
Түрленсе көтерілер еңсем биік.
Сол әнді естіп, елтіп, жаутаңдайтын,
Көктемде Сарысудан өткен киік.

Тағдырдың талай сәтін түсінемін,
Тұтасып кетер кейде түсім, өңім.
Жезқазған қызыл мысын көрсем-дағы,
Есіме сол киікті түсіремін.

Жыр жазсам сұлу көріп кең қыркадан,
«Жезкиік» ән боп кетті ел шырқаған.
Сұрайды қайда барсам:
«Кімге арнадың?» –
Деп менен, сен жауабын бер қылкалам.

II

Жағалап Сарысуды желгеніне,
Бірінен мыңы қалмай ергеніне;
Дән риза шарықтаушы ем бізді көріп,
Өзін де көрсетуге келгеніне.

Далашыл ғажап еді бұл ғұмырым,
Ұғушы ем киік тілін, гүл сыбырын.
Көп болды сайда саяқ көрмегелі,
Мәскеудің талай жылғы тұрғынымын.

Өмірдің қызығы көп айта қалар,
Жарқ етіп сөнген шырақ қайта жанар.
«Жезкиік» деген сөздің лебінен,
Жалыны өткен сезім қайталанар.

Сондай сәт таңғажайып ұнап қалып,
Бөгелдім екі аяғым тұзақталып.
Құлпырды бір жануар, мың құбылды,
Аңсатқан таныс бейне сияқтанып.

Адамша қарай қалды, құмартты анық,
Ширады самал ағын қуаттанып.
Өн бойы гауһар тастай жарқырады,
Көкірегі жаққан сәуле шырақтанып.

Ескертпей есімді алды, еліктірді,
Еріксіз екі көзді теліттірді.
Еркелеп елде қалған жезкиігім,
Мәскеудің орманына келіп кірді.

Дәл қазір тік қарауға қайрат кеміп,
Кең қаптал қоршағандай қалмапты ерік.
Тұткиыл тұра қалды тұяқ тіреп,
Қырандай қызыл ілген заулап келіп.

Ұшқыр ой өрт салғанда зердесіне,
Күйшідей басты соңғы пернесіне.
Ойнақшып қара көзі жалт бұрылды,
Жанартау бұрқ еткендей кеудесінде.

Қанықты орман-тоғай ойға қандай,
Мен тұрмын күрт шаттыққа тоймағандай.
Бақытты жұлдыз-мезет сырын сездім,
Бар әлем қуанышы орнағандай.

Тосырқап тұрса жаны дауа күтпей,
Дем берді уыз самал ауа сүттей.
Шұбырған боз будағы бәсеңдеді,
Күмбезі тез жабылған парашюттей.

Жайнатып жасыл шүйгін гүл алаңды,
Қызыл жон, құба киік тұра қалды.
Көк теңіз ақ көбігін жөргектеген,
Қыз киял Афродита туа қалды.

Тоғай жоқ Арғанаты маңындағы,
Осында бойшаң, аппақ қайың нары.
Көгілдір көйнау күлгін мұнартады,
Үйеңкі, күміс шырша қалың бәрі.

Әзіл көп құстарының сөздерінде,
Мәз-мейрам,
Сыбыр-күбір көз көрімде.
Көмкерген шымылдығын ну жыныстың,
Көк тана жарқырайды көздерінде.

Салады киік лағыл гүлге зейін,
Сөйлеп тұр көгаршынкөз үнге бейім.
Буалдыр көк шымылдық болып кетті,
Астынан аяғының күнге дейін.

Кең сая көк шалғында бой суытты,
Шілтері көк жібекке көз тынықты.
Жұқарды сүйық тұман, ніл көгілдір,
Қара көз құшты ғажап көк тымықты.

Дүние көк толқындар жарысындай,
Қарайды тосырқамай сағы сынбай.
Көк шырша арасынан көз жүгіртті,
Сандуғаш тату өскен танысындай.

Бұғы өтті күрке талдың ығын ықтап,
Қу түлкі сығалады тығылып қап.
Шыбышық сылқ-сылқ күліп санын соқты
– Қап-қара көзін-ай, – деп шықылықтап.

Шошынар басылмады тосын ғадет,
Тоқылдақ тоқылдады қосыла кеп.
Қалжыңдап қара қарға қаркылдады:
– Бота көз дегендері осы ма? – деп.

Емес қой пәлсапашыл өсиетім,
Көкке де, қараға да пәк ниетім.
Көгілдір көптің жүзін кемітпеймін,
Көп айтсам қара көздің қасиетін.

Ояткан сезім таңын бала кезде,
Жан еді-ау,
Тап осындай жанары өзге.
Сүйер ме ем көгілдір көз, алтын шашты,
Тым ерте құмартпасам қара көзге.

Махаббат арулардың көзінде емес,
Болмаса ащы-тәтті сөзінде емес.
Махаббат, біле білсек жүрегінде,
Не дейін,
Жүрегімен өзің кеңес.

Жарқ етсе жанарында жан талабы,
Киікке жасыл орман таң қалады.
Бой созған күнге қарап күнбағыстай,
Қарағай, қайың, терек анталады.

Мәскеулік саятшыдай аңшы-мерген,
Мені де көрді бәрі қарсы келген.
Ұшқан құс, жүгірген аң, жасыл жапырақ
Аңғарды ниетімді жақсы көрген.

Ағына карашығын қоспағандай,
Бота көз төңкерілді тостағандай.
Үмсындым ақ кеседей жарқ еткенде,
Құралай жан тетігін қостағандай.

Көрем деп құлантаза ойламаған,
Тап болып саксыз сәтте қайдан оған;
Көзге көз түскен кезде қимыл қызық,
Бұлк етіп жамбы тұяқ тайғанаған.

Жылжыса киік алға басып ептеп,
Сүйкімді ұшты құстар дос әдеппен.
Жер мен көк астасқандай қара көзді
Көгілдір көздер тұнды қошеметтеп.

Бәрі дос, осылай еді тым жас күнім,
Қалайша жаным достық ұқпас сырын?!
Қара ма, көк пе – іздеймін барлық көздің,
Құштарлық нұры қайтпас ұқсастығын.

Бірлесті асыл арман – ұранымыз,
Тұтасты атамекен тұрағымыз.
Көк көз бе, қара көз бе – шын тілеулес,
Үміттес бір жүректің шырағымыз.

Табиғат сөз табысып тілдескендей,
Бірлестік ертегі-аңыз түн кешкендей.
Кетіппіз қалалықтар далалық боп,
Бәріміз сол киікпен бірге өскендей.

Қара көз бар үмітін үйген маған,
Сезгендей үйренді орман, үйренді алаң.
Көк пе екен, жасыл ма, әлде сары көз бе,
Қашан да құрметтейді-ау сүйгенді адам.

Мәскеудің ніл көгілдір сүт аспаны,
Қазақтың Алатаудай құт асқары;
Бәрі де: орман, дала, қыр киігі,
Сүйсінтті бауыр басып тұтасқаны.

Сыйға – сый, жезкиік те ізетті екен,
Сұлулық ізетпен бір күзетте екен.
Мінезі-ай еліктегіш жас баладай,
Әудемде тосырқауын түзеп кетер.

Шыбышық шырай берді ар сақтаған,
Жоғалды қара қарға қалжақтаған.
Ымдасты, тату-тәтті тіл құрасты,
Таусылды әзіл-күлкі қармақтаған.

Шіркін-ай, көрікті ғой, көрікті ғой,
Көркіне көзі барды телітті ғой.
Аңсаған талай жылдар бір көрем деп,
Әлемнің ғаламаты келіпті ғой.

III

О, ғажап! Қуанышқа жол қандай көп,
Шұбырды жалғыз киік ормандай боп.
Шаттандым, жағасында тоғай толқып,
Тартылған Арал қайта толғандай боп.

Сол сәтті сипаттауға тілім келмей,
Тебірендім толқып көңіл тыным бермей.
Жұмбақтас судан шығып сырын айтып,
Ақбура тас боп шөккен тірілгендей.

Қанықтым сүйсіндіріп ерек көрік,
Сауықтым ескі дерттен тез емделіп.
Құлшындым анам шексіз қуанғандай,
Соғыстан жан серігі есен келіп.

Жайнады жақсылықтан көңіл төрі,
Заулады өлең-бұлақ төгілмелі.
Кеудемде шықпаған құр тірі жан бар,
Қолға ұстап жұлдызымды көгімдегі.

Жанарлым сұлулығы табындырған,
Базарлық әкелгендей сағым-қырдан.
Лебінен аңқып тұрды қымыз-дала,
Самал жел сәлемдесті сағындырған.

Қойыпты жел үілі сабылысты,
Иіліп орман шеті қағылысты.
Биіктен күн тілдесті:
– Қош келдің! – деп,
Назына сүйсінгендей сағыныштың.

Сайрауық махаббаттың құстары кеп,
Кіршіксіз шындықты айтты тұспалы жоқ
Шомылдым бақытты сәт құшағына,
Адамдай жер бетінде дұшпаны жоқ.

Шымқай дос кездесуі некен-саяқ,
Арамза алдарқатып кетер аяп.
Жақтасын жар түбіне жинап алып,
Қарбалас арпалыста жетер таяп.

Беу, уақыт!
Туды бүгін санаулы ісің,
Шаттықтың бердің жарқын жалаулысын.
Бөгеттер күн көзінен құрып кетті,
Тапқандай әркім құштар қалаулысын.

Алдымнан өтті күздер, өтті қыстар,
Елжіреп елік-марал, жетті құстар.
Тынғандай болды сонда аз мезетке,
Дүниеде өртті жалын соқтығыстар.

Қарашы пәк сезімді селдеткенін,
Сол ма еді зор қызығым көрмек менің?!
Телегей толқып кеттім, шалқып кеттім,
Сыбырлап муза өлең өрнектерін.

Қарашы маңдайында ай жануын,
Байқашы көзге көздің байлануын!
Жанары тұла бойды жайлап шығып,
Азайтты іште дерттің жайған уын.

Тыңдашы алған демі үнденуін,
Аңғаршы бұлбұл жанып түрленуін.
Алланың нұр сәулесін ала келген,
Бақыт қой жезкиікті бір көруің.

Сандал кер, күміс бауыр, жоны қызыл,
Қыл сағақ, құлын қабақ, мойны ұзын.
Бір көру жер мен көктің шапағаты,
Ақжарқын нұр жайлаған ойлы жүзін.

Аш құрсақ, гүлжелбезек тыныс қандай,
Ақ тамақ, бөпе бұғақ, күміс таңдай.
Бота көз мерей төккен мейірімді,
Мөлт етсе кірпігінен мұң ұшқандай.

Жүрдек жел үрлемелі ығыскандай,
Наз қимыл, майыспалы жүріс қандай!
Жаныңды жадыратар тақау келсе,
Сыңар сөз айтпай ғана ұғыскандай.

Бұрылыс, жалтарыста билік құрап,
Желкендей желбірейді сүйрік құлақ.
Ет-жеңді жұмыр саны қаздаңдаткан,
Еңсеңді көтереді сүмбіл сирақ.

Сал бөксе, майқаң-қайқаң козы құйрық,
Толқыған бұлкілінің өзі сыйлық.
Елгезек, қалт еткенді тез аңғарғыш,
Жаны пәк, көңілі дүлдүл, көзі жүйрік.

Адамдай ақ ниетті тез табынтар,
Табынтса масайратар, ес жаңылтар.
Жаңылтса тік қарауға қымсындырар,
Қымсынтса қылыш кірпік көз қағылтар.

Қызықсам ләззат, рахат сезгенімде,
Дөп түсер теңеу қайда сөз кенінде?!
Құштарлық тұншығып тұр қарашықта,
Қимастық жаудырап тұр көздерінде.

Ойқастап ор қояндай еркінденіп,
Орындап жолды кесер сертін берік;
Қалт етпей қарсы қарап тұра қалды,
Қолда өскен ерке елік секілденіп.

Біріміз бірімізді кезек көріп,
Бүгінді, кешегіні тез өткеріп;
Тебіренсек арамызды шалғай емес,
Жүр екен шағын ғана мезет бөліп.

Биіктен тіке түскен нұрға қанып,
Кейпі жоқ жол жүдеткен із қаларлық.
Тал бойы талмаурайды қызғалдақтай
Желден де, күннен де адам қызғанарлық.

Жарылқап жайма-шуақ аймалаған,
Сұлулық одан артық қайда маған.
Әлемнің сегізінші ғаламаты,
Салыпты көкірегімде ойран-алаң.

IV

Көк тұман бұғып кетті көк шалғынға,
Бұрқ етті жұпар иісі көк талдың да.
Дыбысын біреу жұтып әкеткендей,
Жібек жел баяулады көз алдымда.

Тағдыр ғой досынан да сақтандырған,
Ғадет қой заты үркек тапқан қырдан.
Кей кезде селк етеді бұла киік,
Көк майса көрінгендей қақпан құрған.

Жүргінші бұлт қызығып көп терледі,
Ақ жаңбыр орман шетін бөктерледі.
Жарысып ақ жаңбырмен күн сәулесі,
– Жезкиік, қайдан келдің? – деп тергеді.

Сиқырлы мың құбылып сұлу тәні,
Ерекше паң, сыпайы күлу мәні.
Көрінген суреттен «Джокондадай»,
Жауабы болды жұмбақ жымиғаны.

Ерекше қинамаса артық ой кеп,
Сол сурет көзге елестеп қалды сөйлеп.
Болжадым Леонардо да Винчиді,
Осындай жұмбақ сәтті салды ғой деп.

Жылы нұр, ақ шуаққа жүзін малып,
Толқыды сыр білдірмей қызып-жанып.
Құлпырды жорта күлген өңін бұзбай,
Көзінде бір құпия ізі қалып.

Кесірі желіккеннің тиді ме екен?
Шер қысып, көңілге мұң түйді ме екен?
Күндестер күн көрсетпей қинады ма,
Міз бақпай сайын дала, құмды мекен?

Әзірлеп қырық пәле килікті кім?
Әзәзіл жүргізбек пе биліктігін?
Дарынсыз күйкі жабы күндеді ме,
Көре алмай көш бастағыш жүйріктігін?

Сыр бермей, сырттан торып, шеттеп жүріп,
Қуланды-ау құрығына ептеп іліп.
Жасады-ау арамзалық жатқа даттап,
Сумақай дос болғансып бетке күліп.

Құнды өнер бітпесе де ештемелік,
Құбылды-ау тойшыл кулар текшеленіп.
Жүрегін сыздатты ма жүгенсіздер,
Мекендес бір үйірін беске бөліп?

Сырмінез болса сараң үндейтіні,
Жоқ еді тірі жанды тілдейтіні.
Әлде бір жағымпазға ұнамады-ау,
Сыпсыңдап өсек таси білмейтіні.

Өңеші арам аска толмағандар,
Ақ пейіл адал жолды орға жалғар.
Аң түгіл, адамда да бар емес пе,
Қаймықпай ар-намысты корлағандар?!

Кездесіп көңілі тозған назалы күн,
Алдынан терең орды қазады кім?
Айнымал бір айлакер жаратпады-ау,
Аттамас қара қылды тазалығын.

Сұлуға кім орнатпақ колдан жүрек?
Шықты ма шын жанашыр жолдан тілеп?
Баспана жануарға табылды ма,
Мен жүрген жерден табар қорған түбек.

Өтіп ең жан күпия түйгендей боп,
Кетіп ем мың-мың алғыс үйгендей боп.
Жетіп ем желден жүйрік үйіріме,
Бетімнен қайта-қайта сүйгендей боп.

Бергенің қысылғанда қол ұшыңды,
Сол үшін шын құрметім мол ішімде.
Бәрін де ұмыту бар өткен күннің,
Ал, бірақ, ұмытпаспын ол ісіңді.

Мың жаса!
Жарылқадың, жақсы күттің,
Ұлғайттың келешегін жақсы үміттің.
Жанарың жанарымда тұнып қалды,
Қайырымшыл мінезіңді жақсы ұғыппын.

Сұқтанса біреу оқыс атамын деп,
Қызарса көзі олжаға батамын деп;
Есіме сен келесің жігер үстеп,
Есердің елемеймін шатағын көп.

Қалт етпен мылтығы мір жау екен деп,
Ұмтылып жолын кесем тәуекел деп.
Ат түгіл, автосынан озып жүрмін,
Өзіңді бір көруге сау өтем деп.

Шайлықса, қалтыраса қолы, көзі,
Естілсе еркек намай долы сөзі.
Сағыныш сан қатерден алып өтті,
Мен үшін күнде жеңіс соның өзі!

Құмарың тарқау үшін көрем деумен,
Қоңыр наз күмбірлеттің еленделумен.
Естимін есімімді ел аралап,
Қазаққа аңыз болған өлеңдерден.

Бір көріп сырттай құштар жүгінерің,
Соншама айтшы, достым, кімің едім?
Шыдатпай осы сұрақ әдейі келдім,
Көрінсе жұмбақ толы бүгін өңім.

Көкіректе ұшқын сәуле тұтаныпты,
Аңсаумен жапырақ-жүрек жұқарыпты.
Кім деймін еркін өскен өмірімде,
Сыртымнан жасап жүрген құдалықты?!

Іздесем тым алыста тұрағыңды,
Сөкпеймін атамекен құба құмды.
Білейін деген едім әнге қосып,
Шулаттың неге ғана құлағымды?!

Ашайын күдігі көп реңімді,
Табайын үміт-жұлдыз тірегімді.
Бүкіл ел «Жезкиік» деп әндетеді,
Тулаттың неге ғана жүрегімді?

Қияда сескентсе де қара шыбық,
Самғадым шаршы топтан дара шығып.
Күз жетпей жаз маусымда әдейі келдім,
Киікшіл әніңді естіп аласұрып.

Көрмесем жүрген жанды көңіл артып,
Кетпей ме тіршіліктің өңі қайтып.
Жақсыны жүдетуге жаралғанша,
Үндемей ізің өшкен өлім артық.

Дүниеде дәру қайда бүкіл уға,
Келгем жоқ біржолата тұтылуға.
Ақиқат, адал сөзің сеп болады,
Қаулаған көп сауалдан құтылуға.

Төзімім тоза-тоза бітіпті анық,
Оралдым талай жолдан күтіп барып.
Ғашықтар кездеспесе көздің жасы
Кетпей ме жер бетінде мұхиттанып?!

Жөн болса аңсап үміт үзбегендік,
Жасамас еркелігім бізге кемдік.
Құштарлық – құр күрсіну емес, достым
Құштарлық – құшақ жая іздегендік, –

Деп киік күйіп-жанып құлпырады,
Белгілі болды жұмбақ күлкі мәні.
Ішінен бір күрсінді көп жаттаған,
Арнайы айтылғандай ынтық әні.

Еленделп елти қарап тоспақ көпті,
Ораған Жезкиікті оспақ та өтті.
Шыбын жан шыдай алмай шырқап едім,
Аң мен құс, торғын тоғай қостап кетті.

«Жез қанат, күміс бауыр киік көрдім,
Дәруі сол ма дерсің күйік-шердің.
Жез марал жүреді екен арасында,
Қаптаған Бетпақтағы киіктердің.

Жезкиік, біздің жаққа қалай келдің?
Жолымды тіке кесіп жанай бердің.
Адамның көздеріндей екі көзің,
Япырмай, дәтім шыдап қалай көрдім?!

Дәл саған құрмап еді торды ешкім,
Ғайыптан душар болдың,
Сорды кештің.
Жан едім мен де сертшіл далада өскен,
Сен-дағы жалтармадың жолды кестің.

Асықпа, көрейінші жөндеп қана,
Кетпесін жаңа тиген меңдеп жара.
Ет кесіп өз етімнен берсем-дағы,
Жөніңе жіберейін емдеп қана.–

Дедім де қоя бердім ұстамадым.
Қасымда қал демедім,
Қыстамадым.
Тілеймін суық жақтан есен қайтып,
Жылы құм мекенінде қыстағанын.

Түс тербеп жаздың мөлдір, қысқа таңын,
Тұзақтап Жезкиікті ұстатамын.
Баяғы қызыл ішік киген қызға,
Жез қамзол сол киікті ұқсатамын.

Құмарым қайта көріп қанар ма екен?
Әл бітіп салқын жүрек жанар ма екен?
Болмаса суық қолды бір сұр мерген,
Дәл көздеп киікті атып алар ма екен?!

Сұлуды адам жаны қимайды екен,
Беймезгіл еске түсіп қинайды екен.
Жезкиік, сені аңсаған кездерімде,
Бір өзім кең далама сыймай кетем».

Осынау ән сан әуресін жимай бекер,
Тетігі нәзік жанды қинайды екен.
Кездесіп бір жауабын аламын деп,
Ол бүкіл жер бетіне сыймайды екен.

VI

Қол созып бұлт төсінде көшкен арман,
Баурады самал желдей ескен алдан.
Өткеннің бәрін өмір десек-тағы,
Өмір ғой сәтті күндер есте қалған.

Қорғадым ақ жаңбырдан дамылданған,
Орнады құшағыма шағын ғалам.
Әнекей, бұлтты ысырып күн де шықты,
Жаныма сәуле түсті ағындаған.

Қажет пе сырласуға сөз байлығы,
Тілдестім тік карауға көз қаймығып.
Дүрсілін жүрегімнің жеделдетіп,
Сөйледім құпияны қозғай біліп:

– Жоқ еді жол кессең де кейіткенің,
Арман ғой, көңіл жүгін сейілтті өңің.
Жан сырын жанарына құйып келген,
Алдында тұрмын қиял періштенің.

Сақтасаң кимастықтың салтын, сәулем,
Балдырған елестейді алтын дәурен.
Пендеге айтпағанды саған айтсам,
Күш-жігер, қосылар ма қарқын-дәрмен?

Алғашқы кездескенде тіл батпады,
Сол мезет жылдан-жылға қымбаттады.
Қайтадан жарқ еткендей сөнген жұлдыз,
Жанарың жердің бетін сымбаттады.

Бейтаныс дидарлассаң қалалықпен,
Мен үшін дегім келді жаралып па ең?
Көргендей қызыл ішік киген қызды,
Бал дәурен кездесіп ем балалықпен.

Болдың ба естісең де естімеген,
Арусың жан құмартып, көз тілеген.
Жезкиік, сені көрсем аққұба қыз,
Ақ қайың, қызыл барқыт кешті көрем.

Ол – қиял, қол жетпейтін армандай боп,
Адассам көргенім де жалғандай боп;
Сен келіп толқын үміт қанат жайды,
Жарқ етіп бала-ғашық қалғандай боп.

Жұлдыздай таң мезгілде ағып өткен,
Ол ғажап бір жарқ етіп жанып кеткен.
Қайырымсыз тағдыр ерте айырса да,
Аз күндік естен кетпес бақыт шеккем.

Үзақтау сүйінуге қимай жалған,
Көкірекке айқыш-ұйқыш шимай салған.
Дүниеден ол қапылыс ерте кетіп,
Бір қызық бұл заманға сыймай қалған.

Ертегі-аңызы емес хан қызының,
Соғысқа берді әкесі жан қызуын.
Төрінде осы күнде ілулі тұр,
Белгісі қызыл ішік жалғызының.

Ауылы қайда десең – Қамсақтыда,
Елестеп талай жылдар аңсатты да.
Көзіме көрінбесті көріп жүрдім,
Ән – серік, жақындатсам алшақты да.

Ол – тәтті жеміс еді қолда піскен,
Жоғалды жас еліктей орға түскен.
Ол – жұлдыз, мен жабайы түйір таспын
Жер тартып ол өтетін жолға түскен.

Өзіңді сол қалқадай сүйікті еткен,
Тағдырға алғысым көп үйіп-төккен.
Болғаны сағынарың қандай жақсы,
Күмбезін көкіректің биіктеткен.

Аққұба ақ тотыдай жан аппағы,
Ауылымның асылы еді санаттағы.
Есімде тұңғыш сәуле таң нұрындай,
Сүт сезім жас жүрекке таратқаны.

Тел өстік көрші үйлердің ығын ықтап,
Себеп көп шын татулық сырын ұқсақ.
Тату дос, екі ананың еркесі едік,
Өзгеден ақ киялға бұрын ұшсақ.

Мұңайсам есіме аппақ жан келеді,
Жебейді сәби шаттық ақ желеңі.
Екен ғой адам биік мақсатымен,
Әлі де ортақ арман әл береді.

Болса да құран сөзін саналамас,
Тебірентіп әжесі айтқан аят-намаз.
Сипаған ол да бетін қайғы бөліп,
Келгенде біздің үйге «қарақағаз».

Кең дүние көрінгенде ұлтарақтай,
Нәзік жан қоймаушы еді мұң таратпай.
Тілдессем кетуші еді қанат бітіп,
Жарауы жақсы болған тұлпар аттай.

Қылт еткен көз жүгіртсең қарасынға,
Пенденің дос жүрмей ме санасында.
Елеңдеп мені тосып жүруші еді,
Ақ көйлек ақ қайыңдар арасында.

Көргенде сені туған ел шетінде,
Қалмады кемдік дала келбетінде.
Ол жастай жазатайым мерт болса да,
Рухы сен боп жүр ғой жер бетінде.

Табынсам жанарыңа үздігіп тым,
Дәлме-дәл ұқсастыққа қызығыппын.
Қыз-киік қызыл камзол секілдісің,
Үзілмес жалғасындай ізгі үміттің.

Не пана жылу бермес құрғақ жалын,
Келмейді жалбарынып құр мақтағым.
Шындық сол – бір кездескен сенен алдым,
«Жезкиік» деген өлең шумақтарын.

Үңілсем ойлы көзбен әр ғасырға,
Өзгеден ерте келу тән бе асылға?!
Сен, сәулем, кейде маған көрінесің,
Сол қыздың құдай берген жалғасындай.

Келер ме сағынышсыз көңілге елең,
Туар ма аңсамасақ өмірлі өлең?
Кездессең Қозы Көрпеш, Төлегенге,
Қыз Баян, Қыз Жібек боп көрінер ең.

Не деген жаның сұлу асыл жансың?!
Қай меже, қай ғажайып ғасырдансың?!
Асықпа, көрейінші жөндеп қана,
Шабытым сәулең шарпып асылдансын.

Сағыныш дерті меңдеп қаңтарыста,
Мен жүрмін дақ түсірмей ар-намысқа.
Қазақтың қай заманда соры қалың,
Жүрмей ме нағыз ақын арпалыста?!

Жалғасып қос қабатты жұмыс күнім,
Ақындық аз береді тыныс-тыным.
Арнадым тасқын өмір әр мезетін,
Сақтауға туған елдің тыныштығын.

Дүшпаным табаласа жерге кірмен,
Жүргем жоқ жағып қана елге тілмен.
Кен қаздым Жезқазғанда, бүкіл қауым
Қажетін өтеп адал еңбегіммен.

Соғыс қой. Ашты десең сауатты кім,
Талайдың қиды алапат қанат түбін.
Кен қазсам ел дәулеті дәрежесін,
Биікке көтеруге жауаптымын.

Алмайды алтынды адам қармаққа іліп,
Асылын тердім таудың таңдап жүріп.
Арманым – ел өмірін көркемдету,
Сүйеніш – ізеттік пен жан-жақтылық.

Өмірдің ұқсам сансыз ғаламатын,
Табылар қос өнерден қанағатым.
Ардақты Қаныш аға жолын қуып,
Арманым – биіктету адам атын.

Сапарың болса сұрақ қинап шыққан,
Телегей сыр шертемін сыйластықтан.
Бір күні жазатайым қалғып кетсем,
Есіңе сен аларсың қимастықтан.

Аулақпын күйкі өмірден ұйып тынған,
Өлімнен жан шайлығып күйік қылман.
Өзіңдей жер бетінде жебеушім бар,
Адаммын мен ажалдан биік тұрған.

Серпілді деме неге ала бөтен,
Жан-жаққа ұялмастан қарап өтем.
Жалғассын ақ тілегім болашақпен,
Мұңымды міндет қылмай ала кетем.

Тереңнен асыл жиһаз ашканда кен,
Қанатын жыр парнасқа қаққанда өлең;
Үрпаққа ұран тастап тұрғандаймын,
Жарқырап шын бағытын тапқан кемем.

Кездессең асып шығып ел шетінен,
Қалайша шабыттанбай мен шегінем?!
Атыңды қазақ неге атамасын,
Жаралсаң ел жүрегі бөлшегінен?!

Жезкиік, неше таңның нұрын көрдің,
Ұрланбай оза шауып ұрын келдің.
Алғысым, сыйлығым сол қолдан келген,
Жасырмай жан құпия сырын бердім.

Тұрғанда жарты ғұмыр өткелінде,
Болашақ маған қымбат, өткенім де.
Мың алғыс! Өзіңнің де үлесің бар,
Ұзарған махаббаттың көктемінде.

Жан едің көптен бері қауышпаған,
Шаттандым жетсе үнім дауыстаған.
Кездесу көңіл райын көп көтерді,
Арманым жақын келді алыстаған.

Өткенді, кеткенді де салмақтаймын,
Тұңғиық тұла бойда қалмақ қайғым.
Алыстан аңсап-сусап бір көрсем де,
Аруды мені сүйген ардақтаймын.

Қол созым тақағанда дауыл, күзім,
Еркелеп елестетсең ауыл қызын;
Кездесу себеп болып кезегімен,
Басталар өлең күткен наурызым.

Құлшынтсаң басқандай боп күнге қадам,
Жаным пәк дәл өзіңдей жүрген адал.
Арманым асқақ, өршіл болғаннан соң,
Өзіңмен басар едім күнге қадам.

Термедім ақымақтың қит еткенін,
Кеудемнен бірақ мен де итертпедім.
Таксыр деп тірі жанға жалынбадым,
Қасқырға қыр көрсетіп ит ертпедім.

Аңғалмын сансыз досы бар адамдай,
Сепшілмін, өстім көптен алаланбай.
Сағындым ел шетіне жолым түспей,
Қайтейін өз-өзімнен жараланбай.

Жаныңның жарық шашқан нұры қайтып,
Сенгенім отыр деме мұңын айтып.
Шын достан сыр жасырып не боламыз,
Бір шетін білгеніңнің сығырайтып. –

Осылай сыр ақтардым құралайға,
Төгілді көп естелік сұрамай да.
Әдейілеп келгеніне алғыс айттым,
Күтпеген қыр киігін бұл маңайға.

Тіленші табиғаттан көріп септік,
Ой тербеп әр қияны шолып кеттік:
Ауылда ойнап қалған балалықтың
Ұзарған көлеңкесі болып кеттік.

Жараспас биік құзарт еңліксіз,
Бұлт құштар тау төсіне егіліппіз.
Махаббат, бір жұмбағың осы болар,
Дерт шеккен бір қиялға жегіліппіз.

Беу, уақыт! Қымбаттығың зор екен ғой,
Берерің, аларың да мол екен ғой.
Жаралған кездесу мен қоштасудан,
Тіршілік – махаббаттың жолы екен ғой.

VII

Тамаша таңы сәтті бұл қандай күн?!
Талай сыр таңғажайып ұққандаймын.
Аралап тұңғыш көктем бау-бақшасын,
Парасат тауына да шыққандаймын.

Ұмытты киік ескі мұң-наланы,
Жұп-жұқа дидарынан нұр тамады.
Қайырымшыл жүрегіне қанаттасып,
Ну жыныс жұмақтанды гүлді алаңы.

Жер қандай?! Сый-құрметке көңіл толған!
Құтты екен! Кездесуге көрік болған!
Махаббат ақ дастанын тыңдап қалды,
Көкшетау маңайындай көрікті орман.

Көргендей Сарыарқадай жер кіндігін,
Үндесті жүрегіммен, серпілді күн.
Перзентін махаббаттың еркелеткен,
Кең дала, сағындырды еркіндігің.

Жезкиік жадырады, көркемденді,
Жол барлап, қос құлағы желкенденді.
Әлденді толтырғандай кеудесіне,
Соңғы рет қош айтысып өпкен демді.

Есіл шер азайғандай көптен бергі,
Маңайым менің-дағы көктемденді.
Жүректің лүпілімен тегістедім,
Жолында асу бермес өткелдерді.

Жер беті ала бөтен көркемденіп,
Тірлікте бір қуандым еркем келіп.
Қыз-киік қызыл қайық секілденді,
Тербелді орман жасыл желкенденіп.

Боз толқын қалды ақ қайың қапталында,
Жетсе екен елге жаздың ақ таңында.
Дүние дүрлікпесін деп тілеймін,
Дүлдүлім заулап бара жатқанында.

Құтты жол құшақ жайып жарықтанар,
Межелер, бел-белестер анықталар.
Жезкиік ел шетіне есен жетсе,
Сағыныш өзімді де алып барар.

Қараймын көкжиекке, қарамаймын,
От көріп көзі ойнаған баладаймын.
Жезкиік құс жолындай қиып өтті,
Қоп-қою көлеңкесін қарағайдың.

Өтті сәт. Кетті киік ауыл жаққа,
Қалыппын жеңілдеп те, ауырлап та.
Ғашықтар кездесуі сәтті болсын,
Беу, дүние! Борандатпа, дауылдатпа!

Жіберме оқ құмарды қағынуға,
Салдырма арулардың жанын уға.
Атомды ерттеп мінсек көндірейік,
Алдында сұлулықтың табынуға.

Өтті сәт. Кетті заулап. Сенері көп.
Сұлудың сабырлы өңі береді сеп.
Барады кербез қалпын бұзбай сақтап,
Адамзат ұлылығы жеңеді деп.

Мені де толғандырып көктем-өңір,
Самғады осынау сәтте көкте көңіл.
Адамның адамдығын биіктетер,
Табиғат құшағында өткен өмір.

Сипаған құрметімді қолдан сезіп,
Кетті ол
Кең далаға орман кезіп.
Елеңдеп енді қашан көрем деумен,
Көңілі сағынышқа толған нешік.

Өтті сәт.
Сарыаркаға киік кетті.
Тірлікті әлдекайда сүйікті етті.
Бір көрген аңсап келіп асыл досын,
Артына әрең ғана қиып кетті.

1982.
Мәскеу

ДОМБЫРА

Лирикалық поэма

Домбыраға қол соқпа,
Шымырлатып бір-бірлеп.
Абай

Құлақ күйі

Күй– құдірет, нұрлы жыр,
Көкірек нәрі емес пе?!
Шақырады мені бір
Домбыра тәтті кеңеске.

Жақсы әуен – жан дәруі,
Толғайды да тербейді.
Жүректің от боп жануы
Тым оңай бола бермейді.

Аяулы құсым, сауықшыл,
Тыңдайын сенің әніңді.
Жүргенім дерттен сауықсын,
Әкелші іңкәр шағымды.

Күйіне құмар мен едім,
Асылын ақтар барыңның.
Өзіңе үнсіз сенемін,
Сен барда мен де жалынмын.

Күлкісі болып қалқаның
Сылқым бір күйлер төгілсін.
Төсінде туған Арқаның
Жауқазын жырым егілсін.

Қырдағы киік тобындай
Зымырасын, зауласын.
Махаббат мерген оғындай
Жүректерді жауласын.

Тұрғындай балқып еріп қыз
Маздасын от-күй, лауласын.
Тыңдаған жанның еріксіз
Арайлап көңілін ауласын.

Домбырам, құлшын сен-дағы
Дәл басып сезім пернесін.
Ашайын көпке мен-дағы
Көңілдің көктем көрмесін.

Домбырам, жырла, қамықпа,
Тербе де жанды шымырлат.
Батайын мен де шабытқа,
Жүр-жүрлеп өлең сыбырлап.

Көкшетау, Баян – өскен жер
Алдымнан шықсын күлімдеп.
Селт етпей тыңдап сексен көл
Қол соқсын маған ұлым деп.

Әніндей қайтқан құстардың,
Мұңлы ма менің бұл әнім?
Оятып тәтті құштарлық,
Ойланып көп-көп тұрамын.

Төгілсе күй боп күмбірлеп,
Тіл бітіп сөйлеп сезгенің.
Менің де сонда бір-бірлеп,
Көрінер кейбір кездерім.

Әкелер кейде шат дыбыс
Арманды, мұңды тілекті.
Қанатын аппақ қақты құс,
Оятып ойшыл жүректі.

Махаббат, үміт, шаттық үн,
Төгілсе ырғақ табысып.
Қиындық, күрес, қақтығыс,
Жанымда кезек алысып.

Өкініш, қапа, алданыш,
Олар да күй боп самғасын.
Ақ құсым, ұшсаң самғап ұш,
Арманың іште қалмасын.

Домбыра, досым, күмбірле,
Ал, кеттік алыс екеуміз.
Шалғайлап шаршап, бір күнде
Арманға мүмкін жетерміз.

Сыр

Домбыраның күйлері
Жас жүректің сыры еді.
С.Сейфуллин

Сыр бунаған жүректер
Жыр оранып туды ма?!
Жыр тулаған жүректер
Сыр оранып туды ма?!

Суық көңіл, салқын жан
Кімге сырын айта алар?!
Қалың қабақ қалпынан
Қайтіп қана қайта алар?!

Ал мен сыршыл адаммын,
Дос етер бірін екінің.
Сырласумен табамын
Көңілдің ынтық тетігін.

Шынайы доска ақ тілек,
Сыр ақтарсам егіліп;
Масайрайды наз жүрек,
Жан дүнием семіріп.

Қозғаса қос ішек мың сырын,
Таба алмайды жан шыдам.
Үндесіп жүрек қыл сымы
Жыр-моншаққа малынам.

Елестеп сонда кетеді
Балалық балғын кездерім.
Сыр түюдің не екенін,
Қаршадайдан сезгенмін.

Елестейді кешегі
Қарақағаз алған күн.
Жүрекке соғыс кеселі
Айықпас жара салған күн.

Анашым ғана екеуміз,
Бүкіл ел бізбен мұңдасты.
Демедік жалғыз екенбіз,
Бүкіл ел бізбен сырласты.

Бүкіл ел келіп толғанды,
Біздің үйдің қасында.
Бүкіл ел сүртті сондағы
Егілген көздің жасын да.

Соғыс та бітті, ауылға
Кей әкелер оралды.
Әкені еске алу да
Көбейді көріп соларды.

Соғыстан қайтқан жігіттер
Мұңайып мойын бұратын.
Көрді ме деген үмітпен
Сұрағым кеп тұратын.

Бүлкілдеп көмей тұрса да
Өзіңді бала санайсың.
Мың жерден сағың сынса да
Шеше аузына қарайсың.

Көзінің жасын анашым
Көрсеткісі келмейтін.
Жылар деп аяп жан ашып,
Болдым мен сұрақ бермейтін

Кей адам жаркын жүзімен
Құшақтап қатты сүйетін.
Ақ ниет, бақыт тізілген
Өсиет, ақыл үйетін.

Кейбірі келмей бір сөзге
Үнсіз ғана өтетін.
Әйтеуір көздер, көп көздер
Күзгі бұлттай көшетін.

«Қасы-көзі аумайды,
Аузынан түсіп қалғандай», –
Деп те қақты таңдайды,
Жүректі жұлып алғандай.

Әрине, онда күлгем жоқ,
Аяныш тілдер жырлатты.
Кей түндер көз де ілгем жоқ
Шеше алмай мың-мың сұрақты.

Оқыдым үздік мектепте,
Үлкеннің тілін алдым да.
Арам шөп, масақ терсек те
Мен басқадан қалдым ба?!

Мал суару, от жағу,
Ара, балта – менікі.
Асық ойнау, доп қағу –
Әкелі бала, сенікі.

Ол кезде не түсіндім,
Көңілшек мінез бағынтты.
Оңаша ғана күрсіндім,
Әкені өмір сағынтты.

Осының бәрі көңіл ғой,
Сыр болып ойға тұнғаны.
Анашым да өмір бой
Баскамен бақыт құрмады.

Қаншама жылдар өтсе де,
Ол ардағын сыйлады.
Іштей бір жапа шексе де
Тосуын жарды тыймады.

Тосудан талды, жүдеді,
Жас өмірі қирады.
Сөнгенше ыстық жүрегі,
Өлімге бірақ қимады.

Махаббат туын көтеріп,
Борышын берік актады.
Жар сенімі өтеліп
Намысын биік сақтады.

Анашым – менің аскарым,
Көп тұрмады ақыры.
Күйреп түсті аспаным,
Қирап қалды шатырым.

Аналы жетім жетім бе?!
Қазасы батты шешейдің.
Қабырғам қатып бекінбей
Мен мезгілсіз есейдім.

Сол күннен бастым пернеңді,
Сырыңды қос шек айтшы деп.
Есіркеп көңіл термемді,
Үндесіп бір тіл қатшы деп.

Сөйледің, сен де құп алдың,
Мейрімді, жылы қылықпен.
Төсіме бастым, қуандым,
Дос табам деген үмітпен.

Сыбырладым жаныма
Тап-таза нәзік сезімді.
Бүлдіршін көңіл бағыма
Гүл біткендей сезіндім.

Мөлдір күймен ашылды
Балауса жырдың бүршігі.
Достыққа тіктім басымды
Тыңғанша жүрек дүрсілі.

Сыр бұйыққан жүректі
Жыр аялап тұрды ма?!
Жыр шарпыған жүректі
Сыр саялап тұрды ма?!

Сыңар шектеп, достым-ау,
Ақырын баппен тартамын.
Құпия сырды осылай
Өзіңе ғана айтамын.

Жасымнан жақсы табыскан
Қасиетті досымсың.
Өрши түсер намысқа
Өсиетті досымның.

Орын алған төрімнен
Баға жетпес мол мұрам.
Кетерінде өмірден
Анам берген домбырам!

Ұстасам сені қолыма
Сағыныш қайта туады.
Бақыт тілеп жолыма
Елестеп анам тұрады.

Жылы қолдар тым нәзік
Сипайды келіп бетімді.
Сағынып анам құлазып,
Маңдайдан сүйген секілді.

Маңдайдан ғана сүйетін
Бір сырын біздер білсін деп.
Өзі айтып мәз күлетін:
– Бетіңнен келін сүйсін, – деп.

– Бақытты болғай, құлыным! –
Деуші еді ауыр күрсініп.
Осы сөздер жылуы
Жүрегімде тұр сіңіп.

О, ғажап неткен сезімдер!
Домбыра жатық сөйлейді.
Анашым тірі кезіндей,
Өзгені көзім көрмейді.

Қарауға көзім талмайды,
Көңілім жайма-шуақтап.
Күй безектеп сарнайды,
Сағыныш сарын тұрақтап.

Ұл-қызым сыр тыңдайды,
Сонда екі шектен кеп.
Қасиет тұтып сыйлайды,
Әжеміз тастап кеткен деп.

Жас ана ісін тастайды,
Күрсініп алып ол да ауыр.
Жүрегін жылыта бастайды,
Көзінің сүртіп шылауын.

Ой, бәлем, әрең маңыма,
Жиылып бәрі қалған соң;
Нәр алып тынам жаныма,
Күйіңе құмар қанған соң.

Көңілге сонда құйылған
Әр үнің ұстаз сөзіндей.
Күйің жылы, мейірбан,
Қуаныш сепкен сезімдей.

Аңсатып жүрек жандырған
Солдаттың елге хатындай.
Көремін сені, домбырам,
Анамның мархабатындай.

Көремін сені кір баспас
Адамдық ақыл-арымдай.
Көремін сұқ тіл мін тақпас
Дүниеде жиһаз барымдай.

Дән разы жаным тірлікте
Кездескен бақыт таңындай.
Жаралған жаны бірлікке
Көремін сүйген жарымдай.

Сен дегенде көңілімнің
Таусылмас теңеу өлшемі.
Сен – тынысы өмірімнің,
Жанымның қымбат бөлшегі.

Көремін сені мейірбан,
Қасиетті ғазиз анамдай.
Өзі жомарт, өзі паң
Көремін шалкар даламдай.

Жабыға қалса көңіл сәл
Қолыма, досым, сені алам.
Сен барда туған елім бар,
Сен барда ғазиз бар анам!

Шалқыма

Тыңдамаған қалмасын
Құлшына тарт, домбыра
І.Жансүгіров

Толқып-толқып кеттің бе,
Шалқып-шалқып алайын.
Алдағы күткен көп күнге
Бұрынырақ барайын.

Сыр шертсем еркім өзімде,
Жылауға бірақ туғам жоқ.
Бой ұрсам ыстық сезімге
Майыскаксып тұрғам жоқ.

Бәлкім мен жаңа ағынмын,
Пәс ырғаққа көнбейтін.
Жүректе лаулап жалынмын,
Дер кезім өрге өрлейтін.

Келіншек мінез емеспін,
Ұяң, момын, тартыншақ.
Келеді күнмен кеңескім,
Құмарта жайып наз құшақ.

Теңіздің күшін баса алам,
Жуасытып толқынын.
Қасарысып қарсы алам
Дүлей дауыл жойқынын.

Жыр етсем сыршыл көңілмен
Домбыра ұстап тудым деп;
Ту етем ғасыр өрінде
Өз орнымда тұрмын деп.

Москвам, менің астанам,
Басталды сенен сәтті адым.
Өзіңді ылғи еске алам,
Студенттік шақтарым!

Мен де бір өз жігітің,
Сен маған үлкен ауылсың.
Сондықтан зор үмітім,
Сондықтан асқақ дауысым.

Қазынасын ашып даламның,
Кен бұлағын сапырдым.
Тапсырған Қызыл Алаңның
Тындырып ісін жатырмын.

Кеншілікке тартады
Жерімнің асыл тастары.
Ақындық міндет артады
Даламның мөлдір аспаны.

Үлпікер балғын тілімнің
Жоқ екі ұшты астары.
Кенші – ақын жырымның
Тұңғыш перде ашқаны.

Сал алдыма, қанекей,
Домбырам, аққу билерін.
Құйқылжытып және әкел
Құрманғазы күйлерін.

Бұлбұл болып сайраған
Бибігүлдей сұңқылда.
Тылсымы тыныс байлаған
Қыз күлкідей сылқылда.

Сағыммен ойна сызылтып,
Құралай көз маралдай.
Құйындат бойды қызынтып,
Жан құмары қанардай.

Тамсантып талай үйірдің
Батыстың алтын залдарын.
Әуеніңе сүйінді
Әлемнің сыршыл жандары.

Моцарт және Бетховен,
Бородиннен күй тыңдап;
Тәттімбетше шерткенің
Жүрекке қонды былқылдап.

Тамсанып әлем айтады
Екі шектің сыршылын.
Естір құлақ байқады
Дала күйдің шыншылын.

Шарласын үнің әлемді,
Дала самал аңқыған.
Көрсет қазақ кәдеңді
Дауылпаз күймен шалқыған.

Ел қорғаған ерлердің
Сыздаған жара сырын айт.
Біздің жесір жеңгейдің
Күңіренген мұңын айт.

Оралмаған майданнан
Сол ерлердің өзі бол.
Бақыт күтіп ойлаған
Шешелердің сөзі бол.

Адамзат мәңгі ұмытпас
Соғысты да айт, жасырма.
Бол мұнара, биік тас
Достық зират басында.

Күйіңе қосып бәрін сал,
Ғасырдан жеткіз ғасырға.
Мәңгі сөнбес жалын бол,
Белгісіз солдат басында.

Үйлдеген бесікте
Сал сәбидің дыбысын.
Жеткіз маған кешікпей
Жас ананың тынысын.

Қалт етпес қайың бол,
Жастарға ғашық сый ұсын.
Тыңдауға дайын бол,
Солардың тұңғыш сүйісін.

Жіберейін жыр байлап,
Гәккулет те саңқылда.
Айтып жүрсін күллі аймақ
Қалған әнді артыңда.

Әдемі жаңа әуенге
Мамырла, малшын, қалықта
Аспанда, шексіз әлемге
Еркін самға, шарықта.

Одан кейін сен тағы
Шолпанменен сыбырлас.
Оралып жерге кел-дағы
Өзіме ғажап сырыңды аш.

Арманыма жолығып,
Жақсы жауап айта кел.
Домбырам, саған қол ұрып,
Қуанып тұрсын байтақ ел.

ГӘККУ

Соз басы

Бұл бір жыр ән туралы «Қайран Гәкку»;
Үкілі Ыбырайдан қалған Гәкку.
Қазақтың сахнасын Мәскеуде ашып
Жібек боп Күләш бұлбұл салған Гәкку.

Жайлады Гәкку жастай жүрегімді,
Оятып өлең сүйгіш тілегімді.
Кей кезде әнші етіп те жіберердей
Жаныма құйды сұлу жібек үнді.

Қол тимей, ой да баспай тәуекелге,
Жүруші ем сала беріп күнде ертеңге.
Түнеріп жаумай кеткен жазғы бұлттай,
Өтіпті-ау талай уақыт құр бекерге.

Ал енді, жыр-бұлақ боп ақсам деймін
Сарқылмас кәусар болып жатсам деймін.
Жүректің сыршыл нәзік қылын шертіп,
Шабыттың қызығына батсам деймін.

Шіркін-ай, шықса жырым көркем, жылы,
Сәйкес келіп сазына көркемдігі;
Гәккуді тыңдағандай әсер етсе,
Желбіреп жүректерде көктем гүлі.

Бұл сөзім шамалы сыр ашқандығым,
Жүректің ақтарарда ақ сандығын.
Оқушы көз тоқтатып қарай ма екен,
Энердің аялап ем жастан гүлін.

Жалғызтау мен Жарқын көл

Әуелі Жалғызтау мен Жарқын көлді
Сипаттап әрлі-берлі айтқым келді.
Себебі, дүниеге осы жерде
Сылқылдап Ыбыраймен «Гәкку» келді.

Жалғыз шың – көк теңізде жалғыз желкен
Сияқты бір ер кеуде аскақ, өктем.
Көкшенің көп тауынан оқшау жатыр,
Сондықтан Жалғызтау деп атап кеткен.

Тау-сері жігіт-көзбен құмарланып,
Тұр қарап Сырымбет-қыз ұнай қалып.
Өмірін екеуінің қызықтайды
Көкшетау көз ұшында мұнарланып.

Тау-ерке ақша бұлтқа асылып тұр,
Кеудесін көп таулардан асырып тұр.
Айнала жасыл желек, орман тоғай,
Өзендер жалғыздығын жасырып тұр.

Қарасаң Жалғызтаудың сілеміне,
Табиғат көзін түсер кілеміне,
Қарағай, үйеңкінің иісі қандай,
Жұпары қан ойнатар жүрегіңде.

Әрі қарай төмендей бер тамашалай,
Қайын енең төсеп қойған алашадай.
Бүлдірген, жидек бауын қимастықтан,
Тұрарсың аяғыңды бір баса алмай.

Сәндітау етегі кең көсілмелі,
Сыртынан самал соғар Есіл желі,
Өзен-көл балағынан бұлақ тарқап,
Айнадай жарқырайды төсіндегі.

Көп көлдің бір сұлуы – Жаркын көлі,
Шілдеде жайлы коныс салқын лебі.
Тұшы су, мырза суат, құмкайрақты,
Жаркын деп атамаған халқым тегін.

Айна көл – жарқыл қаккан аппақ сынап,
Айнала қалың орман жаткан шұбап.
Көк түбек құс базары көл ортасы,
Қиқулап мың-мың дыбыс жарған құлақ.

Естіген жанға рахат алдырады,
Жақсы әуен күйге құмар кандырады.
Сансыз үн бір ырғакка косылғандай,
Өзіңді әбден естен тандырады.

Дала-күй тамылжыса сыздырмалап,
Көтерер көңіліңді қыздырмалап.
Боларсың ұмтылғандай камыс жакка,
Сұлулар шақырғандай мен мұндалап.

Асқақтап акку кербез саңқылдайды,
Қоңыр каз косбасарлап қаңқылдайды.
Қаршыға ойға алғанын іліп түсіп,
Өзінен әлді бар деп тартынбайды.

Қамыстан шыға келсе көкала үйрек,
Кердеңдеп кетер де өтер түйдек-түйдек.
Сүңгуір каскалдақтар қулық етер
Қатерге шүрегейді түйреп-сүйреп.

Сылқылдап сұқсыр суда ырғалады,
Тыраулап тырна көмей қырнағаны.
Жас бұлбұл жазғы таңда ән бастаса,
Сол әнге балқымастан кім қалады?!

Бұл думан Жалғызтаудың саласында,
Бұл қызық Жаркын көлдің жағасында.
Үкілі Ыбырайлар өскен екен
Осындай күй-жұмақтың арасында.

Жарқынның батыс жағы Көлдей-Көшей,
Ағайын аталас ел, оқтау-көсеу.
Жемісті бір бұтағы Қарауылдың,
Сал-сері ақыны көп топта көсем.

Көлдейде бір әнші қыз Хакима атты,
Жасынан даңқы аймаққа тарап жатты.
Қыз дейді әрі сұлу, әрі әнші,
Көркімен жарылқаған табиғатты.

Шалғай ел Қалдаманға жетті хабар,
Бұл елде Ыбырай бар топты жарар.
Аттанды қызды ауылдың бір тойына,
Сәт тілеп жолы болып, бағы жанар.

Қыз, рас, айтса айтқандай ерен екен,
Ән-күйге, өлең-сөзге терең екен.
Сандуғаш сайрап тұрған әрі зерек,
Қалаған әніңді айтып береді екен.

Жайдары, ай келбетті жан бір сергек.
Маралдай бабында өскен мінезі өрнек.
Көз түссе келбетіне еркіңді алып,
Амалсыз құмарттырып тілсіз жеңбек.

Қыр мұрын, қара шашты ақсары қыз,
Нұр төгіп, құлпырады ажары жүз.
Шиедей еріндері албыраған,
Ауады көрген сәтте назарыңыз.

Қиғаш қас, қарақат көз, аузы оймақ,
Кенеліп көңіл шіркін татпай тоймақ.
Ақ қабақ, ай келбеті жарқ еткенде,
Тұрасың бақытыңды үнсіз тойлап.

Шалқытар сергек сезім қыздырмалап,
Құлшынар, құмарланар ұшқыр талап.
Ыбырай да көрген беттен таңырқады,
Паң кербез сипатына қыздың қарап.

Жұптаскан үйлесімді ақыл-көрік,
Табиғат бере салған барын төгіп.
Боларлық бақ жұлдызы орнағандай
Дүниеде тауып өтсең сондай серік.

Секілді қызды көрген – айды көрген,
Дерт қайтып, көңіл өсіп, қайғы сөнген.
Дәлме-дәл тура өзіне қарай қалса,
Жығады анадайдан көзі мерген.

Қаз мойын, ақ тамағын күн қақпаған,
Әдемі жұқа өңі сыр сақтаған.
Астынан торғын көйлек дірілдейді,
Ешкімге бір нәзіктік тіл қатпаған.

Екі қол отырғандай семсер сермей,
Қыз саусақ шекте ойнайды, пернені өрлей.
Қасына сүйеп қойып домбырасын,
Тартады кей-кейде қыз сырнай-керней.

Қыз әні Ыбырайды балбыратты,
Құлағын домбыраның сан бұратты.
Әншінің көңілінде күй ойнады,
Өткендей төпеп-төпеп жаңбыр қатты.

Ойлайды келсе екен деп бір ыңғайға.
Кездестім өзім теңді құлын-тайға.
«Іздегенге – сұраған» табылғандай,
Тайсалар ән мен күйден Ыбырай ма?!

Тамсанды қыздың көріп қара шашын,
Құлындай мінсіз тұлға тамашасын;
Аққуға көлде жүзген ұқсатты да
Өзіне ат қоймақшы жарасатын.

«Сұлуым, айдын көлде Аққу дейін,
Атыңды өзгеше атап «Гәкку» дейін»
Қуанды Ыбырай сонда үнсіз толқып,
«Таптым, – деп, – әдемі ат, ән-күй бейім.

Қияға құлаш ұрсам жетер ме едім?
Үшқыр ой, қайда мені жетелейдің? –
Дейді, – ақын қыз әнінің ырғағында,
Аққуым – Гәккуім деп өтер ме едім?!»

Ыбырай осылайша ғажаптанды,
Айғайлап Гәкку деуге аз-ақ қалды.
Қыз әні сәл кідіріп тынған шақта,
Күй күмбез, жыр қоймасын бұл да ақтарды.

Әншінің қыран жүзі арайланды,
Тамсантты талантына талайларды.
Тік шырқап, сұңқар дауыс көкке ұшқанда
Шаңыраққа тыңдаушылар қарай қалды.

Дермісің әне аспанда аққу кетті,
Шарқ ұрып, шалқар дауыс саңқ-сұңқ етті.
Ажары бір сұрланып, бір нұрланып,
Екі көз тік қаратпай жарқ-жұрқ етті.

Сөз – семсер, мінез – қылыш, қылық кандай?!
Дос күліп, дұшпан жанын суытқандай.
Кең маңдай, ер келбетті, қою қасты
Сылқым жан қыз-келіншек қызыққандай.

Басында қос тоты үкі қара қалпақ,
Кең шалбар, кең шапаны қардан аппақ.
Дембелшең, сом тұлғалы мығым дене,
Пан қимыл отырысы маңғаз шалқақ.

Ыбырай кетті сонда ырғақтатып,
Үкілі домбырасын бұлғақтатып;
Көкке ұшып қанатты ән биіктеді,
Пәрмендеп, өршеленіп, шырқап, шалқып.

Кетті ойнап, жарасымды қызық құрып,
Ұйытып тыңдаушыны тылсым буып.
Уытты ой, тапқыр сөз бен ажарлы ән
Жасартты көңілдерді жылытып жуып.

Аспанда аққу ма деп жұрт караса,
Әндетіп ақын отыр. Таң-тамаша;
Ескі әннің ырғағында айтылса да
Төгілді сыршыл өлең бір тамаша.

– Ал Гәкку, асыл Гәкку, алма Гәкку,
Масайра, әніңе бас, талма, Гәкку.
Жүзейін мен де айдынды әнге бөлеп,
Ән тыңдап, сен қасымнан қалма, Гәкку.

Кел Гәкку, келші Гәкку, мойныма асыл,
Сәулешім, гүлім, нұрым қызыл-жасыл.
Еркелеп сен қолыма бір күн қонсаң,
Болар ма өмір жұмақ ұлан-ғасыр.

Гәккуім, мен көлеңкең саялайтын,
Қуаныш базарыңмын арайлайтын.
Күнде бір таңғажайып ән шығарып,
Жәрмеңке жасар едім тарамайтын.

Көрмеп ем сендей құсты бұрын, Гәкку,
Сусыным, бал бұлағым, шырын Гәкку.
Жанымның жазирасын сенен таптым
Өмірлік аялайтын сырым, Гәкку.

Шыңда өскен шымқай қызыл нұр гүлімсің,
Бағымда сайрап тұрған бұлбұлымсың.
Мұхиттың төскейінде жүрген шалқып,
Ешкімнің қолы жетпес дүлдүлімсің.

Жүректің ырқын билеп алған Гәкку,
Назды ерке әуресіне салған Гәкку.
Ай Гәкку, арман Гәкку, қайран Гәкку,
Сауығы жан думаным сайран Гәкку.

Осылай Гәккулетті сонда Ыбырай,
Сықырлап Хакиманың еркін ұрлай.
Бірде аққу, бірде бұлбұл үнге салып,
Даусын иілдірді жезді сымдай.

Қыз отыр Ыбырайдың нақ қасында,
Балбырап әсем әннің бақшасында.
Тамсанды, таңыркады, таңдай қақты,
Гәккулеп шыққан әннің тақтасына.

Ән шарпып қыз көңілі жанданады,
Жүректер үндес ырғақ жалғанады.
– Япырмау, естігенді көз көрді, – деп, -
Ыбырай осы екен, – деп таңданады.

Құлшынса ақын ойға жетем ғой деп,
Жұрт отыр жаңа бір жыр екен ғой деп.
Бұл әннің бар сырына қыз түсініп,
Күрсінді алдануың бекер ғой деп.

Аққудай су шетінде басқан маймақ,
Бір кезде тамылжыды ән еркін жайлап.
Тиді ғой таңдайына тәтті дәмі
«Үлпікер сүт бетінде балдай қаймақ».

Бір шырқап, бірде әсем жаяулатты,
Бейне бір дүниені алау жапты.
Теңіздің жылы лебі сияқтанған,
Себелеп құс қауырсын самал қақты.

Қосылып бірге әндетті қызбен Ыбырай,
Тамаша құйқылжытты қос балқурай.
Ыбырай аскақтата әнге салса,
Қыздырды қыз да оған қосып сырнай.

Ән кетті екі жүйрік жарысқандай,
Дос жүрек ойын-күлкі қағысындай.
Аспанға бір ырғақпен ұшып шығып,
Болды олар бұлт төсінде табысқандай.

Өнерін екі жастың жұрт қызықтап,
Таң ата үйлеріне кетті тарқап.
Сол кезде қыз бен ақын тілге келіп
Сөйлесті ақ боз үйде оңаша қап.

Қыз айтты: «Хош, сұңқарым, алданылма,
Еркім жоқ, берілгенмін мен қалыңға.
Кездесіп гәккулетіп жүрісейік,
Жарасты сүйіспендік гүл бағында.

Күйеу ел момын емес тыныш жатар,
Олар көп, біздер азбыз – тақым батар.
Аз ауыл болсақ-тағы ел біледі,
Ата-анам қорлық көріп, лағнат атар.

Белгілі жас та болсаң қайсарлығың,
Келіспей қарсы жауап айтарлығың.
Әншейін сынау емес, илан, достым,
Сүйгеннің шын тілегін қайтарды кім?»

Бел байлап түсу қиын жұрт көзіне,
Ыбырай сенді қыздың бұл сөзіне.
Мал қайда мыңғырған қалың төлер,
Жалғыз бас айыр тұяқ жоқ өзінде.

Артына қалай қиып кетер тастап,
Болды ол ретін тауып алып қашпақ.
Бұл жолы жалғыз өзі не тындырар,
Келмекші шамалы топ жігіт бастап.

Ыбырай енді шапшаң елге қайтпақ,
Құмартқан ғашық назын еліне айтпақ.
Қалдаман, Тоғайменен Жерін, Таубай,
Көмегін көрші елдердің көрмек байқап.

Қыз айтты: «Қоштасарда салам салық,
Әлгі әнің арналса маған анық;
Құлпыртып бір тамаша сөзін жазшы,
Жүрейік гәккулетіп бірге салып».

Жарқынға – ел жайлауға келіп қонды,
Мал басты жоңышқалы шүйгін жонды.
Жерге ие Көлдей-Көшей болса-дағы,
Шыңғыстың әулетіне берді жолды.

Жайлау – той, жиын болмақ төрелерде.
Шақырту хабар жайды төменгі елге.
Әнші, ақын, балуан, сері маңайдағы,
Алдырмақ бәрін қызық көрерменге.

Хабарға Ақан сері келем депті,
Соңымнан Ыбырай да ерер депті.
Бір жүйе өзге қонақ, бұлар бір шың,
Қуаныш ел құлағын елеңдетті.

Ақанның асқақ әннен қалған кезі,
Ыбырайдың өрге басқан бағлан кезі.
Көкшетау, Есіл, Ертіс әнін жаттап,
Атағы ел құлағын жарған кезі.

Сонау жыл қайтып келіп қыз елінен,
Бара алмай назаланып жер тебінген.
Аз күнде шаруа басы әкесі өліп,
Басына тірлік қамы ерте мінген.

Естіген Хакиманы ұзатты деп,
Өшкендей болды арман – тұңғыш тілек
Ұмытам десе-дағы үй-жайлы боп,
Жүретін ұмыттырмай сыршыл жүрек.

Көп болды қыз аулына бармағалы,
Кек кернеп көрінуге арланады.
Сыздатты ескі дертті той дүбірі,
Бір көріп мүмкін көңіл жалғанады.

Тебірентіп оңашада ой тізбегі,
Алдына Гәкку-қызды келгізеді.
Елестеп елегізіткен ғашық бейне
Тың тума ән әуенін тергізеді.

Адамның ғашық дертін жамайтұғын,
Жақсы үміт бойға өрбіп тарайтұғын;
«Ән туса, – дейді Ыбырай, – Гәкку-қызға
Айтуға кездескенде жарайтұғын».

Тойлы елге бір күн бұрын Ақан келді,
Келді деп Ақан аға жұрт кенеледі.
Әңгіме-дүкен құрып асыл сөзбен,
Ақырын айтады екен «Құлагерді».

Ыбырай келе жатыр деген хабар
Ән сүйгіш, сері құмар елге сауал.
Шапқылап қыз-бозбала жолға шықты,
Өнерпаз сол серінің ебін табар.

Ыбырай бұрылмады көлденеңдеп,
Ауылға соқпай өтпек дөңмен өрлеп;
– Барыңдар, келе жатыр Гәкку қинап, –
Деді де тіл катпады дөңгелендеп.

Сұрайды кейбіреулер өтінішпен,
Қимастық ықыласпен, өкінішпен.
– Шырағым, байқа, мынау ұлық тойы! –
Кейбіреу деп те жатты өкім күшпен.

Жоқ, ақын қайыспады, сескенбеді,
Төренің жаңалық па жек көргені?!
Мысық өң, улы тілді төлеңгітті
Өзі кім, сөзі кім деп ескермеді.

Тәкаппар ақын қатал арыстандай,
Екі сөз шықпас жағы қарысқандай.
Барады ой жетегі арпалыста,
Бір өзі мың шендімен алысқандай.

Қара мұрт, қою қасы тікірейіп,
Қыран көз жерге төнді бүкірейіп.
Дембелшең орта бойы зор көрініп,
Шулы топ қала берді кішірейіп.

Туралап Жалғызтауға барады ақын,
Тау құшып не рахат табады ақын?!
Бұрылып алды-артына қараған жоқ,
Сол таудан табатындай қанағатын.

– Мынаның бүйткендігі несі десіп? –
Төрелер қалды кейіп, ашу кесіп.
Өзге жұрт не болды деп таңданады,
Әркайсысы өздерінше түйін шешіп.

Хакима ата еркіне көнген екен,
Бірақ та құсалықтан өлген екен.
Тұсынан өте беріп сол ауылдың,
Ыбырай құлпытасын көрген екен.

Осылай артта қалды думан-дүрмек,
Келмей ме қайғы кешкен көңіл жүрдек.
Жабырқау күйзелісте тебіренеді
Кек кернеп, намыс қысып, ыза үдеп.

Ашылып ескі жара қинағандай,
Соқтығып қиял кеме кірағандай.
Мұндайда ой теңіздей толқымай ма,
Бір түгіл, мың арнаға сыймағандай.

Күйік наз, асқақ арман араласып,
Күңірентті өмір ащы сырын ашып.
Көпті ойлап, көкірек кере күрсінеді,
Өзіндей касірет шеккен кайғы басып.

Гәкку-қыз, бейнеңді ақын сағынады,
Кешір деп, кешіктім деп жалынады.
Мұңайып сұлу бейне көрінгендей,
Ән толқып, көңілден наз ағылады.

Шерлі ақын көңілдің зіл зарын шертпек,
Бұрылмай жөнелгенде тауды беттеп;
Барады қинап оны «Қайран Гәкку»
Басына ғашығының салып кет деп.

Толғанды, ақын тойға асықпады,
Тіл қатпай, әнді үнсіз машықтанды.
Гәкку-қыз бейнесінде заман зары,
Ойлатты арманда өткен ғашықтарды.

Ыбырай ырғайды енді «Гәккулетіп»,
Барардай көкте дара аққу кетіп.
Бұрынғы қинап жүрген салды әуенге,
Бір жетпей арманына, бірде жетіп.

Ән сонда қара жерді солқылдатты,
Теңселтіп Жарқын көлді толқындатты.
Тұлпардай өрге ұмтылған өршеленіп,
Дабылын бәсеңдетпей жойқындатты.

Бір кезде Гә... Гә... Гәлап бебеу қақты,
Безеді қайран әнші тіл мен жақты.
Бұрынғы ерке «Гәкку» сарыны жоқ,
Бұл «Гәкку» қара судан терең тартты.

Сызылтып бірде әдемі үзілдірді,
Шуақтап адам жанын қызындырды.
Айырылған сыңарынан қоңыр қаздай,
Мамырлап қоңыр күйді тізілдірді.

Тағы да бастады бір тізіп мұңды,
Іздейді шыңда шынар қызыл гүлді.
Адасып жалғыз қалған аққу болып,
Сан қилы кобыз күйді созылдырды.

Шырқалды ән адамды естен тандырғандай,
Рахат-мехнатын жандырғандай.
Аспанда кейде қалқып тұрып алды,
Бір шетін көк кемерде қалдырғандай.

Бір кезде жаралы аққу күйі болды,
Бір кезде бала аққу биі болды.
Кей кезі құмар құсын шақырғандай
Саңқылдап «Гәккулеуі» жиі болды.

Төңірек әнге оранып жүре берді,
Отырған жұрт орнынан түрегелді.
Арқаның ән атасы – Ақан да тұр,
Қызықтап тұякбасар мұрагерді.

Толқып тұр Ақан аға төгіп назды,
Ілгендей «Көкжендеті» қоңыр қазды.
Құлагер көз алдынан жүйткіп өтіп,
Жануар өрге ұмтылып құлаш жазды.

Ұғады ол өзге адам сезбес сырды,
Ән бірде Ақтотымен кездестірді.
Жалғызтау Сырымбет боп сонау кезгі,
Жарқынды Қоскөліне теңестірді.

Ән кейде болды жанын арбағандай,
Өзге емес тек өзіне арнағандай.
Айырылып Құлагерден жалғыз қалып,
Асында Сағынайдың зарлағандай.

Гәккулеп ән бір сәтте құлпырады,
Ол кезде Ақан жаны құлшынады.
«Ақтоты», «Құлагері», «Көкжендеті»
Елестеп көкірегіне сыр тұнады.

Ыбырайдың әніне Ақан түсінеді,
Үнілеп өткенді еске түсіреді.
Дейді ол ән түйіні мұң-зар емес,
Ақыры қайрат-жігер өсіреді.

Мынау ән жүректерді мың бұрады,
Кейде ыстық, кейде мұздап тоңдырады.
Алдыртып аспандағы ұшқан құсты,
Үйіріп көлге еріксіз қондырады.

Аққулар әндетеді ұйып түсіп,
Бірін-бірі сағынғандай сүйіп-құшып.
Мәз-мейрам өңшең өрім ойнап қалды,
Мың шеңбер су бетіне сызық түсіп.

Аққулар кейде еріксіз керіледі,
Ән тыңдап, жылжуға да ерінеді.
Алыста өз сыңарын аңсағандай
Сүйіспек қылық жасап емінеді.

Жерде ақын, көлде аққу үн қосады,
Ортақ ән «Гәкку» болып ұласады.
Сағыныш-күйініштің бәрі келіп,
Құлаққа тәңір қылық жыр тосады.

Көл жақтан шыққан дыбыс «Гәкку» деген,
Махаббат ыстық лебін жақтың деген.
Қаттырақ аялашы, аямашы,
Жанымның ыстық зарын таптым деген.

Жердегі Ыбырай әні «Гәккулеген»,
Ғашықтық қасіретін тарттым деген.
Бұрынғы «Сайран Гәкку» ғайып болып,
Қайғылы «Қайран Гәкку» таптым деген.

«Гәккуім» құрмет, қызық тапсын деген,
Ән сүйгіш жүректерде жатсын деген.
Келетін келер ұрпақ соңымдағы
Мың сырын «Гәккуімнің» ашсын деген.

Ән солай қошеметтеп батқан күнді
Құлшынтып, кейде көңіл шаттандырды.
Қаз дауыс, сыбызғы үн, бұлбұл ырғақ
Жаныңды жыр жұмаққа аттандырды.

Ән тағы аспандата шарқ ұрады,
Тік жетіп бұйра бұлтқа шаншылады.
Әсем үн, нұсқалы сөз жылуымен
Жауын боп қара жерге тамшылады.

Әнді естіп құлақ тұнды, тіл байланды,
Жағасы Жарқын көлдің күйге айналды.
Жерде ақын, көкте құстар қаңқылдаса,
Бір ырғақ, бір ағынмен сырнайланды.

Тұлпарды тықыршытты байлаудағы,
Ауылды күңірентті жайлаудағы.
Ән сазы, дәуір назын айтқан болды,
Адамдай бара жатқан байлаудағы.

Желіде құлындарды тебіндірді,
Баланы бесіктегі еміндірді.
Әр жанның қымбат сырын есіркетіп,
Көзден жас, көңілден сыр төгілдірді.

Аспанда бұлт төмендеп қалтырады,
Ән-нөсер жауын нөсер шақырады.
Орманда жүгірген аң – бұғы бағлан,
Иіліп жонға шығып бас ұрады.

Ән толқып жүректерді жылытып жатты
Кейде бір ащы күлкі сылқыл қақты.
Тайпалаған төрт аяғы тең жорғадай
«Гәккулеп» қайта-қайта сұңқылдатты.

Ақ марал жоңға шығып маңырайды,
Исініп елік, киік жамырайды.
Өзінше шер тарқатып, наз айтқандай
Тотықұс тоқсан түрлі ән құрайды.

Әсем саз тебірентіп жан үйірді,
Сауынсыз қотандағы мал иіді.
Молдалар мұны көріп таңырқаған
Тәубе айтып Алласына бір сиынды.

Барса да жанларына жылу төгіп,
Шертиіп төрелер тұр мінеп-сөгіп.
Жастар тұр қуанысып ән туды деп
Ақанды төре алдында тірек көріп.

Сөйледі сонда Ақан топ алдында,
Хан-қара жиналған той көп алдында.
– Уа, халқым, осынау әнді той бастарға
Ыбырай ертең айтар өз алдында.

Қанатым, артымдағы мұрагерім,
Жыр-жорық, сан жарыста сынап едім.
Жоқтатпас мені ертең болар еркең,
Думаны ән мен күйге құмар елдің.

Қуанса – қызығыңды ол тойлағаны,
Мұңайса – елдің қамын ойлағаны.
Қайысып қабырғасы күңіренсе,
Шабытқа ақын жүрек бойлағаны.

Тілегі оның айтар – өз тілегің,
Жүрегі оның маздар – өз жүрегің.
Өр мінез, өнегелі қайсар туған,
Өмірде жасап өтер өз сілемін.

Бұл бір ән – бәрің жаттап салатын ән,
Қызықтап құмарларың қанатын ән.
Бүгінгі осы өмірдің куәсі боп,
Кейінгі ұрпақтарға қалатын ән.

Аңдасам, өзі ауыр жаралы ғой,
Қансырап қақсап кетіп барады ғой, –
Деді Ақан шаршы топқа қарап тұрып, –
Ыбырайды ән құшақтап барады ғой.

Гәкку назы

Оралған ел жатқан соң Ыбырай түнде,
Құлаған шаршап түсіп келмей тілге.
Көзінің шырымын ап бірер сағат,
Оянды тойға тағы жұртпен бірге.

Түн қатқан шырайлы өңі тартқан сынық,
Ыбырай төрге ұмтылды топты жарып.
Жол беріп қошаметтеп жас серіге,
Шуласып «Ыбырайлап» қалды халық.

Ақанға ең алдымен сәлем берді,
Кешулік сұрап халін тәмемдеді:
– Кеше бір Гәкку атты жаңа ән толғап
Қайырдым бас-аяғын әрең, – деді.

Арысым жеткізбейтін, Ақан аға,
Сіз – Көкше, мен – Жалғызтау, тыныс-жаға,
Жүректі жарып шыққан «Қайран Гәкку»
Біз үшін, сізге ұнаса, үлкен баға.

– Ыбырай, әнші болдың етер сыйлас,
Артымда сенің барың маған мирас.
«Гәккуің» – ән абзалы аңқылдаған,
Қапыда мерт болды ғой жаның қимас.

Сыралғы бұрылмай-ақ өткендігің,
Ол да бір мұратыңа жеткендігің.
Ән-күйді жаннан бетер кастарлесең,
Бірі ғой өнердегі көп белгінің.

Қанекей, тойды баста лайықтап,
Өргелең өнер өткер халайыққа.
Кешегі «Гәккуіңді» ағындатшы,
Рахат жанға сая табайық та.

Ыбырай сонда ырғай саңқылдатты,
Ән – дария, мұхит төскей шалқып жатты.
Бірде қаз, бірде аққу, бірде тоты,
Жез таңдай, күміс көмей бипыл қақты.

Ән тағы жылы, тәтті кеңес шертті,
Домбыра терiскакпай безектетті.
Арманда қосыла алмай өткендердің
Тағдырын көзіңе әкеп елестетті.

Тағы да жаңа бір сыр ашқандай боп,
Жүйткіді ажал оқтан қашқандай боп.
Сонда ақын төрелерге бір қарады,
Күркіреп найзағайлы аспандай боп.

Гәкку ән жанды баурап бара жатты,
Сыр шертіп, әр көңілдің кілтін тапты.
Гәккудің қайырмасын сан қайталап,
Той тарқар, көпшілікке жыр-гүл жапты.

Кетті ақын әнге бөлеп сай-саланы,
Көңілі оның қайтып жай табады?!
Гәкку қыз неше мәрте еске түссе,
Соншалық қимастықтан қайталады.

Жағасы жарқын көлдің шуақтанды,
Жалғызтау жаңғырықты, құлақтанды.
Ән тынып той тарқаған саябырда,
Көлдегі аққу-қаздар шулап қалды.

Гәккулеп тарқаған ел га-гак етті
Жаңа әнді бір-бірінен жаттап кетті.
Тағы да таңғажайып ән туды деп
Сауықшыл Көкше елі мақтан етті.

Арман асу

Қазақтың өнер тойы астанада
«Қыз Жібек» қойылыпты бастамаға.
Көрмекші Мәскеу халқы сәт тілейді,
Мейірімді қарт анадай жас балаға.

Құйқылжып күй-аспаптар басты сазға,
Құс қаңқыл, дала шалқу – жатты маздап.
Дүркіреп үйір жылқы ойдан құлап,
Әндетіп көлден көшкен аққу-қаздай.

Көз жасы сағынышпен төгілгендей
Арманшыл көңіл назды егілгендей;
Әндеткен дала қызы елестейді,
Ақ көңіл ашық ықылас көрінгендей.

Биіктеп бұлбұл көмей саңқылдады,
Құлшынды, өршеленді, тартынбады;
Гәккулеп Күләш-Жібек тұңғыш шырқап,
Шығыстың ән шолпаны жарқылдады.

Қаңқылдап га-га-галап Гәкку кетті,
Мәскеуге Сарыарқадан Гәкку жетті.
Қыз Жібек Аққу-Гәкку әуендетіп,
Өзіндей Ыбырайдың сан түрлетті.

Мынау ән адам жанын жайлағандай,
Қимылсыз, үнсіз, тілсіз байлағандай;
Көкшетау тоғайының мың бұлбұлы,
Орыстың орманында сайрағандай.

Тамылжып, ән толықсып тұрып қалды,
Зал жым-жырт, тебіреніп ұйып қалды.
Өнердің жарқын жұлдыз иелері
Таңданды, таңдай қақты, қызықтанды.

Тапқандай жүректердің қыл пернесін,
Ән ашты ескі өмір сыр кестесін.
Түсініп мәскеуліктер мүсіркейді,
Даланың Ромео мен Джульеттесін.

Қазақтың келген тегіс өнерпазы,
Кәрі-жас, өңкей маңғаз қоңыр қазы.
Ыбырай, Жамбыл, Тайжан, Сәкен, Сәбит
Бәрі отыр ән тойына болып разы.

Сахнада айдын көлді құрақ болды,
Айнала алтын алқа шуақ болды.
Үміткер, арман асу гәккуіне
Жаңа өмір қайта туған тұрақ болды.

Гәккуін қайта-қайта еркін көрді,
Қарт сері көңіл серпіп көріктенді;
Еріксіз жан дүниесін ән толғатып
Қосылып Қыз Жібекке серіктенді.

Шіркін-ай, жақын, бері келсе дейді.
Егіліп енді ұшардай ентелейді.
Тап сонда Жібек емес сахнада
Гәкку-қыз баяғыдай еркелейді.

Толғанды, ән сазына тағы да еніп,
Қаздаңдап мойнын созды еміреніп.
Шырқата Гәкку-Жібек құйқылжытса
Жыр төкті ақын жүрек тебіреніп:

– Гәккуім – өмірдегі олжам осы,
Берерім қалдыратын өмір досы.
Мәскеуде мың түрленіп қайта туып,
Құмардан шықты арман, көңіл хошы.

Гәккуді шырқап, толғап талай жерде,
Ойлаушы ем айта алмас деп ешбір пенде.
Өзімнен артық етіп Күләш салды,
Гәккуім, қуанайық сен де, мен де.

Тағы да көңілге күй назым келді,
Қаңқылдап әнші ақку-қазым келді.
Алпыстан асқанымда қайта туып,
Гүлденген көктемелі жазым келді.

Бірде акку, біресе Қыз Жібектеніп,
Гәккуім тұр алдымда іздеп келіп.
Рахат, мехнат, үміт, арман-асу
Тіркесіп өтіп жатыр тізбектеліп.

Гәккуім қайта туып ажарланған,
Ақ жүзі, әсем даусы назарды алған.
Бағымда бақыт құсы жайланғандай
Қарт көңіл шалқып, толып азайды арман.

Рахмет барлығыңа, қарақтарым,
Түсінік ғибрат еткен сабақтарың.

Еңсемді еңкейгенде тік көтеріп
Келіп тұр әлі көп жыл тояттағым. –

Күй бітті. Ән тоқталды. Тынды тиек.
Дүркіреп қол соғылды, жанға үйек.
Бір кезде сахнаға Ыбырайды
Қолтықтап алып шықты қолмен сүйеп.

Соғылды шапалақтар қатты-қатты,
Дауылдай дүркіреді, сатырлатты.
Арналған ілтипатқа мына ғажап
Қарт жүрек қорғасындай балқып жатты.

Әншінің жаны да өртті, тәні де өртті,
Қуанып құшақтайды осы көпті.
Өнердің Гәккулеген аппақ құсы
Тағы да көз алдынан ұшып өтті.

1968

«ЖЕЗКИИК» ЖАЙЛЫ...

Ф. Достоевскийдің «Ағайынды Карамазовтарындағы» Смердяковтың бірде поэзия туралы: «Бұл өлең дегеніңіз барып тұрған кербаққан бірдеме! Бөстекі әурешілік. Өзіңіз ойлап көріңізші, өмірде кім ұйқастырып, такпақтап сөйлеседі?! Солай-солай...» – деп тебіренетіні кім-кімнің болсын есінде шығар...

Өлең сөздің даттаушылары мен жақтаушылары әр кезде болған. Әр халықтың өз Смердяковы бар... Әттең, сол Смердяковтар бесік жырын, ана әлдиін естіді ме екен?! Естісе қалай тез ұмыта қойды екен?!

Өлең – сөздің анасы. Өлең сөзге, әуезді, сазды сырға жүрегіміз еріп, ниетіміз ауып тұратыны да, қарасөзден бұрын бесік жырымен уанғандықтан, ана тілінің, ана сезімінің қасиетін сол ана әлдиімен сіңіргендіктен. Қойнауы тұнған ғажайып, мәңгілік ән салып тұратын қазақ даласының әлдиінен дарыған.

Сондықтан да адам баласы, қазақ жұрты қастерлі сезім, қадірлі сырларын келістіріп жыр әуенімен ойлайды, ән әуезімен жеткізеді. Сондықтан да поэзиямызда табиғаттың талай-талай тамаша толғамдары мол. Біз ақын Кәкімбек Салықовтың жырларынан да оқыған сайын дала сырының суреттерін, домбыра сазының тоқсан толғам тебіреністерін сезінеміз. Өмірден, тағдырлардан түйген өзіндік сырларды поэзия тілінде түсіндірсем деген құштарлықтың куәсі боламыз. Текті өнердің қаны мен жаны: тағы сол өмірге құштарлық, тірліктің таусылмайтын тағдыр-талқысына іңкәрлік. Адамды күнделікті күйбеңнің күре жолынан бір сәт аршып алып еңсесін, рухын асқақтату, сұлулықтың таза қәусарына тамсандыру. Көне өнер – өлеңнің әліппесі де, ережесі де осы ғана! Басқа ештеңе де емес. Изгілікке іңкәр адамгершілік сезімінің асқақтығы... Сол сезімге құштарлану үстіне тазара, биіктей түсу.

Поэзия ұйқастырылған сөз ғана ма?! Өмірдің, тірліктің, жалпақ жалғанның өз поэзиясы ше?! Туу мен өлу... Сүю мен күйіну... Табиғаттың ғажайып заңдылықтары... Поэзиясыз өмір – сүлдер. Ойлы, философиялық мәні терең, төрт құбыласы тең, сезім селінен өріліп, тегеурінді құштарлық тасқынынан Афродитадай жәудіреп туған поэзияның тегі де, бітімі де ерек. «Шынайы ақын ескі, сілікпесі шыққан таптаурын ойдың өзіне жан бітіреді, басқалар

нәрсіз, мәнсіз әріптей күніне мың қайталайтын ойдың өзегіне от құяды, дем салып тірілтеді» (В. Белинский, «Сочинения Державина», 1843).

Ойдың да, ғылым мен техниканың да барынша дамыған кезеңінде... Сиыр сүтінен қымыз ашытып отырған дәуірдегі қазіргі қазақ поэзиясында осы сипаттардың кай-кайсысы да бар. Шартты өлең де, жасанды өлең де, шынайы тебіреніс те... Кейде жалған тебіреніс, жасанды пафос басымдау естіледі. Көптеген өлеңдер әсіре көтеріңкі лебімен, не өлең сөздің түйдек-түйдек ұйқасырғағына ала-бөтен бейімделіп, «поэзияның бөркін» оқшырайта киген кейіпімен көз жасқағандай болады. Әйтеуір, дамудың алтын заңы бойынша жасандылық та, жалғандық та көңілден көк тұмандай көшіп те, өшіп те үлгеруде. Көп өлеңдердің көптеген оқулықтардағы пайдалы кеңестерден құны төмен күй кешетіні рас. Сезімге, қазіргі адамның сезім, жүрегіне жеткен жыр – ақын жүрегін де еріткен, өпкен жыр. «Жұлдыз» журналының 1984 жылғы мамыр айындағы санынан ақын Кәкімбек Салықовтың «Жезкиік» поэмасын оқығанда, осындай бірпара ойға қалдық. Шоғыр-шоғыр өлең көшінде «Жезкиік» өзіне ғана тән кәдімгі тапқыр идея да, құлақкүйі «өлең әуезіне» арнайы келтірілген әуен де емес, кәдімгі сезім-сағыныш, махаббат күйі. Сұлулық, адамгершілік сезімнің бұла табиғаты туралы өзінше бір ой-тебіреніс. Әдеттегі поэмалардағыдай сюжет, оқиға, нақты бір түйінді қорытынды жоқ. Ондай түйін шарт та емес. «Каждый раз резюмировать содержание в конце стихотворения – значит превращать стихотворение в басню» (Евгений Винокуров). «Сезім де өмірдің бір жүйкетамыры. Сондықтан да өмірдің өзіндей табиғи, сүтпен сіңіп сүйекпен кетеді. Шынайы сезім – өмірмен тең. Үзілмейді, өшпейді, тоқтамайды. «Евгений Онегиннің» де ең бір табиғи, шыншыл сипатының өзі осындай түйінделмей ашық қалуында емес пе еді. «Жезкиік» поэмасы жалпақ жұртқа әйгілі «Жезкиік» өлеңінде бір төбе көрсеткен сезім ұшқынының заңды жалғасындай.

Ақындардың шығармашылығындағы мінез-құлқы, тәсілі де әр қилы. Дидактикалық сарынымен де, өнімділігімен де, тақырыбымен де көпшілікке жол тауып жатады. «Көркемдік-эстетикалық құралдары» толып жатыр. Әдейілеп өлең құрамай-ақ, елеусіз қала ма деп ес кетірмей-ақ, әдейілеп, кайткенде көпшіліктің бәріне бірдей ұнауға «тырыспай-ақ», өзінің жан-күйін өз әуенімен жырлау, бері қойғанда батылдық. Ал, поэзия да, өмірге, бол-

мысқа табиғи тамырластық та осы батылдықта. Кәкімбек Салықов – біздіңше, қазіргі интеллектуалды поэзиядағы осы соңғы лектің ақыны. Барынша табиғи, шыншыл сезім сәулелерін артықауыс алабажақ әлем-жәлемсіз, эстрадалық даңғазасыз, қазақы домбыраның сазымен-ақ жүрекке жеткізу... Бұл қазақ өлеңінің тегінен сіңген өміршең қасиеті. Нақ осылай ақындық мінез жаңа поэмада келісім тапқан.

Қарапайымдылықтың қадір-қасиеті мүлде бөлек. Сондықтан да, Шыңғыс Айтматовтың КСРО Жазушылар одағының 50 жылдығында: «Мен адамды көркем шығармаларды оқуға қызықтыратын қасиет – ақылгөйсіген даналық та, дидактика да, басқа да мүттәйім сұлулық, әсіре сыршылдықтың түр-түрі емес – одан гөрі күрделірек, өмірлік мәні терең, оқырмандардың әрқайсысына етене қатысты жайларды қозғау, жазу деп санаймын», – дегенінде үлкен қаламгерлік шындық жатыр.

Бұл махаббат тебіренісі ақынның өзіндік бір жаңа белесі дерлік. Лирикалық қаһарман сезім поэзиясының жаратылысынан биік әуенге көтерілген. Жезкиік – сұлулық символы, Жезкиік – ақын Музасы. Өмірге, киелі азаматтық мұратқа деген шексіз құштарлық. Поэманың ой желісі, мазмұны, бір сөзбен айтсақ: лирикалық қаһарманның Жезкиікпен туған жерден шалғайда кездесіп, тебіренуі... Жезкиік – күнәсіз сәби сезімнің елесі (автор эпиграф етіп А. С. Пушкиннің «Есімде ғажап сол бір кез, Жарқ етіп шықтың алдымнанын...» тегін алмаса керек) ғана емес, ақынның азаматтық мұрат жолындағы табынар тәңірісі де. Жезкиік бойынан елге, туған жерге, туған өнерге деген махаббат шуағын көреміз. Осыдан туындайтын ақындық кредосын да автор Жезкиік арқылы жеткізеді.

Біреудің көңірсіген көңіл таптап,
Жазбаймын жел тербегіш жеңіл тақпақ, –

деп айтпақ сырының түкпіріндегі сезімінің жанына жақын қасиетін аңғарткандай.

Жүрекке кең сарайдай қонағы көп,
Ояу сөз, орайлы үйқас болады сеп.
Өлеңге мен ғашықпын
Сергек сезім,
Ұшқыр ой, үн мен бояу одағы деп.

...Шатырға шашыраған жаңбырға да,
Тігемін киік пе деп құлағымды.
Оралса ойдың маржан тізбектері.
Елестеп қызыл ішік қыз кетпеді.
Жез қанат киік болып бала-гашық,
Жүргендей ел шетінде іздеп мені.

Осындай тебіреністермен басталған поэма тынысын біртіндеп кеңейтеді. Сол арқылы акынның еркін де, ерке бүкпесіз сезім құйыны, өмірге деген махаббат толғауы да арынын түзей түседі. Көркемдік тұрғыдан назар аударарлық жай: автордың бос арзан-қол сөзге барынша жоламауға күш салғаны. *«Бәсі емес, бас сауғалар есептінің, Байқашы текті мінез кесектігін», «Сарыарқа күміс сағым сеңсең киіп, Түрленсе көтерілер еңсем биік», «Ән бойы гауһартастай жарқырады, көкірегі жаққан сәуле шырақтанып...»* Мұндай суретті жолдар – айтары, жазары айқын қолдың таңбалары.

Екінші тараудағы Жезкиіктің Москва орманында пайда болу сәті де динамикасымен әрі суреттілігімен есте қалады. *«...Тұра қалды тұяқ тіреп, Қырандай қызыл ілген заулап келіп», «Ойнақшып қайнар көзі, жалт бұрылды, Жанартау бұрқ еткендей кеудесінде...» «Жайнатып жасыл шүйгін гүлді алаңды, Қызыл жон, құба киік тұра қалды...»* Бояуы айқын штрихтар. Бәрінен де бұрын жан жылуымен жазылған жолдар. Жаратылысынан табиғат еркесіндей жезкиік тынысы, шумақтардан шумаққа ұласқан табиғат пен сезім суреттері оқушысын эпикалық тыныстың тіршілік қойнауына баурай түседі. Өмірдің, сезімнің мәні де, қасиеті де осындай кереметтей кіршіксіз сәттерінде. Акын:

Тыңдашы алған демі үнденуін,
Аңғаршы бал-бұл жанып түрленуін.
Жезденген, алтынданған, күмістенген,
Бақыт қой жезкиікті бір көруің, –

деп ағынан ақтарылғанда да осы оймен меңзеп айтқандай.

Табиғат-Адам. Жер-Ана... Адам мен табиғаттың ғасырлар бойы жалғасқан тамырластығы, жарасымы... Поэзияның тегі де, нәрі де сол жарастық. Сондықтан да Э. Межелайтистің «Жер-ананың мен де бір түйірімін» деуін, Шыңғыс Айтматовтың Бұғы-анасын

санамызбен ғана емес, жанымызбен түйсінеміз. «Вопросы литературы» журналында (1980, № 12) И. Подгалцкая «Лириканың тарихилығы» деген мақаласында да осыған орай келісімді байқауларын білдірілгті. «Адам мен табиғат барған сайын жиі-жиі өзара толысып, бірін-бірі байытып, алмасып өзара тең деңгейлес сырластарға айналып келеді», – дейді ол. Шындық. Сезімталдықпен айтылған. Қайсыбір сыншыларымыз «зоологиялық тақырып» деп ептеп мысқылмен айтып жүргенмен, осы байланыстың түптөркінінде жаратылыстың ғажайып даналығы да жатыр. Қазақ поэзиясының кайнар көзінде, өзегінде осы табиғат пен адам бірлігінің ұнасымы өрілген. Сонау Абай, Сәкен... Ілияс... Кейінгі Қасым, Мұқағали жырлары да сондай... Әрине, кезең дәуірдің даму дәрежесіне сай әр түрлі деңгейде... Ғасырлар, ұрпақтар үндестігі, дәстүрі деген де осы... Лириканың тарихшылдығы – сезімнің шежірешілдігі деген де осы... Кәкімбектің «Аққу мен келіншек», «Тотының тоқсан тарауы» поэмаларында, «Аққу әні» мен әйгілі «Жезкиік» сияқты өлеңдерінде де осынау табиғат пен адамның құдіретті жарасымын қасиеттеу, махаббатпен сипаттау күшті.

Сырымды, достым, біліп қал,
Сөз тергем жоқ ерігіп.
Сыбырласса шілік, тал,
Сезімге баттым, елігіп.
Жапырақтың көрсем ояуын,
Қызғылтым, әлде, барқын көк.
Бұлжытпай алдым бояуын,
Жырыма сіңіп қалсын деп.

(«Шын жүректен» кітабы, 100-бет)

«Ізгі арман» атты шағын, қарапайым өлеңінде айтылған осы бір ой автордың шығармашылық арман-мақсатындай көрінеді.

«Жезкиік» поэмасының тінінен де адам мен жаратылыс жарастығын айқын сезінеміз. Сезім, сұлулық, табиғат тамашасы – Адам үшін мәңгілік категориялар. Тазалығымен, текті пәктігімен мәңгілік. Сонау антикалық қайта өрлеу кезіндегі де, бүгінгі де табиғат-адам жан-дүниесін табыстырып, жалғастырып тұрған алтын көпір – адамға ғана тән асыл сезімдер. Сондықтан да Джаконда сиқырын сезіну, түйсіну сол дәуір адамының тебіренісін қабылдаумен тең.

Сиқырлы мың құбылып сұлу тәні,
Ерекше пән, сыпайы күлу мәні.
Көрінген суреттен Джаконда дай,
Жауабы болды жұмбақ жымиғаны.

Поэзия – шумақтың бір ғана тармағында – Джаконданың ғаламат мәнге толы жымиысында. Сұлулық сыры, сұлулықтың сиқырлы символы қай ұрпаққа болсын, қай дәуір адамына болсын ортақ. Өнердің өмірлік құдіреті де осынысында.

Поэманың тартымды қасиеті ой-толғаныстары мен сұлулық көріністері екенін әр беттен-ақ аңғарамыз.

Алыс әуені халыққа етене жақын «Аттың сынына» әуез ұластырған киік сымбаты да құйылған қорғасындай тілге жеңіл, жүрекке жылы тиеді:

Сандал кер,
Бауыры аппақ, жоны қызыл,
Қыл сағақ, құлын қабақ, мойыны ұзын.
Ақжаңғақ жұдырықтай жұмыр төсі,
Ақжарқын нұр жайлаған ойлы жүзін.
Ашқұрсақ, гүлжелбезек,
Тыныс қандай,
Ақ тамақ, бөпе бұғақ, күміс таңдай.
Ботакөз қату емес мейірімді
Мөлт етсе, кірпігінен мұң ұшқандай.
Жүрдек жел үрлемелі ығысқандай,
Наз қимыл, майыспалы жүріс қандай!
Діңкеңді құрытады құмар көзі
Сыңар сөз айтпай ғана ұғысқандай.
Бұрылыс-жалтарыста билік құрап,
Желкендей жел қағады сүйрік құлақ.

Күлтелексіз, көлеңкесіз көрініс. Табиғаттың лүп еткен лебіне де елегізіп, қимыл-әрекетке, сезімге тұнып тұрған елгезек жаратылыс. Бұл поэманың шыркау сәттері. Ақынның өзіне тән көркемдік қарым-ізденістерін дәлелдеу үшін тағы бір шумағын келтірелік:

Адамдай ақ ниетті, тез табынтар,
Табынтса, масауратар, ес жаңылтар,

Жаңылтса, тік қарауға қымсындырар,
Қымсынтса, қылыш кірпік көз қағылтар...
Қызықсам сыр-сипатын сезгенімде,
Дәп түсер теңеу қайда сөз кенінде?!
Құштарлық тұншығып тұр қарашықта,
Кимастық жәудіреп тұр көздерінде.

Қылаусыз шындық шумақтары. Әр тармақтың соңғы сөзін қабыстыра қайталау арқылы екпін түсіріп, мағына үстеу көбінесе тек Мұқағали Мақатаевта кездесуші еді. «...Қалт-құлт етіп, мейлі, күн кешейін, Күн кешейін, еліммен бірге өсейін» тәрізді. Өрісті өрнекті аңғарып санатқа қосып алу құптарлық қасиет. Әрі нақ осы әдіс өлеңнің әсер-қуатын еселеп тұр. Жасандылық та, арнайы өлең түрін, ұйқас-сазын қуалау да жоқ. Жарасымды, үйлесімді табиғи өрілім. *«Аш белі жел үрлесе үзілердей, Әрең тұр қыз тәніне күн өткендей»* сияқты халықтық санаға фольклордан сіңген сұлулық сымбаты да көркемдік өрнегін ашқан.

Ақынның бала махаббатының, пәк сезімінің баламасындай көрінген құштарлық, тазалық символы – жезкиік тұлғасы бірауық жеке жан-дүниенің аукымынан асып әлеуметтік-моральдық проблемалармен ұштасады. Оны бірауық классикалық үрдістен бүгінгі әдебиет тынысына дейін жалғасып жатқан жақсылық пен зұлымдықтың қайшыласқан қақтығысы үстінен көреміз. *«Дарынсыз күйкі жабы күндеді ме, көре алмай көш бастаған күндестігін», «Жасады-ау арамзалық жатқа даттап, сумақай дос болғансып бетке күліп», «Жүрегін сыздатты ма жүгенсіздер, мекендес бір үйірін беске бөліп», «Әлдебір жағымпазға ұнамады-ау, сыпсыңдап өсек таси білмейтіні...» «Жалбақтап өз тұғырын қорғағандар, Өңеші өтіріксіз толмағандар. Ақ түгіл адамда да бар емес пе, Жарамсақ бетке күлгіш оңбағандар».*

Поэмадағы өзекжарды ой-толғам желілерінің бір түйіні осы. Шындық. Поэма бітіміне қуат беріп тұрған тартыс. Адамгершілік, отаншылдық мұрат хақындағы тебіреністер, азаматтық парасат жайлы ойлар қыз-киікпен (жезкиік) диалогта тереңдей түседі. Лирикалық қаһарманның да жан-дүние қатпарлары қалтарыссыз ашылатын тұс та көбінесе осы сырласу тарауларында:

Термедім ақымақтың қит еткенін,
Кеудемнен бірақ мен де итертпедім.

Тақсыр деп тірі жанға жалынбадым,
Қасқырға қыр көрсетіп ит ертпедім.

«Қасқырға қыр көрсетіп ит ертпедім...» Бұдан артық түсіндірменің де керегі шамалы.

Ақынның шыншылдығы, реализмі дегеніміз осы. Сырым да, жырым да осы деп көңіліндегісін бүкпесіз ақтарып отырған жанның сөзі. Әлдебір әдейі әдебиліктен, кітабилықтан ада сезім ұшқыны. Жасандылықсыз, жалтақсыз шындық қашан да жанға жақын. *«Жаралсаң жүрегімнің болшегінен»* десе де, *«Отанға дақ түсірер деп сескенем, Отауын адал сыйлай білмейтіндер»* десе де, шын сезімнің сөзі жүректі шымырлатып жетеді.

«Мұңымды міндет қылмай ала кетем», – дегенінде де азаматтық жүректің үні естіледі.

Поэманың соңғы бетін жаптық. Көңілде «Жезкиік» әнінің күмбірі жаңғырғандай. Жезкиіктей ойнаған *«Қызыл ішік киген қыз»* көзге елестегендей. Ақынның *«жүрегінің болшегінен жаралған»* жарқын бейне. Ақын айтқандай, *«Жаралған кездесу мен қоштасудан, Тіршілік махаббаттың жолы екен ғой»*.

«Жезкиік» – бұрынғы өткен жақсылардың жалғасындай сұлулыққа, тазалыққа, кіршіксіз өмір сүйгіштікке табыну. Поэманың соңғы аккордтарындағы:

Дүние дүрлікпесін деп тілеймін,
Дүлдүлім заулап бара жатқанында.
Жіберме аңқұмарды қағынуға,
Салдырма арулардың жанын уға.
Атомды аттай мінсек,
Көндірейік,
Алдына сұлулықтың табынуға! –

деген жан толқынысы да ұғынықты.

Эпикалық жанрдың қазіргі кездегі көп қырлы проблемаларын ескерсек, ақын бұл лирикалық поэманың елеулі ізденіс желісін тартыпты. «Туындының тақырыбын да, материалын да тап басып таныған. Шарттылықтан, арнайы проблемалықтан қашып поэзияның төл қасиетіне, өз көкжиегіне көңіл жүгірткен.

Жалпы, «Жезкиік» поэмасы, сондай-ақ, соңғы жылдары ұлттық поэзиямызда алғашқы боп талаптанып әкелген сонеттен

өрілген гүлтәждері (сәттісі-сәтсізі бар) ақынның, өлең-өнер жолындағы мазасыз шақтары мен ізденістерінің белгісі. Сонеттің өзі жанр ретінде қазақ поэзиясына ертеректе сырттан еніп, ұнасым тауып кетсе, сонеттерден өрілген гүлтәж (венок) де бөтен бола қоймас.

Ал, жаңа поэманы сезім мөлдірлігіне, өміршеңдік пафосына сүйінген ризашылық көңілмен құптағанымызбен, автордың айналып соғатын тұстары бар. Бұл бір мөлдір махаббат дастаны десек, журналдық нұсқасынан гөрі әлі кемелдеп, зерлей түсу ақын еркіндегі ісі. Мысалы, кейбір шолақ қайырылған тарауларды, аяқталмай қалған ойлар мен пікір желілерін жетілдіріп, шымырлай түсудің артықтығы жоқ. Төртінші тараудағы «Сиқырлы мың құбылып сұлу тәні», – деп басталатын тарауша тұтасымен оқшау тұр. Бәлкім, мағыналық поэтикалық жағынан да аша түскен жөн болар.

Поэманың алғашқы беттерінде және соңғы тараушаларында лирикалық қаһарманның кеншілік пен ақындық туралы бірді-екілі тебіреністерін оқыдық, осындай сазбен ақынның осыдан бірер жыл бұрын жарық көрген сюжетінен таныс едік. Тілі, формасы, айтылу тәсілі өзге болғанымен, ой қайталаудың қаламгер үшін пайдасы аз.

Поэманың эпилогы мен прологында әдемі бір ой желісінің өзегі сезіледі. Ол ақынның еркіндік, сезім мен өмірдің гармониясы туралы ойлары. Таза, кіршіксіз сезімнің еркіндігі, жан-дүниенің бұла сұлулығы, содан барып жалғасатын жалпы адамзаттың парасатты еркіндігі... Біздіңше, бұл арна да арнайы оралып соғуды кажетсінетіндей. Көркемдік жағынан ақын жақсы өскен. Еліктеу-солықтаусыз өзіне тән казакы өлең әуенімен-ақ талай-талай тәп-тәуір келісті өрнектер түзген. Қалыптасқан қолтаңба бояулары әр жерден-ақ көрініп тұр. *«Таусылды әзіл-күлкі жан-жақтаған», «Құс-шабыт құлаш жайып қарқындаған»*, т.б. сияқты ұғымға ауыр, ұйқас үшін иіп келтірілген тармақ-шумақтар да кездеседі.

Тек бұл поэмада ғана емес, ақын шығармашылығында ішінара кездесетін, мұқият назар аударатын жай – ара-тұра болса да сөздің ішкі жүйесінде тіл гармониясына тізгін бермей, ойға, мағынаға жеңдіру. Бұл бірде ұтқыр, бірде тұтқыр тәсіл. Әсіресе, поэзия үшін.

Б.Пастернактың «Кітап дегеніміз – буы бұрқыраған ып-ыстық ақындық ар-намыстың бір түйірі» деген сөзін осы поэманы оқи отыра тағы еске түсірдік. «Жезкиік» поэмасы – жалын махаббаттың үзік сырындай тұнық дүние.

Бұлай айтуға әбден құқылымыз. Кәкімбек жырларын, жыр кітаптарын тұтастай алсақ, ашық-жарқын, тіршілік сұлулығына іңкәр, арманшыл адамды танимыз. Әдейілік те, әдебилік те емес, өмірден көрген, сезген, бастан кешкен жай-күйлер.

Кемшіліксіз дей алмаспыз...

Кестелі кіл жібектен зерленген десек те артық болар.

Асылы артықшылығымен де, кемшілігімен де, еңбеккорлығымен де өзгеге ұқсай бермейтін ақынды танимыз.

...Өлеңге, өнерге, өмірге құштарлық...

Кәкімбек Салықов жырлары бізге сонысымен ыстық. Өмірде де, өлеңде де ізгілікке, сұлулыққа іңкәр аңсарлығын бүкпесіз айтып келе жатқан талант.

Асқар Егеубаев,
(«Сөз жүйесі» кітабынан алынды).
Алматы, 1985

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз 3

Бірінші бөлім

1948-1959 жылғы өлеңдер

«Жас жүрек елжіреп...» 9
«Қырауы суық ащы өмір» 9
«Жобалап, еншілеп...» 10
«Сүйейін кімді енді...» 10
«Қалайша қызарғаннан құр қалам деп...» 11
«Санасаң, түннің көзі мыңнан астам...» 11
«Емес қой жастық ермегім...» 11
«Таңғажайып дәуірде...» 12
Көктем 12
«Қуаныш аз өмірде...» 13
«Жүйрік көңіл дағдармас...» 13
Сілкініс 13
«Қара бауыр күзгі бұлт...» 14
Жұлдыз 14
Ана тілегі 15
Бұлбұл 17
Оралдағы Ақтауға 17
Элегия 18
Дүние 18
Алатауды көргенде 19
«Ғашықпын саған мен көптен...» 20
«Шабытсыз тумас өзгеріс...» 20
«Сүйгенім жалғыз сен деуші ең...» 21
Ескі сыр 21
Ескі үй 22
Қызға хат 23
Пушкин ескерткіші алдында 24
Ақ қайың 25

Құпия сыры 25
Жалғыз жұлдыз 26
«Теңіздей тұнық қара көз...» 26
«Ауыл жатты...» 27
«Мен бір сөз жазамын...» 27
Мұсаға хат 28
«Қайың сары, терек қызыл...» 29
«Көңілім бұған дейін көктем еді...» 30
Құтты жол 30
«Жүрегім – шексіз дария...» 31
«Қараңғы түннің көрпесі...» 32
Романс 33
«Студент тойы себепкер...» 33
Сескену 34
Мен өтем сүйіп 35
Сені іздеймін 35
«Жалаңаш дене тас мүсін...» 36
Мәриям деген есімің 36
Алматы күзі 37
«Көсіліп жатыр алдымда...» 38
Мың белгі 39
«Жақсы доспен отырсам...» 39
«Қажысам ауыр жұмыстан...» 40
Іңкәр көңіл дән ырза 40
Таңдану 41
Туған жер 42
Өз жанымды жебеймін 43
«Терезеңнің түбінен...» 43
Жүресің ауыр жайда кеп… 44
«Айтпап едім сүй деп мен...» 44
Өмір сыры 45
Жадымда жатқан бір жыр бар 46
Ұлытауда ұлар құс 46
«Жел де жоқ...» 47
Айта берші ол жайлы 48
Үйлеме 48
Домбырамды менше сүй 48
Бой туралы ой 49

Романс 50
Молдахмет Тырбиевке 51
«Өмірде не қызықты көрсем тізіп...» 51
Ескі дәптер 52
Жезказған кеші 52
Ақ бұлақ 53
Томарсу 54
Терриқондар 54
Сенің барың қандай жақсы қасымда 55
Өмірім менің, көңілім менің 57

Екінші бөлім

1960-1969 жылғы өлеңдер

Кездесу мен қоштасу 61
«Мен жүргем жоқ өлеңді ұмытқым кеп...» 61
Ақындардың жүрегі 62
Тыныш теңіз 62
Жүрек сыры 63
Бес солдат бейітінде 64
Теңізге 65
Жұлма гүлді 68
«Сезсең сез кейде менен қызғаныштыл...» 68
Дүние-ай, келіпті кезегің 68
Сағынтар ауылдың баласы 69
Элегия 70
Шөбере мен атасы 70
Тілек 71
Таңғы теңіз жағасы 71
Күмісті ер 72
Шахтаға ода 73
Ғашық қыз жаққан от (*баллада*) 74
Жеңіс 75
«Бір көру арман еді...» 76
Шахтер қуанышы 77
Забойда 77
Ұлытау 78
«Япырмау! Ер жеттік пе, еркектік пе...» 79
Алғашқы рет тас тесу 80

«Жанымды жалған сөзге жалдай алман...» 83
Еріндер 83
Бір жалғыз жарым бар 85
Ата қоныс 85
Сарқылып сағынышым қалмас па екен?! 86
Мен емеспін 87
Дос қайда? 88
Бәрібір ұмытпайсың 89
Жастық шақ 89
Ініме хат 90
Мықты деп есептеме 92
Жағада 93
Металлургке ода 94
Есілге 95
Алғашқы кездесу 97
Сырласу 97
Адамға дос таңдарлық ерік берген 98
Сәулет 98
Нәзіктік 99
«Туғандай бақытыма жалғыз менің...» 100
Сәнденші 101
Сырым бар 101
Балқаш таңы 102
Сағынбаса 104
Көрініс 104
Әлей болсын! 105
«Оралмас күндер қалды артта...» 107
Құс сайран 108
Оқжетпес 108
Құштарлық 109
Күз 110
Сағындым 111
Мойып қалам 112
Жезқазған 112
Күй-концерт 114
Айдай жүзіңнен 115
Айтылмаған әнім бар 116
«Әркімнің әртүрліше өнері бар...» 116

Рак дейді 118
Қайсысыңа бұрылайын, бар ағайын? 118
«Мен сені шырт ұйқыда сағынамын...» 119
Жол – жүректің әмірі 120
Жүрегімнің жүйткіп өткен елігі 121
Шахтер мен космонавт 122
Топ киік 123
Рейхстагты алыпты Рақымжандар 123
«Көз ұшында көп киік санатпайды...» 124
Мансфельд мадоннасы 125
Жезкиікті көрсемші 127
Сусын жұтшы, ағатай 127
Көкшетау 129
Кеншілік пен ақындық 131
Жүзім 133

Үшінші бөлім

1970-1975 жылғы өлеңдер

Жылқының дүбірі 137
Гүл сезім – пәк сезім 137
Сағыныш 138
Қарсақбай 139
Қайталай берем сол әнді 140
«Баяғыда өзіңе кейіп едім...» 141
Қимай кетем дидарын 141
Сырбайға 142
«Жүзің қандай жылы еді, жарқыл қаққан...» 143
Ұқсастық берген қуаныш 143
Ару назы 144
Бүкіл дүние 144
Қиналдың-ау 145
Ақ қайың 145
Махаббат мұңы 145
Ұлыма 146
Аққуға наз 146
Суреттер 147
Лифтегі сұлу 148
Аңсайтын күндерің болады 149

Қос жаңғақ 149
Дерт шекпе 150
Жырыма біткен биікте 151
Нан 151
Даусың сенің 152
Төгілді ән боп құйылып 152
Ұрпақ сырын жалғаймын 153
Күзгі ой 154
Ойға түстім мен-дағы 155
«Татулыққа кезің жоқ көніспеген...» 156
«Жырымда көңіл нұрым бар...» 156
Жосаның бұлағы 157
Қырықтың қыркасынан 157
Ғажайып қандай нұрлы күн?! 159
Құттықтау 159
Қырқадан қарап ойландым 161
Махаббаттың төркіні 162
«Жырым да ынтық, үнім де...» 163
Доска сыр 164
Көз қиығын тастағайсың 164
Қайтер ек?.. 165
Теңіз де ақын екен-ау 166
Жезді өлке 167
Кен деген 168
Екеуміздең кім тату? 169
Түсініп қана сынар бар 169
Ақ қағазға 170
Тағы да ұстаз көрдік, шәкірт болдық 171
Поэзия шахтасы 172
Мұзафар Әлімбаевқа 172
Ел шетінде ақ қайың 173
Аққу сыры 174
Сәскенің сездім өткенін 175
Сендерсіз күн құрысын 175
Қанышқа сыйлы қарындас 176
Парыз назы 177
Құда келді 179
Көрдің бе Жезқазғанның жезкиігін? 180

Жорға 181
Ерланға жауап 182
Жас аққу 182
Құпия 183
Ұяда қыран көргенде 183
«Киікті елдің ұлымын...» 184
Тоқсандағы толғаныс 185
Көп нәрсені ұқпаппыз 187
Романс 187
Адамдар, аққуларды атпаңдаршы 188
Бір мінезің ұқсап тұрсын қыздарға 188
Дала көркі 189
Әкелдің мәңгі серік сағынышты 190
Көз қияға түскенде 191
«Ойнағың келсе толқынмен...» 192
Бәйбішем ұрысқанда 192
Маған карап 193
«Марал көздер мөлт еткен...» 193
Мен ағынан жарылам 194
Арман 195
Сағыныш саздары 195
Адырлар мен алыптар 197
Нұрлы күндер 198
Үксаймын қансонардан оралғанға 199
Ақ тырналар 199
«Бәйгеге тұлпар кеш қостым...» 200
Құлагерге 201
Бір ғұмыр жетпейді 201
Метрода 202
Қызыл қайың 205
«Кездескен мезгіл қандай көркем еді...» 205
Сыр 206
«Лүпілі жүрегімнің шапшаңдады...» 207
Шертпе күй 207
Қос анам 208
Сағадатты көргенде алғашқы рет 209
Штрек 210
Сәкідегі өрнектер 211

Будапешті көргенде 212
Ояну 213
«Алғашқы қарды күн сүйіп...» 214
«Қуанамын жерге гүл ексең...» 214

Төртінші бөлім

1976-1978 жылғы өлеңдер

Жезқазғаным! 217
Көкше ұлы 218
«Қанаттымын...» 219
Әбішті Қырымда көргенде 219
Өзіңді, сәулем, сағындым 220
«Әкімдіктің адал сырын білмеген...» 220
Қайырылмай кетпесін алма мойын 221
Бүгінгі жазған өлеңдер 222
Кенші сыры 223
Бояудың мәні бар 224
Студент бала – директор 224
Жәйрем жырлары 226
Ең жақсы өлең майдағы 235
Сезім гүлін елге ұсынам 235
Бір досымның шешімі 237
Қамсақты 237
Сағыныш сазы 238
«Үміт, қауіп, уайым...» 240
Қыз-Дала 241
Толқу 241
Тұйықтағы тұнықта 242
Дос, бедел дос 243
Сырласу 244
Көлеңкеңмен қорғай жүр 245
Сипат сыры 245
Анамның берген тәлімі 246
Сенім 249
Ауыл қызының қызғанышы 249
Кабардинка 250
Мінезім 251
Ауылға сәлем 251

Жүрек мәңгі іздейді 253
Шешімін тосар халқының 254
Оқырсың ескі хатты оңашада 255
«Жаскансаң жолда талмаурап...» 256
Дубосеково 256
«Ақындық пен кеншілік сағы сынбай...» 257
Ән құшағы 257
«Жүз жылың жетпес бір жыл бар...» 258
Қар еріді 258
Саған 259
Аққуым – ақ патшайым 259
Мәңгі шырақ 260
Ауылға хат 260
«Кенші деген ғаламаттар...» 264
Ұлытау желі 264
«Қоштасып ертең қалады ел...» 265
Әй, тоқта! 266
Кешірмейді жетімдер 268
Тоқырауын толқындары 268
Теңізде ай сәулесі қысқы жолдай 269
Кітапхана біздің үй 270
Үміт 271
Ақ киік 272
Аққуға 273
Күлкің сенің 274
Кемдік болды демеспін 274
«Сақтан, сұлу...» 276
Жүрек сыры 276
Тебіреніс 277
Текеліде жүргенде 277
«Ықпал да жанға иігілік...» 278
«Аулақпын, сәулем, күдіктен...» 279
«Сәулем-ау, сәулем деп жүрсем...» 279
Үнемі мазасыз реңім 280
Мәскеуде бір қазақ бар 280
Ән туады 282
Жанымды қай жерде сақтайын? 282
«Махаббат қайда бұлжымас...» 283

«Жасырынба...» 283
Туған ел көріністері 284
Табиғаттан үйрендік 285
Ұяларда қар жатыр 285
Көкшетаумен сырласу 286
Шын махаббат сөнбейді 286
Мүсін көріп тұрсам да 287
Махаббат заңға көнбейді 287
«Өзеннің маңы қалың тал...» 288
«Қарадың маған...» 289
«Егіліп тұрмын егін деп...» 289
Құрбы сөзі 290
Өлеңдер кетті тұншығып 290
«Жақында, кәне, қол алып...» 291
Шахталасым Василий Рерихке 292
«Алматыны көркейтті киінгенің...» 293
Дала түні 294
«Ойнасам да...» 295
Жеңіс күні 296
«Кенші қолым берегей...» 296
«Ақылдың бітпес қайғысы...» 397
«Жоқ жерде неге катты сынадың деп...» 397
Дала дидары 398
Жазғаным менің кім жайлы? 399
«Өмірдің бары, мен білсем...» 300
«Нашар доска басымды көп шайқадым...» 301
Қазақтар кімді сыйлаған? 301
«Уланба, жүрек, уланба...» 303
Жалыныш 303
Еркелік 304
«Тірлігімде, досым-ау...» 304
Мамыр келді 305
«Жүзіңнен бақыт шарпып күлімдеген...» 305
Тынық мұхитка 306
«Көрсетпе, достым, мінез тарлығыңды...» 307
«Ақ бетіңе кан ойнаса шапшыған...» 307
«Көзің сенің...» 308
Дихан Әбілевке хат 308

Байқашы 311
«Сұм жүрек қиял туғанда...» 311
Балқарлар бауыр екен 312
Ауылға орал, жігіттер! 313
«Қырымға келдің, қара көз...» 313
«Көрместей жұлқынып...» 314
«Табылар кеңес, сұрағым...» 315
Ақ түндер 316
«Көрші өскен сұлу құрбы дегенге...» 316
«Алдыңда сенің, анашым...» 317
«Шайлықпа дүниенің дауылынан...» 317
Балықшының әні 318
Бір жолдаска жауап сөз 318
Туған жерге 320
Кабардин аңызы 320
Жұһар 321
«Қара жерге бәйтерек...» 322
Мирас 322
Арпалыс 323
Парызым 324
Мәңгілік оты қасында 324
«Мейлі, қайда шақырса асқар асу...» 332
«Көрдім сені тап кеше...» 332
«Жүзің қандай жылы еді...» 333
«Ұзарады күн ертең торғай адым...» 334
«Ауылға жету оңай...» 335
«Бар ма екен айда тіршілік?..» 335
Жезқазған – ғарыш алаңы 336
«Көктемің қайта келді ме...» 336
Сенім 337
Ашық жандар 337
Шыңғыска тілек 338
«Өріс берме, жазғырар бекер күнге...» 340
«Айдындағы аққуды сен деп қалам...» 340
«Құпия сыр шертелік, қане, жүрек...» 340
«Елеңдеп сені іздесем әлі күнге...» 341
«Алыска салам қармақты...» 342
«Момақан жүзін көргенде...» 342

Есімде 343
«Ел сүйсінген әнші едің...» 344

Бесінші бөлім

Поэмалар
Жезкиік 347
Домбыра 373
Гәкку 385
«Жезкиік» жайлы пікір 408

Кәкімбек САЛЫҚОВ

ШЫҒАРМАЛАРЫ

I том

КЕҢШІЛІК ПЕН АҚЫНДЫҚ

Өлеңдер мен поэмалар

Жауапты редакторы *Қуат Құрмансейіт*
Техникалық редакторы *Раушан Тұрлынова*
Суретші-дизайнер *Жеңіс Қазанқапов*
Компьютерде беттеген *Динара Кенжебекова*

Басуға 12.01.2009. қол қойылды. Пішімі 84x108 $^{1}/_{32}$. Қаріп түрі «Таймс»
Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 27,0.
Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 22.

«Фолиант» баспасы,
010000, Астана қаласы, Ш.Айманов көшесі, 13

«Фолиант» баспасының баспаханасында басылды.
010000, Астана қаласы, Ш.Айманов көшесі, 13